

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Г.К.Андабаева

КӘСІПОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ

Оқу құралы

Алматы

УДК 33.054.22
ББК 65.291.57
А65

А65 Андабаева Г.К.
Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы. – Алматы, 2020. – 206 б.

ISBN

«Кәсіпорын экономикасы» оқу құралында жалпы ұлттық экономиканың дамуында ерекше орын алатын кәсіпорын және оның құрылымы, оның әрекет етуіне қажетті өндірістік ресурстар және кәсіпорынның экономикалық қызметі туралы, олардың жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер жан-жақты қарастырылған. Әр тақырып бойынша жинақтаған білімдерін тексеруге арналған тест сұрақтары мен қайталау сұрақтары берілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының экономика мамандықтары студенттеріне, оқытушылар мен жалпы оқырман қауымға арналған.

ББК 65.291.57

Пікір жазғандар:

Калиева А.Е. – PhD, доцент м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті;

Утепкалиева К.М. – э.ғ.к., қауымд.профессор м.а., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.

ISBN

УДК 33.054.22
ББК 65.291.57

© Андабаева Г.К., 2020
© Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық Университеті, 2020

Кіріспе

Нарықтық қатынастар жағдайында, яғни жеке меншік нысандардың түрлігімен, соның ішінде тауар өндірушілердің жеке бәсекелестігі, кәсіпкерлік жағдайында өнеркәсіп пен толықтай халық шаруашылығының негізгі буыны – кәсіпорынның мәні өсуде.

Кәсіпорын экономикасы (грек тілінен аударғанда шаруашылық заңы деген түсінікті білдіреді) шаруашылық жүргізудің объективті экономикалық заңдары мен заңдылықтарын зерттейді, материалдық және рухани тауарларды өндіру және оларды бөлу мақсатымен ресурстарды рационалды пайдалану ережелері мен тәсілдері, нысандары, басқарушылық, ұйымдастырушылық, техника-экономикалық және ақпараттық мәселелер қамтылған.

Ұсынылып отырған оқу құралында кәсіпорынның құрылу мақсаты мен міндеттерінен басталып, өз қызметін тоқтатқанға дейінгі іс-әрекеттері, оларға әсер ететін факторлар толықтай қарастырылған.

Оқу құралында нарық жағдайында қызмет ететін кәсіпорын түсінігі мен олардың түрлері, құрылымы, қызмет етуіне қажетті ресурстар, соның ішінде, негізгі қорлар мен айналым қорлары, кәсіпорын кадрлары туралы түсініктер мен олардың жағдайын анықтаудағы негізгі көрсеткіштері қарастырылған. Сонымен бірге кәсіпорынның өндірістік, инновациялық, инвестициялық қызметтері мен қаржы ресурстары көрсетілген.

Осы оқу құралында қарастырылған тақырыптар мазмұны келесідей.

Бірінші тарауда нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорын түсінігі мен нарықтық қатынастардағы жеке субъект ретіндегі негізгі белгілері, яғни өндірістік-техникалық бірлігі, ұйымдастырушылық бірлігі, экономикалық дербестілігі, әлеуметтік бірлігі қарастырылған. Кәсіпорын түрлері коммерциялық, коммерциялық емес, өндіру және өндеу өнеркәсібінің кәсіпорындары, «жеке» мамандандырылған, көп профилді, аралас кәсіпорындар, өнеркәсіптік, өндірістік, сауда, транспорттық, инвестициялық кәсіпорындар болып бөлінеді. Кәсіпорын – ашық жүйе, оның ішкі және сыртқы ортасы болады.

Екінші тарауда кәсіпорынның жалпы құрылымы, өндірістік құрылымы, ұйымдық құрылымы, цехтар мен учаскелер, оларды құрудың үш негізгі қағидасы: технологиялық, заттық, аралас.

Үшінші тарауда негізгі капитал, негізгі өндірістік қорлар, өндірістік емес қорлар, қорлардың бастапқы, қалпына келтіру, қалдық, ликвидациялық, баланстық, нарықтық, орташа жылдық құны. Физикалық тозу, моралды тозу, амортизация, амортизация үрдісі, амортизация нормасы, амортизациялық аударымдар, Қондырғыларды пайдаланудың экстенсивті, интенсивті, интегралды коэффициенттері, қор қайтарымдылығы, қор сыйымдылығы, еңбекті қормен жарақтандыру, қор рентабелділігі, еңбек өнімділігі.

Төртінші тарауда айналым қорлары, өндірістік айналым қорлары, өндірістік қорлар, аяқталмаған өндіріс және өздері өндірген жартылай фабрикаттар, болашақ кезең шығындары, айналыс қорлары: қоймадағы дайын өнім, жолдағы тауарлар, ақша қаржылары және тұтынушылармен есеп айырысу қаржылары.

Айналым қорларын тиімді пайдалану көрсеткіштері: айналымдылық, айналым қорларын толықтай жабдықтау коэффициенттері, бір айналым ұзақтығы қарастырылған.

Бесінші тарауда кәсіпорын кадрлары, қызметкерлер санының нормасы, тізімдік саны, келгендер саны, орташа тізімдік саны. Қызметкерлер қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштер: кадрлардың жұмыстан босатылуы, жұмысқа қабылдау бойынша айналым коэффициенттері, кадрлардың айналым коэффициенті, кадрлардың тұрақсыздық коэффициенті. Өнімділік, оны анықтау тәсілдері: натуралды, құндық және еңбек. Еңбек сыйымдылығы, оның түрлері: технологиялық, өндіріске қызмет ету, өндірістік, өндірісті басқару, толық еңбек сыйымдылықтары туралы қарастырылған.

Алтыншы тарауда еңбекақы, оны төлеу нысандары: кесімді (тікелей жеке, кесімді-прогрессивті, кесімді-сыйақылы, жанама, ұжымдық және аккордтық) және мерзімді (қарапайым, мерзімді-сыйақылы). Еңбекке қатысу коэффициенті келтірілген.

Жетінші тарауда кәсіпорындағы жоспарлау үрдісі қарастырылады, оларды жүргізу қағидалары, тәсілдері мен жоспарлау әдістері көрсетілген. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметті іске асырудағы жоспарлардың бірі бизнес-жоспар, олардың құрылымы қарастырылған.

Сегізінші тарауда кәсіпорынның (цехтың, учаскенің) өндірістік қуаты, өткізу қабілеттілігі, қуатты пайдалану коэффициенті, ену, шығу, жобалық және орташа жылдық өндірістік қуат, өндірістік бағдарлама, тауарлы, жалпы өнім, жалпы айналым, зауот ішіндегі айналым, аяқталмаған өндіріс, өткізілген өнім туралы бейнеленген.

Тоғызыншы тарауда өндірістік үрдіс және оны ұйымдастыру қағидалар: үздіксіздік, пропорционалдылық, қатарластық, тікелей ағымдық, икемділік, мамандану, ырғақтылық. Технологиялық үрдіс, технологиялық операциялар, қарапайым, күрделі, үздіксіз, дискреттік, еңбек, табиғи, негізгі, қосымша, қызмет көрсету үрдістері. Өндірістік цикл, оның ұзақтығы, өндіріс үлгілері және түрлері: жеке дара, сериялық және жаппай өндіріс болып бөлінеді.

Оныншы тарауда инноватика, инновациялық қызмет, инновация, инновациялық менеджмент, кәсіпорынның (саланың, аймақтың, мемлекеттің) инновациялық әлеуеті, инновациялық орта, инновациялық бағдарлама, инновациялық инфрақұрылым, инкубаторлар, технологиялық парктер, технополистер, интеллектуалды өнім, инновациялық үрдіс, теориялық және ізденістік негізгі зерттеулер, қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстар, тәжірбиелі-конструкторлық жұмыстар, инновация диффузиясы келтірілген.

Он бірінші тарауда инвестиция, айқын инвестиция, қаржылық инвестиция, ғылыми-техникалық өнім инвестициясы, материалдық емес инвестиция, тікелей және тікелей емес инвестиция. Инвестициялық жоба, коммерциялық, бюджетті, экономикалық тиімділік, таза дисконтталған құн, таза дисконтталған табыс, инвестиция рентабелділігі, табыстылық индексі, табыстылықтың ішкі нормасы, өзін-өзі ақтау кезеңі.

Он екінші тарауда өнеркәсіптік өнім сапасы мен оның көрсеткіштері: жіктеу, бағалау, функционалды, ресурсжинақтаушы, табиғатты қорғау, жарамдылық, беріктілік, эргономикалық, эстетикалық көрсеткіштер, технологиялық, ресурспайдалану көрсеткіштері, қауіпсіздік және экологиялық көрсеткіштер. Өнім сапасын басқару, «сапа тармағы», өнімді стандарттау және өнім сертификатына тоқталған.

Он үшінші тарауда шығындар, өнімнің өзіндік құны, калкуляция, өнімнің өзіндік құны калкуляциясы, өндіріс шығындарының сметасы, жоспарлы, сметалық, нормативті, жобалық, есепті, шаруашылық есепті калкуляция, шығындар элементі қарастырылған.

Он төртінші тарауда өнім бағасының атқаратын қызметтері мен түрлері, кәсіпорында қолданылатын баға саясатының мақсаттары мен сипаты қарастырылған. Баға белгілеу әдістері көрсетілген.

Он бесінші тарауда пайда және оның түрлері: жалпы пайда, баланстық, салық салынатын, таза пайда. Пайданы жоспарлау тәсілдері: тікелей есептеу, аналитикалық, жиынтық есептеу тәсілі, рентабелділік.

1 КӘСІПОРЫН – ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ БУЫНЫ

- 1.1 Кәсіпорын сипаттамасы мен түрлері
- 1.2 Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандары
- 1.3 Кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасы

1.1 Кәсіпорын сипаттамасы мен түрлері

Кәсіпорын – заң тәртіптері бойынша тіркеуден өткен, мүлікті пайдаланудан, жұмыстарды орындау немесе қызмет көрсету арқылы тауарларды сатудан пайда табуға жүйелі түрде бағытталған кәсіпкерлік қызмет субъектісі.

Шаруашылық етудің нарықтық жүйесі жағдайында кәсіпорын оның негізгі буыны болып табылады. Ол ұлттық шаруашылықтың іскерлік белсенділігін анықтайды, қызметкер мен капиталдың тікелей байланысы жүзеге асырылады және осында өнім жасап шығарылады. Кәсіпорында білікті мамандар, кадрлар жұмылдырылған, ресурстарды үнемді пайдалану және өнімділігі жоғары техника мен технологияны пайдалану мәселелері шешіледі. Сонымен қатар, кәсіпорын жұмыс орындарын қалыптастыра отыра, тұрғындардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді, салықтарды төлеу арқылы әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысады.

Кәсіпорын – сұранысқа қажетті өнім өндіру, жұмыстарды орындау және қызмет түрлерін көрсету үшін материалдық және ақпараттық ресурстарды пайдаланатын жан-жақты шаруашылық субъект. Ол өз қызметімен жеке дербес түрде айналысады, салықтар, басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалған пайда мөлшерін өзі бөледі, яғни кәсіпорын жеке дербес тауар өндіруші болып табылады.

Кәсіпорын – қоғамдағы еңбек бөлінісі жүйесіндегі оқшауланған дербес өндірістік-шаруашылық бірлік, яғни заңды тұлға құқығы бар шаруашылық жүргізуші субъект және өндірістік қызметті ұйымдастырудың негізгі нысаны.

Кәсіпорын сипаттамасы оның нарықтық қатынастардағы жеке субъект ретінде бөліп көрсететін негізгі белгілерін анықтайды:

- *өндірістік-техникалық бірлік* – технологиялық бірлікті иеленетін өндіріс қорларының кешенімен және өндірістік үрдістердің жеке кезеңдерінің өзара байланысымен анықталады, олардың нәтижесінде кәсіпорында қолданылатын шикізат пен материалдар дайын өнімге айналады, яғни бұл өндіріс, капитал, технология үрдістерінің бірлігімен сипатталады;

- *ұйымдастырушылық бірлік* бойынша кәсіпорын – бұл өзінің ішкі құрылымы мен басқару тәртібі бар ұйымдасқан ұжым болып табылады;

- *экономикалық дербестілік* - материалдық, қаржы, техникалық ресурстары, сонымен бірге қызметтің экономикалық нәтижелерінің (өткізілген өнім көлемі, рентабелділік деңгейі, пайда және т.б.) бірлігімен сипатталады;

- *әлеуметтік бірлік* мазмұны мынада: кез-келген кәсіпорын бұл нақты әлеуметтік-экономикалық мақсаттар мен мүдделермен байланысқан түрлі біліктілігі бар адамдар ұжымы, ал пайда табу барлық ұжымның қажеттіліктерін (материалдық және рухани) қанағаттандырудың негізі болып табылады.

Қолданылатын шикізат сипатына байланысты:

- өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары болып бөлінеді.

Халық шаруашылықтың ірі салалары шағын, мамандандырылған салалардан тұрады. Мысалы, өнеркәсіп екі үлкен мамандандырылған салаларға бөлінеді: өндіру және өңдеу. Өңдеу өз алдына жеңіл, тамақ, ауыр өнеркәсіп және т. б. болып бөлінеді.

Осындай жағдайда халық шаруашылығында кәсіпорынның салалық құрамының екі анықтамасы қолданылады: әкімшілік-ұйымдастырушылық, және өнімдік. Бірінші жағдайда кәсіпорын қызметінің негізгі түрі мен қандай-да бір салаға жатқызылуын ескереді. Мысалы, машина жасауға қажетті өнімдерді өндіретін кәсіпорын әкімшілік жағынан байланысы бар салада есепке алынады (мысалы, кен өндіру).

Екінші белгіге сәйкес сала өнімінің әр түрі бойынша өндіріс құрылымы мен көлемі анықталады. Бұл жағдайда барлық машина жасау кәсіпорындары мен цехтары әкімшілік бағыныштылыққа қарамастан машина жасау саласына жатады, тасымалдау - транспорт саласына, құрылыс - құрылыс саласына жатады және т. б.

Тәжірибеде қандай-да бір кәсіпорынның қандай салаға жататынын нақты анықтау мүмкін емес, өйткені олардың көпшілігінің салааралық құрылымы болады.

Салааралық құрылымы бойынша кәсіпорындар «жеке» мамандандырылған, көп профилді және аралас болып бөлінеді:

- «жеке» мамандандырылған – жаппай немесе ірі сериялы өндіріс өнімдерінің шектеулі ассортиментін шығаратын кәсіпорындар (шойын, ет, бидай өндірісі және т.б.);

- көп профилді кәсіпорындар түрлі жағдайда пайдаланылатын және кең ассортиментті өнімдерді шығарады. Өнеркәсіпте олар бір уақытта теңіз кемелерін, жеңіл көліктерді, компьютерлерді дайындауға мамандандырылуы мүмкін. Ауыл шаруашылығында – бидай, жеміс-жидек, малдарды өсіру және т.б.;

- аралас кәсіпорындар шикізаттың немесе дайын өнімнің бір түрін қатарлас немесе тібектей түрде басқа түрге, үшінші бір түрге ауыстырады.

Қызмет сипатына байланысты:

- өнеркәсіптік;
- өндірістік;
- сауда;
- транспорттық;
- инвестициялық және т.б. кәсіпорындар болып бөлінеді.

Төмендегі 1 кестеде жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың экономика салалары бойынша саны сипатталған [25]. Жыл сайын экономика салалары бойынша жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың өскендігін байқауға болады, 2019 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 20,3%-ға артқан, ал 2018 жылмен салыстырғанда 10,1%-ға артқан. Бұл жағдай сауда, құрылыс және көлік

саласында оң нәтижеге жеткендігін көруге болады, бұл өз алдына кәсіпкерлік түрлері мен нысандарының дамуына, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына әкеледі.

Кесте 1 – Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың экономика салалары бойынша саны

	2017	2018	2019
Барлығы	256 122	279 720	308 011
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	11 738	12 420	13 390
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	2 475	2 718	3 031
Өңдеу өнеркәсібі	14 518	14 700	15 803
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	944	1 048	1 171
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	1 649	1 693	1 861
Құрылыс	32 712	35 302	38 473
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	65 049	74 545	83 158
Көлік және қоймалау	9 649	10 521	11 696
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	3 829	4 552	5 484
Ақпарат және байланыс	6 510	7 008	8 006
Қаржы және сақтандыру қызметі	5 729	5 892	6 277
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	12 109	12 511	13 455
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	17 620	18 746	20 617
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	11 236	12 532	14 199
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	9 436	9 568	9 533
Білім беру	19 383	20 742	21 953
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	5 015	5 453	6 028
Өнер, ойын-сауық және демалыс	4 149	4 468	4 708
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	22 371	25 300	29 167
Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтер өндіретін үй шаруашылықтары қызметі	-	-	-
Аумақтан тыс ұйымдардың және органдардың қызметі	1	1	1

Кәсіпорындар көлеміне сәйкес шағын, орта және ірі кәсіпорындар деп бөлінеді. Шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне заңды тұлғасы құрылмаған жеке тұлғалар және қызметкерлердің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын және

жыл ішінде активтерінің жалпы құны 60000 еселік айлық көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар жатады.

Ал орта кәсіпорындарға заңды тұлға құрылмаған жеке тұлғалар және қызметкерлердің жылдық орташа саны 250 адамға дейінгі, жыл ішіндегі активтердің жалпы құны 325000 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар жатады.

Ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қызметкерлердің жылдық орташа саны 250 адамнан асатын, жыл ішіндегі активтердің жалпы құны 325000 еселік айлық есептік көрсеткіштен асатын кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар жатады.

Төмендегі 1 суретте Қазақстан Республикасындағы 2019 жылы тіркелген заңды тұлғаларының саны көрсетілген, оның 98%-ы шағын кәсіпорындардың үлесіне келеді.



Сурет 1 – Қазақстан Республикасындағы 2019 жылы тіркелген заңды тұлғаларының саны

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халыққа Жолдауында тиімді шағын және орта кәсіпкерлік және оны дамыту әр елдің экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды саланың бірі екендігіне тоқталып, оның ел экономикасы мен саяси, демографиялық жағдайларда өте маңызды рөл атқаратын, қала мен ауыл дамуының негізі деп атап көрсеткен. Сондықтан шағын және орта кәсіпкерліктің даму мәселелері біздің елдің басымдыққа ие бағыттардың бірі болып табылады. Осы бағытта 2019 жылы экономикада шағын және орта бизнестің үлесі 30,8%-ды құрады. Осы жылы шағын және орта бизнес 31,2 трлн теңгеге өнім шығарды. Республика бойынша 3,4 млн адам шағын және орта бизнес саласында жұмыс істейді.

Бизнес ахуалды жақсартуға қатысты көптеген реформалар «Doing Business» рейтингінде әлем бойынша Қазақстан Республикасы 25 орынды иеленді. Осыған байланысты әліде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағытында және бизнес жағдайын жақсарту мақсатында көп шаралар жасалады. Осы шаралардың бірі: 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап шағын кәсіпкерлік, соның ішінде микро кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулер мен профилактикалық бақылау және қадағалауға 3 жылға мораторий жарияланды.

1.2 Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандары

Кәсіпорын тек экономиканың шаруашылық субъектісі ғана емес, сонымен бірге ол заңды тұлға. ҚР Азаматтық кодексінің 33-бабына сәйкес заңды тұлға болып табылатын ұйым [4]:

- меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар;
- сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді;
- өз атауынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алады;
- сотта талапкер және жауапкер бола алады;
- дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс.

Заңды тұлға өз қызметін жарғысы және құрылтай шарты негізінде, немесе егер заңды тұлғаны бір тұлға құрған болса, жарғысы және заңды тұлға құру туралы жазбаша түрде рәсімделген шешімі негізінде жүзеге асырады.

Барлық заңды тұлғалар қызмет ету мақсаттарына байланысты:

- *коммерциялық ұйым* – қызметінің негізгі мақсаты табыс келтіруді көздейді;
- *коммерциялық емес ұйым* – қызметінің негізгі мақсаты пайда келтіру ғана емес және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін ұйым.

Кәсіпкерлік келесі түрлерде жүзеге асырылуы мүмкін:

- өзіндік (жеке);
- бірлескен кәсіпкерлік.

Өзіндік кәсіпкерлікті бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлік жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерліктің нысандары [5]:

- ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі;
- шаруа қожалығының ортақ бірлескен меншігі немесе жекешелендірілген тұрғынжайға ортақ бірлескен меншік негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік;

- жеке кәсіпкерлік ортақ үлестік меншік негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де нысандар.

Төмендегі 2 суретте республика бойынша тіркелген заңды тұлғалар санының өзгерісі көрсетілген. 2010 жылдан бастап тұрақты түрде өсіп келе жатқанын көруге болады [25].



Сурет 2 – Қазақстан Республикасы бойынша тіркелген заңды тұлғалар санының өзгерісі


Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандары 3 суретте көрсетілген.

Шаруашылық серіктестік деп жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлесіне (салымдарына) бөлінген коммерциялық ұйым. Шаруашылық серіктестіктер толық серіктестік, сенім серіктестігі, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік нысандарында құрылуы мүмкін. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен қосымша жауапкершілігі бар серіктестікті бір тұлға құра алады, ол оның жалғыз қатысушысы болады.

Толық серіктестік толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік түрі.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік бір немесе бірнеше адам құруы мүмкін, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлеске бөлінетін серіктестік түрі. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты залалдарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді. 2019 жылы 50 ірі жеке компаниялардың рейтингіне енген «ArenaS» ЖШС, «Корпорация «Қазақмыс» ЖШС, «Саутс-Ойл» ЖШС,

энергетика саласындағы «Казахстанские коммунальные системы» ЖШС, құрылыс саласындағы «Компания Unex Stroy» ЖШС.



Сурет 3 – Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандары

Сенім серіктестігі серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен (толық серіктерімен) қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қатысушылармен қатар, серіктестіктің (салымшылардың) мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін бір немесе одан көп қатысушыларды да енгізетін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатыспайтын серіктестік түрі.

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша өздерінің жарғылық капиталға салымдарымен жауап береді, ал бұл қаржылар жеткіліксіз болған жағдайда өздеріне тиесілі мүлікпен оған өздері еселенген мөлшерде енгізген салымдар арқылы жауап беретін серіктестік түрі.

Акционерлік қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға. Акционерлік қоғамның акционерлері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді. 2019 жылы 50 ірі жеке компаниялардың рейтингіне енген «ТНК «Казхром» АҚ, «Каспий нефть» АҚ, «Technodom Operator» АҚ, «Авиакомпания SCAT» АҚ, металлургия саласындағы «Теміртау электрометаллургия комбинаты» АҚ, «Шубаркуль премиум» АҚ.

Өндірістік кооператив азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде олардың өз еңбегімен қатысуына және өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарналарын біріктіруіне негізделген ерікті бірлестік. Кооператив мүшелері екеуден кем болмауға тиіс. Мысалы, «Symbol» өндірістік кооператив (Қарағанды), «Миялы» өндірістік кооператив (Қызылорда) және т.б.

Мемлекеттік кәсіпорындар 1) шаруашылық жүргізу құқығына негізделуі мүмкін және 2) оралымды басқару құқығына негізделуі мүмкін (қазыналық кәсіпорын). Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және оны салымдар (үлестер, жарналар) бойынша, соның ішінде кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

Мекеме басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы функцияларды жүзеге асыру үшін өзінің құрылтайшысы құрған және қаржыландыратын ұйым.

Қоғамдық бірлестіктер саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың заңдарға қайшы келмейтін, өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрған басқа да бірлестіктері танылады.

Қор азаматтар немесе заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамға пайдалы мақсаттарды көздейтін, мүшелігі болмайтын коммерциялық емес ұйым. Қор заңды тұлға болып табылады, яғни азаматтық айналымда қордың органдары өкілдік етеді, оның дербес балансы және банк шоты болады.


Тұтыну кооперативі қатысушылардың материалдық және өзге қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (үлестік) жарналарын біріктіру арқылы жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі. Тұтыну кооперативінің мүшелері жыл сайынғы баланс бекітілгеннен кейін пайда болған залалдарды қосымша жарналар төлеу арқылы үш ай ішінде жабуға міндетті. Бұл міндеттерді орындамаған ретте кооператив несие берушілердің талабы бойынша сот тәртібімен таратылуы мүмкін.

Діни бірлестік рухани қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүдделерінің ортақтығы негізінде, заң құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша біріккен азаматтардың ерікті түрдегі бірлестігі.

Жеке кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестігі жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар өздерінің кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүдделерін білдіру мен қорғау мақсатында құрылған қауымдастықтар (одақтар).

1.3 Кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасы

Кәсіпорын – бұл ашық жүйе. Ол сыртқы ортамен белсенді түрде әрекет еткен жағдайда ғана қызмет жасай алады. Осы жүйенің дамуы ұйымның ішкі ортасының өзара байланысты бөліктерден құралатын бір бүтін ретіндегі көрсетуге мүмкіндік берді (сурет 4).



Сурет 4 – Ұйымның ішкі айналымының өзара байланысы

Кәсіпорынды *мақсатқа жету* құралы ретінде қарастыруға болады, ол нақты адамдар тобына өздігімен жеке жұмыс жасап қол жеткізе алмайтын мақсаттарды орындауға мүмкіншілік береді. Мақсат деп ұйым қызметінің күтілетін нәтижесі немесе оның соңғы нақты жағдайын атайды, оған адамдар тобы (әкімшілік пен персонал) бірге жұмыс жасай отырып қол жеткізеді.

Мақсаттар ұйым қызметін жоспарлау барысында басшылықпен қарастырылады және мүшелеріне дейін жеткізіледі. Күрделі ұйымдардың мақсаттары да көп болады. Мақсаттардың көп және әртүрлі болуы күрделі ұйымдардың жалпы сипаттамасы болып табылады.

Коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар мақсаттарының қалыптасу тәсілдерінің өздеріне тән ерекшеліктері бар. Бизнеспен айналысатын ұйымның алатын пайдасы шығындарынан артық болып, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын товарлар мен қызмет түрлерін өндіруге бағытталады. Коммерциялық емес ұйымдар бюджеттік немесе басқа да қаржылық шектеулер негізінде нақты қызмет түрлерін көрсету бойынша мақсаттары тұжырымдалады. Коммерциялық ұйым мақсаттары түрлерінің көптігі, біріншіден, бизнес саласының көптігімен, екіншіден, өндірістік-өткізу қызметінің технологиялық күрделілігімен сипатталады. Коммерциялық емес ұйымдардың да мақсаттары да түрлі болады, бірақ өз қызметі нәтижесінің әлеуметтік жауапкершілігіне көп көңіл бөледі [3].

Ұйым құрылымы ұйым қызметінің функционалды аймағымен басқару деңгейлерінің өзара қатынасының жиынтығы негізінде көрсетіледі, және ұйым мақсаттарына тиімді түрде жетуге көп жағдайлар туғызады.

Ішкі айнымалыларды қарастырғанда құрылымды басқаруға қатысы екі тұжырымдаманы атап өту керек: еңбекті мамандандыру арқылы бөлу және бақылау сферасы. Еңбекті мамандандыру арқылы бөлу ұйымды бір бүтін ретінде қарастыра отырып, мамандар жұмыстың қай түрін өте жақсы орындайтындығын анықтап, жұмыстың сол түрін соған орындату. Еңбекті мамандандыру арқылы бөлу тігінен (басқарушылық деңгейлер иерархиясын қалыптастырады) және көлденең (орындалатын жұмыстарды мамандандырылған түрлері бойынша бөлу) болып бөлінеді.

Бақылау сферасы деп бір басшыға бағынатын қызметкерлердің санын айтады. Егер бір басшыға көп адамдар саны бағынышты болса, кең бақылау сферасы туралы айтылады, ол басқарудың жазық құрылымының қалыптасуына әкеледі. Егер басқару сферасы тар болса, көп деңгейлі құрылым туралы айтуға болады.

Ұйымда жұмыстарды нақты етіп бөлудің негізгі бағыттарының бірі міндеттерді қою. *Міндеттер* – алдын-ала келісілген кезең ішінде, алдын-ала белгіленген тәсіл бойынша орындалатын алдын-ала қарастырылған жұмыстармен (жұмыс бөлігі немесе жұмыстар жиынтығымен) анықталады. Міндеттер қызметкерлер үшін емес, лауазымдар (немесе бөлімшелер) үшін қарастырылады.

Жалпы алғанда, технологияны нақты ресурстарды (шикізат, материалдар, ақпарат, адамдар) ойлаған өнім мен қызмет түрлеріне ауыстырудағы құрал ретінде қарастырады. *Технология* (Люис Дейвис бойынша) – адамдардан немесе ақпараттардан, материалдардан күтілетін өзгерістерді жүзеге асыруда қажетті техникалық білімдер мен білікті дағдылар, қондырғылар, инфрақұрылымдар, құралдар жиынтығы [9].

Ұйым міндеттері мен технология өзара тығыз байланысты. Қандай да бір нақты міндеттерді орындау нақты технологияны пайдалануды қамтиды.

Технологияны үрдіс ретінде қарастыруға болады, оның көмегімен алғашқы материалдық ресурстар еніп, шығуда өнімге айналдырылады. Бұл жағдайда технологияны осындай өзгерісті іске асыратын нақты тәсіл ретінде анықтауға болады.

Кәсіпорынның ішкі ортасы оның миссиясы мен мақсаттарына байланысты қалыптасады, ал олар өз алдына көп жағдайда сыртқы ортамен анықталады. Кәсіпорынның ішкі ортасы құрамына адамдар, техника, технология, ақпараттар, өндірісті ұйымдастыру мен басқару және т.б. енеді. Оны бірнеше негізгі кіші жүйелер арқылы көрсетуге болады: әлеуметтік; технологиялық; өндірістік-техникалық; экономикалық; ақпараттық; ұйымдастырушылық; қаржылық; маркетингтік; ғылыми-инновациялық; коммерциялық және т.б. (сурет 5).

Кәсіпорынның ішкі орта құраушыларының маңызы өте зор, сонымен қатар кәсіпорын – бұл онда қызмет ететін адамдар ұжымы, оның басты байлығы. Олардың қабілеттері, білімдері, біліктілігі, тәжірибесі, еңбекке деген қатынасы нәтижесінде фирманың имиджіне, мәртебесіне, өнім сапасына, кәсіпорын жұмысының нәтижесіне үлкен үлес қосады.



Сурет 5 – Кәсіпорынның ішкі ортасының құраушылары

Кез-келген кәсіпорын – түрлі кіші жүйелерден құралып бір әлеуметтік-экономика-техникалық кешен құратын күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе. Сондықтан барлық кіші жүйелер бір-бірімен байланысқан және бір-бірін толықтырады.


Сыртқы орта – кәсіпорын аумағында әрекет ететін және оның түрлі қызмет аясына әсер ететін белсенді шаруашылық субъектілер, экономикалық, қоғамдық және табиғи жағдайлар, ұлттық және мемлекет аралық институционалды құрылымдар мен басқа да сыртқы жағдайлар мен факторлардың жиынтығы (сурет 6).

Ұйымның сыртқы ортасы ұйымның әрекет етуіне тікелей қатысы бар сыртқы айналасындағы факторлармен анықталады. Сыртқы ортаның әсер етуі оның факторларының ұйым қызметі нәтижелеріне тигізетін әсерлерімен анықталынады. Сыртқы орта факторларын анықтау тәсілдерінің бірі осы факторларды екі негізгі топқа бөлумен сипатталады: тікелей әсер ету ортасы және жанама әсер ету ортасы.

Тікелей әсер ететін орта факторлары ұйымның шаруашылық қызметіне тікелей әсер етеді және ұйымның тікелей әсерін өздері де сезінеді. Мұндай факторларға жататындар: жабдықтаушылар, еңбек ресурстарымен жабдықтаушылар, заңдар мен мемлекеттік реттеу мекемелері, тұтынушылар мен бәсекелестер.

Жанама әсер ететін орта факторлары ұйым қызметіне тікелей әсер етпейді, бірақ оның нәтижесіне әсері болады. Бұл факторларға жататындар: экономикалық жағдай, ғылыми-техникалық прогресс, әлеуметтік, мәдени және

саяси өзгерістер, топ мүдделерінің әсері мен ұйымға әсер ететін басқа елдерде болып жатқан жағдайлар.



Сурет 6 – Кәсіпорынның сыртқы орта факторларының әсер ету үлгісі

Сыртқы ортаның келесі сипаттамалары ескеріледі: сыртқы орта факторларының өзара байланыстары, сыртқы орта күрделілігі, сыртқы ортаның қозғалыста болуы, сыртқы орта анықтықсыздығы.

Сыртқы орта факторларының өзара байланыстылығы бір фактордың өзгерісі екінші бір факторға әсер ету күшінің деңгейін анықтайды.

Сыртқы орта күрделілігі деп ұйымға әсер ететін факторлардың санын қарастырады және есепке алынатын әрбір фактордың варианттылық деңгейі деп түсіндіріледі.

Сыртқы ортаның қозғалыста болуы ұйым аумағындағы өзгерістердің болу жылдамдығын сипаттайды.


Сыртқы орта анықсыздығы нақты фактор туралы жеке тұлғада немесе ұйымда бар ақпараттар көлемімен және сол ақпараттардың анықтығындағы сенімділік дәрежесімен сипатталады.

Кәсіпорын өз қызметінің нәтижесіне тым артық әсер ететін сыртқы факторлардың теріс әсерін шектеуі керек немесе қолайлы мүмкіншіліктерді толық пайдалану керек.

Кәсіпорындардың қызметін анықтайтын маңызды сыртқы факторлардың бірі экономиканы мемлекеттік реттеу болып табылады. **Экономиканы мемлекеттік реттеу** – бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы

бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етуге және жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілердің немесе экономикалық жүйе құраушыларының теріс нәтижелерінің алдын алуға бағытталған мемлекеттік органдар жүзеге асыратын заңнамалық, атқарушы және реттеуші шаралар жүйесі.

Қазіргі уақытта кәсіпорындарға мемлекеттік реттеудің әкімшілік және экономикалық әдістері қолданылады (сурет 7).



Сурет 7 – Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістері

Осыған байланысты мемлекеттің бірнеше функциялары қалыптасады:

- құқықтық негіз құру – кәсіпкерлік қызметті реттеуге бағытталған заңдарды әзірлейді және қабылдайды;
- елдегі құқықтық тәртіпті және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өйткені елдегі қылмыс пен сыбайлас жемқорлық бизнеске және тұтастай экономикаға теріс әсер етеді;
- экономиканы тұрақтандыру – экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді (ЖІӨ, инфляция деңгейі, жұмыссыздық, бюджет тапшылығы және т.б.) оңтайлы деңгейде ұстап тұру;
- әлеуметтік қорғауды және әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету – барлық азаматтар үшін ең төменгі күнкөріс деңгейін қамтамасыз ету, қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті болдырмау (зейнетақы, жәрдемақы беру);
- бәсекелестікті қорғау.

Мемлекеттік реттеудің объектілеріне жататындар:

- тұтастай елдің немесе оның жекелеген аймақтарының экономикасы;
- салалар мен экономика сфераларының экономикасы;
- кәсіпорын экономикасы.

Мемлекеттік реттеу құралдары:

- заңдар;
- салықтар;
- амортизация нормалары;
- кедендік баж салықтары;
- бюджеттік шығындар;
- бағалар және т.б.

Кәсіпорын экономикасын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары:

- жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау;
- шаруашылық қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандары;
- амортизациялық саясат;
- жалақы;
- баға белгілеу;
- салық салу;
- инвестициялық және инновациялық қызмет;
- кәсіпорындардың сыртқы экономикалық белсенділігін ынталандыру;
- еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік талаптары.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Шаруашылық серіктестіктер мен қоғамдардың сипаттамасы:
- A) жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлестеріне (салымдарына) бөлінген коммерциялық ұйымдар;
 - B) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін біріккен екі және одан да көп адамдар, олар салған капиталдары ғана емес, сонымен бірге өз меншігінің міндеттемелері бойынша толықтай жауапты;
 - C) қатысушылары пай салымдарын салатын және осы салымдардың мөлшерінде шектеулі жауапкершіліктері бар қоғамдар;
 - D) қаржылары акцияларды өндіру мен оларды сату есебінен құрылатын кәсіпорын;
 - E) мүліктік пай салымдарының негізінде ауыл шаруашылық өнімдері мен басқаларды да өткізу үшін бірігіп қызмет етуде мүшелік негіздегі азаматтардың бірлесуі (мүшелер саны бесеуден кем болмауы керек).
- 2 Сұранысқа қажетті өнім өндіру, жұмыстарды орындау және қызмет түрлерін көрсету үшін барлық ресурстарды жан-жақты пайдаланатын шаруашылық субъект:
- A) меншік иесі;
 - B) кәсіпорын;

- C) бас (аналық) компания;
D) жұмыс орындары;
E) ассоциация.
- 3 Қаржылары акцияларды шығару және оларды сату есебінен құрылатын кәсіпорын –
A) акционерлік қоғам;
B) шаруашылық серіктестік;
C) өндістік кооператив;
D) толық серіктестік;
E) мемлекеттік мекеме.
- 4 Көп профилді кәсіпорын элементін таңдаңыз:
A) жаппай өндіріс өнімінің шектеулі ассортиментін дайындау;
B) көп сериялы өндіріс өнімінің шектеулі ассортиментін дайындау;
C) өнімді өндіру үшін шикізатты кешенді түрде;
D) кең ассортиментті және түрлі мақсаттағы өнім түрлерін өндіру;
E) сериялы өндіріс өнімінің шектеулі ассортиментін дайындау.
- 5 Өнімнің нақты түрін шығару бойынша жұмыс орындарды, учаскелерді, цехтарды бірлестіру қағидасы:
A) технологиялық;
B) заттық (өнімдік);
C) аралас;
D) цехтық;
E) тікелей.
- 6 Бір құрылымға біріктірілген кәсіпорындар акциясының бақылау пакетін иеленетін «иеленуші» (аналық, бас) компания, ол кәсіпорындардағы басқаруды және олардың қызметін бақылауды қамтамасыз етеді:
A) картель;
B) холдинг;
C) синдикат;
D) трест;
E) концорциум.
- 7 Экономика дамуының негізгі буыны:
A) ғылыми-техникалық прогресс;
B) ауыл шаруашылығы;
C) еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру;
D) қайырымдылық қорлар;
E) кәсіпорын.
- 8 Кәсіпорынның сыртқы ортасына жататындар:

- A) шикізат жабдықтаушылары мен өнімнің тұтынушылары;
- B) кәсіпорынның өндіріс құралдары;
- C) өнім өндірісінің технологиясы;
- D) ұйым құрылымы;
- E) ұйымның еңбек потенциалы.

9 Картель сипаттамасы:

- A) бір құрылымға біріктірілген кәсіпорындар акциясының бақылау пакетін иеленетін «иеленуші» (аналық, бас) компания, ол кәсіпорындардағы басқаруды және олардың қызметін бақылауды қамтамасыз етеді;
- B) бірігіп коммерциялық қызмет ету үшін бір саладағы кәсіпорындардың монополиялық бірлестігі, онда баға мен өтім нарығы туралы мәліметтер;
- C) қатысушыларының пайдасын бөлуде ерекше тәртіпті пайдалануды қарастыратын кәсіпкерлер бірлестігі;
- D) тығыз өндірістік ынтымақтастық, қаржыландыру, патентті-лицензиялық шарттар негізінде жеке кәсіпорындардың бірлестігі;
- E) түрлі кәсіпорындарды бір өндірістік кешенге бірлестіру, онда ұйымдар өзінің заңды және шаруашылық дербестігінен айырылады.

10 Кәсіпорынның ішкі ортасына жататындар:

- A) жабдықтаушылар;
- B) бәсекелестер;
- C) кәсіпорынның өндіріс құралдары;
- D) тұтынушылар;
- E) биліктің орталық және жергілікті органдары.

11 Тұжырым дұрыс па: Сыртқы орта факторларының өзара байланыстылығы бір фактордың өзгерісі екінші бір факторға әсер ету күшінің деңгейін анықтайды

- A) дұрыс;
- B) қате.

12 Қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік:

- A) Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- B) Толық серіктестік
- C) Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік
- D) Сенім серіктестік
- E) Жәй серіктестік

13 Өндірістік кооперативтің жарғылық қоры мен резервтік қорының мөлшері қайда белгіленеді?

- A) Азаматтық кодексте
- B) Құрылтай шартында
- C) Жарғыда

- D) Салық кодексінде
- E) Дұрыс жауап жоқ

14 Коммерциялық ұйым түрлері

- A) Қарапайым серіктестік
- B) Ассоциациялар мен одақтар
- C) Шаруашылық серіктестіктер
- D) Қайырымдылық қорлары
- E) Қоғамдық ұйымдар

15 Акционерлік қоғамның акция иелеріне жылдық шаруашылық іс-әрекет нәтижелері бойынша пайдадан төленетін табыс - бұл...

- A) Паушалдық төлемдер
- B) Лицензия
- C) Роялти
- D) Патент
- E) Дивиденд

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Кәсіпорын сипаттамасын атаңыздар. Негізгі белгілерін көрсетіңіздер.
- 2) Нарықтық қатынастар жүйесіндегі кәсіпорынның алатын орнын көрсетіңіздер.
- 3) Кәсіпорынның қандай түрлері бар? Әрқайсына сипаттама беріңіздер.
- 4) Кәсіпорынның негізгі меншік нысандарын атаңыздар.
- 5) Заңды тұлға белгілерін атаңыздар. Заң бойынша түсініктемесін келтіріңіздер.
- 6) Жарғылық капитал дегеніміз не? Қалыптасу көздері қандай?
- 7) Коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың айырмашылықтары қандай?
- 8) Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандарына сипаттама беріңіздер.
- 9) Акционерлік қоғам артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыздар.
- 10) Шаруашылық серіктестік артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіңіздер.
- 11) Өндірістік кооперативтердің құрылу ерекшеліктерін көрсетіңіздер.
- 12) Мемлекеттік мекеме сипаттамасы қандай?
- 13) Кәсіпорынның ішкі ортасының негізгі элементтерін атаңыздар.
- 14) Кәсіпорынның сыртқы ортасының негізгі құраушыларын атаңыздар.
- 15) Кәсіпорынның миссиясы, кәсіпорын мақсаты деген түсініктерге анықтама беріңіздер.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

1. Кәсіпкерлік тәуекелдің экономикалық мазмұны
2. Қазіргі экономикадағы ақпарат ролі және ақпараттық қызмет нарығы

3. Өнімнің бәсеке қабілеттілігі мен сапасын арттыруды қамтамасыз ету
4. Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігі мен ішкі және сыртқы қауіптері
5. Кәсіпорын банкроттылығы: анықтау механизмі және алдын алу жолдары
6. Ғаламдық экономикалық дағдарыс жағдайындағы шағын бизнес
7. Бәсекелестік нарық механизмінің элементі ретінде.
8. Адам капиталы және оның қазіргі экономикадағы рөлі.
9. Инвестиция экономикалық өсу факторы ретінде.
10. Лизинг нарықтық экономика қатынастарының формасы ретінде.
11. Банк жүйесінің нарықтық экономикадағы рөлі.
12. Венчурлық капитал: мәні, формасы және оның қазіргі экономикадағы рөлі
13. Қазіргі жағдайда өнімділікті арттыру жолдары.
14. Әлемдік дағдарыстың нарықтық экономика жағдайына әсері
15. Нарық құрылымы мен институттары.
16. Интеллектуалдық капитал экономикалық өсу факторы ретінде.
17. Ұлттық экономиканың бәсеке қабілеттілігі.
18. Шағын бизнестің экономикалық әлеуеті (потенциал)
19. Қазақстанда консалтингтік қызмет нарығын қалыптастыру
20. Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру: институционалды аспект.
21. Нарықтық қатынастар жағдайындағы кәсіпорынның коммуникациялық саясаты
22. Өнім сапасын басқарудағы маркетинг
23. Әлеуметтік жұмыстағы маркетинг: мәні мен мәселелері
24. Кәсіпорынның жарнама-ақпараттық қызметін басқару және ұйымдастыру
25. Кәсіпорынның өткізу қызметін басқару және ұйымдастыру
26. Өнім сапасы мен бәсеке қабілеттілігін басқару жүйесін әзірлеу
27. Кәсіпорынның ұзақ мерзімді дамуы бойынша іскерлік жобаны әзірлеу
28. Кәсіпорын персоналын басқаруды жетілдіру
29. ҚР франчайзинг жүйесін қалыптастыру және дамыту
30. Желілік маркетинг бизнесті жүргізу формасы ретінде.
31. Мейрамхана бизнесінің маркетингтік қызметі
32. Фирманы басқару тиімділігін арттыру құралдары мен жолдары
33. Фирманың даму стратегиясын әзірлеу
34. Фирма қызметіндегі дағдарыс тенденциясын талдау
35. Көтерме мауда саласындағы компанияның жарнамасын әзірлеу
36. Әлеуметтік-мәдени сервис және туризм индустриясындағы франчайзинг
37. Қонақ үй кешенінің бәсекеқабілеттілігін басқару
38. Туризмдегі инновациялық қызмет тиімділігін арттыру
39. Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту
40. Қазақстанда жеке кәсіпкерлікті дамыту
41. Бизнестің ұйымдық формасы ретінде серіктестік мәні мен мазмұны
42. Бизнестің ұйымдық формасы ретінде акционерлік қоғам мәні мен артықшылықтары
43. Қазақстанда корпоративтік басқаруды дамыту
44. Факторинг – комиссияндық операцияның түрі ретінде.

2 КӘСІПОРЫННЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Кәсіпорынды басқарудың ұйымдық құрылымы

2.2 Кәсіпорынның өндірістік құрылымын анықтайтын факторлар

2.1 Кәсіпорынды басқарудың ұйымдық құрылымы

Кәсіпорын құрылымы – бұл бүтін шаруашылық объектіні құрайтын ішкі буындардың: цехтар, учаскелер, бөлімдер, лабораториялар және басқа да бөлімшелердің құрамы мен ара-қатынастары. Оның жалпы, өндірістік және ұйымдық құрылымы болады.

Кәсіпорынның жалпы құрылымы – өндірістік бөлімшелер мен қызметкерлерге қызмет көрсететін бөлімшелер кешенін және сонымен бірге кәсіпорынның басқару аппаратын қамтиды. Кәсіпорынның жалпы құрылымы бөлімшелердің орналасқан жерлерінің ауданы, қызметкерлер саны мен өткізу қабілеті (қуаты) бойынша өзара байланыстары және ара-қатынастарымен сипатталады. Өндірістік бөлімшелерге технологиялық мақсаттар үшін түрлі энергия өндірілетін, пайдалану үрдісінде бұйымдар жөндеуін қамтамасыз ететін қосалқы бөлшектер, материалдар мен жартылай фабрикаттар, негізгі өнім өндіріліп, сынақтардан өткізілетін лабораторияларды, учаскелерді, цехтарды жатқызуға болады. Қызметкерлерге қызмет көрсететін бөлімшелерге жататындар: тұрмыстық-коммуналды бөлімдер, олардың қызметтері, асханалар, буфеттер, бала-бақшалар, санаториялар, спорт қоғамдары және т.б.

Кәсіпорынның ұйымдық құрылымының негізгі элементтеріне олардың бөлімшелері (бөлімдері), басқару деңгейлері мен олардың арасындағы байланыстар жатады. Барлық элементтер бір-бірімен байланысты. Олардың тігінен және көлденең байланыстары болады. Кәсіпорын бөлімшелері мен бөлімдерін функционалды аймақ деп ескерсек, ұйым құрылымы функционалды аймақтары мен басқару деңгейлерінің жиынтығы мен олардың арасындағы байланыс деп анықталынуы мүмкін.

Кәсіпорынның ұйымдық құрылымы – бұл басқару аппараты бөлімшелері және олардың өзара байланыстары мен өзара бағыныштылығының құрамы. Кәсіпорынның басқару аппараты – басқарушылық шешімдерді дайындауға және оны жүзеге асыруға жауапкершілік жүктелген басшылар мен мамандар тобы. Басқару аппаратының ұйымдық құрылымы бірнеше буын сандарымен сипатталады, көбіне үш буынды жүйе қолданылады: президент (директор, басқарушы) – цех (бөлім) басшысы – мастер (бригадир). Әрқайсы өзіне жүктелген жұмыс учаскесіне жауапты болады.

Ұйымдық құрылым келесі түсініктерді қамтиды: жұмыстарды бөлу (функционалдық белгісі мен басқару деңгейі бойынша), жауапкершілік пен өкілеттіктің арақатынасы, өкілеттікті бөлу, басқаруды орталықтандыру мен жергіліктендіру, жауапкершілік пен бақылау, басқару нормасы және оның мазмұндық жағын анықтайтын түсініктер. Сонымен, ұйымдық құрылымның

мазмұны нақты кәсіпорындағы басқарушылық процестермен, мақсаттармен анықталады.

Ұйымдық құрылым түрлерінің жалпы екі тәсілін қарастыруға болады [14].

Бірінші тәсіл ұйымдық құрылымды ресми және бейресми құрылымға бөлуді қарастырады. Ресми құрылым – құқықтық нормалар мен өкілеттікті бөлу, сәйкес ұйымдастырушылық шаралар, бұйрықтар арқылы жоғары деңгей менеджерлерімен таңдалып, жасалатын құрылым. Ресми құрылым мақсатқа жетуге бағытталған өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешудегі нақты жұмыстарды ұйымдастыру мен реттеуді ескеру арқылы кәсіпорынның шаруашылық қызметін ұйымдастыру процесінде анықталынады (жобаланады). Бейресми құрылым – ұжым мүшелерінің қарым-қатынастары, олардың көзқарастарының бірлігі мен қайшылықтарының негізінде және кәсіпорын, бөлімше және т.б. мақсаттары мен жеке мақсаттары негізінде құрылады. Бейресми құрылым ресми құрылымдағы адамаралық қатынастарды көрсетеді.

Екінші тәсіл ұйымдық құрылымды механикалық және органикалық құрылымдарға бөлуді қарастырады. Бұлай бөлудің негізін ұйымдық құрылымды жасаудың мәнін анықтайтын ішкі компоненттерінің бір-бірімен арақатынасты құрайды. Ұйымдық құрылымның негізгі ішкі компоненттеріне (қасиеттеріне) жататындар: құрылымның күрделілігі, ресми болуы мен кәсіпорынды (корпорацияны) басқаруды орталықтандыру немесе жергіліктендіру дәрежесі.


Құрылымның күрделілігі басқару қызметінің түрлерін дифференциациялау (яғни бөлу) дәрежесі деп түсіндіріледі, соның ішінде басқару функциялары (көлденең және тігінен бөліну). Дифференциация дәрежесі жоғары болған сайын, құрылым күрделі болады.

Құрылымның ресми болуы басқарушылық процедуралар мен ережелердің бір типті болу дәрежесін анықтайды. Қабылданған ережелер мен процедуралар көп болған сайын, құрылым да күрделі болады.

Кәсіпорынды басқаруды орталықтандыру (жергіліктендіру) дәрежесі нақты шешімдер менеджменттің қай деңгейінде шешілетіндігіне байланысты болады. Жауапты шешімдер басқару иерархиясының бағынышты деңгейлерінде көп шешілген сайын, басқару құрылымы да соншалықты жергіліктендіріледі, және керісінше, басқарудың төменгі деңгейлерінде шешім аз қабылданса, құрылым соншалықты орталықтандырылған.

Механикалық құрылым қатаң басқару иерархиясын көрсетеді. Ол ұйымдық құрылымның түрлі сызықты немесе сызықты-штабтық формаларын біріктіреді. Ұйымның механикалық құрылымының негізгі түрлері: сызықты, функционалды құрылым, дивизионалды құрылым. Кейбір әдебиеттерде бұл құрылымды – бюрократиялық құрылым деп те атайды.

Сызықтық құрылым жеке даралық пен орталықтандыруды іске асырады, бір басшымен басқарудың барлық қызметін орындауды және өзінен төмен тұрған барлық бөлімшелерді жеке дара басқару құқы мен олардың толықтай бағыныштылығын қамтиды (сурет 1).



Сурет 1 – Басқарудың сызықты ұйымдық құрылымы

Сызықты құрылымның артықшылығы келесіде: басқару субъектісінің объектіге әсерінің қарапайымдылығы, бірімділігі; басшы мен бағынышты арасындағы аралық байланыстардың болмауы; бір-біріне қайшы келмейтін, өзара байланысқан тапсырмаларды алу мүмкіндігінің болуы; басшының ұжым жұмысының нәтижесі үшін жауапкершілігінің жоғары болуы; жоғарыдан төменге дейінгі бір тұтас басшылықты қамтамасыз ету.

Сонымен бірге билік жоғары басқарушы органдарда шоғырланған болады, бір деңгейдегі басқару органдарының арасындағы байланыс әлсіз болады, орта деңгей басшыларының жұмыс жүктемесі көп болады, директивті байланыстар бір сызықты қағида бойынша ұйымдастырылады. Басқарудың сызықты құрылымы ірі құрылымның бір бөлігі ретінде немесе шағын бизнестің шағын кәсіпорындарында қолданылады.


Функционалды ұйымдық құрылым көп жағдайда дәстүрлі немесе классикалық деп те атайды. Осы құрылымдағы бөлімшелер қызметінің нақты сипаттамалары ұйым қызметінің басты бағыттарын қамтиды (сурет 2).



Сурет 2 – Басқарудың функционалды ұйымдық құрылымы

Ұйым қызметінің дәстүрлі функционалды аймақтарына маркетинг, өндіріс және қаржы бөлімшелері жатады. Қызметтің функционалды аймақтары әрбір ұйымда бар, олар мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді. Егер ұйым немесе оның нақты бөлімшесінің мөлшері тым үлкен болған жағдайда, оны өз алдына бірнеше шағын функционалды бөлімшелерге бөлуге болады. Бұл ұйымдық құрылымның негізгі идеясы мамандандыру артықшылықтарын толықтай пайдалану және басшылықтың шамадан артық болмауын қадағалайды.

Сызықты-функционалды құрылым сызықты құрылымның түрлі буындарында оларға сәйкес келетін функционалды бөлімшелердің болуымен сипатталады. Оның негізін ұйымдағы негізгі жұмысты іске асыратын сызықты бөлімшелер және арнайы функционалды бөлімшелер (персоналды, қаржыны басқару, жоспарлау және т.б.) құрайды (сурет 3).




Сурет 3 – Басқарудың сызықты-функционалды ұйымдық құрылымы

Басқарудың бұл құрылымында сызықты басшы басқарудың оперативті мәселелерімен айналысуға көп мүмкіндігі болады, өйткені оны функционалды мамандар арнайы мәселелерді дайындау және оны шешуден босатады. Бұл құрылым сызықты және функционалды құрылымдардың артықшылықтарын қамтыған, сонымен қатар тігінен болатын байланыстардың икемсіздігі мен тым қатты болуы, бір деңгейдегі байланыстардың әлсіз болуы, ресурстар үшін бөлімшелердің өзара бәсекелестігі, сәйкесінше, келіспеушілік жағдайлардың болуы көрсетіледі.

Сызықты-функционалды құрылымның бір түрі – штабты құрылым. Функционалды мамандар сызықтық басшылар негізінде бірлеседі (сурет 4), сонымен қатар ондағы байланыс бағыныштылығының екі нысаны болады [15]:

1) сол деңгейдегі сызықты бөлімше басшысына текелей бағынышты (түрлі мәселелерді шешу бойынша тапсырмалар сызықты басшылардан штабтарға жеткізіледі. Штаб ұсынысын сызықты басшылар қарастырады және орындаушыларға өкімді сызықты басшылар береді);

2) жоғары тұрған деңгейдің сәйкес функционалды бөлімшесінің басшысына бағынышты.



Сурет 4 – Басқарудың сызықты-штабтық ұйымдық құрылымы

Штабты құрылым басқару үрдісінің жоғары кәсіпқойлық мамандануына, стандартталуына, рәсімделуіне және бағдарлануына жағдай туғызады.

Дивизионалдық құрылымда ұйымды құрылымдық бөлімшелер мен элементтерге бөлу товарлар мен қызмет түрлері бойынша, сатып алушылар топтары немесе географиялық аймақтар бойынша жүргізіледі [7].

Бұл құрылымдарды сәйкесінше келесідей атайды: өнімдік құрылым, сатып алушыға бағытталған құрылым, аймақтық құрылым.

Өнімдік ұйымдық құрылым кеңінен қолданылатын құрылым. Ұйымда өндірілетін және өткізілетін өнім көлемін және ассортиментін арттырған жағдайда осы құрылым қолданылады. Осы процестер мен оның дамуын табысты басқаруда нақты өнімге бағытталған өндірістің жеке бағыттары толықтай ұйымдағы табыстылықты қамтамасыз ету үшін құрылымды қайта құруды қажет етуі мүмкін. Өнімдік құрылымда нақты өнім немесе қызмет түрінің өндірісіне және оның өткізілуіне басшылық ететін өкілеттік бір басшыға жүктеледі, ол толықтай ұйымдағы өнімнің сол нақты түріне жауапты болады (сурет 5).



Сурет 5 – Өнімге бағытталған дивизионалды ұйымдық құрылымы

Өнімдік құрылымның негізгі артықшылықтары:

1) шығындар толықтай бақыланады және жүктерді (товарларды) жөнелту кестесі толықтай орындалады;

2) мұндай құрылымы бар ұйым мен функционалды құрылымы бар ұйыммен салыстырғанда бәсекелестік, технология мен сатып алушылық сұраныс талаптарының өзгерістеріне тез әсер етеді;

3) нақты өнім өндірісі мен өтімі бойынша жұмыстарды реттеуді жақсартады.

Өнімдік құрылымның негізгі кемшілігі өнімнің әр түрі үшін бірдей жұмыс түрлерін қайталауда ұйым шығындары арытады.


Сатып алушыға бағытталған ұйымдық құрылым - ұйым нақты тұтынушылар мен нақты мақсаттық топтарға арнап көп ассортименттегі товарлар мен қызмет түрлерін шығарған жағдайда қарастырылады.

Сатып алушыға бағытталған ұйымдық құрылым артықшылықтары мен кемшіліктері жалпы алғанда өнімдік құрылымдай, ерекшелігі тек басқа мақсаттық функцияға байланысты болуы, мысалы, банктер, сауда компаниялары, басылым және т.б.

Аймақтық ұйымдық құрылым кең географиялық зоналарды қамтитын ұйымдар үшін, соның ішінде халықаралық бизнесте қолайлы.

Компаниялар қызметінің сыртқы жағдайлары тез өзгеріп, жобалар күрделі болған сайын механикалық құрылымдардың артықшылықтарынан гөрі кемшіліктері басым болды. Қоршаған ортадағы өзгерістерге әсер етіп, жаңа технологияларды енгізу үшін адаптивті ұйымдық құрылым жасалынды. Бұл құрылымдар сыртқы жағдайлардың тез өзгеруіне және жаңа ғылыми сыйымдылықты өнімнің пайда болуына ыңғайлы. Негізгі адаптивті құрылымдар: жобалық және матрицалық құрылым болып бөлінеді.


Жұмыстардың жобалық ұйымы өзінің мәні бойынша нақты мәселені (міндетті) шешу үшін құрылатын уақыттық құрылым болып табылады (сурет 6).



Сурет 6 – Басқарудың жобалық ұйымдық құрылымы

Осы жұмыстар ұйымының мәні мынада: күрделі жобаны белгіленген уақытқа және белгіленген сапаға сәйкес орындау үшін ұйымның біліктілігі жоғары қызметкерлерінен бір команданы (топты) құру. Команда жоба аяқталғанға дейін бірге жұмыс жасайды.

Матрицалық ұйымда жоба топтарының мүшелері жоба басшысы мен сәйкес функционалды бөлім басшысына да бағынышты болады (сурет 7).



Сурет 7 – Бұйымға бағытталған матрицалық ұйымдық құрылымы

Матрицалық құрылымдағы жоба басшылары толықтай нақты жоба бойынша қызметтің барлық түрлері мен ресурстарын интеграциялауға жауапты. Оларға қажетті барлық материалды және қаржы ресурстары бөлінеді.

Матрицалық құрылымның негізгі кемшілігі оның күрделілігі. Сонымен бірге осы құрылымдағы көп мәселелердің себебі жобалық (тігінен) және функционалды (көлденең) өкілеттіктерді берумен байланысты, нәтижесінде жобалық және функционалды басшылар арасындағы келіспеушіліктер пайда болуы мүмкін.

Матрицалық құрылымның негізгі артықшылықтары: жобаның өзгерісіне тез әсер ету мүмкіндігі; компания ресурстары мен тұтынушылардың сұраныстарының арасындағы тиімді балансты қамтамасыз ету; мамандармен тікелей байланысты қолдау; қажет ақпараттарға тікелей шығу; мотивацияның күшеюі.

Қазіргі таңда адаптивті құрылымдардың жаңа нысандар да дамуда: топтық (бригадалық) ұйымдық құрылым, нарық қағидасы бойынша құрылған ұйымдық құрылым, венчурлік ұйымдық құрылым, фирма ішіндегі инновациялық бөлімшелер.

2.2 Кәсіпорынның өндірістік құрылымын анықтайтын факторлар

Кәсіпорын қызметінің негізін өндірістік процестер құрайды. Оларды жалпы түрде негізгі, қосымша және қызмет көрсететін процестер деп бөлуге болады. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелеріне цехтар, учаскелер мен қызмет көрсету түрлері жатады. Кәсіпорынның негізгі бөлімшесі цех болғандықтан,

еңбек процесінің сипатына байланысты негізгі, қосымша және қызмет көрсететін цехтар болып бөлінеді. Өндірістік процестердің өзара байланыстары кәсіпорынның құрылымдық бірліктерін құрайды.

Кәсіпорында қалыптасқан еңбек бөлінісі мен бірігуінің негізінде кәсіпорын бөлімшелерінің (учаскелер, цехтар) арасындағы тұрақты өзара әрекеттер жүйесі кәсіпорынның өндірістік құрылымын құрайды.

Инновациялардың дамуы кезеңінде кәсіпорынның өндірістік құрылымында ғылыми-техникалық және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын ғылыми-техникалық бөлімдер мен лабораториялар маңызды рөл атқарады. Кәсіпорын құрылымында осындай бөлімдердің болуы оған инновациялық қызметпен айналысуға, яғни өнім ассортиментін кеңейтуге және оның сапасын арттыруға, ал ол өз алдына кәсіпорынның бәсекелестік позициясын жақсартуға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның өндірістік құрылымы – өндірістік үрдісті ұйымдастыру нысаны және кәсіпорын мөлшері, цехтар мен қызмет көрсету түрлерінің көлемі, құрамы мен үлестік салмақтары, олардың араласуы, сонымен бірге цех ішіндегі өндірістік учаскелер мен жұмыс орындардың құрамы, саны мен орналасуы туралы мәліметтермен сипатталады.

Цехтар мен учаскелердің келесі түрлері бар:

- негізгі;
- қосымша;
- қызмет көрсететін.

Негізгі цехтарда шикізат пен материалдарды дайын өнімге айналдырудағы өндірістік үрдістің нақты кезеңдері жүзеге асады. Негізгі цехтардың түрлері: 1) дайындау, 2) өңдеу; 3) шығару.

Қосымша цехтардың мақсаты - негізгі өндіріс цехтарының үздіксіз дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз ету. Оларға жататындар: жөндеу, энергетикалық, слесарлық-жөндеу, инструменталды және т.б.

Қызмет көрсететін цехтардың атқаратын қызметтері: өнімді сақтау, шикізатты, материалдар мен дайын өнімді тасымалдау және т.б.

Кәсіпорынның құрылымдық өндірістік бірлігінің негізі өндірістік учаске болып табылады. Өндірістік учаске – бірдей немесе біртекті өнімді өндіру технологиялық жағынан бірдей немесе түрлі операциялар орындалатын жұмыс орындарының жиынтығы. Жұмыс орын - жұмысшы немесе жұмысшылар тобы өндіріс үрдісінде қызмет көрсету және өнім өндірудің жеке операциялары жүзеге асырылатын өндіріс ауданының бір бөлігі.

Учаскелердің саны, құрамы мен олардың арасындағы қарым-қатынастарды ірі өндірістік бөлімшелер – цехтар құрайды.


Кәсіпорынның өндірістік құрылымын анықтайтын факторлар:

- еңбек бөлінісінің деңгейі;
- өндірістің мамандану және біріктіру деңгейі;
- бәсекелестік дәрежесі;
- өндірісті ұйымдастыру және техника мен технология дамуының деңгейі;

- өндірілген өнім сипаты, номенклатурасы, ассортименті, өндіріс көлемі мен өнімнің еңбек сыйымдылығы;

- өндірістің жаһандану процесіне және халықаралық еңбек бөлінісіне қатысу деңгейі.

Кәсіпорындағы өндіріс нәтижелеріне әсер ететін және өндірістік құрылымды анықтайтын факторлар 8 суретте көрсетілген.



Сурет 8 – Кәсіпорынның өндірістік құрылымын анықтайтын факторлар

Еңбек бөлінісінің деңгейі өндіргіш күштердің дамуындағы қол жеткізілген инновациялармен сипатталады. Еңбек бөлінісінің жалпы, ерекше және жеке түрлері болады. Жалпы еңбек бөлінісі бұл қоғамдық өндірістің ірі бөлімшелеріне бөлінуі, яғни өнеркәсіп, құрылыс, транспорт және ауыл шаруашылығы және т.б.

Ерекше еңбек бөлінісі ірі бөлімшелердің сәйкесінше салаларына бөлінуі, химиялық өнеркәсіп, металлургия және т.б. Жеке еңбек бөлінісі кәсіпорын ішіндегі еңбек бөлінісін қамтиды.

Өндірістің мамандану және біріктіру деңгейі еңбек бөлінісінің нақты нысаны болып табылады, кәсіпорын бөлімшелерінің арасындағы өзара байланысты сипаттайды.


Бәсекелестік дәрежесі өндірістік құрылымның ерекшелігін анықтайды, жана технологиялар, механизмдер мен қондырғыларды пайдалану және жетілдіруге жағдай жасайды, нәтижесінде бәсекелестік қабілеттілігі бұрынғыға қарағанда жоғары өнім шығаруды мақсат етеді.

Өндірісті ұйымдастыру және техника мен технология дамуының деңгейі кәсіпорын жұмысының тиімділігін және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Кәсіпорынның өндірістік қуатын есептеу арқылы сипатталатын өндірілген өнім сипаты, номенклатурасы, ассортименті, өндіріс көлемі мен өнімнің еңбек сыйымдылығының деңгейі кәсіпорынның қажетті өндірістік құрылымын құрады.

Қазіргі таңда халықаралық еңбек бөлінісіне қатысатын кәсіпорындардың өндірістік құрылымын құруда әлемдік нарық әсерінен өндірістің жаһандану процесіне және халықаралық еңбек бөлінісіне қатысу деңгейі маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Негізгі цехтар мен өндірістерді құру үш негізгі бағыт (қағида) бойынша жүргізіледі (сурет 9):



Сурет 9 – Кәсіпорынның өндірістік құрылымы түрлері

- технологиялық – түрлі бұйымдарды дайындаудың технологиялық үрдісінің біртектілік белгісі бойынша цехтар мен учаскелер қалыптасады;
- заттық (өнімдік) – өнімнің нақты түрін шығару бойынша жұмыс орындарды, учаскелер мен цехтарды бірлестіреді;

- аралас – дайындау цехтары мен учаскелері технологиялық қағида бойынша, ал шығару (өндіру) цехтары мен учаскелері – заттық (өнімдік) қағида бойынша құрылады.

Кәсіпорынның өндірістік құрылымы төмендегі жағдайлардың орындалуын қамтамасыз етеді:


- кәсіпорынның барлық бөлімшелерінің пропорционалдылығы;
- кәсіпорынның өндірістік құрылымына сәйкес келуі;
- кәсіпорынның кадр потенциалына сәйкес келуі.

Кәсіпорынның өндірістік құрылымы өндірістік инфрақұрылымды қамтиды. Ал инфрақұрылым деп кәсіпорынның басты негізгі қызметінің дұрыс әрекет етуі үшін қамтамасыз етуші қызметтерді атқаратын бөлімдері мен бөлімшелерін атауға болады (сурет 10).



Сурет 10 – Кәсіпорынның инфрақұрылымы

Мысалға өңіраралық электр беру желісі құрылысының жобасын іске асыру мақсатында құрылған «Батыс транзит» акционерлік қоғамын алуға болады. «Батыс транзит» АҚ концессиялық келісімнің негізінде іске асырылатын және инфрақұрылымдық облигацияларды орналастыру арқылы қаржыландырылатын, ұлттық мәнге ие жобаларды жүзеге асыру бағытындағы мемлекеттік-жеке серіктестіктің алғашқы мысалдарының бірі, оның ұйымдық құрылымы төмендегі суретте көрсетілген [21].



Сурет 11 – «Батыс транзит» АҚ ұйымдық құрылымы

Кез келген кәсіпорын басшылығының басты мәселелерінің бірі ұйымдық құрылымды жетілдіруге қатысты бұл сызықты функционалды құрылымнан дивизионалды немесе матрицалық құрылымға ауысуы, ал өндірістік құрылымға қатысты бұл кәсіпорынның өндірістік бөлімшелерінің қаржылық дербестігі мен жауапкершілігін жетілдіру болып табылады.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Басқарудың бюрократиялық типінің негізгі сипаттамасы:
 - A) мәселелерді шешудегі процестік тәсіл;
 - B) өзін-өзі дамыту, өзін-өзі көрсету мүмкіндігі;
 - C) нақты анықталған иерархия;
 - D) мәселелерді шешудің жағдайлық тәсілі;
 - E) түрлі сұрақтарды бағынышты қызметкерлермен талқылау.

- 2 «Іскерлік және кәсіпқойлық мамандануды ынталандырады» деген артықшылық басқарудың қандай ұйымдық құрылымына жатады?
 - A) сызықты-штабтық;
 - B) функционалды;
 - C) матрицалық;
 - D) жобалық;
 - E) сызықты.

- 3 Басқару құрылымының негізгі түсініктері:
 - A) қатынастар, қағидалар, құқықтар;
 - B) элементтер, байланыстар, деңгейлер, өкілеттіліктер;
 - C) басшылар, басқару деңгейлері, өкілеттіліктер;
 - D) көлденең және тігінен байланыстар, басқару аппаратының органдары;
 - E) мамандар, қызметкерлер, бөлімшелер.

- 4 Ұйымды басқарудың бюрократиялық құрылымдарына жататындар.
 - A) эдхократикалық;
 - B) бригадалық;
 - C) жобалық;
 - D) матрицалық;
 - E) сызықты-штабтық.

- 5 Ұйымның құрылымы дегеніміз не?
 - A) алдын-ала қарастырылған тәсіл арқылы алдын-ала келісілген уақыт ішінде орындалатын тапсырыс берілген жұмыстар, жұмыстар сериясы немесе жұмыстың бір бөлігі;

- B) қызметкерлердің мінез-құлықтарын қалыптастыратын сол кәсіпорынға тән саналы және саналы емес көзқарастар немесе ойлар, нормалар мен типтік құндылықтардың жиынтығы;
- C) ұйым мақсаттарына тиімді түрде қол жеткізуде көмек көрсететін басқару деңгейлері мен қызмет атқару салаларының өзара логикалық қатынастарын құру нысаны;
- D) еңбек құралымен, еңбек затымен, еңбектің өзімен және оның нәтижесімен сипатталатын еңбек процесінің жүйесі;
- E) мақсаттардың жүзеге асырылуын және оның орындалуын бағалау.

6 Өнімнің нақты түрін шығару бойынша жұмыс орындарды, учаскелер мен цехтарды бірлестіреді. Өндірістік құрылымның қай түрі?

- A) заттық;
- B) технологиялық;
- C) техникалық;
- D) аралас;
- E) экономикалық.

7 Басқарудың дивизионалдық ұйымдық құрылымы:

- A) қарапайым құрылымымен сипатталады;
- B) бір-біріне бағынбайтын бөлімдерден тұрады;
- C) өндіріс саласында бір үлгіге келтіру деңгейімен ерекшеленеді;
- D) нысандандырудың төменгі деңгейгі құрылымы;
- E) көлденең мамандандырудың жоғарғы деңгейгі құрылымы.

8 Басқарудың органикалық типінің негізгі сипаттамасы:

- A) шешілетін мәселелерге байланысты лидерлердің өзгеріп отыруы;
- B) әр міндеттерді бірнеше процедуралар қатарына бөлу;
- C) еңбек функцияларының қатаң түрде бөлінуі;
- D) нақты иерархия;
- E) құқықтар мен міндеттер жүйесі.

9 Өндірістік инфрақұрылым құраушылары (бірнеше жауаптарды белгілеңіздер):

- A) жөндеу шаруашылығы;
- B) материалдық техникалық қамсыздандыру;
- C) транспорттық шаруашылық;
- D) өндірістік цехтар;
- E) өндірістік учаскелер.

10 Учаскелердің саны, құрамы мен олардың арасындағы қарым-қатынастарды ірі өндірістік бөлімшелер – _____ құрайды

- A) учаскелер;
- B) цехтар;

- C) жұмыс орындары;
- D) өндірістік процесс;
- E) бөлімдер.

11 Компанияның филиалдары Қазақстанның барлық облыстарында ашылса, онда оған қандай ұйымдық құрылымды қолданған жөн?

- A) өнімдік;
- B) адаптивті;
- C) функционалды;
- D) дивизионалды;
- E) сызықты.

12 _____ – бірдей немесе біртекті өнімді өндіру технологиялық жағынан бірдей немесе түрлі операциялар орындалатын жұмыс орындарының жиынтығы.

- A) өндірістік процесс;
- B) өндірістік құрылым;
- C) өндірістік технология;
- D) өндірістік цикл;
- E) өндірістік учаске.

13 Ұйым мақсаттарына тиімді түрде қол жеткізудегі басқару деңгейлері мен қызмет атқару салаларының өзара логикалық қатынастарын құру нысаны – бұл:

- A) міндеттер;
- B) құрылым;
- C) технология;
- D) мақсат;
- E) жүйе.

14 Ұйымның жоғары деңгейдегі басшыларының өкілеттігін жинақтау, шешім қабылдау құқының болуы – бұл;

- A) департаментизация;
- B) кооперация;
- C) орталықтандыру;
- D) дифференциация;
- E) интеграция.

15 Тұжырым дұрыс па: Қосымша цехтардың мақсаты - негізгі өндіріс цехтарының үздіксіз дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз ету.

- A) дұрыс;
- B) қате.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Төмендегі түсініктерге қысқаша анықтама беріңіздер: ұйым, еңбекті бөлу, ұйым құрылымы, ұйымның ішкі және сыртқы ортасы.
- 2) Өзіңіз білім алып жатқан жоғары оқу орнының немесе жұмыс жасайтын кәсіпорынның ұйымдық құрылым схемасын жасаңыздар.
- 3) Кәсіпорынның қандай сипаттамалары еңбек ресурстарына әсер етеді?
- 4) Өндірістік және ұйымдық құрылымдар арасындағы байланысқа сипаттама беріңіздер.
- 5) Жалпы құрылым түсінігін анықтаңыздар.
- 6) Ұйымдық құрылымның тиімді қызметіне түсініктеме беріңіздер.
- 7) Адаптивті ұйымдық құрылымның қалыптасу себептері мен артықшылықтарын атап көрсетіңіздер.
- 8) Ұйымдық құрылымның негізгі «қатаң» және адаптивті түрлерінің қандай ерекшеліктері бар ?
- 9) Функционалды ұйымдық құрылымды сипаттаңыздар.
- 10) Дивизионалды және адаптивті ұйымдық құрылымның жалпы ұқсастықтары мен ерекшеліктерін атап көрсетіңіздер.
- 11) Кәсіпорынның өндірістік құрылымын анықтаңыздар.
- 12) Кәсіпорынның өндірістік құрылымына әсер ететін факторларды көрсетіңіздер.
- 13) Кәсіпорынның өндірістік инфрақұрылымы дегеніміз не?
- 14) Кәсіпорынның өндірістік инфрақұрылымы мен өндірістік құрылым арасындағы байланыстылықты анықтаңыздар.
- 15) Өндірістік инфрақұрылым құраушыларын атаңыздар және әрқайсына сипаттама беріп тоқталыңыздар.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

- 1) Ұйым адамды (потенциалды қызметкерді) сипаттаманың үш тобының негізінде қабылдайды. Сіздің ойыңызша, осылардың қайсы аса маңызды:
 - денсаулық мәліметтері мен кәсіби сипаттамалары;
 - әлеуметтік сипаттамасы және қандай-да бір партияға қатыстығы;
 - сауалнама мәліметтері.
- 2) Өзіңіз білім алып жатқан жоғары оқу орнының немесе жұмыс жасайтын кәсіпорынның ұйымдық құрылым схемасын жасаңыздар.
- 3) Ұйымда қызмет ететін адам рөліне ұйымның қандай сипаттамалары әсер етеді?
- 4) Басқаруды бюрократизациялау себептері мен салдарын атаңыздар. Бюрократизммен күресу шараларын атап көрсетіңіздер.
- 5) Орталықтандырылған және жергіліктендірілген басқару жүйесінің қандай ұқсастықтары мен ерекшеліктері бар?

3 КӘСПОРЫННЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЛАРЫ

3.1 Негізгі қорлар түсінігі, құрылымы және оны бағалау

3.2 Негізгі қорлардың тозуы мен амортизациясы

3.3 Негізгі қорларды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері

3.1 Негізгі қорлар түсінігі, құрылымы және оны бағалау

Негізгі қорлар (негізгі капитал) – өндіріс үрдісінде ұзақ уақыт бойы қызмет ететін және осы уақыт ішінде өздерінің натуралды-заттық нысанын сақтап, өз құнын дайын өнімге тозу мөлшеріне байланысты бөлшектеп, біртіндеп амортизациялық аударымдар түрінде аударатын өндірістік, материалды-заттық құндылықтар жиынтығы. Негізгі қорларды бірнеше топтар бойынша топтастыруға болады (сурет 1).

Негізгі қорлар өндірістік процеске қатысуына байланысты өндірістік және өндірістік емес деп екіге бөлінеді. Негізгі өндірістік қорларға өндірістік үрдіске тікелей қатысатын (қондырғылар, станоктар және т.б.) немесе өндірістік үрдіске қажетті жағдайлар туғызатын (өндірістік құрылыстар, ғимараттар және т.б.) негізгі қорлар жатады. Негізгі өндірістік емес қорлар – бұл ұйым балансындағы тұрғын үйлер, бала-бақшалар мен спорт клубтары, және т.б. мәдени-тұрмыстық сипаттағы объектілер.

Салалық белгісіне байланысты ел экономикасын сипаттайтын салаларға қатысты қарастырылады, өнеркәсіптің негізгі қорлары (кен өндіру өнеркәсібінің, өңдеу өнеркәсібінің, электрмен жабдықтау), ауылшаруашылығының негізгі қорлары, соның ішінде өсімдік шаруашылығының, мал шаруашылығының негізгі қорлары деп бөлуге болады, құрылыс, транспорт және сауда негізгі қорлары деп қарастыруға болады.

Меншік нысанына байланысты негізгі қорлар сол ұйымға немесе басқа шаруашылық органына жататын жеке меншік және жалға алу құқында уақытша пайдаланылатын жалға алынған негізгі қорлар деп бөлінеді.

Пайдалану дәрежесіне байланысты негізгі қорлар әрекеттегі қорлар, запастағы немесе резервтегі қорлар және құрылыстың, реконструкцияның аяқталу кезеңіндегі қорлар мен консервациядағы қорлар болып бөлінеді

Мүлік түріне байланысты жылжымалы негізгі қорлар (машиналар мен қондырғылар, транспорттық құралдар, өндірістік шаруашылық инвентарь және т.б.) мен жылжымайтын негізгі қорлар (құрылыстар мен ғимараттар, беріліс құрылғылары, көпжылдық екпеағаштар) болып бөлінеді.

Өндірістік процеске әсер ету дәрежесіне байланысты негізгі қорларды активті және пассивті құрамы деп бөледі. Өндірістік процеске тікелей қатысатын негізгі өндірістік қорларды негізгі қорлардың активті құрамына жатқызады, ал өндірістік процестің дұрыс әрекет етуін қамтамасыз ететін негізгі өндірістік қорларды негізгі қорлардың пассивті құрамына жатқызылады.

Атқаратын қызметі мен сипатына байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуішінің ҚР МЖ 12-2009 Негізгі қорлар жіктеуішінде көрсетілгендей бірнеше топқа бөлінеді.



Сурет 1 – Негізгі қорлардың топтастырылуы

Жоғарыда атап өткендей негізгі қорларды негізгі өндірістік және негізгі өндірістік емес қорлар деп екіге бөледі, негізгі өндірістік қорлардың топтастырылуы мен олардың сипаттамасы 2 суретте көрсетілген [19].



Сурет 2 – Негізгі қорлар құрылымы

Ғимараттар – көтеретін және қалқалайтын немесе үйлескен конструкциялардан тұратын, объектінің функционалдық мақсатына орай адамдардың тұруына немесе малдардың паналауына, заттарды сақтауға арналған тұрақты мақсаттар үшін салынған объект. Бұл топқа жататындар: жалпы мүлік болып табылатын, негізінен тұрғын үй-жай, тұрғын емес үй-жай және өзге де бөліктерден тұратын құрылыс, цехтардың өндірістік корпустары, қойма объектілері, өндірістік лабораториялар, өнеркәсіптік кешендер аумағында немесе өнеркәсіптік ғимараттар ішінде орналасатын әкімшілік-тұрмыстық корпусстар (кеңсе және тұрмыстық жайлар), әкімшілік-өнеркәсіптік корпусстар,

резервуарлар, сүрлемдер және қоймалар, сауда ғимараттары, мәдени-ойын-сауық мақсатындағы ғимараттар, қоғамдық ойын-сауыққа арналған ғимараттар, мұражайлар мен кітапханалар, спорт залдары, оқу орындарының ғимараттары, гараж ғимараттары.

Имараттар – еңбек құралын өзгертумен байланысты емес техникалық функцияларды орындау арқылы өндіріс процесін жүзеге асыру үшін қажетті инженерлік-құрылыстық объект (құрылыстан басқа) болып табылады. Мысалы, мұнай ұңғымаларына мұнаралар мен шеген құбырлары кіреді; көпірге аралық құрылыстар, тіреулер, көпір жаймалары (қорғайтын көпірлік білеулер, бақылайтын және көпірлік төсемдер) жатады; эстакадаға іргетас, тіреулер, аралық құрылыстар, төсемдер, эстакада бойынша жолдар, қоршаулар кіреді.

Беріліс құрылғыларына электр, жылу және механикалық энергия беру, сондай-ақ сұйық және газ тәріздес заттарды беру (тасымалдау) жүргізілетін құрылғылар жатады. Оларға мұнай құбырлары мен газ құбырлары, ұзындығы үлкен су құбырлары, магистральдық байланыс желілері (телевизия, радио, телеграф, телефон және өзге де желілер), ұзындығы үлкен энергетикалық (кабельдік) желілер, электр тарату және байланыс желілері жатады.

Машиналар мен жабдықтар: энергия өндіру және оны жаңғырту үшін, өндірістік сипаттағы өнім немесе қызметті жасау процесінде орын ауыстыру немесе еңбек құралына тікелей әсер ету үшін қолданылады. Оларға:

- 1) күштік машиналар мен жабдықтар (бу және гидравликалық турбиналар, трансформаторлар);
- 2) жұмыс машиналар мен жабдықтар (насостар, металл қиғыш жабдықтары, көтергіш-транспорттық, тиеу-түсіру жабдықтары);
- 3) өлшегіш және реттегіш приборлар мен лабораториялық қондырғылар мен құралдар – өндірістік процестерді өлшеу, реттеу, зерттеулер мен тәжірибелер жүргізетін қызметтер;
- 4) есептегіш техника тобына электронды есептегіш, аналогтық машиналар, өндірісті және технологиялық процестерді басқаруда қолданылатын машиналар мен жабдықтар жатады;
- 5) басқа да машиналар мен жабдықтар, жоғарыда белгіленген топтарға жатқызылмаған машиналар мен жабдықтар.

Транспорттық құралдар кәсіпорынның ішкі және сыртқы аумағында адамдар мен жүкті тасымалдау үшін қажет. Оларға локомотивтер, вагондар мен цистерналар, тракторлар мен мотоциклдер, басқа да өндірістік транспорт жатады.

Өндірістік құрал-саймандар өндірістік операцияларды, өндірістік процесті жүргізуді жеңілдету үшін қолданылады, оларға сауда сөрелері мен стиллаждар, жұмыс үстелдері, сұйық және ұсақ заттарды сақтауға арналған бақтар мен чандар және т.б. жатады.

Шаруашылық құрал-саймандар кеңсе және шаруашылық нысан құралдары жатады: кеңсе жиһаздары, өртенбейтін шкафтар, столдар, гардероб, көшіру машиналары және т.б. жатады.

Негізгі қорларды тиімді басқаруда оларды бағалаудың мәні зор. Тәжірибеде негізгі қорларды есепке алып, талдауда натуралды және ақшалай түрде бағалайды. *Негізгі қорларды натуралды түрде есепке алу* олардың техникалық жағдайын, кәсіпорынның өндірістік қуатын, жабдықтарды пайдалану дәрежесін анықтау және басқа да мақсаттар үшін қажет. *Негізгі қорларды ақшалай немесе құндық бағалау* (кесте 1) олардың жалпы көлемін, динамикасын, құрылымын, күрделі салымдардың экономикалық тиімділігін есептеу үшін қажет.

Кесте 1 – Негізгі қорларды ақшалай бағалау

Аталуы	Сипаттамасы
Негізгі қорлардың бастапқы құны	Бұл қорларды дайындау немесе сатып алу құны, оларды жеткізу бойынша көлік шығындары мен оны қондыру құны. Бастапқы құн бойынша қорлар есепке алынады және амортизация нормасы мен амортизациялық аударымдар мөлшері, негізгі қорларды пайдалану көрсеткіштері анықталады.
Негізгі қорлардың қалпына келтіру құны	Бұл қазіргі заман жағдайында негізгі қорлардың ұдайы өндіріс шығындары. Ол қорларды қайта бағалау кезінде қалыптасады.
Негізгі қорлардың қалдық құны	Негізгі қорлардың бастапқы немесе қалпына келтіру құны мен тозу сомасының айырмасы арқылы анықталады.
Негізгі қорлардың ликвидациялық құны	Өндірісте пайдаланудан шығарылған немесе тозған негізгі қорлардың жеке объектілерін өткізу құны (көбіне металлолом бағасы).
Негізгі қорлардың баланстық құны	Қайта бағалау арқылы кәсіпорын балансында тізімге алынатын объекті құны. Бұл аралас баға: бір объектілер үшін баланстық құн ретінде қалпына келтіру құны, басқалары үшін – бастапқы құны қолданылады.
Негізгі қорлардың нарықтық құны	Сұраныс пен ұсыныс ара-қатынастарын, олардың нақты жағдайын ескеру арқылы негізгі қорлар объектілерін сатудағы мүмкін болатын бағасы. Негізгі қорлардың нарықтық құнын анықтауда салыстырмалы, шығындар және табыстар тәсілдері қолданылады.
Негізгі қорлардың орташа жылдық құны	Экономикалық көрсеткіштерді есептеу үшін анықталынады. Есептеу негізгі қорлардың бастапқы құны негізінде және ену және шығу көрсеткіштерін ескеру арқылы жүзеге асырылады.

Негізгі қорлардың орташа жылдық құнын анықтайтын формула:

$$НК_{орт} = НК_{жб} + (НК_{енг} \times n_1) / 12 - (НК_{шығ} \times n_2) / 12, \quad (3.1)$$

мұндағы $НК_{орт}$ – негізгі қорлардың орташа жылдық құны;

- $НК_{ж.б}$ – негізгі қорлардың жыл басындағы (баланстық) құны;
 $НК_{енг}$ – кезеңде енгізілген негізгі қорлар құны;
 $НК_{шығ}$ – негізгі қорлардың ликвидациялық құны;
 n_1 – негізгі қорлардың енгізілген кезеңінен бастағандағы қызмет көрсеткен айлар саны;
 n_2 – негізгі қорлардың шығарылған кезеңінен жыл соңына дейінгі айлар саны.

Егер жоспарлы кезең ішіндегі негізгі өндірістік қорлардың ену және шығу айлары нақты белгілі болмаған жағдайда орташа жылдық құн келесі формуламен анықталуы мүмкін

$$НК_{орт} = (НК_{жб} + НК_{жс})/2, \quad (3.2)$$

мұндағы $НК_{жс}$ – негізгі қорлардың жыл соңындағы құны, келесідей анықталады, $НК_{жс} = НК_{жб} + НК_{енг} - НК_{шығ}$

Негізгі қорлардың қозғалысы шығу және жаңару коэффициенттерімен сипатталады

$$K_{шығ} = НК_{шығ} / НК_{жб} \quad \text{және} \quad K_{ж} = НК_{енг} / НК_{жс}, \quad (3.3)$$

Негізгі қорлардың жеке топтарының ара қатынасы (пайыз есебінде) қорлар құрылымын құрайды. Негізгі қорлар құрылымы салалық, өндірістік, технологиялық, өспелі деп бөлінеді.

Салалық құрылым өнеркәсіп бойынша негізгі қорлардың жиынтық баланстық құнындағы өнеркәсіп салалары бойынша негізгі қорлар құнының үлестік салмағымен сипатталады.

Өндірістік құрылым – негізгі қорлардың әр тобының немесе әр элементінің жалпы құнындағы үлестік салмағымен сипатталады.

Технологиялық құрылым – негізгі қорлардың нақты тобының ішіндегі әр түрінің үлесін көрсетеді.

Өспелі құрылым – негізгі қорлардың түрлі өспелі топтарының олардың жалпы құнындағы үлестік салмағымен сипатталады.

Негізгі қорлардың ұдайы өндірісінің қарапайым және кеңейтілген нысандары бар. Ұдайы өндірістің қарапайым нысаны – тозған еңбек құралдарын ауыстыру және күрделі жөндеу. Кәсіпорынның жөндеу қорын құру құқы бар, онда жылдық аударымдар көлемі кәсіпорынмен жеке бекітілген нормативтер бойынша анықталады. Бұл қор негізгі қорларды жөндеудің барлық түрлерін қаржыландыру үшін пайдаланады. Сонымен бірге жөндеу қоры құрылмауы мүмкін, онда жөндеу шығындары өнімнің өзіндік құнына енгізіледі, ал өндірістік емес қорлар бойынша шығындар пайда есебінен төленеді. Жөндеу қоры жөндеуге кеткен шығындарды бірдей етіп бөледі [8].

Негізгі қорлардың ұдайы өндірісінің кеңейтілген нысанына жататындар: жаңа құрылыс, әрекеттегі кәсіпорындардың кеңеюі, олардың жаңартылуы және техникалық жағынан қайта қамсыздандырылуы, қондырғылардың модернизациясы.

Есеп 3.1

Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының құны мен оның қозғалысы төмендегі 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының құны мен қозғалысы, млн.теңге

№	Негізгі өндірістік қорлар атауы	Жыл басында	Құрылымы, %	Жыл ішіндегі қозғалыс		Жыл соңында	Құрылымы, %
				ену	шығу		
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ғимараттар	200,6		12,0	–		
2	Имараттар	1200,5		158,7	52,5		
3	Беріліс қондырғылары	54,0		5,0	3,6		
4	Машиналар мен жабдықтар	306,76		95,0	43,65		
5	Өлшегіш және реттегіш приборлар	4,2		0,8	0,5		
6	Есептегіш техника	2,4		7,2	–		
7	Транспорттық құралдар	67,0		12,65	5,54		
8	Инструменттер	1,81		0,6	0,1		
9	Өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар және т.б.	6,54		0,44	0,1		
10	Барлығы						
11	НӨҚ активті бөлігі						
2	НӨҚ пассивті бөлігі						

Кестеде толтырылмаған көрсеткіштердің нәтижелерін толтыру керек.

Анықтау керек:

- 1) Жыл басындағы негізгі қорлардың құрылымын анықтау (гр.4);
- 2) Жыл соңындағы негізгі өндірістік қорлар құнын анықтау (гр.7);

3) Жыл соңындағы негізгі өндірістік қорлардың құрылымын анықтау (гр.8);

4) Негізгі қорлардың активті бөліктерін анықтап, жыл соңындағы өзгерісті көрсету (11 жол);

5) Негізгі қорлардың пассивті бөліктерін анықтап, жыл басындағыға қарағандағы жыл соңындағы өзгерісті көрсету (12 жол);

6) Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құнын анықтау.

Шешімі:

№	Негізгі өндірістік қорлар атауы	Жыл басында	Құрылымы, %	Жыл ішіндегі қозғалыс		Жыл соңында	Құрылымы, %
				ену	шығу		
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ғимараттар	200,6	10,88	12,0	–	212,6	10,47
2	Имараттар	1200,5	65,11	158,7	52,5	1306,7	64,36
3	Беріліс қондырғылары	54,0	2,93	5,0	3,6	55,4	2,73
4	Машиналар мен жабдықтар	306,76	16,64	95,0	43,65	358,11	17,64
5	Өлшегіш және реттегіш приборлар	4,2	0,23	0,8	0,5	4,5	0,22
6	Есептегіш техника	2,4	0,13	7,2	–	9,6	0,47
7	Транспорттық құралдар	67,0	3,63	12,65	5,54	74,11	3,65
8	Инструменттер	1,81	0,1	0,6	0,1	2,31	0,12
9	Өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар және т.б.	6,54	0,35	0,44	0,1	6,88	0,34
10	Барлығы	1843,81	100	292,39	105,99	2030,21	100
11	НӨҚ активті бөлігі	379,77	20,60	109,05	49,79	439,03	21,62
12	НӨҚ пассивті бөлігі	1464,04	79,4	183,34	56,2	1591,18	78,38

1) Жыл басындағы негізгі қорлардың құрылымын анықтау (гр.4) үшін жыл басындағы негізгі қордың бір түрінің құнын жыл басындағы барлық негізгі қорлар құнына қатынасы арқылы анықталады, яғни $200,6 \times 100 / 1843,81 = 10,88\%$;

2) Жыл соңындағы негізгі өндірістік қорлар құнын анықтау (гр.7) үшін жыл басындағы негізгі қорлар құнына жыл ішінде енгізілген негізгі қорлар құнын қосып шығарылған негізгі қорларды шагереміз, яғни $200,6 + 12,0 - 0 = 212,6$ млн.теңге;

3) Жыл соңындағы негізгі өндірістік қорлардың құрылымын анықтау (гр.8) үшін жыл соңындағы негізгі қордың бір түрінің құнын жыл соңындағы барлық негізгі қорлар құнына қатынасы арқылы анықталады, яғни $212,6 \times 100 / 2030,21 = 10,47\%$;


4) Негізгі қорлардың активті бөліктерін анықтау (11 жол) үшін келесі негізгі қорлар құнының қосындысын анықтаймыз: машиналар мен жабдықтар, өлшегіш және реттегіш приборлар, транспорттық құралдар, инструменттер, яғни $306,76 + 4,2 + 67,0 + 1,81 = 379,77$ млн.теңге;

5) Негізгі қорлардың пассивті бөліктерін анықтау (12 жол) барлық негізгі қорлар құнынан активті бөліктер құнын шегереміз, яғни $1843,81 - 379,77 = 1464,04$ млн.теңге;

$$6) \text{НК}_{\text{орт}} = (\text{НК}_{\text{жб}} + \text{НК}_{\text{жс}}) / 2 = (1843,81 + 2030,21) / 2 = 1937,01 \text{ млн.теңге}$$

3.2 Негізгі қорлардың тозуы мен амортизациясы

Негізгі қорлардың ерекшелігі – өндіріс үрдісінде бірнеше рет пайдаланылуы, бірақ олардың әрекет ету уақытының нақты шектеулері тозумен сипатталады. Негізгі қорлар тозуы екі түрге бөлінеді (сурет 3).



Сурет 3 – Негізгі қорлар тозуы

Физикалық тозу – бұл табиғат күшінің, еңбек үрдісінің және басқа да факторлардың әсерінен объектінің механикалық, физикалық, химиялық және басқа да қасиеттерінің өзгерісі, экономикалық тұрғыдан қарастырғанда бұл негізгі қорлардың өздерінің бастапқы тұтыну құнын біртіндеп жоюы [13].

Бірінші түрдегі физикалық тозу, яғни табиғи тозу негізгі қорларды дұрыс пайдаланбау немесе қызметтің төмен деңгейінен, табиғат күштерінің әсерінен (температура, ылғалдылық және т.б.) еңбек құралдарының тозуы. *Екінші түрдегі физикалық тозу*, яғни техникалық тозу тікелей өндірістік процесте пайдаланудың нәтижесінде еңбек құралдарының тозуы.

Физикалық тозу негізгі қорлардың өндірістік үрдіске әрекет етуінде де және оның әрекет етпегенінде де (сыртқы орта әсерінен бұзылуы, атмосфералық әсер, коррозия) жүзеге асады. Негізгі қорлардың физикалық тозуын анықтау үшін есептеудің екі тәсілі қолданылады – жұмыс көлемі бойынша және қызмет ету мерзімі бойынша.

Тозуды есептеудің бірінші тәсілі нақты және нормативті қызмет ету мерзімі немесе жұмыс көлемін салыстыруға негізделеді. Физикалық тозу коэффициентін нақты өнімділікке ие объектілер (машиналар, қондырғылар) бойынша анықтауға болады.

Бұл коэффициентті анықтау формуласы

$$\Phi T = (T_{\text{нақты}} \times \Theta_{\text{нақты}}) / (T_{\text{норм}} \times \Theta_{\text{норм}}), \quad (3.4)$$

мұндағы $T_{\text{нақты}}$ – машинаның нақты қызмет еткен жыл саны;
 $\Theta_{\text{нақты}}$ – жыл ішінде нақты өндірілген өнім көлемі;
 $T_{\text{норм}}$ – қызмет етудің нормативті кезеңі;
 $\Theta_{\text{норм}}$ – қондырғының жылдық өндірістік қуаты немесе нормативті өнімділігі.

Тозуды есептеудің екінші тәсілі еңбек құралының тексеру барысында анықталған техникалық жағдайы туралы мәліметтерге негізделеді. Физикалық тозу коэффициентін негізгі қорлардың барлық түрлеріне қолдануға болады және қызмет ету мерзімі бойынша келесі формуламен анықталады

$$\Phi T = T_{\text{нақты}} / T_{\text{норм}} \quad (3.5)$$

Моралды тозу – негізгі қорлардың ұдайы өндірісіне қажетті қоғамдық шығындардың азаюы әсерінен машина мен қондырғылар құнының төмендеуі (моралды тозудың бірінші түрі) немесе жаңа, прогрессивті және экономикалық жағынан тиімді машиналар мен қондырғылар түрін енгізу нәтижесінде құнының төмендеуі (моралды тозудың екінші түрі).

Моралды тозудың бірінші түрінің салыстырмалы мөлшерін анықтайтын формула

$$MT = (HK_{\text{баст}} - HK_{\text{қкк}}) / HK_{\text{баст}}, \quad (3.6)$$

мұндағы $HK_{\text{баст}}$ – негізгі қорлардың бастапқы құны;
 $HK_{\text{қкк}}$ – негізгі қорлардың қалпына келтіру құны.

Моралды тозудың екінші түрі жартылай, толықтай және жасырын болуы мүмкін және төмендегі формула бойынша анықталады

$$\text{ТНК}_{\text{ККК}} = (\text{ЖНК}_{\text{ККК}} \times \Theta_{\text{ТНК}}) / \Theta_{\text{ЖНК}}, \quad (3.7)$$

мұндағы $\text{ТНК}_{\text{ККК}}$ және $\text{ЖНК}_{\text{ККК}}$ – тозған және жаңа негізгі қорлардың қалпына келтіру құны;
 $\Theta_{\text{ТНК}}$ және $\Theta_{\text{ЖНК}}$ – тозған және жаңа негізгі қорлардың өнімділігі.

Жартылай моралды тозуда негізгі қорлардың тұтыну құнының біртіндеп жойылуы жүзеге асады. Жеке операцияларда олардың мөлшерлері біртіндеп арытады, оларды тиімді басқа операцияларда, өндірістің басқа да жағдайларында пайдалануға мәжбүр ететін мәнге дейін жетеді. Толықтай моралды тозу машинаның толықтай құнсыздануы, яғни оны әрі қарай пайдалану шығынға түсетіндігін көрсетеді. Тозған машинаны запас бөлшектерге бөліп тастайды немесе металлоломға тапсырады. Моралды тозудың жасырын түрі жаңа, өнімді және үнемді техника түрін дайындауға деген тапсырманың болуы салдарынан машинаның құнсыздану қауіпін қарастырады.

Қазіргі заман жағдайында моралды тозуды есепке алудың мәні өте маңызды. Жаңа, өнімділігі жоғары қондырғылардың жаңа түрінің пайда болуы ескі негізгі қорларды олардың физикалық тозуына жеткізбей ауыстыру экономикалық жағынан тиімді болып келеді. Моралды тозған техниканы уақытында ауыстырмаған жағдайда, онда қымбат және сапасы жағынан төмен өнім өндіріледі, бұл нарықтық бәсекелестік жағдайында тіптен болмауы керек жағдай.

Қорларды жаңартуға байланысты шығындарды жабудың негізгі көздері ұйымның жеке меншік қаржылары болып табылады. Олар негізгі қорлардың қызмет көрсету кезеңі ішінде амортизациялық аударымдар түрінде жинақталады. Амортизация – негізгі қорлар құнының бір бөлігін өнімді өндіруге кеткен шығындарға қосу арқылы негізгі қорлардың тозуын ақшалай төлеу. Содан, амортизация – негізгі қорлардың физикалық және моралды тозуларын ақшалай көрсету.

Амортизация үрдісі – бұл негізгі қорлардың қызмет көрсету кезеңі ішінде өз құнын өндіретін өнімге біртіндеп ауыстыруы және осы құнды пайдаланылған негізгі қорлардың орнын толықтыру үшін қолдану деп түсіндіруге болады. Өнім құрамына ауыстырылған негізгі қорлар құны өндіріс саласынан өтіп, айналым саласына түседі. Өнім өткізілгеннен кейін негізгі қордың ауыстырылған құнына сәйкес ақшалай түрдегі бір бөлігі амортизациялық қорға түседі. Амортизациялық қор тозған негізгі қорлардың орнына жаңа негізгі қорларды сатып алу үшін пайдаланылады.

Шаруашылық тәжірибеде амортизацияны есепке алу үшін амортизациялық аударымдар мен амортизациялық норма пайдаланылады. Амортизация нормасы - негізгі қорлардың нақты түрі бойынша нақты кезең ішіндегі пайыз есебінде баланстық құнда белгіленген амортизация мөлшері.

Амортизация нормасының деңгейі негізгі қорлардың тозған бөлігін қалпына келтіру үшін қажетті ресурстар көлемін анықтайды. Амортизация нормасының көмегімен негізгі қорлар айналымының жылдамдығы реттеледі, олардың ұдайы өндіріс үрдісі интенсификацияланады. Амортизация нормасы мен оларды негізгі қорлар топтары бойынша дифференциациялау арқылы кәсіпорынның техникалық және өндірістік саясаты жүзеге асады.

Амортизация нормасы келесі формула бойынша есептелінеді

$$N_a = \frac{НК_{баст} - НК_{лик} + Д}{T_a \times НК_{баст}} \times 100\% \quad (3.8)$$

мұндағы N_a – амортизацияның жылдық нормасы, %;
 $НК_{баст}$ – негізгі қорлардың бастапқы құны, теңге;
 $НК_{лик}$ – негізгі қорлардың ликвидациялық құны, теңге;
 $Д$ – ликвидацияланған негізгі қорларды демонтаждау құны және ликвидациямен байланысты шығындар, теңге;
 T_a – негізгі қорлар қызметінің нормативті кезеңі, жыл.

Амортизациялық аударымдар – аударылған құнның ақшалай көрінісі және белгіленген амортизация нормалары бойынша өнімнің өзіндік құнына енгізіледі. Жылдық амортизациялық аударымдар ($A_{ж}$) теңге бойынша келесі формуламен есептелінеді

$$A_{ж} = N_a \times НК_{орт} / 100 \% \quad (3.9)$$

Амортизациялық аударымдар мөлшерлері бірнеше әдіс арқылы анықталады (сурет 4).

1) бірқалыпты әдіс, негізгі қорлардың бастапқы құны мен амортизация нормасы бойынша анықталады;

2) бірқалыпсыз әдіс, негізгі қорлардың қалдық құны мен амортизация нормасы бойынша анықталады;

Амортизацияны есептеудің бірқалыпты сызықтық әдісі ғимараттар, имараттар мен беріліс қондырғылары мен материалдық емес активтерге қатысты қолданылады. Амортизацияланатын мүлік объектісіне қатысты амортизацияны есептеу амортизация нормасына сәйкес жүзеге асырылады. Амортизация нормасы нақты объект үшін оның пайдалану мерзіміне байланысты анықталады.

Сызықтық әдісті қолданған кезде амортизацияланатын мүлікке қатысты бір айға есептелген амортизация оның бастапқы (қалпына келтірілген) құны мен осы объектке қатысты анықталған амортизация нормасына көбейту арқылы анықталады

$$A = НК_{баст} \times N_a / 100 \% \quad (3.10)$$



Сурет 4 – Амортизацияны есептеу әдістері

Сызықтық әдісті қолданған кезде амортизацияланатын мүліктің әр объектісі үшін амортизация нормасы мына формула бойынша анықталады:

$$N_a = (1 / T_a) \times 100\%, \quad (3.11)$$

мұндағы N_a – амортизацияланатын мүлік объектісінің бастапқы (келтірілген) құнына қатысты пайызбен есептелген амортизация нормасы;

T_a – амортизацияланатын мүліктің пайдалы қызмет ету мерзімі айлармен көрсетілген.

Осылайша, амортизацияны есептеудің сызықтық әдісі амортизацияланатын мүлікке кеткен шығындарды оның пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде біркелкі есепке алуға мүмкіндік береді. Амортизацияны есептеудің бірқалыпты сызықтық әдісі өте қарапайым, екі жағдай бойынша анықталуы мүмкін:

1) қызмет ету мерзімі бойынша

$$A_{ж} = (НК_{баст} - НК_{л}) / T_a, \quad (3.12)$$

мұндағы $A_{ж}$ – жылдық амортизациялық аударымдар;

2) амортизация нормасы бойынша

$$A_{\text{ж}} = (\text{НК}_{\text{лик}} - N_{\text{а}}) / 100, \quad (3.13)$$

Есеп 3.2

Құны 940 000 теңге (ҚҚС есептелмегенде) болатын негізгі қор мамыр айында сатып алынды. Амортизацияланатын мүліктің пайдалы қызмет ету мерзімі 8 жыл – 96 ай. Жылдық амортизациялық аударымды анықтау керек.

Амортизация нормасын анықтау керек: $N_{\text{а}} = (1 / 8) \times 100\% = 12,5\%$

Айлық амортизация нормасын анықтаймыз: $12,5 / 12 = 1,042\%$

Жылдық амортизациялық аударым: $940\,000 \text{ теңге} / 8 \text{ жыл} = 117\,500 \text{ теңге}$

Айлық амортизациялық аударым: $117\,500 \text{ теңге} / 12 \text{ ай} = 9\,792 \text{ теңге}$

Немесе басқа жолмен шығаратын болсақ, бірден анықтауға болады: $940\,000 \text{ теңге} \times 1,042\% = 9\,792 \text{ теңге}$

Сонымен, маусым айынан бастап 9792 теңге көлемінде амортизация төлейміз.

Кәсіпорындардың негізгі құралдардың белсенді бөлігін (машиналар, жабдықтар, көлік құралдары) техникалық дамыту және жаңаруды жеделдетуге қызығушылығын арттыру мен ғылыми-техникалық жетістіктерді өндіріске жедел түрде енгізу үшін қаржылық жағдай жасау мақсатында негізгі өндірістік қорлардың белсенді бөлігінің амортизациясын үдемелі әдіс арқылы есептеуге болады. Жеделдетілген амортизация негізгі қорлардың қызмет етуінің нормативті кезеңімен салыстырғанда олардың баланстық құнын өндіріс шығындарына толық ауыстыру тезірек болатын амортизацияның мақсатты әдісі.

Кәсіпорында үдемелі сызықтық әдісті, яғни көтеріңкі коэффициенттерді пайдалану арқылы амортизацияны есептеу әдісі бірнеше шарттар орындалғанда қолданылады:

- осы негізгі қорларды пайдаланудан түскен пайда төмендеу тенденциясы байқалған жағдайда;
- негізгі қорлар құнын тездетіп өтеу керек болғанда;
- негізгі қорларды тезірек жаңарту керек болғанда.

Бұл әдіс бойынша өтеу кезеңі негізгі қорлардың қызмет ету кезеңінен аз болады, яғни өтеу тез жүргізіледі.

Үдемелі және бәсеңдетілген сызықтық әдіс бойынша есептелетін амортизация келесі формуламен анықталады

$$A = \text{НК}_{\text{баст}} \times N_{\text{а}} \times \beta / 100 \% \quad (3.14)$$

мұндағы β – үдемелі (немесе төмендетілген) коэффициент, $0,5 \leq \beta \leq 3$.

Жылдық амортизациялық аударымдарды есептеудің төмендетілген қалдық әдісі есепті жылдың басындағы негізгі қорлардың қалдық құны мен сол обьетінің амортизациялық нормасы және 3-тен аспайтын үдеу коэффициенті арқылы анықталады.

Кәсіпорында амортизацияны есептеудің сызықтық әдісімен қатар сызықтық емес әдісін (бірқалыпсыз тәсіл) де қолдануға болады. Амортизацияны есептеудің бірқалыпсыз тәсілі негізгі қорлардың қалдық құны мен амортизация нормасы бойынша анықталады [18].

Амортизацияның сызықтық емес әдісін қолданған кезде, айлық амортизациялық аударымдар мүліктің әр объектісі бойынша жеке (сызықтық әдістегідей) есептелмейді, толықтай амортизациялық топтар бойынша анықталады.

Әр амортизациялық топ үшін айлық амортизация сомасы келесі формула бойынша анықталады:

$$A_{\text{ай}} = B \times (T_a / 100\%), \quad (3.15)$$

- мұндағы $A_{\text{ай}}$ – тиісті амортизациялық топ үшін бір айға есептелген амортизациялық аударым;
 B – тиісті амортизациялық топтың жалпы балансы.

Дегрессивті (прогрессивті) амортизация арифметикалық дегрессивті (прогрессивті) және геометриялық тұрғыдан дегрессивті (прогрессивті) болуы мүмкін. *Арифметикалық дегрессивті амортизация* жылдан жылға бірдей мөлшерге азаяды (тозу мөлшеріне). Амортизация нормасы қызмет ету кезеңінің жылдар санының қосындысы арқылы анықталады

$$A = \text{НК}_{\text{баст}} / S, \quad (3.16)$$

- мұндағы S – негізгі қордың қызмет ету кезеңінің жылдар санының қосындысы, яғни $S=1+2+3+\dots+T$;
 T – негізгі қордың қызмет ету кезеңі;

$$A_{\text{ж}} = A \times T_{\text{қалд}}, \quad (3.17)$$

- мұндағы $T_{\text{қалд}}$ – негізгі қордың қызмет ету кезеңінен қалған жыл саны;

Геометриялық дегрессивті амортизация мәні жыл сайын белгілі бір коэффициентке азаяды және осылайша геометриялық қатар құрады.

$$A_t = \text{НК}_{\text{қалд}} \times N_a, \quad (3.18)$$

$$\text{НК}_{\text{қалд } t} = \text{НК}_{\text{баст}} \times (1 - N_a)^t \quad (3.19)$$

$$N_a = 1 - \sqrt[t-1]{\frac{\text{НК}_{\text{қалд}}}{\text{НК}_{\text{баст}}}} \quad (3.20)$$

$$A_1 = \text{НК}_{\text{баст}} \times N_a, \quad \text{НК}_{\text{қалд } 1} = \text{НК}_{\text{баст}} - A_1$$

$$A_2 = НК_{\text{калд } 1} \times N_a, \quad НК_{\text{калд } 2} = НК_{\text{калд } 1} - A_2$$

Осы әдіс арқылы соңғы белгіленген мәліметке дейін анықталады.

Прогрессивті (бәсеңдетілген) амортизация әдісі амортизациялық аударымдар жыл сайын өсу бойынша есептелінеді, яғни негізгі қорларды пайдаланудың бірінші жылдарында амортизациялық аударымдар аз төленеді, қызмет етудің соңғы жылында көп есептелінеді. Бұл әдіс төмен шығындар мен төмен бағаа есебінен өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында нарыққа шыққан кезеңде қолданылады.

Жүйелі емес амортизация әдісі (өндірілген өнім көлеміне пропорционалды) өнім (жұмыс) көлеміне пропорционалды түрде өтеу тәсілі, есепті кезеңдегі натуралды өлшем бірлігіндегі өнім көлемі мен негізгі қордың бастапқы құны мен негізгі қорды тиімді пайдалану кезеңі ішіндегі өндірілетін өнім көлемінің ара қатынасы арқылы анықталады.

Есеп 3.3

Кәсіпкер 2016 жылдың желтоқсанында бөлшектерді өндіретін станок сатып алды. Станок құны 120 000 теңге, оның нормативті қызмет ету кезеңі – 5 жыл. Кестеде сол станокты пайдаланғандағы жоспарлы түсім мен шығындар (амортизациясыз) көрсетілген.

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020	2021
Түсім, мың теңге	100	120	145	180	200
Шығындар (амортизациясыз), мың теңге	60	75	90	100	100

Кәсіпкер өз станогының тозуын бірнеше амортизация түрлері арқылы есептеуі мүмкін.

- 1) сызықты бірқалыпты;
- 2) үдемелі коэффициенті 1,5-ке тең сызықты үдемелі түрі;
- 3) арифметикалы-дегрессивті;
- 4) геометриялық-дегрессивті (соңғы жылы 28812 төленеді).

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020	2021
Түсім, мың теңге	160	130	145	180	220
Шығындар (амортизациясыз), мың теңге	80	95	100	100	100
Амортизация					
Пайда					
Пайдаға салынатын салық					
Таза пайда					
Жыл соңындағы ақша қаржылары					

Анықтау керек:

- 1) Әр жылдағы таза пайда көлемін анықтау керек;
- 2) Кәсіпкерге тиімді әдісті таңдауға көмектесіңіздер (салық жүйесінің ережелерін ескермегенде).

2017 жылдың желтоқсанында 120 000 теңге ғана болды. Пайдаға салынатын салық 20%.

Төменде көрсетілген кестені әр әдіс үшін жеке-жеке толтырыңыздар.

Шешімі:

1) Сызықтық бірқалыпты әдісті қолданған кезде бастапқы (қалпына келтірілген) құны мен осы объектке қатысты анықталған амортизация нормасына көбейту арқылы анықталады

$$A = НК_{\text{баст}} \times N_a / 100 \%$$

Ал амортизация нормасы мына формула бойынша анықталады:

$$N_a = (1 / T_a) \times 100\%,$$

яғни $A = \frac{НК_{\text{баст}}}{T_a} = \frac{120\,000}{5} = 24\,000$ теңге

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020	2021
Түсім, мың теңге	160	130	145	180	220
Шығындар (амортизациясыз), мың теңге	80	95	100	100	100
Амортизация, мың теңге	24	24	24	24	24
Пайда, мың теңге	56	11	21	56	96
Пайдаға салынатын салық, мың теңге	11,2	2,2	4,2	11,2	19,2
Таза пайда, мың теңге	44,8	8,8	16,8	44,8	76,8
Жыл соңындағы ақша қаржылары, мың теңге	68,8	101,6	142,4	211,2	312

2017 жыл Пайда = 160 – 80 – 24 = 56 мың теңге

Пайдаға салынатын салық = 56 × 20 / 100 = 11,2 мың теңге

Таза пайда = 56 – 11,2 = 44,8 мың теңге

2) Үдемелі коэффициенті 1,5-ке тең сызықты үдемелі түрі бойынша амортизация келесі формуламен анықталады:

$$A = НК_{\text{баст}} \times N_a \times \beta / 100 \%$$

Біздің есептің берілгені бойынша

$$A = 120 \times \frac{1}{5} \times 1,5 = 36 \text{ мың теңге}$$

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020	2021
Түсім, мың теңге	160	130	145	180	220
Шығындар (амортизациясыз), мың теңге	80	95	100	100	100
Амортизация, мың теңге	36	36	36	12	0
Пайда, мың теңге	44	-1	9	68	120
Пайдаға салынатын салық, мың теңге	8,8	-0,2	1,8	13,6	24
Таза пайда, мың теңге	35,2	-0,8	7,2	54,4	96
Жыл соңындағы ақша қаржылары, мың теңге	71,2	106,4	149,6	216	312

3) Арифметикалы-дегрессивті әдіс бойынша амортизация келесідей анықталады

$$A = \frac{120\,000}{1 + 2 + 3 + 4 + 5} = 8 \text{ мың теңге}$$

- 1 жыл – $8 \times 5 = 40$ мың теңге;
- 2 жыл – $8 \times 4 = 32$ мың теңге;
- 3 жыл – $8 \times 3 = 24$ мың теңге;
- 4 жыл – $8 \times 2 = 16$ мың теңге;

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020	2021
Түсім, мың теңге	160	130	145	180	220
Шығындар (амортизациясыз), мың теңге	80	95	100	100	100
Амортизация, мың теңге	40	32	24	16	8
Пайда, мың теңге	40	3	21	64	112
Пайдаға салынатын салық, мың теңге	8	0,6	4,2	12,8	22,4
Таза пайда, мың теңге	32	2,4	16,8	51,2	89,6
Жыл соңындағы ақша қаржылары, мың теңге	72	106,4	147,2	214,4	312

4) Геометриялық-дегрессивті әдіс бойынша амортизацияны есептеуде келесі формулалар қолданылады. Есептің берілгені бойынша соңғы жылы 28812 төленеді деп көрсетілген.

$$A_t = НК_{қалд} \times N_a,$$

$$НК_{қалд\ t} = НК_{баст} \times (1 - N_a)^t$$

$$N_a = 1 - \sqrt[t-1]{\frac{НК_{қалд}}{НК_{баст}}}$$

Біздің есеп бойынша амортизация нормасы $N_a = 1 - \sqrt[4]{\frac{28812}{120000}} = 0,3$

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020	2021
Түсім, мың теңге	160	130	145	180	220
Шығындар (амортизациясыз), мың теңге	80	95	100	100	100
Амортизация, мың теңге	36	25,2	17,64	12,35	28,812
Пайда, мың теңге	44	9,8	27,36	67,65	91,188
Пайдаға салынатын салық, мың теңге	8,8	1,96	5,472	13,53	18,2376
Таза пайда, мың теңге	35,2	7,84	21,888	54,12	72,95
Жыл соңындағы ақша қаржылары, мың теңге	71,2	104,24	143,768	210,236	312

$$\begin{aligned}
 A_1 &= 120 \times 0,3 = 36 \text{ мың теңге,} & НК_{\text{қалд } 1} &= 120 - 36 = 84 \text{ мың теңге} \\
 A_2 &= 84 \times 0,3 = 25,2 \text{ мың теңге,} & НК_{\text{қалд } 2} &= 58,8 \text{ мың теңге} \\
 A_3 &= 58,8 \times 0,3 = 17,64 \text{ мың теңге,} & НК_{\text{қалд } 3} &= 58,8 - 17,64 = 41,16 \text{ мың теңге} \\
 A_4 &= 41,16 \times 0,3 = 12,348 \text{ мың теңге} & НК_{\text{қалд } 4} &= 41,16 - 12,348 = 28,812 \text{ мың теңге}
 \end{aligned}$$

Қорытынды жасайтын болсақ, амортизация ақша қаржыларының қозғалысымен сипатталмайтын шығындар болып табылады.

Негізгі қорларды сатып алуға кеткен шығындар ақша қаржыларының кеткенін көрсетеді, бірақ шығындарға жатқызылмайды және пайдаға әсер етпейді.

Үдемелі амортизацияны пайдаланудағы жақсы жақтары:

- пайда мөлшері жоғарырақ;
- бір жағдайларда салық азайады;
- пайдаға салынатын салық артқы кезеңге шегіндіріледі;
- негізгі қорларды ауыстыру ертерек жасалуы мүмкін.

3.3 Негізгі қорларды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері

Негізгі өндірістік қорларды пайдалануды сипаттау үшін түрлі көрсеткіштер қолданылады, оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады: жеке және жалпылама көрсеткіштер. Жеке көрсеткіштер көп жағдайда кәсіпорындардағы немесе оның бөлімшелеріндегі негізгі қорлардың пайдаланылуын сипаттайды. Жалпылама көрсеткіштер шаруашылықтың барлық деңгейіндегі – кәсіпорындардағы, салалар мен толықтай халық шаруашылығындағы негізгі қорларды пайдалануды сипаттау үшін қолданылады.

Қондырғыларды пайдаланудың экстенсивті коэффициенті ($K_{экт}$) қондырғы жұмысының нақты уақытының жоспарлы уақытына қатынасымен анықталады

$$K_{\text{экт}} = t_{\text{конд. н}} / t_{\text{конд. ж}}, \quad (3.21)$$

мұндағы $t_{\text{конд. н}}$ – қондырғылар жұмысының нақты уақыты, сағат;
 $t_{\text{конд. ж}}$ – қондырғылар жұмысының нормативті (жоспарлы) уақыты, сағат.

Қондырғыны пайдаланудың интенсивті коэффициенті – негізгі технологиялық қондырғылардың нақты өнімділігінің нормативті өнімділігіне қатынасымен анықталады. Бұл жағдайда келесі формула қолданылады

$$K_{\text{инт}} = Q_{\text{конд. н}} / Q_{\text{конд. ж}}, \quad (3.22)$$

мұндағы $Q_{\text{конд. н}}$ – уақыт бірлігінде қондырғымен өндірілген нақты өнім көлемі;
 $Q_{\text{конд. ж}}$ – уақыт бірлігінде қондырғымен өндірілетін өнім көлемі (қондырғының паспорттық мәліметтерінің негізінде анықталады).

Қондырғыны пайдаланудың интегралды коэффициенті ($K_{\text{интегр}}$) - қондырғыны пайдаланудың интенсивті және экстенсивті коэффициентінің көбейтіндісі арқылы анықталады, негізгі қорды уақыт және қуат бойынша кешенді пайдалануды сипаттайды

$$K_{\text{интегр}} = K_{\text{экт}} \times K_{\text{инт}} \quad (3.23)$$

Бұл көрсеткіштің мәні әрқашанда қалған екі көрсеткіштер мәнінен әлдеқайда төмен болады, өйткені ол қондырғының интенсивті және экстенсивті пайдалану кемшіліктерін бірдей ескереді.

Негізгі қорларды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштерін төрт топқа бөліп көрсетуге болады (сурет 5). Олар: негізгі қорларды пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер, негізгі қорлармен қамсыздандыру, негізгі қорлардың қозғалысы мен негізгі қорлардың жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер. Олар өз алдарына әрқайсысы бірнеше көрсеткіштерді қамтиды.

Қор қайтарымдылығы – негізгі қор құнының әр бір теңгесіне шаққандағы өндірілген өнім көрсеткіші. Оның көлемі негізгі қорлардың дерлік барлық топтары қаншалықты тиімді пайдаланылғандығын көрсетеді, төмендегі формуламен анықталады

$$КҚ = Q / НК_{\text{орт}}, \quad (3.24)$$

мұндағы $КҚ$ – қор қайтарымдылығы, теңге;
 Q – өндірілген тауарлы (жалпы) өнімнің жылдық көлемі, теңге;
 $НК_{\text{орт}}$ – негізгі қорлардың орташа жылдық құны, теңге.



Сурет 5 – Негізгі қорларды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері

Еңбекті қормен жарақтандыру (ҚЖ) көрсеткіші негізгі қорлар құнының кәсіпорынның жұмысшылар санына (С) қатынасы арқылы анықталады

$$ҚЖ = НК_{орт} / С \quad (3.27)$$

Өнімнің қор сыйымдылығы (ҚС) – қор қайтарымдылығына кері мөлшер. Егер қор қайтарымдылығы жоғарлаған жағдайда қор сыйымдылығы төмендейді. Өндірілген өнімнің әр бір теңгесіне шаққандағы негізгі қорлар құнының үлесін көрсетеді

$$ҚС = НК_{орт} / Q \quad (3.25)$$

Негізгі өндірістік қорлардың рентабелділігі (Р) негізгі қор құнының әр бір теңгесіне шаққандағы пайда мөлшерін сипаттайды

$$P = (\Pi / НК_{орт}) \times 100\% , \quad (3.26)$$

мұндағы Π – жалпы (таза) пайда, теңге.

Еңбек өнімділігі (ЕӨ) қор қайтарымдылық көрсеткіші мен еңбектің қормен жарақтандыру көрсеткішінің көбейтіндісі арқылы анықтауға болады

$$ЕӨ = ҚҚ \times ҚЖ \quad (3.28)$$

Бұл көрсеткіштермен қатар негізгі өндірістік қорлардың жағдайы мен қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштерді анықтауға болады (кесте 3).

Кесте 3 – Негізгі қорлар жағдайы мен қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштер

Көрсеткіштердің атауы	Есептеу әдістемесі
Негізгі қорлар қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштер	
Негізгі қорлардың ену коэффициенті	Енгізілген негізгі қорлар құны / кезең соңындағы негізгі қорлар құны
Негізгі қорлардың жаңару коэффициенті	Жаңа негізгі қорлар құны / кезең соңындағы негізгі қорлар құны
Негізгі қорлардың шығу коэффициенті	Шығарылған негізгі қорлар құны / кезең басындағы негізгі қорлар құны
Негізгі қорлардың өсім коэффициенті	Енгізілген негізгі қорлар құны – шығарылған негізгі қорлар құны / кезең басындағы негізгі қорлар құны
Негізгі қорлар жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер	
Тозу коэффициенті	Негізгі қорлардың тозу құны / негізгі қорлардың толық құны
Жарамдылық коэффициенті	Негізгі қорлардың қалдық құны / негізгі қорлардың толық құны немесе $K_{\text{жар}} = 1 - K_{\text{тозу}}$

Есеп 3.4

Кәсіпорынның жыл басындағы негізгі өндірістік қорлар құны 5820 мың теңге құрады. Кәсіпорындағы негізгі өндірістік қорлар тұрақты емес, жыл ішінде негізгі қорлар енгізіледі және шығарылады, ол төмендегі 4 кестеде көрсетілген.

Кесте 4 – Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының құны мен қозғалысы, мың теңге

Айлар	Негізгі қорлар, мың теңге	
	енгізілгені	шығарылғаны
Ақпан	20	-
Сәуір	40	5
Қыркүйек	60	18
Қазан	40	8
Желтоқсан	10	6

Осы мәліметтерді қолдана отырып, негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құнын екі тәсіл арқылы анықтап, сонымен бірге негізгі өндірістік қорлардың шығу және жаңару коэффициенттерін анықтаңыздар.

Шешімі:

$$HK_{\text{орт}} = 5820 + \frac{20 \cdot 11 + 40 \cdot 9 + 60 \cdot 4 + 40 \cdot 3 + 10 \cdot 1}{12} - \frac{5 \cdot 8 + 18 \cdot 4 + 8 \cdot 3 + 6 \cdot 1}{12} = 5886,9 \text{ мың теңге}$$

$$НК_{жс} = 5820 + 170 - 37 = 5953 \text{ мың теңге}$$

$$НК_{орт} = \frac{5820 + 5953}{2} = 5886,5 \text{ мың теңге}$$

$$K_{шығу} = \frac{НК_{шығ}}{НК_{жб}} = \frac{37}{5820} = 0,64\%$$

$$K_{жаңғ} = \frac{НК_{енг}}{НК_{орт}} = \frac{170}{5886,9} = 2,9\%$$

Кәсіпорынның тиімділігі тек жаңа техниканың болуымен ғана байланысты емес, сонымен қатар негізгі қорларды тиімді пайдалану, құрал-жабдықтың әр бірлігімен өндірілетін өнім көлемін арттырумен де байланысты болады. Негізгі қорлар құнын жақсартудың келесі негізгі жолдарын бөліп көрсетуге болады:

- 1) машиналар мен құрал-жабдықтарды экстенсивті пайдалану (жұмыс уақыты) деңгейін жоғарлату;
- 2) құрал-жабдықтардың өнімділігін арттыру және техникалық жағынан жетілдіру;
- 3) құрал-жабдықтар мен өндіріс аудандарын оңтайлы түрде пайдалану;
- 4) ұйымдастырушылық шаралар.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорлары құрамына жататын материалдық - заттық элементтер (толық жауап):
 - A) құрылыстар, ғимараттар, байланыс қондырғылары, материалдар, шикізат транспорттық құралдар;
 - B) машиналар мен құрал-жабдықтар (соның ішінде күштік өлшегіш және реттегіш приборлар мен қондырғылар, есептегіш техника, басқа да машиналар мен қондырғылар);
 - C) құрылыстар, ғимараттар, байланыс қондырғылары, транспорттық құралдар, өндірістік және шаруашылық құралдар;
 - D) транспорттық құралдар, инструменттер, өндірістік және шаруашылық құралдар, қоймадағы дайын өнім;
 - E) машиналар мен құрал-жабдықтар (соның ішінде күштік машиналар мен құрал-жабдықтар, лабораториялық құрал-жабдықтар,), инструменттер.

- 2 Сатып алу, оның құрылысы нәтижесінде кәсіпорынның (цехтың, корпусының) балансына есепке алу кезінде негізгі қорлардың бағалануы:
 - A) қайта бағалау құны бойынша;
 - B) толық бастапқы құны бойынша;
 - C) қалдық құны бойынша;
 - D) аралас құны бойынша;
 - E) нарықтық құны бойынша.

- 3 Қор қайтарымдылығы көрсеткішінің сипаттамасы:

- A) 1 теңге негізгі өндірістік қорларға шаққандағы тауарлы өнім көлемінің мөлшері;
- B) еңбектің техникалық жағынан қамтылу деңгейі;
- C) 1 теңге өткізілген өнімге шаққандағы негізгі қорлардың үлестік шығындары;
- D) айналым қорларының айналым саны;
- E) негізгі қорларды уақыт және қуат бойынша кешенді пайдалану.

4 Машиналардың жаңа прогресивті түрлерін енгізу нәтижесінде машиналар құнының арзандауы:

- A) бірінші реттегі моралды тозу;
- B) екінші реттегі моралды тозу;
- C) негізгі қорлардың орташа жылдық құны;
- D) топтың жыл басындағы құндық балансы;
- E) топтың жыл соңындағы құндық балансы.

5 Негізгі қорлар құнының бір бөлігін өнім өндірісіне кеткен шығындар құрамына қосу арқылы оның тозуын ақшалай орнын толықтыру қалай аталады:

- A) амортизация;
- B) амортизация нормасы;
- C) тозу коэффициенті;
- D) қорлардың орташа жылдық құны;
- E) қорлардың орташа баланстық құны.

6 Қондырғылар жұмысы уақытының нақты мөлшерін қондырғының жоспар бойынша жұмыс уақытына қатынасын сипаттайтын коэффициент:

- A) қондырғыны пайдаланудың интенсивті коэффициенті;
- B) қондырғыны пайдаланудың экстенсивті коэффициенті;
- C) қондырғыны пайдаланудың интегралды коэффициенті;
- D) қор қайтарымдылығы;
- E) қор сыйымдылығы.

7 Қор сыйымдылығы көрсеткішіне кері көрсеткіш қалай аталады?

- A) қормен қамтылу;
- B) қор қайтарымдылығы;
- C) өнім өндірісі;
- D) өнім көлемі;
- E) еңбек өнімділігі.

8 Негізгі қорлардың белсенді бөлігіне жататыны:

- A) жолдар;
- B) эстакадалар;

- C) құбырлар;
- D) көпірлер.
- E) жұмыс машиналары мен қондырғылары.

9 Өндірістік емес негізгі қорға жататындар:

- A) тұрғын үй;
- B) станок;
- C) байланыс құралдары;
- D) агрегаттар;
- E) бетон былғайтын құрал.

10 Амортизациялық қор – бұл:

- A) айналым капиталын толықтыруға арналған ақша қорлары;
- B) өндірісті кеңейтуге арналған күрделі қаржылар;
- C) негізгі капиталдың ұдайы өндірісіне арналған ақша қорлары;
- D) өндірісті жаңартуға арналған күрделі салымдар;
- E) өндірісті жаңартуға арналған күрделі салымдар.

11 Жер амортизацияланады ма?

- A) иә;
- B) негізгі қызмет үшін қолданылған жағдайда амортизацияланады;
- C) жоқ;
- D) салық есебінде есептелінеді, бухгалтерлік есепте есептелінбейді;
- E) салық есебінде есептелінбейді, бухгалтерлік есепте есептелінеді.

12 Өндірістік процеске тікелей қатыспайтын, кәсіпорынның пассивті негізгі қорлары – бұл

- A) өндірістік емес сипаттағы негізгі қорлар;
- B) ликвидациялық құны есептелінген негізгі қорлар;
- C) өндірістік сипаттағы негізгі қорлар;
- D) ақша қаражаттары;
- E) негізгі қорлардың бастапқы құны.

13 Өндірісте пайдаланудан шығарылған немесе тозған негізгі қорлардың жеке объектілерін өткізу құны (көбіне металлолом бағасы)

- A) негізгі қорлардың бастапқы құны
- B) негізгі қорлардың қалдық құны
- C) негізгі қорлардың ликвидациялық құны
- D) негізгі қорлардың нарықтық құны
- E) негізгі қорлардың орташа жылдық құны

14 Қондырғыны пайдаланудың интенсивті және экстенсивті

коэффициентінің көбейтіндісі арқылы анықталып, негізгі қорды уақыт және қуат бойынша кешенді пайдалануды сипаттайтын көрсеткіш – бұл

- A) қондырғыны пайдаланудың интегралды коэффициенті;
- B) қор қайтарымдылығы;
- C) қор сыйымдылығы;
- D) баланстық пайда;
- E) қондырғыны пайдаланудың нарықтық коэффициенті.

15 Негізгі қорлардың әр тобының немесе әр элементінің жалпы құнындағы үлестік салмағымен сипатталатын құрылым –

- A) салалық құрылым;
- B) өспелі құрылым;
- C) технологиялық құрылым;
- D) өндірістік құрылым;
- E) ұйымдық құрылым;

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Негізгі өндірістік қорлар түсінігі мен құрылымына сипаттама беріңіздер.
- 2) Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының экономикалық мәні неде?
- 3) Негізгі құралдарды басқарудың мақсаты мен міндеттері қандай?
- 4) Ғимараттарға қандай негізгі қорлар жатқызылады?
- 5) Беріліс құрылғыларына қандай негізгі қорлар жатқызылады?
- 6) Негізгі қорлардың өндірістік құрылымының сипаты неде?
- 7) Негізгі қорлардың технологиялық құрылымының анықтамасын келтіріңіздер.
- 8) Белсенді және пассивті негізгі қорлар құрамын анықтаңыздар.
- 9) Негізгі қорлардың меншік нысанына байланысты қандай топтарға бөлінеді, әр түрін анықтаңыздар.
- 10) Өндірістік процеске қатысуына байланысты негізгі қорлар қандай топтарға бөлінеді, сипаттамаларын көрсетіңіздер.
- 11) Негізгі өндірістік қорлар құнын есепке алу әдістері. Әсер ететін факторларды анықтаңыздар.
- 12) Негізгі өндірістік қорлардың бастапқы құнын есептеу қалай жүргізіледі?
- 13) Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны қалай есептеледі?
- 14) Негізгі қорлардың нарықтық бағасы дегеніміз не?
- 15) Негізгі қорлардың ликвидациялық құнының сипаттамасын келтіріңіздер.
- 16) Тозу түсінігі мен оның экономикалық мәні неде?
- 17) Физикалық тозу дегеніміз не және оның қандай түрлері бар? Физикалық тозуды есептеудің қандай тәсілдері бар?
- 18) Моралдық тозу түсінігі мен оның түрлерін анықтаңыздар. Моралдық тозуды есептеу көрсеткіштерін анықтаңыздар.
- 19) Амортизация және амортизациялық аударымдар дегеніміз не?

- 20) Амортизацияны есептеудің қандай тәсілдері бар? Әрқайсына жеке тоқталыңыздар.
- 21) Негізгі өндірістік қорлардың пайдалану деңгейін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер қандай?
- 22) Негізгі өндірістік қорлардың қозғалысын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер қандай?
- 23) Негізгі қорлардың қор қайтарымдылық көрсеткішінің сипаты қандай және қалай анықталады?
- 24) Негізгі қорлардың экстенсивті, интенсивті және интегралды көрсеткіштерін қалай анықтаймыз және нені сипаттайды?
- 25) Кәсіпорындағы негізгі қорларды пайдалануды жақсартудың маңызды және нақты тәсілдері қандай?

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

Есеп 3.5

«Амангельды Газ» ЖШС-нің 2017 жыл және 2017 жылдағы негізгі қорлардың бастапқы құны төмендегі 5 кестеде берілген [24].

Кесте 5 – 2017 жылғы кәсіпорынның негізгі қорлары, мың.теңге

№		Газ активтері	Жер	Ғимараттар мен имараттар	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Барлығы
1	2017 жыл 1 қаңтардағы бастапқы құны	27639051	18152	145651	66664	8868771	
2	Жыл ішіндегі енгізілгені	529518	—	—	2885	5304793	
	Өткен жылдардағы міндеттемелердің өзгеруі		—	—	—	112876	
3	Тауарлы материалды запасқа ауысқаны	33333	—	—	—	29890	
4	Активтерді жою міндеттемелері бойынша өзгерістер	2036005	—	—	—	—	
5	Ішкі ауыстырулар	5086626	—	—	15275	5071351	
6	Жыл ішінде шығарылғаны	389533	—	—	931	43004	
7	Жыл соңындағы негізгі қорлар құны						

Кесте бойынша негізгі қорлардың жыл соңындағы құны мен құрылымдарын анықтаңыздар.

Есеп 3.6

Кәсіпорынның жыл басындағы негізгі өндірістік қорлар құны 8510 мың теңге құрады. Кәсіпорындағы негізгі өндірістік қорлар жыл ішінде өндіріске енгізіледі және өндірістен шығарылады, ол төмендегі 6 кестеде көрсетілген.

Кесте 6 – Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының құны мен қозғалысы, мың теңге

Айлар	Негізгі қорлар, мың теңге	
	енгізілгені	шығарылғаны
Қаңтар	50	-
Наурыз	35	16
Тамыз	83	22
Қараша	54	18
Желтоқсан	20	10

Осы мәліметтерді қолдана отырып, негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құнын екі тәсіл арқылы анықтап, сонымен бірге негізгі өндірістік қорлардың шығу және жаңару коэффициенттерін анықтаңыздар.

Есеп 3.7

Жыл басындағы негізгі өндірістік қорлардың құны 35 млрд. теңге құрады. Кәсіпорын мамыр айында құны 5 млн. теңге қондырғы сатып алды және тамыз айында 3 млн. теңге негізгі қор шығарылды. Амортизация нормасы 10%. Жыл ішіндегі өткізілген өнім құны 25 млрд. теңге.

Анықтау керек:

- 1) негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны;
- 2) жылдық амортизациялық аударым;
- 3) қор қайтарымдылығы;
- 4) қор сыйымдылығы.

Есеп 3.8

Төмендегі 7 кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының орташа жылдық құнын екі тәсіл арқылы анықтаңыздар.

Кесте 7 – Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының қозғалысы, мың теңге

Көрсеткіштер	1 вариант, мың теңге	2 вариант, мың теңге	3 вариант, мың теңге
Жыл басындағы НӨҚ құны	15 000	13 500	14 500
Енгізілген негізгі қорлар құны			
Наурыз	200	300	400
Маусым	150	220	800
Тамыз	260	280	510
Шығарылған негізгі қорлар құны			
Ақпан	100	120	185
Қыркүйек	300	350	301
Желтоқсан	200	300	280

Есеп 3.9

Кәсіпорынның жыл басындағы негізгі өндірістік қорлар құны 18500 мың теңге құрады. Жыл бойы физикалық және моралдық тозудың нәтижесінде

өндірістен шыққан негізгі өндірістік қорлар құны 3250 мың теңге, ал жаңадан 890 мың теңгеге негізгі қорлар өндіріске енгізілді. Жылдық тауарлы өнім көлемі 42500 мың теңге құрады. Қызметкерлердің жылдық орташа тізімдік саны 280 адам.

Осы кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының қор қайтарымдылығын, қор сыйымдылығы мен қормен жарақтандыру коэффициенттерін, еңбек өнімділігін анықтаңыздар.

Есеп 3.10

Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының құны мен оның қозғалысы төмендегі 8 кестеде көрсетілген.

Кесте 8 – Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының құны мен қозғалысы, млн.теңге

№	Негізгі өндірістік қорлар атауы	Жыл басында	Құрылымы, %	Жыл ішіндегі қозғалыс		Жыл соңында	Құрылымы, %
				ену	шығу		
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ғимараттар	168,6		–	–		
2	Имараттар	2505,0		245,5	32,5		
3	Беріліс қондырғылары	88,0		15,0	3,4		
4	Машиналар мен жабдықтар	845,0		195,0	42,0		
5	Өлшегіш және реттегіш приборлар	5,8		1,6	2,5		
6	Есептегіш техника	2,4		5,20	–		
7	Транспорттық құралдар	45,9		16,5	7,5		
8	Инструменттер	1,5		0,8	0,5		
9	Барлығы						
10	НӨҚ активті бөлігі						
11	НӨҚ пассивті бөлігі						

Кестеде толтырылмаған көрсеткіштердің нәтижелерін толтыру керек. Жыл соңындағы негізгі өндірістік қорлар құнын анықтап, жыл басындағы, жыл соңындағы негізгі өндірістік қорлардың құрылымын анықтау керек және негізгі қорлардың активті және пассивті бөліктерін бөліп анықтаңыздар.

Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құнын анықтау.

Есеп 3.11

Қондырғының бастапқы құны 3485 мың теңге. Қондырғының қызмет етуі кезеңіндегі күрделі жөндеу мен модернизациялауға кеткен шығындар 1327 мың теңге құрады. Қондырғының ликвидациялық құны бастапқы құнның 4,8%-ын

кұрайды. Қызмет етудің нормативті кезеңі 8 жыл. Жылдық амортизациялық аударымдар мөлшерін анықтаңыздар.

Есеп 3.12

Станок смена ішінде нақты 6 сағат жұмыс жасады. Нақты сағатына 95 өнім бірлігін өндірді. Станоктың паспорты бойынша нормативті шығарылымы сағатына 100 бірлікті құрайды. Станокты пайдаланудың интенсивті коэффициентін анықтаңыздар. Егер станокты пайдаланудың экстенсивті коэффициенті 0,68 тең болған жағдайда, оның интегралды коэффициентін анықтаңыздар.

Есеп 3.13

Жыл басындағы негізгі өндірістік қорлар құны 19 млн.теңге құрады. Жыл ішінде негізгі өндірістік қорлар 8,2 млн.теңгеге енгізілді. 4,8 млн.теңгенің негізгі өндірістік қорлары кәсіпорын балансынан шығарылды. Негізгі өндірістік қорлар құрылымын сипаттайтын коэффициенттерді анықтаңыздар.

Есеп 3.14

Құралды сатып алу құны 19 млн.теңге. Тасымалдауға кеткен шығындар 2300 теңге, ал қондыру шығындары 0,2 мың теңгені құрайды. Амортизация нормасы 10%. Қызмет ету уақыты 5 жылды құрайды. Негізгі өндірістік қорлардың бастапқы және қалдық құнын анықтаңыздар.

Есеп 3.15

Кәсіпорынның жұмыс тәртібінің өзгеруіне байланысты қондырғының жұмыс уақыты жоспарға қарағанда 17 сменаға артты. Қондырғының бір сменадағы жоспарлы өнімділігі 42 мың теңге құрайды. Негізгі өндірістік қорлардың нақты құны 6,65 млн. теңге. Қондырғының жұмыс уақытының артуының нәтижесіндегі қор қайтарымдылығын анықтаңыздар.

Есеп 3.16

Октан деңгейі жоғары бензинді өндіру үшін мұнай өңдеу зауытында 8 технологиялық желі жұмыс жасайды. Есепті жылдағы технологиялық желі жұмысының нақты уақыты 64350 сағат, өткен жылы 46510 сағат болды. Мұнай өнімдерінің жылдық өндірілу көлемі 653,0 мың тонна және 549,5 мың тонна сәйкесінше. Бір технологиялық желінің есепті өнімділігі жылына 15600 тонна. Қондырғының режимдік уақыты 8 сағаттан 2 сменаны құрайды. Жылдық уақыт қорын 360 күн деп алып қондырғының режимдік уақыт қорын анықтаңыздар (жылдық уақыт қоры × смена саны × смена ұзақтығы × желі саны). Осы қондырғыларды пайдаланудың экстенсивті және интенсивті, интегралды коэффициенттерін анықтаңыздар.

Есеп 3.17

2018 жылдағы өндіріс көлемі 505,2 мың теңге құрады, ал 2019 жылы 4,8% артқан. Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны 2018 жылы 1,8 млн. теңге болса, 2019 жылы 2,2 млн. теңге болды. 2018 және 2019 жылдардағы қор қайтарымдылығы мен қор сыйымдылығын анықтаңыздар. Өндіріс көлемінің өсуіне байланысты және негізгі өндірістік қорлардың өсуінің есебінен қор қайтарымдылығы қалай өзгергендігін көрсетіңіздер.

Есеп 3.18

Қондырғының көтерме бағасы 4230 мың теңге құрайды. Қондырғының көтерме бағасының 5,2 % – транспорттық шығындар, 10,1 % – қондырғыны қондыру, монтаждау шығындары құрайды. Нормативті қызмет ету кезеңі 8 жыл. Ликвидациялық құны – 185,0 мың теңге. Осы мәліметтерді пайдалана отыра қондырғының жылдық амортизация нормасын және жылдық амортизациялық аударымдарды бірқалыпты тәсіл бойынша анықтаңыздар.

Есеп 3.19

Тасымалдау машинасының бастапқы құны 2,1 млн.теңге. Қалдық құны 550,6 мың теңге. Амортизациялық кезең ішінде күрделі жөндеуге кеткен шығындар 303,5 мың теңге. Негізгі қордың жарамдылық және тозу коэффициенттерін анықтаңыздар.

Есеп 3.20

Кестеде көрсетілген мәліметтерді пайдалана отырып, кәсіпорынның 2018-2019 жылдардағы қор қайтарымдылығының, қор сфйымдылығы мен еңбек өнімділігінің өзгерісін анықтап қорытынды жасаңыздар.

Кесте – Есептеулерге қажетті бастапқы мәліметтер

Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл
Өндіріс көлемі, мың теңге	1350	2001
Негізгі қорлардың орташа жылдық құны, мың теңге	830	990
Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, адам	210	200

Есеп 3.21

Қондырғының жылдық амортизациялық нормасы 18%. Осы бағыттағы амортизациялық аударымдардың жылдық сомасы 12,0 мың теңге. Ликвидациялық құны бастапқы құнның 0,6%-ын құрайды. Қондырғының бастапқы және ликвидациялық құнын анықтаңыздар.

Есеп 3.22

Негізгі қорлардың бастапқы құны 108300 мың теңге, қызмет ету кезеңі 5 жыл. Өнім өндірудің жоспарлы көлемі 200 мың бірлік, ал өнім өндірісінің жылдар бойынша өндіріс көлемі сәйкесінше, 1-ші жылы 20 мың бірлік, 2-ші жылы 100 мың бірлік, 3-ші жылы 30 мың бірлік, 4-ші жылы 20 мың бірлік, 5-ші жылы 30 мың бірлік өндірді. Негізгі қорлардың қалдық құны 8300 мың теңге. Амортизациялық аударымдарды есептеудің сызықтық және сызықты емес

арифметикалық дегрессивті, геометрикалық дегрессивті әдістер арқылы анықтаңыздар, қорытынды жасаңыздар.

Есеп 3.23

Фирма 145000\$-ға негізгі қорлар сатып алды. Объектіні пайдалану кезеңі 5 жыл. Амортизацияны есептеудің сызықты емес арифметикалық дегрессивті тәсілді пайдалана отырып, объекті бойынша жылдық амортизация сомасын анықтаңыздар. Есептеулеріңізге қорытынды жасаңыздар.

Есеп 3.24

Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорының бастапқы құны 15,2 млн. теңге, ал тозу құны 3,1 млн. теңге құрайды. Осы мәліметтердің негізінде негізгі қордың физикалық тозу коэффициенті мен жарамдылық коэффициентін анықтаңыздар.

Есеп 3.25

Кестеде есептелмеген көрсеткіштерді есептеп, толықтырыңыздар. Қор қайтарымдылық көрсеткішіне әсер еткен факторларды анықтап, қорытынды жасаңыздар.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
Өндіріс көлемі, мың дана	1750	2200	
Өнім бірлігінің бағасы, теңге	100	120	
Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны, мың теңге	580	720	
Қор қайтарымдылығы			
Қор сыйымдылығы			
Машиналар мен қондырғылардың орташа жылдық құны, мың теңге	350	380	
Негізгі қорлардың активті бөлігінің қор қайтарымдылығы			
Негізгі қорлардың активті бөлігінің үлестік салмағы, %			

Есеп 3.26

Кәсіпорынның жылдық өндіріс көлемі 185 млн. теңге, негізгі өндірістік қорлар құны 145 млн. теңге. Негізгі қорларды пайдалануды 3%-ға арттырған жағдайда фирма қанша қосымша өнім өндіреді?

Есеп 3.27

Кестеде берілген мәліметтер бойынша негізгі қорлардың орташа жылдық құнын анықтап, негізгі қорларды пайдалану көрсеткіштерін есептеңіздер.

Көрсеткіштер	Мәні
Жыл басындағы негізгі қорлар құны, мың теңге	20000
Наурыз айында енгізілген қорлар құны, мың теңге	10360
Тамыз айында шығарылған негізгі қорлар, мың теңге	6700
Өндіріс көлемі, мың теңге	32800
Жұмыс жасайтындар саны, адам	2300


4 КӘСІПОРЫННЫҢ АЙНАЛЫМ ҚОРЛАРЫ

4.1 Айналым қорлар түсінігі мен олардың құрамы

4.2 Айналым қорларын пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері

4.1 Айналым қорлар түсінігі мен олардың құрамы

Айналым қорлар – құндық түрдегі өндірістік айналым қорлары мен айналыс қорлары жиынтығын сипаттайтын активтер, кәсіпорын мүлігінің бір бөлігі. Бұл өндірісте, қоймалардағы өндірістік қорларды жинақтау, жабдықтаушылармен, бюджетпен есеп айырысу, еңбек ақыны төлеу үшін кәсіпорынға қажетті ақша қаржылары. Кәсіпорынның айналым қорларының құрамы келесі суретте көрсетілген (сурет 1).



Сурет 1 – Кәсіпорынның айналым қорларының құрамы

Айналым қорлары – өндіріс үрдісінің міндетті элементі, өнімнің өзіндік құнының негізгі бөлігі. Өнім бірлігіне шаққандағы шикізат, материалдар, жанармай мен энергия шығындары аз болған сайын, оның өндірісіне шығындалатын еңбек үнемді шығындалады, соншалықты өнімнің құны да төмен болады.

Кәсіпорынның өндірістік айналым қорлары өндірістік қорлардың бір бөлігі негізгі өндірістік қорлардан ерекшелігі әрбір өндірістік циклда

шығындалатын және өз құнын еңбек өніміне толықтай және бірден аударатын еңбек үрдісіндегі мүлдіктік элементтер.

Кәсіпорынның өндірістік айналым қорлары екі топтан тұрады:

- 1) өндірістік запастардағы айналым қорлары (өндірістік запастар);
- 2) өндірістегі айналым қорлары: аяқталмаған өндіріс және өздері өндірген жартылай фабрикалар; болашақ кезең шығындары.

Өндірістік запастардағы айналым қорлары (өндірістік запастар) – еңбек құралдары мен ішінара еңбек заты ретінде пайдаланылатын, өндірістік процеске еңбеген және қоймалық запастар түріндегі өндірістің заттық құралдары:

- *шикізат* – кәсіпорында материалдарға айналу үшін еңбек шығындарын қажет ететін материалдық ресурстар;
- *негізгі материалдар* – өндірісте дайын өнімді өндіруге қажетті дайын бөлшектерге айналу үшін еңбек шығындарын қажет ететін өнім;
- *сатып алынған жартылай фабрикалар* – алдын ала өндеуден өткен еңбек құралдары, бірақ осы кәсіпорында дайын өнімге айналу үшін қосымша еңбек шығындарын қажет етеді;
- *өнімнің құрамдас бөліктері* – басқа кәсіпорындардан алынған және өндіріс процесінің құрастыру сатысы нәтижесінде алынатын түпкілікті өнім;
- *қосалқы материалдар* – дайын өнімге тікелей кірмейді, бірақ оны жасауға қатысады немесе дайын өнімге белгілі бір қасиеттерді беру үшін өндіріс процесінде қолданылады. Олар өндіріс процесін жеңілдету үшін, еңбек құралдарын дұрыс пайдалану үшін, оларға техникалық қызмет көрсету үшін қолданылады;
- *жанармай*;
- *қосалқы бөлшектер* – негізгі қорларды жөндеу үшін қолданылатын еңбек құралдары;
- *сыртқы ыдысы (тара)*;
- *бір жылдан аз уақыт қызмет ететін қымбат заттар, арнайы және біркелкі киім, арнайы аяқ киім, арнайы құралдар мен құрылғылар.*

Өндірістегі айналым қорлары – бұл өндірістік процестің әртүрлі кезеңдерінде болатын еңбек құралдарының жиынтығы. Оларға жататындар:

- *аяқталмаған өндіріс* – берілген өндірістік бөлімшеде аяқталмаған және сол бөлімшеде аяқтауды қажет ететін еңбек құралдары;
- *өздері өндірген жартылай фабрикалар* – өндірістік үрдіске түскен еңбек құралдары: материалдар, бөлшектер, бұйымдар, дайындық немесе жинау үрдісіндегі кәсіпорынның бір цехында өндірісі толықтай аяқталып, сол кәсіпорынның басқа цехында немесе басқа кәсіпорында тағы да өңделетін еңбек құралдары;
- *болашақтағы шығындар* – сол кезеңде жүзеге асырылатын, бірақ болашақ кезеңдегі өнімге жататын, жаңа өнімді дайындау, оны игеру шығындарын қамтитын айналым қорларының мүлдіктік емес элементтері. Мысалы, бұйымның жаңа түрінің технологиясын

дайындау және оны жасақтау, құрастыру шығындары, қондырғылар орнын ауыстыру шығындары және т.б. жатады.

Айналыс қорлары айналым аясын қамтамасыз етеді, жаңа өнімдердің (қызметтердің) құнын қалыптастырумен тікелей байланысты емес, бірақ бұрыннан қалыптасқан құнды тасымалдаушылары болып табылады, оған жататындар:


- *дайын өнім* – өндіріс процесімен толықтай аяқталған кәсіпорын қоймасына тапсырылған, одан өткізуге дайындалып, құжаттары реттеледі;
- *ақша қаржылары* – кәсіпорын кассасындағы, банктегі кәсіпорын есеп шотындағы ақша қаржылары, қысқа мерзімді қаржы салымдары;
- *дебиторлық қарыз* – кәсіпорынға басқа заңды және жеке тұлғалардың қайтару керек қаржы қорларының жиынтығы. Дебиторлық берешек ұйымның активі болып табылады.

Нормалаудың көлеміне сәйкес айналым қорлары нормаланатын және нормаланбайтын айналым қорлар деп бөлінеді.

- *нормаланатын айналым қорлары* – өндірістік айналым қорлары мен қоймадағы дайын өнім жатады.
- *нормаланбайтын айналым қорлар* – тиелген, бірақ сатып алушымен төленбеген өнім, кәсіпорынның қолма-қол ақша қаржылары, дебиторлық қарыз жатады.

Айналым қорлары өндірістік процесте айналым жасап, натуралды-материалдық формасын өзгертеді, сондықтан да осындай атау алған. Әдетте бұл айналым бір өндірістік циклда жүзеге асырылады, оның барысында айналым қаражаттары өз құнын жаңадан құрылған өнімнің құнына толығымен аударады.

Айналым қорлары өз қозғалысында тізбектей жүргізілетін үш кезеңді өтеді: ақшалай, өндірістік, және тауарлық (сурет 2).




Сурет 2 – Айналым қорларының қозғалысы

Айналым қорларының айналымындағы *ақшалай кезең* дайындық кезеңі болып табылады. Бұл кезең айналыс сферасында жүзеге асады, онда қаражаттар өндірістік запастарға айналады. *Өндірістік кезең* – бұл өндіріс процесі. Бұл кезеңде жасалған өнімдердің құны алдын ала төленеді, яғни олардың көлемі

пайдаланылған өндірістік запастар құнына тең болады. Айналымның өндірістік кезеңі дайын өнім түрін шығарумен аяқталады, одан кейін өнімді өткізу кезеңі басталады. Айналыс қорлары тауар айналымы процесін жүргізумен байланысты, олар құнын белгілеуге қатыспайды, бірақ оның тасымалдаушысы болып табылады. Айналымның тауарлық кезеңінде де еңбек өнімі (дайын өнім) өндірістік кезеңдегідей алдын ала төленеді. Өндірістік өнім құны тауарлық нысаннан ақшалай нысанға өзгергеннен кейін ғана алдын ала төленген капитал өнімді өткізуден түскен түсім есебінен қалпына келтіріледі.

Айналымның үшінші кезеңіндегі айналым қорларының қабылдайтын ақшалай нысаны айналымның бастапқы кезеңі болып табылады. Айналым қорлары бір уақытта өндірістің барлық кезеңдерінде және барлық нысандарында болады, бұл кәсіпорынның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді (сурет 3).



Сурет 3 – Айналым қорларының айналымы

Есеп 4.1

Кәсіпорынның айналым қорларын сипаттайтын кәсіпорын мәліметтерінің негізінде мысал келтірейік. Мысалы, кәсіпорынның айналым қорлары 152 млн.теңге құрады, соның ішінде:

- өндірістік запастар - 32,3 млн.теңге
- аяқталмаған өндіріс - 1,8 млн.теңге
- болашақ кезеңдегі шығындар - 35 млн.теңге
- дайын өнім - 29 млн.теңге
- дебиторлық қарыз - 2,8 млн.теңге
- ақша қаржылары - 25,1 млн.теңге
- тиелген, жөнелтілген өнім - 26 млн.теңге

Кәсіпорынның айналым қорларының құрылымын анықтау керек және соның ішінде нормаланатын және нормаланбайтын, өндіріс сферасындағы және айналыс сферасындағы деп жеке көрсету керек.

Шешімі:

Нормаланатын айналым қорларына біздің мысал бойынша жататындар: өндірістік запастар (32,3 млн.теңге), аяқталмаған өндіріс (1,8 млн.теңге), болашақ кезеңдегі шығындар (35 млн.теңге), дайын өнім (29 млн.теңге). Сонымен осы аталған айналым қорлары мәнінің қосындысы 98,1 млн.теңгені құрайды, оның құрылымы 64,5%-ы қамтиды.

Нормаланбайтын айналым қорларына біздің мысал бойынша жататындар: дебиторлық қарыз (2,8 млн.теңге), ақша қаржылары (25,1 млн.теңге), тиелген, жөнелтілген өнім (26 млн.теңге). Сонымен осы аталған айналым қорлары мәнінің қосындысы 53,9 млн.теңгені құрайды, оның құрылымы сәйкесінше 35,5%-ы қамтиды.

Көрсеткіштер	Мәні, млн.теңге	Құрылымы,%
Өндірістік запастар	32,3	21,25
Аяқталмаған өндіріс	1,8	1,18
Болашақ кезеңдегі шығындар	35	23,02
Дайын өнім	29	19,08
Дебиторлық қарыз	2,8	1,84
Ақша қаржылары	25,1	16,51
Тиелген, жөнелтілген өнім	26	17,1
Барлығы	152	100
Нормаланатын айналым қорлары	98,1	64,5
Нормаланбайтын айналым қорлары	53,9	35,5

Өндіріс сферасындағы айналым қорларына өндірістік запастар (32,3 млн.теңге), аяқталмаған өндіріс (1,8 млн.теңге), болашақ кезеңдегі шығындар (35 млн.теңге) жатады, ол 45,4% құрайды.

Айналыс сферасындағы айналым қорларына дайын өнім (29 млн.теңге), дебиторлық қарыз (2,8 млн.теңге), ақша қаржылары (25,1 млн.теңге), тиелген, жөнелтілген өнім (26 млн.теңге) жатады, ол 54,6% құрайды.

2 Айналым қорларын пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері

Айналым қорлары қалыптасу көздері бойынша жеке меншік және қарызға алынған деп бөлінеді. Жеке меншік айналым қорлары – кәсіпорын иесіндегі және жеке меншік ресурстардың (пайда) есебінен қалыптасатын қаржылары. Қарызға алынған айналым қорлары – банк несиелері, несиелік қарыздар (коммерциялық несие) және басқа да пассивтер.

Кәсіпорынның тиімді жұмыс жасауы үшін айналым қорларына деген қажеттілікті дұрыс анықтау керек. Ұйымның тиімді жұмыс жасауы үшін қажетті айналым қорларының экономикалық жағынан түсініктемесі бар мөлшерін анықтау үрдісі айналым қорларын нормалау деп атайды. Өндірістік қорлардағы, аяқталмаған өндірістегі, болашақ кезең шығындарындағы, фирма қоймаларындағы дайын өнім қалдықтарындағы айналым қорлары нормаланады, оларды нормаланатын айналым қорлары деп атайды. Айналым қорларының қалған элементтерін нормаланбайтын деп атайды.

Айналым қорларын нормалау үрдісінде айналым қорларының нормасы мен нормативі анықталады. Айналым қорларының нормалары – кәсіпорынның тауарлы-материалдық құндылықтардың ең аз қорларын сипаттайды және қор күндерімен, бөлшектер қорының нормасымен есептелінеді. Айналым қорларының нормативтері – айналым қорларының нормасын осы норма көрсетілген көрсеткішке көбейту арқылы анықталады және құндық көрсеткішпен сипатталады [10].

Айналым қорларын нормалау ($H_{ак}$) келесі қосындыларды қарастырады

$$H_{ак} = H_{өз} + H_{аө} + H_{де}, \quad (4.1)$$

мұндағы $H_{өз}$ – өндірістік қорлар нормативі;
 $H_{аө}$ – аяқталмаған өндіріс нормативі;
 $H_{де}$ – дайын өнім қорларының нормативі.

Кәсіпорынның айналым қорларын тиімді пайдалануын үш негізгі көрсеткіш арқылы сипаттауға болады.

Айналымдылық коэффициенті - өткізілген өнім көлемінің кәсіпорындағы айналым қорларының орташа қалдығына бөлу арқылы анықталады

$$K_a = Q_{өтк} / AK_{орт.қалд}, \quad (4.2)$$

мұндағы K_a – айналым қорларының айналымдылық коэффициенті, айналым;
 $Q_{өтк}$ – өткізілген өнім көлемі, теңге;
 $AK_{орт.қал}$ – айналым қорларының орташа қалдығы, теңге.

Айналымдылық коэффициенті нақты кезең ішінде (жыл, квартал) кәсіпорынның айналым қорларының жүзеге асыратын айналымдар санын сипаттайды немесе 1 теңге айналым қорларына шаққандағы өткізілген өнім көлемін көрсетеді.

Айналым қорларын толықтай жабдықтау коэффициенті айналым қорларының коэффициентіне кері көрсеткіш, 1 теңге өткізілген өнімге шығындалатын айналым қорларын сипаттайды

$$K_{ж} = AK_{орт.қалд} / Q_{өтк}, \quad (4.3)$$

мұндағы $K_{ж}$ – айналым қорларының жабдықтау коэффициенті.

Бір айналым ұзақтығы кезеңдегі күндер санының айналымдылық коэффициентіне қатынасымен анықталады

$$T = K / K_a, \quad (4.4)$$

мұндағы K – кезеңдегі күндер саны (360, 90).

Айналым қорларының айналым ұзақтығы аз болған сайын немесе сол өткізілген өнім көлемінде жүргізілетін айналымдар саны көп болған сайын, соншалықты айналым қорларын аз қажет етеді, және толықтай айналымды тез жүргізеді, сонымен олар тиімді пайдаланылады.

Есеп 4.2

Осы көрсеткіштерге қатысты мысал қарастырайық. Кәсіпорын 1 кварталда 260 млн.теңге өнім өткізді, айналым қорларының кварталаралық қалдықтары 26 млн.теңге құрады. 2 кварталда өткізген өнім 12%-ға артты, ал айналым қорларының бір айналым уақыты 2 күнге қысқарды.

Анықтау керек:

- 1) 1 кварталдағы айналым қорларының айналым коэффициенті мен күнмен есептелген бір айналым уақыты;
- 2) 2 кварталдағы айналым қорларының айналым коэффициенті мен олардың абсолютті мөлшері;
- 3) айналым қорларының айналым ұзақтығының қысқаруы нәтижесіндегі айналым қорларының қалдығы.

Шешімі:

- 1) 1 кварталдағы айналым қорларының айналым коэффициенті $= \frac{260}{26} = 10$
1 кварталдағы күнмен есептелген бір айналым уақыты $= \frac{\text{кезеңдегі күндер саны}}{\text{кезеңдегі айналым коэффициенті}} = \frac{90}{10} = 9$ күн
- 2) 2 кварталдағы айналым қорларының айналым коэффициенті $= \frac{\text{кезеңдегі күндер саны}}{\text{бір айналым уақыты}} = \frac{90}{9-2} = \frac{90}{7} = 12,86$
Өткізілген өнім 12%-ға артты, сәйкесінше $\Theta\Theta = 260 \times 1,12 = 291,2$ млн.теңге құрайды.
2 кварталдағы айналым қорларының қажеттілігі
 $AQ_{\text{қалд}} = \Theta\Theta / \text{айналым коэффициенті} = 291,2 / 12,86 = 22,64$ млн.теңге
- 3) $AQ_{\text{қалд}} = 26 - 22,64 = 3,4$ млн.теңге
Қорытындылайтын болсақ, бір айналым ұзақтығын қысқарту нәтижесінде 3,4 млн.теңге айналым қорлары босатылғанын көруге болады.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Кәсіпорынның айналым қорлары құрамына енетіндер:
- A) материалдар қорлары, бөлшектер қоры, жанармай, қоймадағы дайын өнім;
 - B) аяқталмаған өндіріс, қоймадағы дайын өнім;
 - C) өндірістік қорлар, аяқталмаған өндіріс, болашақ кезең шығындары, қор айналымдары;
 - D) өндірістік айналым қорлары мен айналыс қорлары;
 - E) цех қондырғылары, қоймадағы дайын өнім.
- 2 «Кәсіпорынның айналым қорлары» түсінігіне енетіндер:
- A) негізгі және қосымша материалдар, өз өндірісінің жартылай фабрикаттары, сатып алынатын жартылай фабрикаттар, бөлшек бұйымдар;
 - B) өндіріс үрдісіне бірнеше рет қатысатын және өз құнын өндірілетін өнімнің өзіндік құнына аударатын өндіріс құралдары;
 - C) өндірістік циклға бір рет қатысатын және өз құнын өндірілетін өнімнің өзіндік құнына толықтай аударатын өндіріс құралдарының бір бөлігі;
 - D) өндірістік циклға бірнеше рет қатысатын және өз құнын өндірілетін өнімнің өзіндік құнына бірден емес, біртіндеп тозу мөлшеріне байланысты аударатын еңбек құралы;
 - E) өнімді өндіруге қажетті еңбек заттары.
- 3 Айналым қорларының айналымдылық жылдамдығының сипаттамасы:
- A) сәйкес есепті кезең ішіндегі айналым қорларының айналым саны;
 - B) бір айналымның орташа ұзақтығы;
 - C) кәсіпорынның айналым құралдарына салынған ақша бірлігіне шаққанда өткізілген өнім мөлшері;
 - D) еңбектің техникалық жағынан қамтамасыз етілу деңгейі;
 - E) 1 теңге товарлы өнімге шығындалатын өндірістік қорлар.
- 4 Кезең ішіндегі күндер санының айналымдылық коэффициентіне қатынасы:
- A) күнмен есептелген бір айналым ұзақтығы;
 - B) қор сыйымдылық көрсеткіші;
 - C) өндіріс көлемінің көрсеткіші;
 - D) аяқталмаған өндіріс көлемі;
 - E) қор қайтарымдылық көрсеткіші.
- 5 Айналыс қоры – бұл
- A) барлық товарлы материалды құндылықтар;
 - B) аяқталмаған өндіріс;

- С) жартылай фабриканттар;
- Д) кәсіпорынның есептегі, кассадағы қаржылары, дайын өнім, дебиторлық борышы;
- Е) шикізат пен негізгі материалдар.

6 Айналым қорларының қалыптасу көздері:

- А) пайда мен өткізуден түскен түсім;
- В) банктік және коммерциялық несиелер;
- С) үлестік жарналар;
- Д) акционерлік капитал;
- Е) пайда, банк, коммерциялық несиелер, акционерлік капитал, бюджеттік қаржылар, кредиторлық борыш.

7 Айналым капиталына жататындар:

- А) шикізат пен негізгі материалдар;
- В) құрылыстар;
- С) ғимараттар;
- Д) қондырғылар;
- Е) тасымалдау құралдары.

8 Өндірістік қорларға жататындар:

- А) жабдықтаушыларға төлеуге арналған есеп шоттағы қаржылар;
- В) сатып алушыларға жөнелтуге арналған қоймадағы жартылай фабрикаттар;
- С) сыртқы пішінін келтіретін цехтың жартылай фабрикаттары;
- Д) келесі жылы жаңа өнім өндірісіне икемделуі;
- Е) дайындық цехы үшін нарықта сатып алынған жартылай фабрикаттар;

9 Айналым құралдарының дайын өнімге деген қажеттілігі қалай анықталады:

- А) тауарлардың бір күндік айналымын күнмен есептелген запастар нормасына көбейту;
- В) өнімнің бір күндік өндірісін күнмен есептелген дайын өнім бойынша айналым құралдарының нормасына көбейту;
- С) өнімнің бір күндік өндірісін күнмен есептелген аяқталмаған өндіріс нормасына көбейту;
- Д) бір күндік тауар айналымын күнмен есептелген ақша қаржылары қорының нормасына көбейту;
- Е) өткен кезең ішіндегі айналым құралдары қоры шығынының орташа мөлшері ретінде анықталады.

10 Егер өткізу көлемі мен айналым құралдарының нормативі бірдей санға арытса, айналымдылық коэффициенті қалай өзгереді:

- А) 2 есе өседі;

- В) 2 есе төмендейді;
С) төмендейді;
D) арытады;
E) өзгермейді.
- 11 Айналым қорларының бір айналым ұзақтығы қай салада жоғары?
A) тігін;
B) тамақ;
C) мұнай өндеу;
D) кеме жасау;
E) жиһаз жасау.
- 12 _____ айналым қорлары – кәсіпорын иесіндегі және жеке меншік ресурстардың (пайда) есебінен қалыптасатын қаржылары.
A) банк несиелері;
B) жеке меншік;
C) жиһаз жасау;
D) тауарлар;
E) дұрыс жауап жоқ.
- 13 Тұжырым дұрыс па: Өндірістік запастар – өндірістік үрдісті жүргізу үшін дайындалған еңбек құралдары.
A) Дұрыс;
B) Қате.
- 14 Айналыс қорлары айналым аясын қамтамасыз етеді (бірнеше жауап белгілеңіздер):
A) қоймадағы дайын өнім;
B) жолдағы дайын өнім;
C) дебеторлық қарыз;
D) ақша қаржылары;
E) өндірістік запастар.
- 15 Кәсіпорын мүлігіне енетіндер (бірнеше жауап белгілеңіздер)?
A) негізгі капитал;
B) құнды қағаздары;
C) өндірістік процесс;
D) айналым капиталы
E) маркетингтік зерттеулер.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Кәсіпорынның айналым қорлары дегеніміз не және оның негізгі капиталдан қандай айырмашылықтары бар?

- 2) Өндірістік айналым қорлары дегеніміз не?
- 3) Айналыс қорлары түсінігіне сипаттама беріңіздер.
- 4) Айналым қаражаттарының айналымдылығын сызба бойынша көрсетіңіздер.
- 5) Өндірістік запастардың құраушы бөліктері қандай?
- 6) Аяқталған өндіріс сипаттамасын көрсетіңіздер.
- 7) Айналым қорларының айналым жылдамдығын сипаттайтын көрсеткіштер қалай есептелінеді?
- 8) Айналым қорларын нормалайдың мәні неде? Айналым қорларының нормативі дегеніміз не?
- 9) Айналым қорларын нормалау үшін норманың қандай түрлері қолданылады?
- 10) Айналым қорларын нормалаудың әдістері қандай, сипаттап беріңіздер.
- 11) Айналым қорларын нормалаудың аналитикалық әдістеріне сипаттап беріңіздер.
- 12) Кәсіпорынның айналым қорларының қалыптасу көздері қандай?
- 13) Айналым капиталын удетудің экономикалық тиімділігін сипаттаңыздар.
- 14) Айналым капиталы мүліктің қандай түрлерінен қамтиды?
- 15) Айналым қорларын пайдалану тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін атаңыздар, қалай анықталатынын көрсетіңіздер.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

Есеп 4.3

Келесі мысал, кестедегі мәліметтерді қолдана отырып, айналым қорларының жалпы нормативін және айналымдылық коэффициентін анықтау керек.

Көрсеткіштер	Мәні
Өндіріс шығындары, мың теңге	235
Негізгі материалдар бойынша запас нормасы, күн	83
Айналым қорларының нормативі, мың теңге	
- аяқталмаған өндіріс бойынша	55
- дайын өнім бойынша	36
- басқа да шығындар бойынша	10
Негізгі материалдардың үлестік салмағы (өндіріс шығындарындағы), %	48
Өткізілген өнім көлемі, мың теңге	360
Жыл ішіндегі жұмыс күндер саны	255

Есеп 4.4

Есепті жылда кәсіпорынның айналым қорлары 2400 мың теңге құрады. Жалпы айналым қорларының ішіндегі материалдардың үлестік салмағы - 29% құрайды. Келесі жылы бір өнімдегі материал шығынын 17%-ға төмендету

жоспарланған. Материал шығындарының нормасын қысқартуды есепке ала отыра келесі жылғы айнымалы қорлардың көлемін анықтаңыздар.

Есеп 4.5

Кәсіпорынмен өндірілетін бұйымның жылдық өндіріс көлемі – 30 000 бірлік, бұйымның таза салмағы – 58 кг. Кәсіпорын материалды пайдаланудың әрекеттегі коэффициентін (0,7) 0,93-ке дейін жоғарлату жоспарланған. 1 кг. материалдың бағасы – 640 теңге.

Анықтау керек:

- 1) Материал шығынының әрекеттегі және жоспарлы нормасын;
- 2) Натуралды және құндық өлшем бірлігіндегі материалды пайдалану коэффициентін жоғарлатудағы жылдық үнемділікті анықтаңыздар.

Есеп 4.6

Болаттан жасалған бұйымның таза салмағы 106 кг., болат шығынының нормасы – 120 кг. Жылына 3500 бұйым өндіріледі. Болат жабдықтаушылары материалды кварталда бір рет жеткізеді. Транспорттық запас – 2 күн. Өндірістік запас мөлшерін және болатты пайдалану коэффициентін анықтаңыздар. Сақтандыру запасы ағымдық запастың 50%-ын құрайды.

Есеп 4.7

Кәсіпорынның өткен кезеңдегі қызметінің нәтижесі төмендегі көрсеткіштермен сипатталады. Жыл ішінде өткізілген өнім көлемі – 34550 мың теңге. Жыл басындағы айналым қорлары – 23400 мың теңге, ал жыл соңында – 27390 мың теңге құрады. Осы кәсіпорынның айналым қорларының айналымдылық коэффициентін анықтаңыздар.

Есеп 4.8

Кестеде берілген мәліметтердің негізінде айналым қорларының орташа тоқсандық және орташа жылдық қалдықтарын есептеңіздер, сондай-ақ айналым қорларының айналымдылығын (айналым ұзақтығын) және бір жылға арналған айналым коэффициентін анықтаңыздар.

Айналым қорларының қалдығы		Өткізілген өнім көлемі	
күні	сомасы, мың теңге	квартал	сомасы, мың теңге
1 қаңтар 2018 ж.	3790	I	4050
1 сәуір 2018 ж.	3950	II	4700
1 шілде 2018 ж.	3500	III	3950
1 қазан 2018 ж.	3550	IV	4000
1 қаңтар 2019 ж.	3700		

5 КӘСІПОРЫННЫҢ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

5.1 Кәсіпорынның еңбек ресурстары: түсінігі, құрамы мен сипаттамасы

5.2 Кәсіпорынның еңбек ресурстарының санын жоспарлау

5.3 Еңбек өнімділігі және оны есептеу әдістері

5.1 Кәсіпорынның еңбек ресурстары: түсінігі, құрамы мен сипаттамасы

Еңбек – капитал және басқа да экономикалық ресурстар секілді өндірістің маңызды факторларының бірі болып табылады. Кәсіпорын еңбек ресурстарымен капиталды біріктіру арқылы экономикалық пайда таба алады. Кәсіпорынның еңбек ресурстарымен – кәсіпорында қызмет ететін және оның тізімдік құрамына енетін әртүрлі мамандықтар, санаттар мен біліктіліктерге ие қызметкерлердің жиынтығы [12].

Кәсіпорындағы еңбек ресурстарын басқарудың келесі міндеттерін бөліп көрсетуге болады:

- еңбек ресурстарына деген кәсіпорын қажеттіліктерін жоспарлау;
- қажетті еңбек ресурстарын қол жетімді барлық тәсілдермен іздестіру: жеке дербес түрде, персоналды басқарушының көмегімен, кадрлар агенттігінің қызметтеріне жүгіну және т.б.;
- кәсіпорын қызметінің тиімділігі негізінен кадрлардың оңтайлы саны мен құрамын жұмысқа қабылдау;
- әрбір жеке қызметкердің жұмыс нәтижелері (аттестация, жұмыс уақытын пайдалануды бақылау, біліктілікті арттыру және т.б.) мен сапасын жақсартуға бағытталған іс-шараларды өткізу;
- еңбек өнімділігін арттыру мақсатында кәсіпорын қызметкерлерінің жеке мүдделерін (материалдық ынталарын, әлеуметтік кепілдіктер және т.б.) арттыру және ынталандырудың неғұрлым тиімді әдістерін үнемі іздестіру;
- кәсіпорынның экономикалық мүдделері онда қызмет ететін әр қызметкердің жеке қажеттіліктерімен сәйкес келетіндей етіп еңбек ресурстарын басқарудың осындай құрылымын құру қажет.

Кәсіпорын еңбек ресурстары – бұл кәсіпорында қызмет ететін және тізімдік құрамына енетін түрлі кәсіби-біліктілік топ қызметкерлерінің жиынтығы. Кәсіпорын қызметкерлерінің жеке құрамы мен категорияларының құрамдық және сандық ара қатынасы кадрлар құрылымын сипаттайды.

"Кадрлар", "персонал" және "кәсіпорынның еңбек ресурстары" түсініктері де әр түрлі. "Кәсіпорынның еңбек ресурстары" түсінігі оның потенциалды жұмыс күші, "персонал" – тұрақты және уақытша жұмыс жасайтын біліктілігі бар және біліктілігі жоқ қызметкерлердің барлық жеке құрамы. "Кадрлар" деп кәсіпорынның көп жағдайда біліктілігі бар негізгі (штаттық, тұрақты) қызметкерлер құрамы.

Атқаратын қызметтеріне байланысты қызметкерлерді әлемдік тәжірибеде ең көп қолданылатын жіктеу менеджер және орындаушы деп екі топқа бөледі.

Менеджерлер – түрлі деңгейде өндірісті ұйымдастырушылар, ал орындаушылар – түрлі деңгейдегі басшылармен анықталған қызметтер мен әрекеттерді іске асырушылар.

Өнім өндірісі үрдісімен тікелей байланысты, яғни негізгі өндірістік қызметпен айналысатын кәсіпорын кадрларын өнеркәсіптік-өндірістік персонал деп атайды (сурет 1).



Сурет 1 – Кәсіпорын кадрлары (персоналы)

Өнеркәсіптік-өндірістік персонал құрамына өндіріс пен оны қамтамасыз етумен тікелей байланысты қызметкерлер, өндірістік цехтар мен учаскелер, зауыттық зертханаларда қызмет ететін персоналды жатқызуға болады. Өнеркәсіптік емес персоналға өнеркәсіптік емес салада жұмыс істейтін жұмысшылар кіреді: кәсіпорынның иелігіндегі балабақшалар, асханалар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және т.б.

Атқаратын қызметтерінің сипатына байланысты өнеркәсіптік-өндірістік персоналды төрт санатқа бөліп қарауға болады:

–басшылар;

- мамандар;
- қызметкерлер;
- жұмысшылар.

Басшыларға кәсіпорын және оның құрылымдық бөлімшелерін басқаратын лауазымдардағы қызметкерлер кіреді. Өндіріс саласын, өндірістік кәсіпорындарды, оның бөлімшелеріндегі ұжымды басқаратын басшылар және оның орынбасарлары сызықтық басшыларға жатады, яғни сызықтық басшы – өнім өндіретін бөлімшелердің басшысы (цех басшысы, өндірістік кәсіпорындағы – мастер, сауда ұйымдарындағы – сату бөлімінің басшысы және т.б.).

Функционалды қызметтер атқаратын ұжымды басқаратын басшылар мен оның орынбасарлары функционалды басшыларға жатқызылады, яғни функционалды басшылар – қамтамасыз етуші бөлімдердің басшылары (кадр бөлімі, бухгалтерия, заң бөлімі және т.б.).

Жалпы менеджмент жүйесіндегі деңгейге сәйкес барлық басшыларды төменгі деңгей менеджерлері, орта және жоғарғы деңгей менеджерлері деп бөлуге болады. Төменгі деңгей басшыларына мастерлер, аға мастерлер, прораб, кіші цехтардың басшыларын, сонымен қатар функционалды бөлімдер мен қызметтер ішіндегі бөлімшелер басшыларын жатқызуға болады. Орта деңгей менеджерлері – кәсіпорын директорлары, бірлестіктердің директорлары, ірі цехтардың басшылары. Жоғарғы деңгей менеджерлері (топ менеджерлері) – қаржылық-өнеркәсіптік топ басшылары, ірі бірлестіктердің бас директорлары жатады.

Мамандарға зияткерлік еңбек қызметкерлері (есепшілер, экономистер, инженерлер) жатады. «Мамандар» санатына аналитикалық-конструкторлық жұмыстар жүргізетін қызметкерлер жатады, яғни арнайы білімі, шеберлігі, кәсіби қызметтің белгілі бір түрі бойынша дағдылары мен тәжірибесі және жоғары (біліктілік деңгейі жоғары мамандар) немесе орта арнайы (біліктілік деңгейі орта мамандар) білімі бар екендігін растайтын заңмен белгіленген құжаттары бар қызметкерлер жатады.


Мамандар лауазымының біліктілік сипаттамасында бір лауазымның бірнеше санаты қарастырылады. Біліктілік санат лауазымның бір бөлігі болғандықтан, оны тағайындау кезінде міндетті түрде «Біліктілік талаптарына» негізделу керек.

Біліктілік санатты тағайындауда мамандарға аттестациясы жүргізіледі, яғни олардың кәсіби деңгейін объективті бағалау мақсатында, кәсіби өсуді моральдық және материалдық жағынан ынталандыру, кадрларды іріктеу мен орналастыруды жақсарту, кәсіби міндеттерін орындауда қызметкерлердің жауапкершіліктерін арттыру, шығармашылық және іскерлік бастамаларын дамыту мақсатында жасалады. Кәсіпорындарда мамандарға біліктілік санаттарды тағайындау үшін аттестациялық комиссия құрылады, соның шешімімен тағайындалады.

Қызметкерлер – бұл құжаттамаларды дайындау және рұқсат алуды, есеп және бақылау, шарауашылық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін қызметкерлер (жабдықтаушылар, кассирлер, іс қағаз жүргізуші қызметкерлер).

Жұмысшылар материалдық құндылықтарды жасау процесіне тікелей қатысатын, сондай-ақ жөндеумен, жүктерді жеткізумен айналысатын, жолаушыларды тасымалдаумен, материалдық қызметтер көрсетумен және т.б. айналысатын адамдар, өз алдына негізгі жұмысшылар – өнім өндірумен тікелей байланысты (станок басында, конвейер басында), қосалқы жұмысшылар – өндіріске қызмет көрсетумен байланысты (слесарь, электрик, еден жуушы). Жұмысшының біліктілігі тарифтік разрядтар бойынша сипатталады.

Қызметкерлердің санаттары бойынша ара қатынасы кәсіпорынның еңбек ресурстарының құрылымын сипаттайды. Сонымен қатар, кадрлар құрылымы жасы, жынысы, білім деңгейі, жұмыс тәжірибесі, біліктілігі және басқа да белгілері бойынша анықталуы мүмкін (сурет 2).



Сурет 2 – Кәсіпорынның еңбек ресурстарын жіктеу белгілері

Жұмыстың сипатына байланысты кәсіпорынның қызметкерлері кәсіби қызмет пен мамандықтар және біліктілік деңгейі бойынша бөлінеді.

Кәсіби қызмет – жалпы немесе арнайы білім және практикалық тәжірибе арқылы игерілетін нақты білімдер мен еңбек дағдыларын қажет ететін қызмет түрі.

Мамандық – қызметкерден қосымша арнайы білімдер мен дағдыларды талап ететін және ерекшеліктері бар белгілі бір мамандық негізіндегі қызмет түрі. Мысалы, экономист кәсіби қызмет негізінде экономист-жоспарлаушы, экономист-бухгалтер, экономист-қаржыгер немесе слесарь кәсіби қызмет негізінде слесарь-монтажник, слесарь-сантехник. Мамандық білім туралы құжатта көрсетіледі.

Біліктілік – мамандық бойынша қызметкердің білім деңгейі мен еңбек дағдыларын анықтайды, ол біліктілік (тарифтік) разрядтар мен санаттарда көрсетіледі.

Нарық экономикасында еңбек ресурстарының маңызы арта түседі. Өндірістің инвестициялық бағыты, ғылыми – техникалық процестің соңғы нәтижелерін қолдану, өнім сапасының артуы еңбек ресурстарына деген көзқарасты өзгертіп, еңбекке шығармашылық жағынан қарауға және жоғарғы дәрежедегі мамандар дайындауға ықпал жасайды.

Еңбек ресурстарын басқару дегеніміз – қызмет етушілердің еңбек функцияларын атқарған кезде өздерінің барлық мүмкіншіліктерін барынша жоғарғы сатыда қолдануына әсер ететін принциптер мен әдістердің жиынтығы.

Еңбек ресурстарын басқару мынадай бағыттарынан тұрады:

- еңбек ресурстарын жоспарлау;
 - өндіріске қажетті еңбек ресурстарын анықтап, оған кететін шығындарды анықтау;
 - еңбек ресурстарын жұмысқа қабылдау;
 - жұмыс орындарына кандидаттар дайындау, конкурс ұйымдастыру арқылы жұмыскерді таңдап алу;
 - жұмыскердің еңбекақысын анықтау, еңбекақылы құрылымын анықтау;
 - жұмысқа алынған адамдарды кәсіпорынмен, ұйыммен, және оның басқа да бөлімшелерімен таныстырып, болашақ жұмыс орны жайлы түсінік беру;
 - берілген жұмысты неғұрлым тиімді орындау үшін еңбек ресурстарын оқыту және оқыту бағдарламасын жасау;
 - жұмыскердің еңбек іс-әрекетін бағалау, және бағалау әдістерін жасап, онымен жұмыскерді таныстыру;
 - еңбек етушінің жұмысын өсіру, төмендету, жұмыстан шығару, бір қызметтен басқа қызметке ауыстыру;
 - басқарушы кадрларды дайындау, келісім-шартын тоқтату, басқарушы кадрларды дайындаудың бағдарламасын жасау; басқарушы кадрлардың еңбек тиімділігін арттыру және мүмкіншіліктерін арттыруға бағыттау;
 - еңбек қарым-қатынастарын жақсарту;
 - халықты жұмыспен қамтамасыз ету.
- Кәсіпорындағы еңбек ресурстарын басқару әдістері үш топтан тұрады:
- әкімшілік;
 - экономикалық;
 - әлеуметтік – психологиялық.

Осы әдістер арқылы еңбек ұжымына, не болмаса жеке жұмыскерге әсер ету әдістері анықталады. Кәсіпорындарға кадрларды басқаратын негізгі бөлімше – кадр бөлімі. Олар жұмысқа алу, жұмыстан шығару, жұмысшыларды оқытуды ұйымдастыруды, іс қағаздарын дайындау және т. б. көптеген функцияларды атқарады.

5.2 Кәсіпорынның еңбек ресурстарының санын жоспарлау

Қызметкерлер санының нормасы (N_c) – нақты өндірістік, басқарушылық қызметтерді немесе нақты жұмыс көлемін орындау үшін қажетті кәсіби-біліктілік құрамындағы қызметкерлердің бекітілген саны. Қызметкерлер

санының нормасы бойынша кәсіби, мамандығы, жұмыс түрлері мен топтары, толықтай кәсіпорын, цех немесе оның құрылымдық бөлімшелері бойынша еңбек шығындары анықталады.

Тәжірибеде кадрларды есепке алу және жоспарлауда олардың тізімдік, келгендер және орташа тізімдік құрамы қолданылады.

Тізімдік сан – нақты күндегі қызметкерлердің тізімдік құрамының саны, онда сол күні жұмысқа қабылданған және шығарылған қызметкерлер есепке алынады.

Келгендер саны – нақты күні жұмысқа келгендердің, соның ішінде іс-сапардағы қызметкерлердің тізімдік құрамының санын сипаттайды.

Ай ішіндегі қызметкерлердің *орташа тізімдік саны* әр күнгі тізімдегі барлық қызметкерлер санының қосындысын сол айдағы календарлық күндер санына қатынасы арқылы анықталады.

Қызметкерлердің демалыс және мейрам күндеріндегі тізімдік саны деп оның алдыңғы күніндегі саны есепке алынады.

Кварталдағы (жылдағы) қызметкерлердің орташа тізімдік саны кәсіпорынның кварталда (жылда) жұмыс жасаған барлық айларындағы қызметкерлердің орташа санын қосып, осы қосындыны 3 (12)-ге бөлу арқылы анықтауға болады.

Кәсіпорын кадрлары тұрақты өлшем емес: бір қызметкерлер жұмыстан босатылады, ал біреулері жұмысқа қабылданады (кесте1).

Кесте 1 – Кадрлар қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштер

Коэффициент атауы	Есептелуі
жұмысқа қабылдау бойынша айналым коэффициенті	$K_{\text{каб}} = \frac{\text{кезең ішінде жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны}}{\text{кезең ішіндегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны}}$
жұмыстан босатылуы бойынша айналым коэффициенті	$K_{\text{бос}} = \frac{\text{кезең ішінде жұмыстан босатылған қызметкерлер саны}}{\text{кезең ішіндегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны}}$
кадрлардың айналым коэффициенті	$K_{\text{айн}} = \frac{\text{кезең ішінде жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны} + \text{кезең ішінде жұмыстан босатылған қызметкерлер саны}}{\text{кезең ішіндегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны}}$
кадрлардың тұрақсыздық коэффициенті	$K_{\text{тұр}} = \frac{\text{дәлелсіз себептер бойынша (өз тілегі, бұзақылықтары мен келмегендері үшін) босатылған қызметкерлер саны}}{\text{кезең ішіндегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны}}$

Кәсіпорындағы қызметкерлердің қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштер:

- кадрлардың жұмыстан босатылуы бойынша айналым коэффициенті – кезең ішінде барлық жұмыстан босатылған қызметкерлер санының сол кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік санына қатынасы арқылы анықталады

$$K_{\text{бос}} = C_{\text{бос}} / C_{\text{орт}}, \quad (5.1)$$

мұндағы $C_{\text{бос}}$ – кезең ішінде жұмыстан босатылған қызметкерлер саны;
 $C_{\text{орт}}$ – кезең ішіндегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны.

- кадрларды жұмысқа қабылдау бойынша айналым коэффициенті – кезең ішінде жұмысқа қабылданған барлық қызметкерлер санының сол кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік санына қатынасы арқылы анықталады

$$K_{\text{қаб}} = C_{\text{қаб}} / C_{\text{орт}}, \quad (5.2)$$

мұндағы $C_{\text{қаб}}$ – кезең ішіндегі жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны.

- кадрлардың айналым коэффициенті төмендегі формула арқылы анықталады

$$K_{\text{айн}} = (C_{\text{бос}} + C_{\text{қаб}}) / C_{\text{орт}} \quad (5.3)$$

- кадрлардың тұрақсыздық коэффициенті – дәлелсіз себептер бойынша (қызметкерлердің өз тілегі, бұзақылықтары мен келмегендері үшін және т.б.) кәсіпорын жұмысынан босатылған қызметкерлердің сол кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік санына қатынасы арқылы анықталады.

Кәсіпорындағы персоналға деген қажеттілік өнеркәсіпті-өндірістік және өнеркәсіптік емес персонал топтары бойынша жеке-жеке жүргізіледі. Персоналға деген сандық қажеттілікті есептеудің негізгі тәсілдері:

- өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы бойынша;
- өндіру нормасы бойынша;
- қызмет ету нормасы бойынша;
- жұмыс орындары бойынша.

Өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы бойынша қызметкерлер санының нормативі (негізгі кесімді-жұмысшылар) төмендегі формула арқылы анықталады

$$C_{\text{н}} = (E C_{\text{жосп}} / T_{\text{жосп}}) / K_{\text{орн}}, \quad (5.4)$$

мұндағы $E C_{\text{жосп}}$ – өндірістік бағдарламаның жоспарлы еңбек сыйымдылығы, норма-сағат;
 $T_{\text{жосп}}$ – бір жұмысшының жыл ішіндегі жұмыс уақытының нормативті балансы, сағат;
 $K_{\text{орн}}$ – уақыт нормасын жұмысшылармен орындау коэффициенті.

Өндіру нормасы бойынша жұмысшылардың саны төмендегі формула бойынша анықталады

$$C_H = (Q_{\text{жосп}} / H_{\text{өнд}}) / K_{\text{орн}}, \quad (5.5)$$

мұндағы $Q_{\text{жосп}}$ – нақты уақыт кезеңі ішіндегі бекітілген өлшем бірліктегі жоспарлы өнім көлемі (орындалған жұмыстар);
 $H_{\text{өнд}}$ – уақыттың сол кезең ішіндегі сондай өлшем бірліктегі жоспарлы өндіру нормасы.

Жұмыс орындары бойынша көбіне жұмыс көлемі, қызмет ету нормасы анықталмайтын қосымша қызметкерлердің саны анықталады (мысалы, ауырлық көтеретін механизмді басқарушы және т.б.)

$$C_H = N \times C \times K_{\text{тіз}}, \quad (5.6)$$

мұндағы N – жұмыс орындарының саны.

Аппаратуралық үрдістердегі негізгі жұмысшылар мен қызмет көрсету нормасы бар жұмыстарды орындайтын қосымша жұмысшылар санын жоспарлау жұмыстың сменділігін ескеру арқылы қызмет көрсету объектісінің жалпы санын анықтауға негізделеді

$$C_H = N_K / H_K \times C \times K_{\text{тіз}}, \quad (5.7)$$

мұндағы N_K – қондырылған қондырғы бірлігінің саны;
 H_K – қызмет ету нормасы (бір жұмысшымен қызмет көрсетілетін қондырғы бірлігінің саны);
 C – жұмыс сменалар саны;
 $K_{\text{тіз}}$ – жұмысшылардың келгендер санын тізімдік санға ауыстыру коэффициенті.

Үзілісті өндірісте $K_{\text{тіз}}$ – номиналды уақыт қорының тиімді уақыт қорына қатынасы арқылы, ал үздіксіз өндірісте – календарлы уақыт қорының тиімді уақыт қорына қатынасы арқылы анықталады.

Жоғарыда қарыстырылған формулалар негізгі және қосалқы жұмысшылардың санын анықтау үшін қолданылады. Қызмет атқарушы персонал санын қызмет етудің ірілендірілген нормасы бойынша анықтауға болады, мысалы, еден жуатындардың санын бөлме аудандардың шаршы метрінің саны бойынша, сыртқы киім қабылдайтын адамдар санын – қызмет көрсететін адамдар саны бойынша және т.б. анықтауға болады.

Есеп 5.1

Кәсіпорындағы қызметкерлердің сандық көрсеткіштерін сипаттайтын мысал кертірейік. Мезгілдік (маусымдық) кәсіпорын 18 тамыздан бастап жұмыс жасады. Тізім бойынша қызметкерлердің саны келесідей (адам):

18 тамыз – 320 адам;

19 тамыз – 330 адам;
 22 тамыз – 360 адам;
 23-31 тамыз аралығында – 380 адам;
 1 қыркүйек пен 31 желтоқсан аралығында – 400 адам;
 Қызметкерлердің орташа тізімдік санын анықтаңыздар:

- тамыз айында;
- III кварталда;
- IV кварталда;
- жыл ішіндегі

Шешімі:

- тамыз айында = $(320 + 330 \times 3 + 360 + 380 \times 9) / 31 = 164$ адам
- III кварталда = $(320 + 330 \times 3 + 360 + 380 \times 9 + 400 \times 30) / 91 = 187$ адам
- IV кварталда = $(400 \times 30 + 400 \times 30 + 400 \times 31) / 91 = 400$ адам
- жыл ішіндегі = $(187 + 400) / 4 = 146$ адам

5.3 Еңбек өнімділігі және оны есептеу әдістері

Еңбек өнімділігі еңбек шығындарының тиімділігін, нәтижелігін сипаттайды және жұмыс уақыты бірлігіндегі өндірілген өнім көлемімен немесе өндірілген өнім, орындалған жұмыс бірлігіндегі еңбек шығындарымен анықталады.

Өнімділіктің екі түрі бар: тіріжан еңбегінің өнімділігі және қоғамдық еңбек өнімділігі. Тіріжан еңбегінің өнімділігі әрбір жеке өндірістегі жұмыс уақытының шығындарымен анықталады, ал қоғамдық (жиынтық) еңбек өнімділігі тіріжан және затқа айналдырылған еңбек шығындарымен анықталады.

Барлық халық шаруашылығына қатысты қоғамдық (жиындық) еңбек өнімділігі материалды өндіріс саласындағы жұмыспен қамтылған – бір адамға шаққандағы ұлттық табыс ретінде есептелінеді.

Кәсіпорындарда еңбек өнімділігі тек тіріжан еңбегі шығынының тиімділігі ретінде анықталады және араларында кері пропорционалды байланыстық бар өнімділік және өнімнің еңбек сыйымдылығы көрсеткіштері арқылы есептелінеді.

Өнімділік (Θ) – нақты кезең ішіндегі (сағат, смена, ай, квартал, жыл) жұмыс уақыты бірлігінде өндірілген өнім көлемі немесе орташа тізімдік бір қызметкерлерге немесе жұмысшыға шаққандағы өндірілген өнім көлемі. Ол өндірілген өнім көлемінің ($Q_{\text{өнд}}$) сол өнім өндірісіне кеткен жұмыс уақыты шығынына (T) немесе қызметкерлердің (жұмысшылардың) орташа тізімдік санына ($C_{\text{орт}}$) қатынасы арқылы анықталады

$$\Theta = Q_{\text{өнд}}/T \quad \text{немесе} \quad \Theta = Q_{\text{өнд}}/ C_{\text{орт}}, \tag{5.8}$$

Осылай бір жұмысшыға шаққандағы сағаттық ($\Theta_{\text{сағ}}$) және күндік ($\Theta_{\text{күн}}$) өнімділік анықталады.

$$\Theta_{\text{сағ}} = Q_{\text{өнд ай}}/T_{\text{сағ}} \quad \text{және} \quad \Theta_{\text{күн}} = Q_{\text{өнд ай}}/T_{\text{күн}}, \tag{5.9}$$

мұндағы $Q_{\text{өнд ай}}$ – ай (квартал, жыл) ішіндегі өнім көлемі;
 $T_{\text{сағ}}, T_{\text{күн}}$ – ай (квартал, жыл) ішіндегі барлық жұмысшылармен жасалған адам-сағат, адам-күн саны (жұмыс уақыты).

Сағаттық өнімділікті есептегенде жасалған адам-сағат құрамында смена ішілік тоқтап қалулар ескерілмейді, ал күндік өнімділікті есептегенде жасалған адам-күн құрамында толық күндік тоқтап қалулар мен шықпай қалулар ескерілмейді, сондықтан тіріжан еңбегінің өнімділік деңгейін дәл сипаттайды.

Өндірілген өнім көлемі натуралды, құндық және еңбек өлшем бірліктері арқылы есептелуі мүмкін, сәйкесінше өнімділікті анықтаудың үш тәсәлі бар: натуралды (шартты – натуралды), құндық және еңбек (жұмыс уақытының нормалануы бойынша).

Еңбек өнімділігін есептеудің натуралды көрсеткіштері дәл және жоғары дәрежеде оның мәніне сәйкес келеді, бірақ оны пайдалану саласы шектеулі. Натуралды көрсеткіштер – газ, көмір, мұнай, электроэнергетика, орман шаруашылықтарда, ал шартты-натуралды көрсеткіштер – тоқыма, цемент өнеркәсібінде, металлургия саласында, минералды тыңайтқыштар өндірісінде қолданылады.

Есеп 5.2

Мысалы, төмендегі кестеде көрсетілген мәліметтерді негізге ала отырып, еңбек өнімділігінің өсуін анықтаңыздар.

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштер мәні	
		Жоспарлы кезең	Есепті кезең
Өнім өндірісі	дана/сағат	1925	1925
Өнім бірлігін шығарудың еңбек сыйымдылығы	норма/сағат	35	31
Бір жұмысшының тиімді уақыт қоры	сағат	2110	2110
Норманың орындалу коэффициенті		1,5	1,8

Осы мәліметтердің негізінде 1) өндірістік процесті автоматтандырудың негізіндегі жұмысшылар санының үнемделуін және 2) осының негізінде еңбек өнімділігінің өсуін анықтау керек.

Шешімі:

1) жоспарлы кезеңдегі жұмысшылар санын анықтаймыз:

$$C_{\text{жосп}} = \frac{1925 \times 35}{2110 \times 1,5} = \frac{67375}{3165} = 21 \text{ адам}$$

2) жұмысшылар санының үнемделуін анықтаймыз:

$$Y_{\text{үнемд}} = \frac{(31 - 35) \times 1925}{2110 \times 1,5} = \frac{7700}{3798} = 2 \text{ адам}$$

3) еңбек өнімділігінің өсуін анықтауға мүмкіндік туындайды:

$$\theta_{\text{өсу}} = \frac{2}{21 - 2} \times 100 = 10,5\%$$

Кәсіпорындағы автоматтандыру жүйесінің енгізілуі жұмысшылар санынан екі адам үнемделген және сәйкесінше еңбек өнімділігі 10,5% өскен.

Өнімділікті анықтаудың құндық тәсілі тек тіріжан еңбегі шығынының өзгерісін ғана емес, сонымен бірге өндірістік бағдарламадағы ауытқуларды, бағаның өзгерісін ескереді және пайдалану саласына байланысты жалпы, тауарлы, өткізілген және таза өнім көрсеткіштері арқылы анықтауға болады. Еңбек өнімділігін өлшеудің еңбектік тәсілі еңбек сыйымдылығы көрсеткішін пайдалануды қамтиды.

Еңбек сыйымдылығы (ЕС) өнім бірлігі өндірісіндегі тіріжан еңбегінің шығындарымен сипатталады. Ол өндіріс көлемі мен еңбек шығындарымен сипатталады. Ол өндіріс көлемі мен еңбек шығындарының арасында тікелей байланыстылықты қамтиды және оны анықтайтын формула келесідей болуы мүмкін

$$ЕС = T / Q_{\text{өнд}}, \quad (5.10)$$

мұндағы T – барлық өнім өндірісіне шығындалған уақыт, норма-сағат, адам-сағат;

$Q_{\text{өнд}}$ – натуралды өлшем бірлігіндегі өндірілген өнім көлемі.

Еңбек сыйымдылығының бірнеше түрлері бар.

1. *Технологиялық еңбек сыйымдылығы* ($ЕС_{\text{техн}}$) – негізгі өндірістік келісімді-жұмысшылар ($ЕС_{\text{кес}}$) мен мерзімді-жұмысшылар ($ЕС_{\text{мерз}}$) еңбегінің шығындарын көсетеді

$$ЕС_{\text{техн}} = ЕС_{\text{кес}} + ЕС_{\text{мерз}} \quad (5.11)$$

2. *Өндіріске қызмет ету еңбек сыйымдылығы* ($ЕС_{\text{қызм}}$) негізгі өндірістің қосымша жұмыс цехтарының ($ЕС_{\text{қос}}$) және өндіріске қызмет етумен айналысатын қосымша цехтар мен қызмет түрлерінің барлық жұмысшылар шығынының ($ЕС_{\text{к}}$) жиынтығын қамтиды

$$ЕС_{\text{қызм}} = ЕС_{\text{қос}} + ЕС_{\text{к}} \quad (5.12)$$

3. *Өндірістік еңбек сыйымдылығы* ($EC_{\text{өнд}}$) барлық жұмысшылардың (негізгі және қосымша) еңбек шығынын қамтиды

$$EC_{\text{өнд}} = EC_{\text{техн}} + EC_{\text{қызм}} \quad (5.13)$$

4. *Өндірісті басқарудың еңбек сыйымдылығы* ($EC_{\text{б}}$) негізгі және қосымша цехтарда қызмет ететін ($EC_{\text{қызм.өнд}}$) және кәсіпорынның жалпы зауыттың қызметтеріндегі ($EC_{\text{зау.қызм}}$) қызметкерлердің (басшылардың, мамандардың және қызметкерлердің өздерінің) еңбек шығындарын сипаттайды

$$EC_{\text{б}} = EC_{\text{қызм.өнд}} + EC_{\text{зау.қызм}} \quad (5.14)$$

5. *Толық еңбек сыйымдылығы* ($EC_{\text{тол}}$) кәсіпорынның өнеркәсіптік-өндірістік персоналының барлық категорияларының еңбек шығынын сипаттайды

$$EC_{\text{тол}} = EC_{\text{техн}} + EC_{\text{қызм}} + EC_{\text{б}} \quad (5.15)$$

Еңбек шығындарының сипаты мен пайдалылығына байланысты еңбек сыйымдылығының түрлері жобалы, болашақтық, нормативті, жоспарлы, нақты болуы мүмкін.

Нақты кезең ішіндегі еңбек өнімділігінің өзгерісі өнімділік (Θ) немесе еңбек сыйымдылығы (EC) көрсеткіштері бойынша анықталатын формула

$$I_{\text{өн}} = \Theta_e / \Theta_{\text{б}} \text{ немесе } I_{\text{өн}} = EC_{\text{б}} / EC_e, \quad (5.16)$$

мұндағы $I_{\text{өн}}$ – еңбек өнімділігінің өсу индексі;
 Θ_e және $\Theta_{\text{б}}$ – есепті және базисті кезеңдегі өнім өнімділігі;
 $EC_{\text{б}}$ және EC_e – базисті және есепті кезеңдегі өнімнің еңбек сыйымдылығы (норма – немесе адам-сағат).

Еңбек өнімділігін жоғарлатуды жоспарлауда еңбек өнімділігінің деңгейін сипаттайтын абсолютті көрсеткіштер мен оның өсу динамикасын анықтайтын салыстырмалы көрсеткіштер қолданылады. Еңбек өнімділігінің өсуін жоспарлау тәжірибесінде кеңінен екі тәсіл қолданылады:

- тікелей есептеу тәсілі өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы негізінде учаскелер, цехтар, жұмыс орындары бойынша еңбек өнімділігін жоспарлауда жоғары дәрежеде қолданылады;

- техника-экономикалық факторлары бойынша жоспарлау тәсілі – толықтай кәсіпорын бойынша қолданылады.

Кәсіпорындағы еңбек өнімділігінің деңгейі оны жоғарлату мүмкіншіліктері өсудің түрлі факторлары мен резервтерімен анықталады.

Еңбек өнімділігінің өсу факторлары:

- өндірістің техникалық деңгейін жоғарлату;
- өндіріс және еңбекті ұйымдастыруды жақсарту;

- өндіріс көлемінің өзгерісі мен өндірістегі құрылымдық өзгерісі;
- сыртқы, табиғи жағдайлардың өзгерісі.

Еңбек өнімділігінің өсу резервтері еңбек ресурстарын үнемдеудің пайдаланылмаған айқын мүмкіншіліктерін қамтиды.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

1 «Еңбек өнімділігі» түсінігіне енетіндер:

- A) өнім бірлігінің өндірісіне қажетті қоғамдық еңбек шығындары;
- B) өнім бірлігінің өндірісіне қажетті адам еңбегінің шығындары;
- C) еңбектің өндіргіш күші;
- D) шығындалған еңбек көлемінің мөлшері;
- E) жұмыс уақыты бірлігінің ішінде өндірілген өнім көлемі.

2 Өнім бірлігі өндірісіндегі тіріжан еңбегінің шығындары:

- A) өнімнің еңбек сыйымдылығы;
- B) өнімнің еңбек өнімділігі;
- C) өнім өндірісінің шығындары;
- D) қор қайтарымдылығы;
- E) сағаттық еңбек өнімділігі.

3 Кадрлардың шығу коэффициенті қалай анықталады:

- A) нақты кезең ішінде себептердің барлық түрлері бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлер санының сол кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік санына қатынасы;
- B) нақты кезең ішінде жұмысқа қабылданған қызметкерлер санының сол кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік санына қатынасы;
- C) ұйымда бір жыл бойы жұмыс жасаған қызметкерлер санының сол жылдағы қызметкерлердің орташа тізімдік санына қатынасы;
- D) өнім бірлігіне кеткен жұмыс уақытының шығыны;
- E) жұмыс уақыты бірлігінде өндірілген өнім көлемі.

4 Кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны – бұл

- A) нақты күндегі қызметкерлердің тізімдік құрамының саны;
- B) нақты күнде жұмысқа қабылданған қызметкерлерді ескеру арқылы сол нақты күндегі қызметкерлердің тізімдік құрамының саны;
- C) нақты күнде жұмысқа қабылданған және жұмыстан босатылған қызметкерлердің тізімдік құрамының саны;
- D) сол күні жұмысқа келген қызметкерлер саны;
- E) сол күні жұмысқа қабылданған және жұмыстан босатылған қызметкерлер саны.

5 Қоғамдық еңбек өнімділігі – бұл

- A) өндірілген ұлттық табыстың материалдық өндіріс саласында жұмыс жасайтын қызметкерлердің орташа санына қатынасы;
- B) материалдық өндіріс саласында қайта құрылған құн;
- C) материалдық өндіріс саласында шығындалған еңбек көлемі;
- D) өндірілген өнім көлемі;
- E) өнім өндірісіне кеткен жалпы материалдық шығындар көлемі.

6 Өнеркәсіптік - өндірістік персоналға қызметкерлердің қай категориялары жатады:

- A) асхана жұмысшылары;
- B) оқушылар;
- C) цех жұмысшылары;
- D) балабақша қызметкерлері;
- E) демалыс орындарындағы қызметкерлер.

7 Түрлі категориядағы қызметкерлер санының жалпы санына қатынасы:

- A) кадрлар құрылымы;
- B) қызметкерлердің тізімдік саны;
- C) келген қызметкерлер саны;
- D) қызметкерлердің орташа тізімдік саны;
- E) кадрлар ағымдылығы.

8 Нақты күні жұмысқа келгендердің, соның ішінде іс-сапардағы қызметкерлердің тізімдік құрамының саны:

- A) жұмысқа қабылданғандар саны;
- B) орташа тізімдік саны;
- C) келгендер саны;
- D) тізімдік саны;
- E) жұмыстан босатылғандар саны.

9 Кадрлар ағымдылығының коэффициенті қалай анықталады?

- A) жұмыстан босатылған қызметкерлер санының тізімдік санына қатынасы;
- B) қызметкерлердің тізімдік санының жұмыстан босатылған қызметкерлер санына қатынасы;
- C) тізімдік сан мен жұмыстан босатылған қызметкерлер санының арасындағы айырма;
- D) келгендер саны мен жұмыстан босатылғандар санының айырмасы;
- E) негізгі қорлар құнының персонал санына қатынасы.

10 Көмір, мұнай, газ, электроэнергетика, орман шаруашылықтарында еңбек өнімділігін есептеу көрсеткіштері:

- A) құндық көрсеткіштер;
- B) еңбек көрсеткіштері;
- C) шартты-натуралды көрсеткіштер;

- D) шығындар тәсілі;
- E) натуралды көрсеткіштер.

11 Мамандарға жататындар:

- A) кассир;
- B) есепке алушы;
- C) слесарь;
- D) еден жуушы;
- E) инженер-механик.

12
$$K_{\text{бос}} = \frac{\text{кезең ішінде жұмыстан босатылған қызметкерлер саны}}{\text{кезең ішіндегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны}}$$

- A) жұмысқа қабылдау бойынша айналым коэффициенті;
- B) жұмыстан босатылуы бойынша айналым коэффициенті;
- C) кадрлардың айналым коэффициенті;
- D) кадрлардың тұрақсыздық коэффициенті;
- E) еңбек өнімділігі.

13 Нақты күні жұмысқа келгендердің, соның ішінде іс-сапардағы қызметкерлердің тізімдік құрамы:

- A) тізімдік саны;
- B) жұмыстан босатылғандар саны;
- C) келгендер саны;
- D) жұмысқа қабылданғандар саны;
- E) орташа тізімдік саны.

14 Еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіш:

- A) өндіріс рентабельділігі;
- B) штаттық тізім;
- C) тізімдік құрам коэффициенті;
- D) еңбек сыйымдылығы;
- E) айналым қорларының айналымдылығы.

15 Зияткерлік еңбек қызметкерлері (есепшілер, экономистер, инженерлер):

- A) мамандар;
- B) қызметкерлер;
- C) жұмысшылар;
- D) көлік жүргізушілер;
- E) жолаушыларды тасымалдаушылар.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Кадрлардың қазіргі таңдағы экономикада алатын орны қандай? Талдау жасаңыздар.

- 2) «Еңбек ресурстары» түсінігін кәсіпорын және белгілі бір елге қатысты анықтамасын беріңіздер.
- 3) «Кадр» және «персонал» түсініктерінің ерекшеліктері мен ұқсастықтары қандай?
- 4) Қазақстан Республикасында персоналдың қандай категорияларын бөліп көрсетуге болады?
- 5) Кәсіпорынның еңбек ресурстарын қандай белгілері бойынша топтастыруға болады, жауаптарыңызды мысалмен толықтырыңыздар.
- 6) Еңбек ресурстарының қозғалысын сипаттайтын қандай экономикалық көрсеткіштерді білесіздер, олар қалай анықталады?
- 7) Еңбек ресурстарының сапалық сипаттамасын келтіріңіздер.
- 8) Еңбек өнімділігі дегеніміз не, мәні неде және оны сипаттайтын көрсеткіштерін анықтаңыздар.
- 9) Еңбек өнімділігінің жоғарлауы өнім өсіміне қалай әсер етеді, жауаптарыңызды есептеулермен дәлелдеңіздер.
- 10) Еңбек сыйымдылығының анықтамасын келтіріп, мәні мен маңыздылығын анықтап, қалай есептелінетінін көрсетіңіздер.
- 11) Кәсіпорындардағы еңбек ресурстары және олардың қызметі ҚР қандай заңдар мен заңнамаларға негізделеді?
- 12) Кәсіпорында персоналға деген қажеттілікті анықтауда қандай тәсілдер қолданылады?
- 13) Біліктілік дегеніміз не? Анықталу мақсаты неде?
- 14) Кәсіпорын кадрларының құрамы неліктен тұрақсыз көрсеткіш болып табылады? Қандай факторлар әсер етеді?
- 15) Еңбек өнімділігі мен еңбек сыйымдылығы көрсеткіштері кәсіпорынның қандай талдауын жасау үшін қолданылады?

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

Есеп 5.3

Кәсіпорындағы қызметкерлердің қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштерге мысал келтірейік. Кәсіпорын қызметкерлерінің орташа тізімдік саны бір жылда 800 адам құрады. Жыл ішінде 32 адам өз тілегімен жұмыстан шығып кетті, еңбек тәртібін бұзғандары үшін 5 адам жұмыстан шығарылды. 10 адам зейнетке шықты. Оқуға түсіп және әскерге шақырылғандары барлығы 11 адам. Басқа лауазымға және кәсіпорынның басқа бөлімшелеріне ауыстырылғандары 20 адам.

Анықтау керек:

- алдыңғы жылдың 1 қаңтарындағы қызметкерлердің орташа тізімдік саны;
- кадрлардың жыл ішіндегі шығу коэффициенті;
- кадрлардың ағымдылық коэффициенті.

Есеп 5.4

Кестеде еңбекті ұйымдастыру жүйесінің ескіден жаңасына ауыстырылған жағдайда келесі көрсеткіштер қалай өзгертіндігін анықтап, есептеңіздер:

жұмыспен қамтылған жұмысшылардың саны, жұмыс күшінің қарқыны, жұмысшының орташа табысы және кәсіпкердің бір өнімді буып-түюге кететін шығыны (бастапқы мәліметтер кестеде келтірілген).

Буып-түю өндірісінің мәліметтері	Ескі жүйе	Жаңа жүйе
Өндіріспен айналысатын жұмысшылар саны, адам	530	369
Бір жұмысшының орташа еңбек қарқыны, дана	200	470
Бір жұмысшының орташа еңбекақысы, мың теңге	3200	4500

Есеп 5.5

Кәсіпорын 1 ақпаннан бастап жұмыс жасады. Ақпандағы қызметкерлердің орташа тізімдік саны 840 адам, ал науырызда 770 адам құрады. Содан соң кәсіпорын таратылды. Қызметкерлердің 1 кварталдағы және жылдағы орташа тізімдік санын анықтаңыздар.

Есеп 5.6

Кәсіпорындағы қызметкерлердің саны 1 желтоқсандағы тізім бойынша 850 адам құрады. 13 желтоқсанда 2 адам әскерге шақырылды. 20 желтоқсанда 12 адам жұмысқа қабылданды, ал 23 желтоқсанда өз тілегімен 6 адам жұмыстан босатылды. Ай ішіндегі күндер саны 30. Қызметкерлердің орташа тізімдік санын анықтаңыздар:

- желтоқсан айында;
- 1 қаңтар айындағы қызметкерлер саны;
- ағымдылық коэффициенті.

Есеп 5.7

Кәсіпорынның жаңа филиалдарын ашуына байланысты 10 адам осы бағытта оқытудан өткізілді. Бір маркетинг бағытындағы мамандарды оқыту құны – 200 мың теңге. Оқу бағдарламасының еңбек өнімділігіне әсер ету ұзақтығы алдынала жасалған есептеулер бойынша 5 жылды құрады. Маркетинг бөліміндегі үздік және орташа қызметкерлердің еңбек өнімділігінің айырмашылығының құны 30 мың теңге құрады. Қызметкерлерді оқыту нәтижелері фирма жұмысының қандай параметрлеріне әсер ететіндігін анықтаңыз? Оқу бағдарламасының еңбек өнімділігін арттырудағы әсерінің тиімділігін есептеңіздер.

Есеп 5.8

Жоспарланған жылы еңбек сыйымдылығы 0,54 норма-сағ/дана 41550 электросамокат шығару және еңбек сыйымдылығы 1,44 норма-сағ/дана 30000 дана электросамокат, сонымен бірге еңбек сыйымдылығы 51,5 норма-сағ болатын басқа да өнім түрін өндіру жоспарланған. Бір жұмысшы уақытының тиімді қоры 2220 сағатты құрайды.

Өндірістік бағдарламаны орындау үшін қажетті негізгі жұмысшылардың санын анықтаңыздар.

Есеп 5.9

Келтірілген мәліметтер бойынша еңбек ресурстарының қозғалысы қарқындылығын бағалау керек.

Көрсеткіштер	адам
Кезең ішіндегі еңбек ресурстарының орташа тізімдік саны	1350
Кезең ішінде жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны	460
Кезең ішінде барлық себептер бойынша жұмыстан шығарылған қызметкерлер саны	570
Кезең ішінде кадрлар айналымына жататын себептер бойынша жұмыстан шығарылған қызметкерлер саны	460

Есеп 5.10

Есепті жылы бөлімнің өндірістік бағдарламасының еңбек сыйымдылығы 2002 мың норма-сағат құрады. Өнім өндірісінің күрделенуіне байланысты келесі жылда жалпы еңбек сыйымдылығын 15% арттыру жоспарланып отыр. Есепті жылы бір жұмысшының жылдық жұмыс уақыт қоры 2190 норма-сағатты құрады, бірақ келесі жылы смена ішіндегі уақытты үнемдеу есебінен ол 8%-ға арытады деп күтілуде, әрбір жұмысшымен өндіру нормасын орындау есепті жылы 132% болған жағдайда ол 6%-ға өседі деп болжам жасалып отыр. Негізгі өндірістік жұмысшылардың қажетті санын анықтау керек.

Есеп 5.11

Өткен жылы өнімнің технологиялық еңбек сыйымдылығы 4500 мың адам-сағатты құрады, ал жұмыс уақыты қоры 8 сағаттан 222 күнді құрады. Нормалар орта есеппен 110%-ға орындалатын. Негізгі цехтардағы қосалқы жұмысшылар саны негізгі жұмысшылар санының 17% құрады. Қосалқы цехтарда негізгі цехтардағы жұмысшылар санының 50% жұмыс істеді. Өнеркәсіптік өндірістік персоналдың жалпы санының 70%-ын қызметкерлер құрады. Жоспарлы кезеңде ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру нәтижесінде еңбек сыйымдылығын 8%-ға төмендету көзделуде. Жоспарлы кезеңдегі кәсіпорындағы жұмыс жасаушылардың санын анықтаңыздар.

Есеп 5.12

Натуралды өлшемдегі өнім өндірісінің көлемі – 95500 тонна. Бір тонна өнім бағасы – 3500 теңге. Жұмыс жасайтын қызметкерлердің орташа тізімдік саны – 1250 адам. Осы мәліметтердің негізінде кәсіпорынның еңбек өнімділігін натуралды және ақшалай түрде анықтаңыздар.

Есеп 5.13

Өнімнің технологиялық еңбек сыйымдылығы – 1,8 адам/дана. Бір қызметкердің жұмыс уақытының жылдық қоры – 2250 сағат. Негізгі жұмысшылар саны – 67 адам, қосалқы жұмысшылар – 35 адам, басшылар – 17

адам, мамандар – 8 адам, қызметшілер – 4 адам болған жағдайда толық еңбек сыйымдылығын есептеу керек.

Есеп 5.14

Кәсіпорында жыл ішінде өндірілген өнім көлемі 980 мың тонна. Төмендегі кестеде берілген мәліметтердің негізінде анықтау керек:

- 1) бір өндірістік (негізгі) жұмысшыға, бір жұмысшыға және бір жұмыс жасаушыға шаққандағы шығарылымды анықтау;
- 2) технологиялық, өндірістік және толық еңбек сыйымдылығын анықтау керек.

Категория	Саны, адам		Бір жұмысшының жұмыс уақытының жылдық қоры
	Есепті жыл	Жоспарлы жыл	
Жұмысшылар, соның ішінде			
негізгі	545	490	1912
қосалқы	325	285	1967
Басшылар	87	63	1907
Мамандар	56	48	1905
Қызметкерлер	34	21	1967

Еңбек өнімділігінің (шығарылымның) жоспарлы өсуін анықтаңыздар (есепті жылмен салыстырғанды). Жоспарлы жылға өнім көлемінің өсуі 30% мөлшерде болады деп күтілуде.

Есеп 5.15

Кәсіпорынның есепті жылдағы жұмыс жасайтындар саны мәліметтерінің негізінде қабылдау, шығарылу және жалпы ауысымын, кадрлардың тұрақтылық коэффициентін анықтаңыздар. Деректер төмендегі кестеде келтірілген.

Көрсеткіштер	мәні	қабылданғаны	шығарылғаны
Жұмыс жасаушылардың орташа тізімдік саны	4500	500	440
соның ішінде			
Жұмысшылар	3440		
Мамандар	503	350	348
қызметшілер	307	90	40
Кіші қызмет көрсету персоналы	250	60	62

6 КӘСІПОРЫНДАҒЫ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖҮЙЕСІ

6.1 Еңбекті төлеуді ұйымдастыру қағидалары

6.2 Еңбекақы төлеудің тарифтік және тарифтік емес жүйесі

6.3 Өнеркәсіпте қолданылатын еңбекақы төлеу жүйелері мен нысандары

6.1 Еңбекті төлеуді ұйымдастыру қағидалары

Кәсіпорындағы қызметкерлердің табысы өндіріс шығынының құрамына енетін еңбекақидан, әлеуметтік және еңбек жеңілдіктері бойынша төленетін ақша төлемдері, пайдадан төленетін сыйақыдан, акциялар бойынша төленетін дивидендтерден және еңбек ұжымы мүшелерінің кәсіпорын мүлігіне салған салымдарынан, натуралды түрдегі өнім құнынан және басқа да табыстардан құралады. Еңбекақы – материалдық игіліктер мен қызмет түрлерін жеке тұтыну қорының бір бөлігі болып табылады, осының негізінде қызметкерлерге олардың еңбегінің сапасы мен санына сәйкес, сонымен бірге оның нәтижелігіне (ұжым еңбегінің нәтижесінде қосқан үлесіне) сәйкес беріледі. Еңбекақы еңбек шарты бойынша орындалған жұмыстары үшін натуралды ақы құны мен ақшалай төлемдердің қосындысы.

Шаруашылық етудің қазіргі заман жағдайында еңбекақы төлеуді ұйымдастыру бірнеше қағидаларды ескеру арқылы құрылады:

- еңбекақы төлеуді ұйымдастыруда қызметкерлерге еңбекақы төлеудің нысандарын, жүйесін және мөлшерін анықтаудағы кәсіпорынның дербестігі;

- еңбекақы төлеуді мемлекеттік реттеу;

- еңбекақыны еңбек жағдайы мен мекендеген жеріне байланысты дифференциациялау;

- еңбектің соңғы нәтижелері жоғары болу үшін қызметкерлердің еңбекке деген материалдық қызығушылықтарын туғызу;

- еңбек өнімділігі өсу қарқынының жалақы өсу қарқынынан артық болуы.

Еңбекақы төлеу жүйелерінің, нысандары мен түрлерінің қолжетімділігі мен ақылға сиымдылығы қағидасы олардың мәні жөнінде кең мағлұматпен қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді. Қызметкерлер өздерінің еңбекақысы мен сыйақы жүйесі туралы нақты және анық білулері қажет. Сонда ғана олар өндірістің тиімділігін арттыруға мүдделі болады.

Нақты жалақыны өсіру өндіріс пен еңбек тиімділігінің өсу шамасына қарай қағидасы қажеттілік өсу экономикалық заңының жұмыс жасауымен байланысты. Бұл заң бойынша қажеттілікті толық қанағаттандыру өз еңбегіне материалдық игілікті барынша көбірек алған жағдайда мүмкін болады. Бұндай байланыс болмаған жағдайда еңбек ақыны төлемеу, инфляция, нақты еңбекақының төмендеуі орын алады. Нәтижесінде өсіп отырған қажеттілікті қанағаттандыру мүмкіншілігі жойылып, еңбекақыны өсіру мүмкіншілігі азаяды.

Еңбекке тең еңбекақы төлеу қағидасы кәсіпорын ішінде жұмсалған еңбекке тең еңбекақы төлеу әділдігін қадағалауды білдреді.

Мемлекеттік реттеу қағидасы негізгі еңбекақы төлеу саясаты мен әлеуметтік нормативтер мемлекеттік деңгейде дайындалу керек.

Еңбекақы еңбектің күрделілігіне қарай, еңбек жағдайына, аумақтық жағынан тиесілігіне қарай, халықшаруашылық маңыздылығына қарай, қызметкердің соңғы нәтижеге деген еңбек үлесіне қарай *сараланады (дифференциацияланады)*.

Жалақы дифференциациясы материалдық тұрақтандыру сапасының басты жүктемесімен жүреді. Осы арқылы қызметкерлер жалақының әділдігін тексереді:

- а) жұмысшылардың жеке салымын бағалауда;
- б) ішкі біліктілікті салыстыру;
- в) маманаралық салыстыруда.

Жалақы дифференциациясының 3 түрі экономиканың дамуында маңызды роль атқарады: салалық, маманды-біліктілікті, аймақтық.

Жалақы дифференциациясы еңбектің күрделілігіне, жұмысшының тәжірибесіне және біліктілігіне байланысты тарифті-білікті анықтамалар, тарифті топтар (жұмысшылар үшін) және қызметкерлер жалақысының схемасы (басшылар үшін, мамандар және қызметкерлер үшін) және жалақының аймақтық коэффициенті кіреді. Жалақының аймақтық дифференциациясы біздің республикада шикізаттың, отын-энергетикалық ресурстардың экспорттық бағасымен, сондай-ақ тұтынушыларға шикізат ресурстарды жеткізу үшін және алыс аймақтардағы тұрғындарға тамақ өнімдері мен сатылмайтын тауарларды жеткізу үшін көлікке деген шығындардың өсуімен анықталады.

Еңбекақыны мынандай факторлар анықтайды:

1. Жұмыс күшінің құны. Бұл қызметкердің өміріне қажет және оның еңбек қабілетін қалпына келтіруге жәрдемдесетін заттардың жинақ құны. Бұларға жататындар: жұмыскердің қажеттілігін қанағаттандыратын мүлік құны; оны мамандыққа оқытуға кеткен шығындар; оның отбасының өмір сүруіне қажетті заттардың құны. Нақтылы жұмыс күшінің құны қажетті өнім көлемін анықтайды. Оның өзіндік жұмыс күшінің құны әр елде әртүрлі және уақыт өткен сайын өзгеріп отырады.

2. Қызметкердің еңбек өнімділігінің өсуі. Ол еңбекақыны ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бірақ оның өзінде еңбек өнімділігінің өсуі еңбекақының өсуіндей шапшаң болады.

3. Жұмыс күшін біліктілігі және еңбектің түрі. Мысалы, күрделі қиын жұмыстардың ақысы неғұрлым жоғары болады. Ал сирек кездесетін және қауіпті мамандық немесе ерекше талантты адамдардың шығармашылық еңбектері және т.б. жоғары бағаланады.

4. Қажетті өнімнің әлеуметтік дәрежесі. Қазіргі қажетті өнімнің барлығы қызметкерге жеке еңбекақы түрінде берілмейді. Қажетті өнімнің бір бөлігі әлеуметтендіріледі. Және әртүрлі салық арқылы мемлекетке қоғамдық тұныну қорына кетеді.

Еңбекақы төлеудің негізінде өндіріс факторы ретінде еңбектің құны жатыр. Шекті өнімділік теориясына сәйкес қызметкер еңбекақының орнын толтыратын өнім өндіруге міндетті. Олай болса, еңбекақы қызметкердің еңбек тиімділігіне тәуелді болады [20].

Жалақының номиналды түрі бар, яғни нақты жалақы мен оның ақшалай мөлшері, сатып алынатын тауарлар мен қызмет түрлерінің нақты көлемі деп түсіндіріледі

$$E_{\text{нақты}} = E_{\text{ном}} / P, \quad (6.1)$$

мұндағы $E_{\text{нақты}}$ – нақты еңбекақы;
 $E_{\text{ном}}$ – номиналды еңбекақы;
 P – тұтыну заттары мен қызмет түрлерінің баға деңгейі.

Нақты еңбекақы мөлшеріне сұраныс пен ұсыныс маңызды ықпал жасайды. Жұмыс күшіне сұраныс жоғары болған сайын, нақты жалақы да жоғары болады, ал еңбек ұсынысы жалақы динамикасына кері пропорционалды байланыста болады.

Қазіргі кезде кәсіпорындағы жалақы қорын мемлекеттік реттеу ретіндегі құрал әлеуметтік салық болып табылады. Оны кәсіпорындар, құрылымдық бөлімшелер, жеке кәсіпкерлер, жеке адвокаттар мен нотариустар төлейді.

Жалақы қызметкерлердің жасаған еңбегі үшін төлем нысаны ретінде және маңызды стимулы ретінде қарастырылып, ұдайы өндірістік, ынталандырушы (мотивациялық), әлеуметтік және есепке алу функцияларын атқарады (сурет 1).



Сурет 1 – Еңбекақы төлеу функциялары

Ұдайы өндірістік функция – бұл өндірістің техникалық және әлеуметтік факторларының өзгеруіне сәйкес жұмыс күшінің ұдайы өндірісі мен зияткерлік әлеуетті арттыру мүмкіндігін қамтамасыз етумен сипатталады. *Ынталандырушы (мотивациялық) функция* қызметкерді еңбек етуге, еңбек тиімділігін арттыруға ынтасын ашуды қамтиды. Ол кәсіпорындағы басшылықпен нақты жалақы төлеу жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Әлеуметтік функция әлеуметтік әділеттілік принципін іске асыруға ықпал етеді. Жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы қатынастар мен мүдделер жалақы арқылы шешіледі, ал ол болса, нарықтық экономиканың екі жақты қозғаушы күштерінің арасындағы қатынас әлеуметтік серіктестіктің дамуын қамтамасыз етеді.

Есепке алу функциясы өнім бағасын анықтауда, өндіріс шығындарындағы тірі еңбектің үлесін ескеру арқылы өлшенеді.

Кәсіпорында еңбекақы төлеуді ұтымды ұйымдастыру қызметкерлердің еңбегі мен іс-әрекетінің нәтижелерін ынталандыруға мүмкіндік береді, еңбек нарығындағы және дайын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін, өнім өнімділігі мен рентабельділігін қамтамасыз етеді.

6.2 Еңбекақы төлеудің тарифтік және тарифтік емес жүйесі

Тарифтік жүйе – еңбектің күрделілігі, еңбек жағдайы мен сипатына қатысты еңбекақының түрлі болуын қамтамасыз ететін нормалар мен нормативтер жиынтығы.

Тарифтік жүйенің негізгі құраушылары: тарифті-біліктілік анықтама, тарифтік тор, тарифтік разряд және оған сәйкес келетін коэффициенттер, тарифтік ставка (соның ішінде 1 разряд ставкасы), аудандық коэффициенттер, тарифтік ставкаға қосымша төлемдер мен еңбек жағдайы қолайсыз болғаны үшін үстемақылар (сурет 2).


Тарифтік-біліктілік анықтамаларда 1 разрядтың тарифтік ставкасы мен тарифтік торды қолданады.

Тарифтік-біліктілік анықтамалардың бірнеше түрін атауға болады: жұмысшылардың мамандығы мен жұмысының Біріңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы, Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамасы, бюджет сферасының қызметкер лауазымының біліктілік анықтамасы.

Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің Біріңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы жұмысшылар мен жұмыстар разрядын анықтау үшін қолданылады. Олар арқылы жұмыстың күрделілігі бойынша, сәйкесінше біліктілік деңгейі бойынша жұмыстардың әр түрін салыстыруға (өлшеуге) болады. Біріңғай тарифтік-біліктілік анықтамада (БТБА – 43 шығарылым – 22.01.2020, №19) әр жеке кәсіптің түрлі разрядтарына қатысты орындалатын жұмыстың сипаты анықталған және сол разрядқа сәйкес жұмысшы нені білуі керек екендігі көрсетілген.

Жұмысшыларды тарификациялау – оның кәсіби білімі мен еңбек дағдысына сәйкес белгілі бір разрядты тағайындау, әрекеттегі Біріңғай тарифтік-біліктілік анықтама негізінде комиссиямен беріледі.

Тарифтік кесте – орындалатын жұмыстарды күрделілік және жұмыскерлерді біліктілік белгісі бойынша саралауды көздейтін тарифтік разрядтар мен тарифтік коэффициенттер жиынтығы.



Сурет 2 – Тарифтік жүйе құраушылары

Жұмысты тарифтеу – орындалатын жұмыстарды Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына және Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларының біліктілік анықтамалығына және ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес белгілі бір күрделілікке жатқызу болып табылады.

Тарифтік ставка (тарифтік мөлшерлеме) – жұмыскердің уақыт бірлігі ішінде белгілі бір күрделіліктегі (біліктіліктегі) еңбек міндеттерін орындағаны үшін еңбегіне ақы төлеудің тіркелген мөлшері. Қызметкерлердің жалақысы 1-ші разрядтағы тарифтік ставка мөлшері бойынша анықталады. Ол еңбекақының бекітілген ең аз мөлшері мен жұмыс уақытының ұзақтығына сәйкес есептелінеді.

Белгілі бір біліктілігі бар қызметкердің тарифтік ставкасы (T_{cm}^i) келесі формула бойынша анықталады:

$$T_{cm}^i = T_{cm} \times k_m^i \quad (6.2)$$

мұндағы T_{cm} – 1-ші разрядтың тарифтік ставкасы;
 k_m^i – i -ші разрядтың тарифтік коэффициенті.

1-ші разрядтың тарифтік ставкасы сағаттық, күндік, айлық болуы мүмкін.

Еңбекақы төлеудің тарифтік жүйесінің бірнеше артықшылықтары мен кемшіліктері де бар деп ойлаймыз.

Тарифтік жүйенің артықшылығы:

- еңбекақы төлеуде әр қызметкерді жеке қарастырады, еңбек өтілімі көрсетіледі, кәсіби шеберлігі мен жұмыс тәжірибесі есепке алынады;
- жалақы жіне үстемақы мөлшерін анықтау кезеңінде жұмыстың күрделілігі мен орындалу шарттары ескеріледі;
- еңбек қарқындылығының жоғары болу факторларын ескеруге мүмкіндік береді, мысалы, кәсіптерді, қызметтерді біріктіре орындау, бөлімге басшылық ету;
- еңбекақы төлеуде жұмыстың орындалу жағдайы белгіленген нормалардан төмен болса, жұмыс уақытынан тыс уақыттағы жұмыстар да (түнгі уақытта, демалыс және мейрам күндері) ескеріледі.

Тарифтік жүйенің кемшілігіне разрядтардың тым көп болуын, бірақ олардың арасындағы өзгешеліктердің де өте аз болуын жатқызуға болады.

Еңбекақы төлеудің тарифтік емес жүйесі көп жағдайда басқарудың нарықтық жағдайына өтудегі кәсіпорындарда қолданылуда. Қызметкердің нақты жалақысы мыналарға байланысты болады:

- оның біліктілік деңгейі;
- еңбекке қатысу деңгейі (ЕҚД);
- нақты орындалған жұмыс уақыты.

Қызметкердің біліктілік деңгейі бүкіл еңбек қызметі уақытында көтерілуі мүмкін.

ЕҚД кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне, соның ішінде директорға және т.б. да беріледі, еңбек ұжымының кеңесімен бекітіледі, онда ЕҚД анықтау кезеңі (айына бір рет, тоқсанда бір рет) мен есептеу көрсеткіштердің құрамы анықталады.

Жалақыны есептеу келесі ретпен жүргізіледі:

1) әрбір қызметкермен жинаған балл саны (M_i) анықталады:

$$M_i = K \times H \times \text{ЕҚД} \quad (6.3)$$

мұндағы K – қызметкердің біліктілік деңгейі;
 H – жұмыс істейтін адам-сағат саны;
ЕҚД – еңбекке қатысу деңгейі.

2) толықтай бөлімнің барлық қызметкерлері жинаған ұпайлардың жалпы саны анықталады: $M = \sum M_i$

3) бір балға төлеуге кететін жалақы қорының үлесі есептеледі:
 $D = \text{ЕАҚ} / M$

4) Бөлімдердің жеке қызметкерлерінің жалақысы анықталады.

Есеп 6.1

Мысалы, бригаданың еңбекақы төлеу қоры бір айда 80 мың теңге құрады. Еңбекке қатысу деңгейі (ЕҚД) есепке алу арқылы еңбекақы төлеу қорын бригаданың қызметкерлері арасында бөлу керек.

Есептеуге қажетті көрсеткіштерді төмендегі кестені толықта отырып, анықтауға болады (кесте 1).

Кесте 1 – Бригада жұмысшыларының арасындағы еңбекақыны бөлу

Біліктілік деңгейі, К	Жұмыс істелген адам-сағат саны, Т	ЕҚД	Балл саны, М	Жалақы қорының үлесі, D, теңге	Нақты еңбекақы, теңге
1,1	175,5	1,4	270,27	71,18	19237,82
3,1	124,0	0,7	269,08		19153,11
2,7	180,4	1,2	584,50		41604,71
Барлығы		3,3	1123,85		79995,64

Шешімі:

Бригада қызметкерлерінің жинаған балдарының жалпы қосындысы $M=1123,85$. Бір балға шаққандағы жалақы қорының үлесі $80000 \div 1123,85 = 71,18$ теңге құрайды.

Мұндай жүйе біліктілік деңгейі, разряды бірдей болған жағдайда еңбекақы төлеу қорының бөлінуін мүлдем өзгертеді. Кейбір жұмысшылардың жалақысы көбейуі мүмкін, екіншісінікі азайуы мүмкін. Нәтижесінде тарифтік жүйемен салыстырғанда әлеуметтік әділеттілік қамтамасыз етіледі деп айтуға болады.

Еңбекақы төлеудің тарифтік емес жүйесінің үш түрі бар: ұжымдық, комиссиялық және өзгермелі коэффициенттер жүйесі.

Ұжымдық еңбекақы төлеу түрі, мұнда жалақы мөлшері кәсіпорынның барлық жұмысшыларының жұмыс сапасына байланысты болады. Бұл түрмен есептелген еңбекақы мөлшері жасалған жұмыс сағаттары мен жеке еңбек өнімділігіне байланысты.

Ұжымдық (бригадалық) еңбекақы ұйымның ұжымдық нысанында қолданылады, онда өндірістік үрдіс бірнеше жұмысшымен немесе бригадамен жүзеге асырылғанда және еңбектің толық бөлінісі жоқ және бірнеше мамандықтардың қызметтерін бірдей атқарғанда жүргізіледі. Ұжымдық жалақы жеке мөлшері арасында олардың қосқан үлестеріне байланысты бөлінеді.

Жеке жалақыны есептеудің бірнеше тәсілі бар. Ағымдық желілерде жалақы жеке баға мен соңғы операциядағы бригадамен шығарылған өнім көлеміне қатысты есептелінеді. Жеке баға шығарылымның бригадалық нормасы мен бір жұмысшының тарифтік ставкасы негізінде есептелінеді. Екінші бір тәсіл – жұмысшының жалақысы бригаданың жалпы жалақысының, жұмысшының біліктілік деңгейі мен оның жұмыс жасаған уақытының негізінде анықталады.

Жұмысшының бригада еңбегінің нәтижесіне қосқан жеке үлесін толықтай есепке алу үшін бригада мүшелерінің келісімімен еңбекке қатысу коэффициенті қолданылуы мүмкін.

Еңбекке қатысу коэффициенті (ЕҚК) бригаданың әр жұмысшысының қосқан еңбегін бағалаудың жалпылама сипаттамасы, ол жеке еңбек өнімділігіне және жұмыс сапасына, күрделі жұмыстарды орындауына, қызмет көрсету аймақтарының арытуына, бригаданың басқа жұмысшыларының жұмысына көмек көрсетуге, еңбек және өндірістік тәртіпті сақтауға байланысты. Бұл коэффициент арқылы кесімді жалақы, сыйақы, персоналды жұмыстан босату нәтижесінде алынған жалақы қоры бойынша үнемдеуді бөлу үшін қажет. Еңбекке қатысу коэффициентін анықтау және қолдану тәртібі бригаданың жалпы жиналысымен анықталады және кәсіподақ ұйымдарымен келісе отырып, кәсіпорын басшысымен бекітіледі.

Қызметкердің жалақысының мөлшері толықтай оның өнімділігіне байланысты болатын тарифтік емес жүйе түрін комиссиялық еңбекақы төлеу түрі деп атайды.

Жалақының жалпы қоры мен жеке біліктілік коэффициентіне қатысты жүйе түрі өзгермелі коэффициенттер жүйесі деп аталады. Көбінесе басқарушы буындағы қызметкерлер үшін қолданылады.

Еңбекақы төлеудің тарифтік емес жүйесінің бірнеше артықшылықтары:

– бүкіл команданың мотивациясы жоғары болады. Жалақының өсуі компания кірісінің өсуіне тікелей пропорционалды. Бұл бүкіл ұжымды орындалатын жұмыстың сапасын, жоғары өнімділікті және түпкілікті нәтижені жақсартуға ынталандырады;

– жұмыс беруші еңбекақы төлеудің тарифтік емес жүйесін қолдануға мүдделі болады. Басшылық алдын-ала құрылған жалақы қорын пайдаланады, бұл жалақы беру уақытын кешіктірмеу және теріс баланс тәуекелдерін азайтады;

– инфляциялық қаржылық тұрақтылық. Инфляцияның өсуіне байланысты кәсіпорынның өнімдері мен қызметтерінің құны артады, бұл жалақының өсуіне әсер етеді;

– жалақы жеңіл есептеледі. Нақты критерийлер, ақы төлеудің ашық үлгісі бухгалтерия жұмысын жеңілдетеді және қарапайым қызметкерлер үшін де түсінікті болады;

– тарифтік ставкаларды теңестіруге жол бермейді. Әр түрлі маңызы бар жұмыс үшін ақы төлеуді саралауға мүмкіндік береді, ал ол өз алдына жұмыс тиімділігін арттырады;

– қызметкердің біліктілігін үнемі жоғарлату мүмкіндігі. Кәсіпорынның тиімділігі жұмысшылардың біліктілігіне тікелей байланысты. Қызметкер өзінің кәсіби деңгейін арттыруға мүдделі болады, өйткені оның табысы біліктілігіне байланысты артады.

Сонымен қатар, еңбекақы төлеудің тарифтік емес жүйесінің кемшіліктері де бар:

– нақты қызметкердің жалақысын есептеу кезіндегі субъективтік сәт. Бұл жүйе бойынша жалақы жалақының жалпы қорын, біліктілігін, атқаратын

лауазымын, жұмыс істеген уақытын ескеретін кешенді формула бойынша есептеледі. Бірақ тәжірибеде көбінесе аналитикалық талдау арқылы іске асырылады, яғни оған қызметкер мен басқарушы буын арасындағы жеке қатынастар әсер етуі мүмкін;

– тұрақтылықтың жеткіліксіз деңгейі. Жалақының жалпы қоры бүкіл ұжымның нәтижесіне байланысты болғандықтан, жеке қызметкер болашақ жалақысын болжай алмайды. Бұл айтарлықтай психологиялық қолайсыздықты тудырады;

– ұжымдық жауапкершілік. Кез келген кәсіпорында жалпы еңбек өнімділігін төмендететін жұмысшылар бар, бұл ұжымның жалақы қорына әсер етеді және әріптестер арасындағы қақтығыстарға әкелуі мүмкін;

– бұл жүйені ірі кәсіпорындарда енгізу өте күрделі. Қызметкерлер санының көп болуы, әр жұмыс орынды бағалауды қиындатады. Бұл сонымен қатар бухгалтерлік есеп жүргізуді және кадр саясатын жүргізуді қиындатады;

– пайданың өсуі әрдайым қызметкердің жұмысына байланысты емес. Өндіріс пайдасы тек ұжымның тиімді жұмысына ғана байланысты емес, сонымен қатар сыртқы факторларға да байланысты болады. Жалақы қорының қалыптасуына әсер ететін факторлар: өнімді сату, өткізу нарығындағы бәсекелестік, көрсетілетін қызметтерге деген сұраныс және т.б. факторлар.

Еңбекақы төлеудің тарифтік емес жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтағаннан кейін, осы жүйені кәсіпорында қолданудың тиімділігін басшылық анықтайды.

6.3 Өнеркәсіпте қолданылатын еңбекақы төлеу жүйелері мен нысандары

Өнеркәсіптік кәсіпорындарда еңбекақы төлеудің екі нысаны қолданылады: кесімді және мерзімді, әрқайсысы өз алдына бірнеше нысандарға бөлінеді (сурет 3).

Кесімді еңбекақы төлеу нысаны кеңінен қолданылады. Ол қызметкерлерде еңбек нәтижесіне, оның өнімділігіне деген материалдық жағынан қызығушылық тудырады, қызметкер біліктілігін жоғарлатуды ынталандырады, жұмыс уақыты мен қондырғыны толықтай пайдалануға жағдай жасайды.

Еңбекақы төлеудің кесімді нысаны төмендегі жағдайларда тиімді болып табылады:

- шығарылымның натуралды өлшемдердегі сандық көрсеткіштері мен еңбек нәтижелерін дәл есепке алу мүмкіншілігі болған жағдайда;

- еңбекті нормалаудың ғылыми түсініктемесі болған жағдайда;

- технологиялық үрдісті бұзбай нормалардың артығымен орындалуы үшін мүмкіншіліктер құрылған жағдайда;

- тоқтап қалуларды болдырмайтын жұмыс орындарына қызмет көрсетуді нақты ұйымдастырған жағдайда;

- өндіріске сапалы және уақытында техникалық жағынан дайындық жүргізілсе.

Кәсіпорын алдында тұрған техника-ұйымдастырушылық жағдайлар мен міндеттердің ерекшеліктеріне байланысты кесімді нысанның бірнеше жүйесі қолданылады: жеке кесімді, кесімді-прогрессивті, кесімді-сыйақылы, жанама кесімді, аккордтық кесімді.



Сурет 3 – Еңбекақы төлеу жүйелері мен нысандары

Жеке кесімді нысаны жалақы өндірілген (орындалған) өнім (жұмыс) көлеміне қатысты анықталады. Оны есептеуде өндірілген өнім көлемі мен оның бірлігіне бекітілген кесімді баға, ал ол жұмыстың сәйкес разрядындағы тарифтік ставка мен уақыт нормасына немесе шығарылым нормасына байланысты анықталады

$$E_{A_k} = B_k \times Q_{\text{өнд}} , \quad (6.4)$$

мұндағы E_{A_k} – жұмысшының еңбекақысы, теңге;
 B_k – өнім бірлігіне шаққандағы кесімді баға, теңге;
 $Q_{\text{өнд}}$ – өндірілген өнім көлемі.

Өнім бірлігіне шаққандағы кесімді баға келесідей анықталады

$$B_k = T_c \times N_y \quad \text{немесе} \quad B_k = T_c / N_{\text{шығ}}, \quad (6.5)$$

мұндағы T_c – жұмыс разрядына сәйкес келетін сағаттық тарифтік ставка;

N_y – уақыт нормасы, сағат;

$N_{\text{шығ}}$ – бір сағат ішіндегі шығарылым нормасы, дана/тонна.

Жаппай және ірі сериялы өндірісте кеңінен шығарылым нормасы, ал жеке және шағын сериялыда – уақыт нормасы қолданылады.

Жеке еңбекақы төлеу нысанын деталды еңбек бөлінісінде, яғни нақты операцияны орындағанда қолданған тиімді. Ол қарапайым, тиімді және барлығына да түсінікті.

Кесімді-прогрессивті нысан норма шегіне дайындалған өнімді тікелей кесімді баға бойынша төлеуді, ал нормадан артық өнімге – жоғарлатылған баға бойынша төлеуді қарастырады. Жоғарлату дәрежесі арнайы шкаламен реттеледі, онда бастапқы базаның артығымен орындалуына байланысты негізгі кесімді бағаның арыту пайызы көрсетіледі. Бастапқы база деп соңғы 3 ай ішінде нақты орындалған норма деңгейін атайды, ол бекітілгеннен төмен болмауы керек.

Бұл жүйе сирек қолданылады. Сонымен бірге өнім өндірісін арттыру жағдайында негізгі өндірістің «жеке» учаскелерінде ұзақ емес уақыт қолданылады.

Еңбекақы төлеудің кесімді-прогрессивті нысандағы жалақыны есептеу формуласы

$$E_{A_{\text{кп}}} = E_{A_{\text{к}}} + E_{A_{\text{к}}} (P_{\text{н}} - B_{\text{н}}) / P_{\text{н}} \times K_{\text{б}}, \quad (6.6)$$

мұндағы $E_{A_{\text{кп}}}$ – жұмысшының кесімді-прогрессивті жүйесі бойынша жалпы жалақы, теңге;

$E_{A_{\text{к}}}$ – жұмысшының тікелей кесімді бағалары бойынша кесімді жалақысы, теңге;

$P_{\text{н}}$ – шығарылым нормасының орындалу пайызы;

$B_{\text{н}}$ – шығарылым нормасының орындалу пайызымен көрсетілген прогрессивтілікті есептеу үшін қажетті бастапқы база;

$K_{\text{б}}$ – тікелей кесімді бағаның арыту коэффициенті.

Осы нысан оптималды пайдаланудың негізгі шарттарына жататындар:

- осы жүйемен төленетін жұмыстар шеңберін өздігімен (өздері) кеңейтуді болдырмау, тек нақты қажет жағдайда өндірістік учаскелерде пайдалану (өндірістің «жеке» орындарында);

- прогрессивті үстемақыны есептеудің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін әр жұмысшының нақты жұмыс жасаған уақытын дәл есепке алу керек;

- өнімнің өзіндік құнының жоғарлауын тудырмайтындай экономикалық түсініктеме болуы керек.

Кесімді-сыйақылы нысанында жұмысшының жалақысы нақты өндіріс көлеміне қатысты негізгі (тікелей) кесімді бағалары бойынша есептелген жалақыдан және өндірістік тапсырмаларды, сапа көрсеткіштерін орындау және артығымен орындаулары үшін есептелген сыйақыдан тұрады.

Кесімді-сыйақылы нысаны бойынша жалақы келесідей анықталады

$$E_{A_{kc}} = B \times Q_{\text{өнд}} \times (1 + (ca + K \times n) / 100), \quad (6.7)$$

- мұндағы $E_{A_{kc}}$ – жұмысшының кесімді-сыйақылы жүйесі бойынша еңбекақысы;
- B – белгілі өнім түріне белгіленген баға;
- $Q_{\text{өнд}}$ – натуралды түрде жалпы өндірілген өнім түрі;
- ca – % есебінде тарифтік ставкаға қатысты сыйақы мөлшері;
- K – көрсеткіштерді жоспардан артық орындауының әрбір пайызына қатысты сыйақы мөлшері, %;
- n – сыйақы төленетін көрсеткіштердің жоспардан тыс орындалу пайызы.

Еңбекақы төлеудің жанама-кесімді нысаны өнім өндірісімен айналыспайтын, бірақ өз еңбегімен негізгі жұмысшылардың еңбек нәтижелеріне әсерін тигізетін жұмысшылардың еңбек өнімділігін ынталандыру үшін қолданылады. Бұл жүйе бойынша қондырғы жөндеушілердің еңбегі, зауытшілік транспорттық, қондырғыға қызмет көрсетумен айналысатын жұмысшылар еңбегі төленуі мүмкін.

Негізгі жұмысшылардың еңбек өнімділігінің өсуіне жағдай туғызғанда жанама кесімді ақыны қолданған тиімді.

Жанама бағаны анықтау үшін жанама кесімді жүйе бойынша төленетін жұмысшының күндік тарифтік ставкасын оған бекітілген қызмет көрсету нормасына немесе қызмет көрсететін жұмысшылардың күндік шығарылым нормасына бөлінеді.

Еңбекақы төлеудің келесі түрі – аккордты еңбекақы нысаны, оның мәні: жұмысшыға немесе топқа нақты жұмыс көлеміне берілетін жалақының көлемімен байланысты болады.

Жалақының мерзімдік нысаны бойынша жұмыс жасаған уақыты есепке алынады, және жұмсалған уақыты мен біліктілік деңгейіне байланысты болады. Қызметкерлерге жалақысының тарифтік ставкасына сәйкес немесе нақты жұмыс жасаған уақытына бекітілген ақы бойынша есептеледі. Оны кеңінен қолданатын жағдайлары: еңбекті деталды түрде нормалау мен есепке алу экономикалық жағынан тиімсіз болса, шығарылым қабылданған технологиялық тәртіп бойынша анықталады, бастысы - өнімнің жоғары сапасы болған жағдайда ғана қолданылады.

Мерзімдік ақының екі түрі бар – қарапайым және мерзімді-сыйақылы. Қарапайым мерзімді жүйесі бойынша жалақы біліктілік деңгейін ескеру арқылы жұмыс жасаған уақытына төленеді. Жалақы мамандар мен қызметкерлерге – лауазымдық жалақы, ал жұмысшыларға – тарифтік ставкаға қатысты есептелінеді.

Еңбекақы төлеудің қарапайым мерзімді нысанының түрлері: сағаттық, күндік және айлық болып бөлінеді

$$E_{A_{MK}} = T_c \times ЖҚ, \quad (6.8)$$

- мұндағы $E_{A_{MK}}$ – нақты кезең ішіндегі жұмысшының қарапайым-мерзімді жүйесі бойынша еңбекақысы;
- T_c – уақыт бірлігіндегі разрядтың тарифтік ставкасы (сағаттағы, айдағы), теңге;
- $ЖҚ$ – жасалған нақты жұмыс қоры (күн, сағат).

Еңбекақы төлеудің мерзімді-сыйақылы нысанында қызметкерге лауазымдық жалақыға және тарифтік жалақыға нақты сандық және сапалық көрсеткіштерге жетуі үшін сыйақы қосады. Бұл жүйе еңбек сапасын және көлемін жоғарлатуды материалдық жағынан қызықтырады

$$E_{A_{MC}} = t \times T(1 + (ca + K \times n) / 100), \quad (6.9)$$

- мұндағы t – ай ішіндегі нақты жұмыс жасалған уақыт саны, адам/сағат;
- T – уақыт бірлігіндегі разрядқа сәйкес тарифтік ставка, теңге/сағат.

Қазіргі жағдайда кәсіпорын өзінің кадр саясатына сәйкес қандай жүйені және жүйенің қай нысанын қолданатынын өзі шешеді. Сәйкесінше, әр кәсіпорынның мақсатына сәйкес еңбекақы төлеу жүйесі де әр түрлі болуы мүмкін.

Жұмысқа жаңадан қабылданған кезде басшылықпен жасаған іскерлік сұхбатта айтылған еңбекақы мөлшерін қолыңызға толықтай ала алмайтыныңыз анық. Еңбекақы мен негізгі жалақы бірдей түсінік емес. Өз жұмысыңызда өз міндеттеріңізді орындай отырып, сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет пайдасына белгілі бір аударымдар шегерілуге жататын кірістер аласыз. Міне, сондықтан сіздің еңбек келісім-шартыңызда бір сома жазылып, жалақыңызды есептеген кезде сіз жарияланғаннан аз соманы алатын жағдай туындауы мүмкін.

Жалақы - бұл еңбек келісімшартында белгіленген тұрақты сома. Осы сомадан барлық қажетті ұстап қалулар жасалады, нәтижесінде сіз «таза» жалақы немесе «қолдағы» жалақы деп аталатын жалақы аласыз.

Ай сайын көптеген қызметкерлер жалақысынан екі ұсталым жасалады: міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және жеке табыс салығы (ЖТС).

«Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 25-бабына сәйкес, қызметкерлер кірістерінің (жалақысының) 10% мөлшерінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жарналар аударуға міндетті. Алайда міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін мүмкін болатын ең жоғары кіріс түрінде шектеулер бар, бұл 50 ең төменгі жалақы мөлшеріне тең (2020 жылы 2 125 000 теңге).

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексінің) 158-бабында да МЗЖ есептеу кезінде осындай ставка бекітілген, яғни табыстың 10%-ы мөлшерінде қолданылады, бірақ қызметкердің пайдасына шешілетін кейбір айырмашылықтар бар. Салық кодексінде табыс салығы салынбайтын сома белгіленген, 1 ең төменгі жалақы мөлшерінде (2020 жылға арналған 42 500 теңге) сома қарастырылған, жыл сайын жоғарға қарай өзгеріп отырады.

Сонымен қатар, кірістен төленетін МЗЖ және ЖТС-тан басқа әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар төленеді. Мұндай ұсталымдар қызметкердің жалақысында көрінбейді, оны жұмыс беруші әр қызметкер үшін өз бюджетінен төлейді.

2017 жылдан бастап Қазақстанның денсаулық сақтау саласында жаңа реформа жұмыс істейді, ол міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) түрінде іске қосылды, ол сонымен қатар жұмыс берушіден де, қызметкерден де ұстап қалуларды қамтиды:

- 2018 жылдан бастап жұмыс беруші - әрбір қызметкер үшін жалақының 1,5%, 2020 жылдан бастап - 2% аударды.

- 2020 жылдан бастап қызметкерлердің жалақысынан - жалақының 1% -ы, 2021 жылдан бастап - 2% аударылады.

Есеп 6.2

Мысалы, қызметкердің келісім шартта көрсетілген жалақысы 120 000 теңге құрайды, қараша айында қолына алатын жалақысы қандай?

- МЗЖ = $120\,000 \times 0,1 = 12\,000$ теңге

- ЖТС = $(120\,000 - 12\,000 - 42\,500) \times 0,1 = 6\,550$ теңге

- МӘМС (қызметкермен) = $1\% (120\,000) = 1\,200$ теңге

Осы аударымдарды шегергенде қолға алатын еңбекақы 100250 теңгені құрайды.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Еңбекақы төлеудің кесімді нысаны арқылы еңбекақы төлеу сипаты неге тән болады:
 - A) жасалған (өңделген) өнім көлеміне;
 - B) жұмыс жасалған уақыт санына;
 - C) көрсетілген қызмет көлеміне;
 - D) лауазымдық жалақыға;

- Е) бригадалық тәртіпке.
- 2 Еңбек ақы төлеудің тарифтік жүйесінің құрамына енетіндер (бірнеше жауапты белгілеңіздер):
- А) тарифтік ставка;
 - В) тарифтік ставкалар, жұмысшылар мамандығының тарифті-біліктілік анықтамасы, лауазымдардың біліктілік анықтамасы; тарифтік тор (ТТ);
 - С) тарифті-біліктілік анықтама, тарифтік тор;
 - Д) тарифтік ставкалар, лауазымдық жалақы;
 - Е) лауазымдық жалақы, сыйақы шарттары, тарифті-біліктілік анықтама.
- 3 Жұмысшының еңбегі өндірілген өнім бірлігінің қайта бағалануы бойынша төленеді:
- А) жанама-кесімді жүйе бойынша;
 - В) аккордтық жүйе бойынша;
 - С) сағат бойынша;
 - Д) қарапайым кесімді еңбекақы төлеу бойынша;
 - Е) күн бойынша.
- 4 Жұмыс жасаған уақыты есепке алынады, жұмсалған уақыты мен біліктілік деңгейіне байланысты еңбекақы төлеу нысаны:
- А) мерзімді;
 - В) аккордты еңбекақы төлеу;
 - С) ұжымдық кесімді;
 - Д) кесімді-сыйақылы;
 - Е) кесімді-прогрессивті.
- 5 Жұмысшы жалақысы оларға қызмет көрсететін кесімді жұмысшылардың еңбек нәтижесіне тікелей байланысты болады:
- А) қарапайым кесімді ақы;
 - В) жанама-кесімді;
 - С) аккордтық;
 - Д) кесімді-прогрессивті;
 - Е) лауазымдық жалақы.
- 6 Еңбекті және еңбекақыны төлеуді дұрыс ұйымдастыру негізі:
- А) бақылау;
 - В) еңбекті нормалау;
 - С) өндірісті ұйымдастыру;
 - Д) еңбекақы төлеу;
 - Е) ұйымдық құрылым.
- 7 Сыйақы – бұл:

- A) жұмыстың күрделілігіне, сандық, сапалық негіздеріне байланысты көтермелеу;
- B) жұмыскерлердің қол жеткізген табыстарына байланысты төлем және олардың әрі қарай өсуіне жағдай жасау;
- C) жұмыс жағдайы мен тәртібіне байланысты ақшалай төлем;
- D) жұмысты атқару барысындағы жұмсалған шығын көлеміне байланысты ақшалай төлемі;
- E) адамдардың өмірі үшін, материалдық рухани және басқа да құндылықтарғы бағытталған төлем.

8 Есептеу кезеңі – бұл:

- A) 12 күнтізбелік айдың жалғасымдылық кезеңі;
- B) нақты жұмыс атқарылған кезең;
- C) жұмыскердің еңбек міндеттемелерін орындау мерзімі;
- D) 12 күнтізбелік айдың жалғасымдылығы немесе нақты жұмыс атқарылған кезеңі;
- E) жұмыскердің еңбек міндеттемелерін орындаудағы физикалық тұлға ретіндегі әрекеттеріне кәсіпкермен заңды тұлға білімінсіз араласудағы өзгерістер.

9 Біртекті тарифті-біліктілік анықтама – бұл:

- A) мамандар мен басшылардың кәсіби біліктілік анықтамасы, басқару персоналдарын күрделілікке, біліктілік деңгейіне, міндеттер шешіліміне қарай реттеу;
- B) жазбаша келісім шарт түріндегі құқықтық акт;
- C) жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы екі жақты келісім, жұмыскер өз мамандығы бойынша жұмыс атқарады және жұмыс беруші актілеріне сәйкес;
- D) ел экономикасында кәсіби жұмыстар тізімінің жүйесі;
- E) түрлі топтағы еңбекақы төлем деңгейі реттелетін, күрделілікке қатысты әрекеттердің нормативтер жиынтығы.

10 Еңбекақы төлемінің қызметі:

- A) өндірістік және ынталандырушылық;
- B) көтермелеу және әлеуметтік;
- C) реттеу және бөлу;
- D) бөлу және көтермелеу;
- E) реттеу, көтермелеу, әлеуметтік, бөлу, өндірістік.

11 Еңбекақы төлеудің ____ кесімді нысаны жалақы өндірілген (орындалған) өнім (жұмыс) көлеміне қатысты анықталады.

- A) аккордтық;
- B) жеке;
- C) ұжымдық;

- D) сыйақылы;
E) прогрессивті.
- 12 Тұжырым дұрыс па: Жалақының мерзімдік нысаны бойынша жұмыс жасаған уақыты есепке алынады, және жұмсалған уақыты мен біліктілік деңгейіне байланысты болады.
- A) Дұрыс;
B) Дұрыс емес;
C) Жауап бере алмаймын;
- 13 Орындалатын жұмыстарды күрделілік және жұмыскерлерді біліктілік белгісі бойынша саралауды көздейтін тарифтік разрядтар мен тарифтік коэффициенттер жиынтығы – бұл не?
- A) тарифтік ставка;
B) тарифтік кесте;
C) тарифтік анықтама;
D) тарифті-біліктілік анықтама;
E) дұрыс жауап жоқ.
- 14 Разрядтардың тым көп болуы, сонымен бірге олардың арасындағы өзгешеліктердің де өте аз болуы – бұл
- A) тарифтік емес жүйенің кемшілігі;
B) тарифтік жүйенің артықшылығы;
C) тарифтік жүйенің кемшілігі;
D) тарифтік емес жүйенің артықшылығы;
E) дұрыс жауап жоқ.
- 15 Тұжырым дұрыс па: Тарифтік разрядтар – қызметкердің біліктілік деңгейін сипаттайды және орындайтын жұмыстың күрделілігі, дәлдігі мен жауапкершілігіне байланысты болады.
- A) дұрыс;
B) дұрыс емес.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысына қандай факторлар әсер етеді?
- 2) Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуді ұйымдастырудағы негізін қалаушы элементтер қандай?
- 3) Еңбекақы төлеудің негізгі атқаратын қызметтерін атаңыздар.
- 4) Еңбекақы төлеуді ұйымдастыру қағидалары қандай?
- 5) Еңбекақы төлеудің тарифтік жүйесінің мәнін сипаттаңыздар, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыздар.

- 6) Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтама дегеніміз не? Қандай элементтерден тұрады?
- 7) Еңбекақы төлеудің тарифтік емес жүйесінің мәнін сипаттаңыз, оның кемшіліктері мен артықшылықтарын көрсетіңіздер. Осы жүйені қандай кәсіпорындарда және қызметкерлердің қандай санаттары үшін қолданған дұрыс?
- 8) Еңбекақы төлеудің тарифтік жүйесіне жататын нысандарды атап, сипаттама беріңіздер.
- 9) Еңбекақы төлеудің кесімді нысанының түрлеріне сипаттама беріңіздер.
- 10) Еңбекақы төлеудің мерзімді нысанының түрлеріне сипаттама беріңіздер.
- 11) Кәсіпорынның экономистіне (немесе қаржы-экономика бөлімінің қызметкері) еңбекақысын төлеудің қай жүйесі мен қай нысанын қолданған дұрыс деп ойлайсыз? Өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.
- 12) Еңбекақы төлеудің кесімді және мерзімді нысанының кемшіліктерін атаңыздар.
- 13) Еңбекақы төлеудің кесімді нысанының артықшылықтарын көрсетіңіздер.
- 14) Кәсіпорындағы еңбекақы төлеу қорының қалыптасуын қарастырыңыздар.
- 15) Тәжірибеде еңбекақы төлеудің қандай жүйесі мен қандай нысандары қолданылады? Тәжірибеден мысалдар келтіріңіздер.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

Есеп 6.3

Келесі мәліметтер бойынша кәсіпорынның еңбек өнімділігін, оның жоспарланған өсімін, осы өсімнің өндірілген өнім көлеміндегі үлестік салмағын және еңбек өнімділігі өсімі мен орташа еңбекақы арасындағы жоспарланған арақатынасты анықтау керек. Жоспар бойынша 1 теңге өнімге төленетін еңбекақы төлеу нормативі 0,22 теңге құрайды.

Көрсеткіштер	есепті	жоспар
Тауарлы өнім көлемі, мың теңге	66450	75600
Еңбекақы төлеу қоры, мың теңге	22600	
Өнеркәсіптік өндірістік персонал саны, адам	6200	6350

Есеп 6.4

Тігін фабрикасындағы жұмысшының жұмыс істеген уақыты үшін орташа жалақысын және жұмыс жасамаған уақыты үшін компенсациясын есептеңіздер. Жұмысшы зауытқа 2018 жылдың 7 қаңтарында қабылданды, және сол жылы 20 маусымда жұмыстан шығарылды, осы уақыт аралығында оның жалпы табысы 680 мың теңгені құрады.

7 КӘСІПОРЫНДАҒЫ ЖОСПАРЛАУ


7.1 Жоспарлау: түсінігі мен түрлері, қағидалары мен тәсілдері

7.2 Жоспарлау әдістері

7.3 Кәсіпорындағы бизнес-жоспар

7.1 Жоспарлау және оның даму кезеңдері

Жоспарлау – ұйымның тиімді әрекет етуін және дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзара байланысты шешімдер жиынтығын қабылдау, стратегияларды тәжірибе жүзінде іске асыру үрдісі (сурет 1).



Сурет 1 – Жоспарлау түсінігі

Жоспар – бұл ресми құжат, онда бірнеше жағдайлар ескеріледі: ұйымның болашақтағы дамуының болжамы, аралық және соңғы мақсаттар мен міндеттер, реттеуші механизм, ресурстарды бөлу басымдықтары, төтенше жағдайлар кезіндегі стратегия (сурет 2).

Жоспар ресми құжат

Ұйымның болашақтағы дамуының болжамы

Аралық және соңғы мақсаттар мен міндеттер

Реттеуші механизм


Ресурстарды бөлу басымдықтары

Төтенше жағдайлар кезіндегі стратегия

Сурет 2 – Жоспар қамтитын жағдайлар

Жоспарлы шешімдер алдағы кезеңдегі мақсаттар мен міндеттерді қарастыру, стратегияларды жасау, ресурстарды бөлу және қайта бөлу, қызмет стандарттарын анықтаумен байланысты. Осындай шешімдерді дайындау және қабылдау – бұл жоспарлау үрдісінің кең көлемді түсінігі. Ал қарапайым түрде жоспарлау – қабылданған шешімдерді іске асырудағы ұйымның нақты әрекеттерін анықтайтын арнайы құжаттарды жоспарлауды құру болып табылады.

Жоспарлаудың бірнеше түрін қарастыруға болады (сурет 3).



Сурет 3 – Жоспарлардың топтастырылуы

Біріншіден, мақсат-жоспарлары, кәсіпорынның және оның жеке бөлімшелерінің болашақта күтілетін жағдайының сандық және сапалық сипаттамаларының жиынтығын қамтиды. Мұндай мақсаттар келісіледі және бөлінеді, бірақ ешқашанда іске асырылудың нақты әдістерімен, оған қажетті ресурстармен байланыстырылмайды. Мақсат-жоспарлары болашақтағы нақты жағдайдың белгісіздігі немесе ұзақ мерзімде қолданылуымен сипатталады.

Екіншіден, қайталанатын әрекеттерге арналған жоспарлар, стандартты жағдайларда іске асырылу тәртібі, оның мерзімі алдын-ала көрсетіледі. Оның мысалы ретінде темір жол кестесін қарастыруға болады. Мұндай жоспарларда ашық, белгіленбеген жерлер қарастырылады, олар күтілмеген жағдайлар туындағанда кестені түзету еркіндігін қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, қайталанбайтын әрекеттерге арналған жоспарлар, кәсіпорынның әрекет етуі мен даму үрдісінде пайда болатын ерекше мәселелерді шешу үшін құрылады. Мұндай жоспарлар бағдарламалар, ресурстардың түсу және бөлу бюджеті ретінде болуы мүмкін.

Орындалу мерзімі бойынша жоспарлар ұзақ мерзімді (5 жылдан жоғары), негізінен мақсаттар-жоспарына қатысты және орта мерзімді (1 жыл – 5 жыл) болып бөлінеді. Олар түрлі бағдарламалар, бюджеттер, тармақты графиктер түрінде болады. Қысқа мерзімді жоспарлар түрі оперативті болып табылады, олар бір сменадан бір жылға дейінгі мерзімде құрылады.

Қазіргі кезде жоспарлауға көптеген талаптар қойылады, олар жоспарлау қағидалары деп аталады, яғни жоспарлауды іске асыру үрдісінде міндетті түрде ескерілетін ережелер (сурет 4).



Сурет 4 – Жоспарлау қағидалары

Қазіргі замандағы негізгі қағидаларының бірі – жоспарды құрудың ең бастапқы кезеңіндегі жұмыстарға көптеген қызметкерлерді қатыстыру.

Шаруашылық әрекеттің үздіксіздігі жоспарлаудан тек бір ғана рет жүргізілетін әрекет емес, күнделікті қайталанатын үрдіс болуын талап етеді. Оның негізінде барлық ағымдық жоспарлар өткен жылдардағы жоспарлардың орындалуын ескеру арқылы жасалады, сонымен қатар болашақта жоспарлар құрудың негізі болып табылады.

Тиімді жоспарлау икемділікті талап етеді. Бұл қағида өзгерген жағдайға сәйкес алдыңғы кезеңде қабылданған жоспарлы шешімдерді кез-келген кезеңде қарастыру мүмкіндігімен сипатталады.

Ұйымның жеке бөліктерінің бірлігі мен өзара байланыстылығы оның жоспарларының бірлестіру және интеграция түрінде келісілуін талап етеді. Бірлестіру бір деңгей бөлімшелерінің арасында «көлденең» түрде іске асырылады, ал интеграция – жоғары және төменгі деңгейлердің арасында «тігінен» жүргізіледі.

Жоспарлау үнемді болуы керек. Ол эффектіні, яғни жоспарды орындаудан және оны құрудағы шығындардан түсетін пайданы арттыру есебінен қамтамасыз етіледі.

Жоспарлау жоспарды орындау үшін қажетті жағдайларды жасаумен қамтылуы керек.

Ұйымның экономикалық мүмкіншіліктеріне байланысты жоспарды құруда үш тәсіл қолданылуы мүмкін. Егер оның ресурстары шектеулі және болашақта ресурстардың жаңа түрлерінің пайда болуы қарастырылмаса, жоспарлар тек сол ресурстардың негізінде ғана құрылады және қабылданғаннан кейін ол қайта қаралмайды, оған түзетулер енгізілмейді. Мұндай тәсіл мақсаты – тек нарықта қалай болса да әрекет ету болып табылатын шағын кәсіпорындармен кеңінен қолданылады.

Пайдасы жоғары, ірі ұйымдар жаңа мүмкіншіліктерге икемделе отыра және оларды пайдалану үшін қосымша қаражаттарды тарту арқылы жоспарларын өзгерте алады. Сонымен, жасалған жоспарлар жағдайға байланысты өзгертіліп, оларға түзетулер енгізіледі.

Иелігіндегі ресурстар көлемі көп ұйымдар жоспарларды ресурстардың негізінде емес, мақсаттардың негізінде оңтайландырады. Егер жоба пайдалы деп күтілсе, оған қаржылар көп көлемде жұмсалады.


Жалпы түрдегі жоспарлау алгоритмі үш кезеңнен тұрады (сурет 5):

1. Ағымдағы жағдайды анықтау және оны талдау. Стратегияның негізінде STEP және SWOT - талдау стандартты құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асады. Бұл талдаулардың негізінде осы кезеңде кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтары анықталады.

2. Мақсатты таңдау. Стратегиясының негізінде кәсіпорын өз «мақсатын айқындайды. Бұл кезеңнің міндеті - сыртқы ортаның қауіптілігі мен мүмкіндігін зерттеп, міндеттерді айқындау.

3. Мақсатқа жету тәсілдерін анықтау. Бұл кезеңнің міндеті мақсатты тәсілдер мен құралдарды анықтап, тиімді жолдарын таңдау.

Жоспарлау - бұл бірнеше кезеңнен тұратын күрделі процесс ретінде көрсетуге болады:




5 сурет – Жоспарлау процесі

Тұрақты жоспарлау қажеттілігі сыртқы ортаның тұрақты өзгерісімен түсіндіріледі. Ал бұл дегеніміз, жоспарды өткізу процесінде оны түзету керек, мақсаты мен міндетін анықтау қажет. Ал жоспарды соңғы рет жасағаннан кейін берілген мақсаттан ауытқу себептерін анықтап, оны қайтадан түзету керек.

7.2 Жоспарлау әдістері

Жоспарлау негізгі мақсаты – мүмкін болғанша берілген шарттарды негізге ала отыра, ұйым алдындағы міндеттерді оптималды түрде шешу. Бұл барлық жағдайда мүмкін емес, бірақ оған ұмтылу керек.

Мұндай шешімді іздестіру интеграция әдісімен, яғни бір нұсқадан екіншіге, яғни алдыңғысынан жақсы нұсқаға тізбектей ауысу арқылы іске асады. Ол жоспарлаудың баланстық, нормативті және математика-статистикалық әдістері арқылы жүргізіледі (6 сурет).



6 сурет – Жоспарлау әдістері


Баланстық әдіс баланстар жүйесін құру арқылы іске асырылады – материалды-заттық, құндық және еңбек.

Баланстар екі жақты бюджеттік кестеден тұрады, сол жағында – ресурстар көздері, ал оң жағында – оның бөлінуі көрсетіледі.

Баланс негізінде баланстық теңдік қаралады, оның мәні мынада: кезең басындағы ресурстар қалдығы мен олардың ішкі және сыртқы көздерден түсетін көлемінің қосындысы олардың шығындары (ағымдағы пайдаланылуы мен сыртқа сатуы) мен кезең соңындағы қалдықтары қосындысына тең болады.

Жоспарлауда табиғи-заттық баланстармен бірге құндық баланстар кеңінен қолданылады. Бұл бірнеше жағдайлармен түсіндіріледі. Біріншіден, көптеген ұйымдар нарықтық қатынастар субъектілері болып табылады, олар өз қаражаттарына тиімді қызмет ету үшін қажетті материалдар мен ресурстарды сатып алады және өз өнімдері мен қызметтерінің негізгі бөлігін сатады. Сонымен, көп жағдайда ресурстар мен дайын өнім қозғалысы әмбебап ақшалай көрініске ие болады, ал ол жоспарды жасау үшін өте ыңғайлы. Ел көлемінде жыл сайын мемлекеттік бюджет қаралады, ол үкімет табыстары мен шығындарын көрсетеді.

Екіншіден, кейбір ресурстар, мысалы, қаржы ресурстары тек ақшалай бірлікте есептеледі. Үшіншіден, ресурстар мен өнім ағындарын сипаттайтын жалпы көрсеткіштер тек ақшалай түрде болады, өйткені бір литр сүт пен бір килограмм майды табиғи көрсеткіштер арқылы қосу мүмкін емес. Құндық баланстар мысалына ұйымның бухгалтерлік, қаржылық жоспарлары жатады (7 сурет).



7 сурет – Баланстар түрлері

Еңбек баланстары да мазмұны бойынша түрлі болады, мысалы, жұмыс уақытының балансы. Ол бір жағынан ұйым иеленетін соңғы кезеңдегі ресурстарды (көбіне норма-сағатпен), ал екінші жағынан – осы уақытты түрлі жұмыстар бойынша бөлуді сипаттайды.

Сонымен қатар, ресурстар мен олардың бөлінуі арасындағы теңдікті қамтамасыз ету баланс құрудағы ең басты мақсат емес. Мұндағы ең басты рөл – ұйымның тиімді қызметін қамтамасыз ететін оптималды құрылымына қол жеткізу болып табылады (8 сурет).

Баланстық әдістер – бюджеттік кесте арқылы ұйымдағы ресурстар мен қажеттіліктердің байланыстылығы



8 сурет – Жоспарлаудың баланстық және бюджеттік әдістері

Баланстық әдіс ұйым иеленетін ресурстар мен жоспарлы кезең ішіндегі оған деген қажеттіліктер арасындағы өзара байланысқа негізделеді. Егер

қажеттіліктермен салыстырғанда ресурстар жеткіліксіз болса, дефицитті жабуға мүмкіндік беретін қосымша көздерді іздестіру жүргізіледі. Қажетті ресурстарды сырттан тартуға және өз шаруашылығын рационализациялау арқылы өзі табуы мүмкін.

Баланста ресурстар көбіне негізгі жабдықтаушылары көрсетіледі, ол олардың қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді. Ал олардың бөлінуі өндірістік тапсырмаларды, экспорт бойынша міндеттемелерді орындау үшін, ұйым дамуына байланысты бағдарламаларды іске асыруға бағытталады.

Ресурстар дефицитінің мәселесін шешу мүмкін болған жағдайда оның пайдалану көлемінің төмендеуіне әкеледі. Бұл оның рационализациялануының негізінде және соңғы нәтижелерді төмендету арқылы пайдалануды қысқартуы мүмкін. Егер ресурстар артығымен болса, кері мәселе шешіледі – оларды кеңінен пайдалану немесе артығынан құтылу қарастырылады, өйткені ресурстарды сақтау үшін көп қаржы қажет етіледі.

Жоспарлаудың келесі бір әдісі – нормативті әдіс. Жоспарлауда қолданылатын нормалар табиғи, құндық және уақыттық болуы мүмкін (9 сурет).



9 сурет – Жоспарлаудың нормативті әдістері


Оның негізі мынада: белгілі кезеңдегі жоспарлы тапсырмалардың негізіне (сәйкесінше, баланс негізіне) өнім бірлігіне шаққандағы түрлі ресурстардың (шикізат, материалдар, қондырғылар, жұмыс уақыты, ақша қаржылары) шығын нормалары алынады.

Табиғи нормалар өнім бірлігінің өндірісі үшін материалдық ресурстар (шикізат, материалдар, энергия және т.б.) шығындарына қатысты. Құндық нормалардың сипаттамалары:

- ақшалай эквивалентпен бағаланатын ресурстар шығыны;
- жалпылама түрде көрсетуге болмайтын шығындар (мысалы, амортизация);
- таза ақшалай шығындар, мысалы, өнім бірлігін дайындау үшін төлемақы.

Уақыт нормалары қандай-да бір жұмыстар мен оның жеке элементтерін орындаудағы шығындарды көрсетеді (қандай-да бір операцияларды жүргізуге қажетті оперативті уақыт нормалары; жұмыс орнына қызмет көрсету нормалары; дайындық-қорытынды уақыт нормалары және т.б.).

Нормативті әдіс көмегімен, мысалы, шикізатты сатып алуды жоспарлауға болады. Ол үшін өнім бірлігінің өндіріс шығын нормасын өндірілетін өнім бірлігінің көмегімен көбейту керек. Нормалаудың үш негізгі әдістері бар (10 сурет).



10 сурет – Нормалау әдістері

Жоспарлаудың математикалық-статистикалық әдістері түрлі үлгілер негізіндегі есептеулермен сипатталады (11 сурет).

Қарапайым үлгілерге статистикалық үлгілер жатады, олардың көмегімен ағымдағы салынған қаржылар мен белгіленген пайыздық ставкаларға негізделі отырып болашақ табыстарды жоспарлауға болады. Қаржылық жоспарлау саласында статистикалық әдістер кеңінен қолданылуда.



11 сурет – Жоспарлаудың математикалық-статистикалық әдістері

Сызықты программалау әдістері байланысқан айнымалы көрсеткіштер қатарының теңсіздіктері мен теңдіктер жүйесін шешу арқылы өзара байланыстылығындағы оптималды мөлшерді анықтауға мүмкіндік береді.

7.3 Кәсіпорындағы бизнес-жоспар

Бизнес-жоспардың негізгі бағыты – ең алдымен сізге стратегия әзірлеуге және оның дамуын жоспарлауға, сонымен қатар инвестиция тартуға көмектесу.

Бизнес-жоспар – компанияның қандай-да бір коммерциялық жобасын және тұтастай компания қызметін іске асыру жөніндегі қызметінің егжей-тегжейлі әзірленген бағдарламасы.

Егер сіз қайда бара жатқаныңызды білмесеңіз, адасып кеткеніңізді қалай түсінесіз? Жоспар емес, жоспарлау маңызды екенін есте сақтаңыз. Бизнес-жоспарлы құру барысында сіздің өз бизнесіңіздің кейбір шектерін - тіпті ең маңыздыларын өзгертуіңіз мүмкін. Нақты қаражат пен бағалы уақытты шығындағанша, қағазда қателік жіберген оңай. Жәй ғана іске асыру жеткіліксіз, табысқа қол жеткізу қажет. Бизнес-жоспарды әзірлеудің басты мақсаты— сіздің бизнесіңіздің табысқа жетуі [15].

Келесі факторлар бизнестің жетістігіне үлкен үлес қосады және жоспарлау процесін дәл осылар бағыттауы тиіс:

- бизнес тұжырымдамасы;
- нарықты түсіну;
- сіздің саланың даму үрдістері;
- айқын стратегиялық ұстаным;

- білікті басқару;
- қызметкерлерді тарту, ынталандыру және жұмысқа қызықтыру қабілеті;
- қаржылық бақылау;
- өзгерістерді алдын ала болжау және оларға бейімдеу;
- компанияның құндылықтары мен тұтастығы;
- жаһандық мүмкіндіктер мен үрдістерді есепке алу.

Қазіргі жағдайда бизнес-жоспар кәсіпкердің маңызды іскерлік құжаты. Бірде-бір компания мұқият ойластырылып, дұрыс ұсынылған бизнес-жоспарсыз мақсаттарды нақты қалыптастыра алмайды немесе қаржыландыра алмайды.

Бизнес-жоспардың құрамы, құрылымы және талдау кезінде келесі жағдайларды қарастыру керек:

- бизнестің стратегиялық мақсаты;
- бизнес түрінің жергілікті мақсаттары мен міндеттері;
- компанияның ерекшелігі мен көлемі;
- өткізу нарығының құраушылары мен олардың белсенділігі;
- бәсекелестердің жағдайы мен тәжірибелері;
- компанияның өсу перспективалары.

Сонымен, халықаралық тәжірибені қарастыра отыра, бизнес-жоспардың келесі бөлімдерін көрсетуге болады:

1. Түйіндеме
2. Бастапқы мәліметтері мен бизнес сипаттамасы
3. Нарық конъюнкurasын болжау
4. Маркетинг қызметін талдау
5. Бәсекелестерді талдау
6. Тауар (қызмет түрінің) сипаттамасы
7. Шағындарды есептеу
8. Өндіріс жоспарын жасау
9. Қаржыландыру көздерін анықтау
10. Өткізу нарығын талдау
11. Пайданы есептеу
12. Қаржы жоспары
13. Экономикалық, коммерциялық және әлеуметтік тиімділікті бағалау
14. Тәуекелдерді талдау және алдын алу шаралары

1. Түйіндеме. Бұл бөлімде бизнес-жоспардың болжамды нәтижелері мен қорытындылары сипатталады, өндіріс пен өнімнің ерекшелігі немесе жаңашылдығы анықталады. Қысқаша нұсқада сату көлемі, түсім, шығындар және пайда туралы және несиені қайтару мерзімі туралы мәліметтер беріледі. Мұндай қысқаша ақпарат өнімнің, фирманың қызметіне объективті баға беруге мүмкіндік береді. Бұл бөлім ең бірінші бөлім болып саналғанмен, соңында орындалады, өйткені толықтай бизнес-жоспардың қысқаша мазмұнын сипаттайды.

Түйіндеме – инвесторларды сіздің идеяңызбен алғаш таныстыратын жарнамалық бөлімі.

2. Бастапқы мәліметтері мен бизнес сипаттамасы. Сол бизнеске тән ерекшеліктері, орналасқан жері, аймақты қамту үлесі, пайдалану шарттары сипатталады. Мұндай деректер талдау мен есептеулер үшін қажет.

3. Нарық конъюнкurasын болжау. Бұл бөлімде макроэкономикалық процестердің қазіргі жағдайы және оларға баға беріледі. Негізгі мақсат нарықты, нарық конъюнкurasын, макроэкономикалық процестерін бағалау.

4. Маркетинг қызметін талдау. Маркетингтік жағдай, стратегияны жүзеге асыру бағдарламасы, тұтынушылар, бағалар, өткізу арналары сипатталады. Бұл бөлімде өнімді немесе қызметтерді жарнамалаудың тәсілдері, жаңа өнімді өткізу көлемінің болжамы, баға белгілеу және баға көрсеткіштері, нарықтың жағдайы, бағалардың өзгеруі, сыртқы және ішкі факторлар, жарнаманың тиімділігі талданады, компанияның күшті және әлсіз жақтарын, өндірістік мүмкіндіктері мен қауіптері туралы ақпараттар анықталады.

5. Бәсекелестерді талдау. Бұл бөлімде бәсекелестер сипатталады (олардың сату көлемдері, пайдалары, негізгі әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары, олардың өнімінің сапасы, бәсекелестердің баға саясаты талданады).

6. Тауар (қызмет түрінің) сипаттамасы. Өнімнің сипаттамасы (қызметтер): тауарлардың тұтынушылық қасиеттері, сапалық қасиеттері, олардың бәсекелестердің тауарларынан айырмашылығы, бәсекелестердің тауарларын, өнім өндірісінің бағалары мен шығындарын талдау қарастырылады.

7. Шығындарды есептеу. Шығындарды есепке ала отыра, талдау жасау, шығындарды азайту жолдары қарастырылады.

8. Өндіріс жоспарын жасау. Өндірістік процесс, өндірістік цикл сипаттамасы қарастырылады. Өндіріс процесінің жүргізілу тізбектері мен олардың ұзақтықтары, әр кезеңде қолданылатын ресурстар мен кететін шығындар көрсетіледі, бағаланады.

9. Қаржыландыру көздерін анықтау. Бұл бөлімде бизнесті іске асыруға қажетті қаржыландыру көлемі мен қаржыландыру көздері, оларды алудағы банк ставкалары мен қайтару мерзімі көрсетіледі.

10. Өткізу нарығын талдау. Бөлімде сала бойынша бизнес түрінің өсу қарқыны, өнімді сатып алатын тұтынушылар туралы ақпараттар талданады.

11. Пайданы есептеу. Өндірістің түрлерінің, жұмыстардың шығындары, бағасы, салық көлемдері мен басқа да бірінші реттегі төлемдер көлемі, пайданың түрлері, соның ішінде жалпы және таза пайда есептелінеді.

12. Қаржы жоспары. Ақша шығындары мен түсімдер, өнімнің шығынсыздық нүктесін анықтау, кірістер мен шығындардың балансын талдау, қаржылық жағдайды жақсартудағы резервтерді анықтау.

13. Экономикалық, коммерциялық және әлеуметтік тиімділікті бағалау. Бөлімде есептік көрсеткіштер және олардың түсіндірмесі сипатталады: шығындардың өтелу мерзімі, инвестициялардың рентабелділігі, жобаның шығынсыздық нүктесі және т. б.

14. Тәуекелдерді талдау және алдын алу шаралары. Тәуекел түрлері, олардың пайда болу себептері, нақты бизнестегі тәуекелдерді қарастыру және оның алдын алу шаралары сипатталады.

Бизнес-жоспарға қосымшаларда заңды және құқықтық сипаттағы құжаттар (құрылтай құжаттары, ресурстарды иелену немесе пайдалану құқығы және т.б.) келтіріледі.

Әрине, бизнес-жоспар - сіздің жобаңыздың дамуының және жұмыс істеу үлгісі. Күтпеген жағдайлар пайда болуы мүмкін екенін есте ұстаңыз, себебі сіз бизнесті қағаз жүзінде емес, нақты өмірде бастайсыз. Алайда, егер сіз ұсыныстарды ұстансаңыз, сіз көптеген проблемаларды болдырмауға мүмкіндік беретін толық және жұмыс бизнес-жоспарын жасай аласыз.

Тәжірибе бизнес-жоспар бірнеше бағытқа қатысты жасалады, соған сәйкес оның түрлерін бөлуге болады.

Басшылыққа арналған бизнес-жоспар. Нарықты түбегейлі зерттеп, тауар туралы толыққанды ақпарат, табыс пен шығыстың анализі, бастапқы мақсаттың нәтижесі қарастырылған, 20-30 беттен тұратын есеп немесе құжат. Көп жағдайда бұл құжат ресурстар көздерін дұрыс қолдану, инвестицияларды мақсатты түрде жұмсау, компанияның белгілі уақыт ішіндегі дамуы сияқты сұрақтарды қарастырады. Кәсіпорын басшылығына арнап жасалады.

Банкке арналған бизнес-жоспар. Банкті өз ісіңізбен таныстыру үшін оған бизнес-жоспарды табыстау, оларға идеяның түпкілікті түрі мен құрастырушылары, жобаның пайдалы жақтары жайлы есеп беріп банктен инвестиция мен қарыз алу үшін жасалады. Жобаның көлеміне байланысты, бұл құжат 50 мен 300 бет көлемінде болуы мүмкін. Құрамына құжаттар қосымшасы да қосылады.

Инвесторларға арналған бизнес-жоспар. Жоспардың бұл түрі инвестормен арадағы қарым-қатынасқа байланысты. Әдетте, инвесторлерді қызықтыра алатын презентация ретінде жазылады. Жоба туралы қысқаша ақпараттан тұрады. Құжаттың бұл түріне қатаң талап қойылады. 15-20 беттің көлемінде жоба туралы басты және нақты ақпаратты жеткізіп үлгеру қажет.

Бизнес-жоспарға қосымша ретінде заңды және құқықтық сипаттағы құжаттар (құрылтай құжаттары, ресурстарды иелену немесе пайдалану құқығы және т.б.) да тіркеледі.

Әрине, бизнес-жоспар - сіздің болашақ ісіңіздің дамуын және жұмыс істеу үлгісін сипаттайды. Сонымен қатар, күтпеген жағдайлар пайда болуы мүмкін екенін де есте ұстағаныңыз жөн.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Жоспарлау функциясына тән шешімді анықтау:
 - A) нәтижелерді бағалау жиі жасалуы керек;
 - B) қойылған мақсаттарға жету үшін қандай стратегия мен тактиканы таңдау керек;
 - C) сыртқы орта өзгерістерінің есебінен ұйым құрылымын өзгерту керек пе;
 - D) менің бағынышты қызметкерлерім не нәрсеге мұқтаж;
 - E) фирманың нарықтағы имиджі қандай.

- 2 Жоспарлаудың ұзақ мерзімді моделі қай жағдайда қолданылады
- A) өндірістік жүйені проектилеу кезінде;
 - B) өндірістік процестерді реттеу және қамтамасыз ету жүйесін проектилеу кезінде;
 - C) жаңа ірі кәсіпорын құрған немесе қызмет етіп келе жатқан кәсіпорында;
 - D) персоналдардың біліктілігін арттыру жағдайында;
 - E) өндірістің орналасу аймағын өзгерткен жағдайда.

- 3 Нарықтық экономика сипаттамасы:
- A) мемлекеттік баға қою;
 - B) бәсекелестердің болуы;
 - C) ресурстарды орталықтан бөлу;
 - D) баға қоюдағы мемлекеттік монополия;
 - E) мемлекеттік меншіктің басым болуы.

- 4 Нарықтық сұранысқа ықпал етпейді:
- A) тұтынушылар саны;
 - B) ресурстар бағасы;
 - C) тұтынушылар табысы;
 - D) озара байланысқан тауарлар бағалары;
 - E) тұтынушылар талғамы.

- 5 Жеке және заңды тұлғалардан мемлекеттік бюджетке алынатын міндетті төлемдер – бұл
- A) салық;
 - B) акциз;
 - C) дивиденд;
 - D) роялти;
 - E) пайыз.

- 6 Бизнес-жоспарды құрудың мақсаты не?
- A) нарық қажеттіліктері мен қажетті ресурстарды алу мүмкіндіктеріне сай кәсіпорынның шаруашылық қызметін жақын уақытқа немесе ұзақ мерзімге жоспарлау;
 - B) кәсіпорын қызметінің негізі болып табылатын өнім ассортименттерін анықтау;
 - C) қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді фирманың мақсаттарын, стратегиясын және оған жету тактикасын мазмұндау;
 - D) тұтынушыларға фирмамен ұсынылатын тауарлар мен қызмет көрсету көрсеткіштерін анықтау және құрамын таңдау;
 - E) рынокты, жарнаманы, сауданы жетілдіру, бағаның түзілуі, өтім жолдары және т.б. зерттеу бойынша фирманың маркетингтік шаралар құрамын анықтау.

- 7 Дербес шешім қабылдай отырып, жоғары пайда табуға ынталанатын жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметінің ұйымдық-құқықтық формасы қалай аталады?
- A) кәсіпкерлік қызмет;
 - B) маркетинг;
 - C) жоспарлау;
 - D) фирма;
 - E) менеджмент.
- 8 Консалтинг дегеніміз...
- A) басқару мәселелері бойынша тәуелсіз кеңес беру;
 - B) тауарлар мен қызмет көрсетулерді алып-сату;
 - C) тауар өндіру және қызмет көрсету;
 - D) кәсіпкерлікке жатпайды;
 - E) несие беру операцияларын жүргізеді.
- 9 Бизнес-жоспар дегеніміз не?
- A) фирма ішіндегі жоспарлаудың негізі болып табылады;
 - B) техника-экономикалық негіздеуді жүргізу және барлық талдауды жасау;
 - C) жоспарланған істің нақты іске асатындығын көрсететін экономикалық негізделген аналитикалық құжат;
 - D) болашақтағы жағдайды талдауға мүмкіндік беретін құжаттың түрі;
 - E) коммерциялық емес жобаны жүзеге асыру жоспары.
- 10 Шағын бизнестің кемшіліктеріне төмендегілердің қайсысын жатқызамыз? (бірнеше жауапты белгілеңіздер)
- A) тәуекел деңгейінің жоғары болуы;
 - B) өткізу нарықтарының тар болуы;
 - C) қосымша қаражат тарту мүмкіндігінің төмендігі;
 - D) қызметкерлер біліктілігінің жоғары болмауы;
 - E) дұрыс жауап жоқ.
- 11 Кәсіпкерлікке инвестиция тартудың жаңа көздері, жеке венчурлік инвесторлар:
- A) банк несиесі;
 - B) отбасылық қаражат;
 - C) бизнес-ангелдар (періштелер) ;
 - D) достардың, таныстардың қаражаты;
 - E) жеке жинақ қаржысы.
- 12 Бизнестің жаңа түрін құруға, фирма қызметінің жаңа саласын қамтуға қажетті кәсіпорын жоспарының түрі:
- A) бизнес-жоспар;

- В) оперативті жоспар;
 - С) ағымды жоспар;
 - Д) жедел жоспар;
 - Е) индикативті жоспар.
- 13 Тәжірибеде бизнес-жоспардың мынадай түрлері едәуір жиі қолданылады?
- А) басшылыққа арналған бизнес-жоспар, несие алуға арналған бизнес-жоспар, инвесторларға арналған бизнес жоспар;
 - В) коммерциялық бизнес- жоспар, экономикалық бизнес- жоспар;
 - С) әлеуметтік бизнес -жоспар, стратегиялық бизнес -жоспар;
 - Д) қаржылық бизнес- жоспар, мекеменің бизнес- жоспары;
 - Е) қорға байланысты бизнес- жоспар, ұйымдастыру жөніндегі бизнес-жоспар.
- 14 Тұжырым дұрыс па: Жоспарлардың үнемділігі – жоспарлау шығындары жоспарды іске асыру эффектісінен аз болуы керек.
- А) дұрыс;
 - В) қате.
- 15 Тұжырым дұрыс па: Жоспарлаудың нормативті әдістері түрлі үлгілер негізіндегі есептеулермен сипатталады.
- А) дұрыс;
 - В) қате.

Қайталауға арналған сұрақтар:

- 1) «Жоспарлау», «жоспар» ұғымдарына анықтама беріңіз.
- 2) Жоспарлау принциптерін сипаттаңыз.
- 3) Жоспарлау әдістерін сипаттаңыз.
- 4) Жоспарлардың түрлерін атаңыз және сипаттамаларын беріңіздер.
- 5) Стратегиялық жоспарлау дегеніміз не? ҚР стратегиялық жоспарлау бағдарламаларын анықтаңыздар.
- 6) Жоспарлау түрі бойынша негізгі көрсеткіштерді беріңіздер.
- 7) Кәсіпорынның стратегиялық даму жоспары қандай бөлімдерден тұрады?
Олардың компоненттерін атаңыздар.
- 8) «Кәсіпорынның өсу стратегиясы» ұғымына не кіреді?
Стратегиялардың атын атап, әрқайсына сипаттама беріңіздер.
- 9) Жоспарлаудың математикалық-статистикалық әдістерінің мәні неде?
- 10) Бизнес жоспарлау процесі, бизнес-жоспар түсініктеріне анықтама беріңіздер.
- 11) Бизнесі жоспарлау процесін ұйымдастырудың кезеңдерін сипаттаңыздар.

- 12) Бизнес-жоспардың басқа жоспарлау құжаттарынан қандай айырмашылықтары бар?
- 13) Бизнес-жоспардың мақсаттары мен міндеттері қандай?
- 14) Бизнес-жоспар функциясының мәнін ашыңыздар.
- 15) Бизнес-жоспардың негізгі бөлімдерін атаңыз.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

1. Кәсіпорынның стратегиялық жоспарын әзірлеу
2. Бизнес-жоспарды техникалық-технологиялық қамтамасыз ету
3. Жоспарлаудың шығындары және олардың бизнес жоспарлаудағы ролі
4. Фирманың көлеміне байланысты жоспарлаудың ерекшеліктері.
5. Әр түрлі бизнес-жоспарлардың ерекшеліктері.
6. Бизнес жобаның маркетингтік жоспары
7. Бизнес-жоспарлауға алғашқы ақпараттар және оларды алу жолдары.
8. Бизнес-жоспарды құру процесіндегі ақпараттардың түрлері.
9. Бизнес-жобаның дамуына мақсатты нарықты таңдау.
10. Нарықтың түрлері, олардың құрылу ерекшеліктері.
11. Бизнес-жоспар құрылымындағы инвестицияларды талдау
12. Нарықтағы бәсекелестік деңгейін бағалау
13. Бизнес-жоспарды дайындаудағы маркетингтің функционалдық ерекшелігі
14. Бизнес-жобаның маркетингтік ортасы.
15. Бизнесі қаржылық-экономикалық моделдеу
16. Мамандандырылған инвестициялық жобалардың түрлері.
17. Заманауи кәсіпкердің базалық құзыреттілігі
18. Бизнес-жоспардың инвестициялық жобасының тиімділігін бағалау. Инвестициялық бизнес-жоспарлардың жүзеге асырылуы.
19. Бизнес-жоспардағы тәуекелдердің алдын алу шаралары.
20. Инвесторды бизнес-жоспарда қызықтыратын мәселелер
21. Бизнес-жоспардың мазмұны мен рәсімделуі
22. Инвестицияның әлеуметтік тиімділігі
23. Инвестицияны мемлекеттік реттеудің маңызды міндеті Жоспарлаудың кезеңдері
24. Кәсіпорынның кадрлық саясаты.
25. Инвестициялар және инвестициялық процестің негізгі кезеңдері
26. Қазіргі заманғы кәсіпорынның қаржы жүйесі
27. Өнімнің сапа деңгейі және дизайны
28. Бизнес – жоспардың қаржылық аспектісі
29. Кәсіпкерліктің өсу стратегиясы
30. Бизнес-жоспарларды сараптау

8 КӘСІПОРЫННЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚУАТЫ МЕН ӨНДІРІСТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

8.1 Кәсіпорынның өндірістік қуаты. Өндірістік қуатты есептеу әдістемесі

8.2 Кәсіпорынның өндірістік бағдарламасы: мазмұны, өлшеу тәсілдері мен көрсеткіштері


8.1 Кәсіпорынның өндірістік қуаты. Өндірістік қуатты есептеу әдістемесі

Қуат – нақты кезең ішінде жүйеден ең жоғары мүмкін шығу компоненті. Өндірістік қуат өндірістен шығу нормасын анықтайды, яғни күнтізбелік кезең ішінде (апта, ай, жыл) нақты өнім атының (номенклатурасы) ең жоғары мүмкін болатын көлемін өндіруді қарастырады.

Нақты өнімді өндіру мүмкіндігі ретіндегі өндірістік қуат кәсіпорында, оның бөлімшелерінде өндірістік ресурстардың: қондырғылар, персонал, материалдың болуын қамтиды. Өндірістік қуат түсінігі анықтамасының екі тәсілі бар. Біріншісі бойынша өнімді өндіруге қатысатын өндірістік ресурстардың барлық түрлері, ал екіншісі бойынша – тек өндірістік құрал-жабдықтар мен аудандар есепке алынады. Тәжірибеде кеңінен екінші тәсіл қолданылады.

Кәсіпорынның (цехтың, учаскенің) өндірістік қуаты – нақты өндірістік ресурстар (өндірістік қондырғылар мен аудандар) жиынтығын тиімді пайдалану арқылы нақты кезең ішінде нақты сандық қатынастар мен номенклатурасы бойынша ең жоғары мүмкін болатын өнім өндірісі.

Өндірістік қуат пен өндірістік бағдарлама арасындағы айырмашылық кәсіпорынның резервімен сипатталады, яғни өндірістік бағдарлама өндірістік қуаттың пайдалану дәрежесін көрсетеді. Өндірістік қуат пен өндірістік бағдарлама арасындағы өзара байланыстылықты 1 сурет арқылы көрсетуге болады.



Сурет 1 – Өндірістік қуат пен өндірістік бағдарлама арасындағы өзара байланыстылық

Сұраныстың өзгерісі жағдайында өндірістік қуатты басқару үшін өндірістік ресурстар жиынтығы құрамынан екі құраушыны – тұрақты және айнымалы деп бөліп көрсетеді.


Басқару объектісі ретінде олар бір-бірінен ерекшеленеді. Тұрақты құраушысы – қондырғылар мен аудандар, ал айнымалы құраушысы – персонал мен материалдар. Сұраныс өзгерген жағдайда өндіріс көлемі де өзгереді, ал ол қолданылатын өндірістік ресурстардың барлық түрлері көлемінің өзгерісіне әкеледі.

Қуат өндірістік ресурстарды қамтығандықтан, өндірістік ресурстардың өлшем бірлігімен есептелінеді.

Өндіріс тек бір өнім түрін өндірсе, қуат кәсіпорынмен немесе бөлімшелермен өндірілетін өнім бірлігімен өлшенеді, ал түрлі өнім өндірілсе, өнім өндірісінің жұмыс уақытымен есептелінеді.


“Өндірістік қуат” түсінігімен бірге “өткізу қабілеттілігі” деген түсінік қолданылады, бірақ ол кәсіпорынға, цехқа, учаскеге қатысты емес, ол қондырғының, станоктың, агрегаттың, станоктар топтарының жұмысына қатысты ең жоғары өнім өндірісін сипаттайды.

Кәсіпорынның өндірістік қуатын есептеу үшін төмендегі бастапқы мәліметтер пайдаланылады (сурет 2):




Сурет 2 – Өндірістік қуатты есептеуге қажетті көрсеткіштер

Қондырғылар саны, құрамы мен техникалық жағдайы және өндірістік аудандар туралы мәліметтер. Есепке негізгі өндірістің барлық қондырғылары алынады, соның ішінде жөндеудегі, бұзылып қалған және жаңартудағы, жұмыс істемейтіндері де есептелінеді (сурет 3).



Сурет 3 – Қондырғылар құрамы

Қондырғылар өнімділігінің техникалық нормалары және өндірілетін өнімнің еңбек сыйымдылығы. Жаңадан құрылатын кәсіпорындар үшін қондырғылар өнімділігінің паспорттық нормалары қолданылады, ал әрекеттегі кәсіпорындар үшін – техникалық түсініктемесі бар өнімділік көрсеткіштері қолданылады, олар паспорттық нормалардан төмен болмауы керек (сурет 4).



Сурет 4 – Қондырғы өнімділігінің нормалары

Өндірілетін бұйымдардың номенклатурасы және олардың бағдарламадағы өзара сандық қатынастары. Есептеулерде өндірілетін өнімнің жоспарлы номенклатурасы мен ассортименті (еңбек сыйымдылығы) пайдаланылады. Номенклатура дегеніміз – белгілі бір кәсіпорынмен тұтынушыларға ұсынатын өнімнің барлық ассортименттік топтары мен өнімдерінің жиынтығы. Ассортимент дегеніміз – бұл белгілі бір сипаттамаға сәйкес топтарға біріктірілген белгілі бір өнім жиынтығы. Орташа жылдық қуатты есептеген кезде өнімнің номенклатурасы өзгерісінің есебінен (еңбек сыйымдылығының азаюы мен арытуы) қуаттың арытуы (төмендеуі) толық мөлшерде ескеріледі [16].

Қондырғылар жұмысының уақыт қоры мен кәсіпорын жұмысының тәртібі. Есептеулерде қондырғылар жұмысының ең жоғары мүмкін болатын жоспарлы (тиімді) жылдық уақыт қоры ескеріледі (сурет 5).

Қондырғы жұмысының календарлы (номиналды) уақыт қоры (есепті кезеңдегі календарлы күндер санын 24 сағатқа көбейту, $365 \times 24 = 8760$ сағат)					
Қондырғы жұмысының режимді уақыт қоры (есепті кезеңдегі жұмыс күндер санын жұмыс сменасындағы сағаттың жалпы санына көбейту)					Сменадан тыс уақыт
Қондырғы жұмысының жоспарлы (тиімді) уақыт қоры			Жоспарлы жөндеу жұмыстарының уақыт қоры		
Қондырғы жұмысының нақты уақыт қоры		Тоқтап қалулар			
Қондырғы жұмысының уақыты		Қосымша уақыттар			
Қондырғының пайдалы уақыты	Жарамсыз өнім уақыты				

Сурет 5 – Қондырғы жұмысының уақыт қоры

Кәсіпорынның өндірістік қуаты негізгі (алдыңғы қатардағы) өндірістік бірліктердің: цехтардың, учаскелердің қуатымен анықталады. Цехтар мен учаскелердің өндірістік қуаты негізгі технологиялық қондырғылардың: агрегаттардың, жабдықтардың, қондырғылар тобы және т.б. қуаты бойынша анықталады (сурет 6).

Алдыңғы қатардағы цехтың өндірістік қуаты ($K_{ц}$) келесі формуламен есептелінеді

$$K_{ц} = K_1 \times a_1 + K_2 \times a_2 + \dots + K_n \times a_n, \quad (8.1)$$

мұндағы K_1, K_2, \dots, K_n – бір типті қондырғының жылдық өндірістік қуаты;
 a_1, a_2, \dots, a_n – қондырғының нақты түрінің саны.

Кәсіпорынның өндірістік қуатының пайдалану дәрежесі қуатты пайдалану коэффициентімен ($K_{к.п}$) сипатталады

$$K_{к.п} = Q_n / K_{орт}, \quad (8.2)$$

мұндағы Q_n – өнім өндірудің нақты көлемі;
 $K_{орт}$ – орташа жылдық өндірістік қуат.



Сурет 6 – Кәсіпорынның өндірістік қуатын есептеу алгоритмі

Өндірістік қуатты есептеуде келесі формуланы пайдаланған жөн:


$$Қ = n \times T \times \Theta \quad (8.3)$$

- мұндағы
- n – қондырғылар саны, дана;
 - T – қондырғы жұмысының жылдық уақыт қоры, сағат;
 - Θ – қондырғы бірлігінің өнімділігі, дана/сағат

Өндірістік қуаттың түрлері: ену, шығу, жобалық және орташа жылдық болып бөлінеді (сурет 7).

Ену қуаты деп ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы немесе нақты күндегі кәсіпорынның (цехтың, учаскенің) өндірістік қуатын қарастырады.

Кәсіпорын (цех, учаске) бойынша әрекетке енгізілген, бірақ игерілмеген қуаттарды өндірістік қуат деп әрекетке енгізілген *жобалық қуатты* айтады.



Сурет 7 – Кәсіпорынның өндірістік қуат түрлері

Шығу қуаты ($K_{ш}$) деп жоспарлы кезең соңындағы кәсіпорынның (цехтың, учаскенің) өндірістік қуатын атайды, келесі формула арқылы есептелінеді

$$K_{ш} = K_б + K_к + K_ж + K_т + K_н - K_{кжш}, \quad (8.4)$$

- мұндағы $K_б$ – кезең басындағы өндірістік қуат;
 $K_к$ – қуатты құрылыс нәтижесінде енгізу;
 $K_ж$ – кәсіпорынды жаңарту салдарынан қуаттың өсімі;
 $K_т$ – техникалық жағынан қайта жарақтандыру және басқа да шаралардың нәтижесінде қуаттың арытуы;
 $K_н$ – өнім номенклатурасы (еңбек сыйымдылығы) өзгерісінің әсерінен қуаттың арытуы (төмендеуі);
 $K_{кжш}$ – қондырғылардың шығуы салдарынан қуаттың төмендеуі.

Орташа жылдық қуат ($K_{орт}$) – есепті кезең немесе жыл ішінде орташа есеппен кәсіпорынның (цехтың, учаскенің) иелігінде бар қуат, ол баланстық тәсілмен анықталады

$$K_{орт} = K_б + \Sigma (K_{енг} \times N_{енг}) / 12 - \Sigma (K_{шығ} \times N_{шығ}) / 12, \quad (8.5)$$

- мұндағы $K_б$ – кезең басындағы өндірістік қуат;
 $K_{енг}$ – жыл ішінде әрекетке енгізілген қуат;
 $N_{енг}$ – әрекетке енгізілген қуаттың пайдаланылған айлар саны;
 $K_{шығ}$ – жыл ішінде шығарылған қуат;
 $N_{шығ}$ – қуаттың шығарылған кезеңінен жыл соңына дейінгі айлар саны.

Есеп 8.1

Мысалы, кәсіпорын цехындағы бір технологиялық процесті жасайтын станоктер саны 130 бірлік. 1 қыркүйекте осындай тағы 55 станок өндіріске енгізілді, 1 тамыз айында 12 бірлік шығарылды. Жыл ішіндегі жұмыс күні 261 күн, жұмыс 2 сменалық, смена ұзақтығы 8 сағат. Құрал жабдықтарды кесте бойынша жөндеуге байланысты тоқтату 8% құрайды. Бір станоктың өнімділігі сағатына 12 бөлшек өндіреді. Жыл ішіндегі өндіріс жоспары 2300800 бірлік. Осы мәліметтердің негізінде цехтың өндірістік қуатын анықтаңыздар және қуатты пайдалану коэффициентін есептеңіздер.

Шешімі:

1) Жыл ішіндегі станоктың жұмыс уақытын анықтаймыз:

$$261 \times 2 \times 8 \times 0,92 = 3841,92 \text{ сағат}$$

2) Станоктардың орташа жылдық саны

$$130 + \frac{30 \times 4}{12} - \frac{12 \times 5}{12} = 135 \text{ станок}$$

3) Орташа жылдық қуатты, яғни жылына қанша бөлшек өндіретінін анықтаймыз:

$$135 \times 5 \times 3841,92 = 2593296 \text{ бөлшек}$$

4) Қуатты пайдалану коэффициенті

$$\frac{2300800}{2593296} = 0,89$$

Берілген мәліметтердің негізінде цехтың өндірістік қуаты 2593296 бөлшекке тең және қуатты пайдалану коэффициенті 0,89-ға (89%) тең.

8.2 Кәсіпорынның өндірістік бағдарламасы: мазмұны, өлшеу тәсілдері мен көрсеткіштері

Өнім өндірісінің жоспары (өндірістік бағдарлама) өнімнің сату көлемі, номенклатурасы мен ассортименті негізінде, оның сапасы, одан түсетін пайда мөлшері, рентабелділік деңгейі негізінде, кәсіпорынның нарықтық үлесінің мөлшерімен анықталады.

Өндірістік бағдарлама натуралды, шартты-натуралды, еңбек және құндық көрсеткіштер арқылы есептелінеді.

Натуралды өлшем бірлігіндегі өндіріс көлемі өндірілетін өнім номенклатурасы мен ассортиментімен сипатталады. Өнім номенклатурасы - өндірілуі керек бұйымдардың (жұмыстар мен қызмет түрлерінің) аталуы. Өнім ассортименті – номенклатура көлеміндегі осы бұйымдардың (түрлері, типтері, сорттары, мөлшерлері) түрлілігі.

Материал сыйымдылық белгілері бойынша біртекті бұйымдардың өндіріс көлемін өлшеу үшін *шартты-натуралды өлшеуіштер* қолданылады.

Норма-сағат, адам-күн, станок-сағатпен өлшенетін өндіріс көлемінің *еңбек өлшемі* натуралды өлшемдермен үйлесімдері басқа цехтардың өндірістік бағдарламаларын жоспарлауда және басқа да мақсаттар үшін қажетті қызметкерлер санын, өндіру нормасын, еңбек ақы мөлшерін анықтауда қолданылады.

Құндық өлшеуіштер жалпылама өлшеуіштер болып табылады, олардың көмегімен өндірістің жалпы көлемі анықталады және өнімнің товарлы, жалпы және өткізілетін көлемі жоспарланады.

Тауарлы өнім – өткізулерге арналған өнім, жалпы және өткізілген өнімді анықтау негізі болып табылады және олардың құраушылары:

- дайын бұйымдар құны;
- өздері өндірген жартылай фабрикаттар құны және қосымша цехтармен сырттағы тұтынушыларға өткізуге арналған өнімдер құны;
- өз кәсіпорынының өнеркәсіптік емес шаруашылықтарына және күрделі құрылыстарына жөнелтілген өнімдері мен жартылай фабрикаттарының құны;
- өз өндірісінде қолданылатын стандартты емес қондырғылар құны, олар кәсіпорынның негізгі қорларына енуі мүмкін немесе сыртқы тұтынушыларға өткізілуі мүмкін;
- сыртқы тұтынушылардың тапсырыстары бойынша немесе өз кәсіпорынының өнеркәсіптік емес шаруашылықтары мен ұйымдары үшін өндірілген өнеркәсіптік сипаттағы жұмыстар мен қызмет түрлерінің құны.

Көпшілік өнеркәсіп салалары бойынша тауарлы өнім зауоттық тәсіл бойынша анықталады, яғни тауарлы өнім көлеміне өз мұқтаждықтары үшін кәсіпорынмен өндірілген дайын өнімдердің, жартылай фабрикат құны енбейді.

Дайын бұйымдар бойынша тауарлы өнім кәсіпорынның әрекеттегі бағаларымен жоспарланады. Есеп бойынша сол кезеңдегі әрекеттегі баға бойынша есептелінеді және сонымен бірге тауарлы өнім есептерде кәсіпорынның салыстырмалы бағалары бойынша анықталады.

Жалпы өнім – кәсіпорынның нақты кезең ішіндегі өндірістік қызметінің жалпы нәтижесінің құны. Жалпы өнімнің тауарлы өнімнен ерекшелігі жоспарлы кезең басындағы және соңындағы аяқталмаған өндіріс қалдықтары өзгерісінің мөлшерімен анықталады. Жалпы өнім (ЖӨ) зауоттық тәсіл бойынша екі әдіспен есептелінеді:

- 1) жалпы және зауот ішіндегі айналымның айырмасы арқылы анықталады

$$\text{ЖӨ} = \text{Ж}_a - \text{ЗІ}_a, \quad (8.6)$$

мұндағы Ж_a - жалпы айналым;
 ЗІ_a - зауот ішіндегі айналым;

2) тауарлы өнім мен жоспарлы кезең басындағы және соңындағы аяқталмаған өндіріс қалдықтарының айырмасының қосындысымен анықталады

$$ЖӨ = ТӨ + (АӨ_б - АӨ_с), \quad (8.7)$$

мұндағы $АӨ_б, АӨ_с$ - кезең басындағы және соңындағы аяқталмаған өндіріс қалдықтарының құны.

Жалпы айналым – кәсіпорынның барлық цехтарымен нақты кезең ішінде өндірілген өнімнің барлық көлемінің құны.

Зауот ішіндегі айналым – уақыттың бір кезеңі ішінде кәсіпорынның бір цехымен өндірілген, және басқа цехымен пайдаланылған өнім құны.

Аяқталмаған өндіріс - өндіріспен аяқталмаған өнімдер.

Өткізілген өнім – нақты кезеңде нарыққа енген және тұтынушылармен сатып алынатын өнім көлемінің құны.

$$ӨӨ = АӨ_б + ТӨ - АӨ_с \quad (8.8)$$

Кәсіпорын нарықтық экономикада түрлі жұмысты атқарады, әртүрлі өнім шығарады және түрлі қызметтер көрсетеді. Кәсіпорынның өндірістік қуатын пайдалана отырып, сұраныс пен ұсыныстың әсерін ескеру арқылы тапсырыстар портфелін жасай алады.

Есеп 8.2

Кәсіпорынның есепті жылдағы негізгі өнімі 65000 мың теңге, өндірістік сипаттағы қызметтер 6250 мың теңге құрады. Жартылай фабрикаттар құны 7550 мың теңге, оның 50%-ы өзіміздің өндірісіміз үшін қолданылатын болды. Есепті жыл соңындағы аяқталмаған өндіріс көлемі 4900 мың теңгеге арытады. Кәсіпорын қоймасындағы дайын өнім қалдықтары есепті жыл басында 9300 мың теңге, ал сол кезеңнің жыл соңында 3920 мың теңге болады деп күтілуде. Материалдық шығындар мен амортизациялық аударымдар тауарлы өнімнің 57%-ын құрайды. Осы мәліметтердің негізінде күтілетін тауарлы, жалпы, өткізілген және таза өнім көлемін анықтау керек.

Шешімі:

$$Q_{\text{тауарлы}} = 65000 + 6250 + 7550 \times 0,5 = 75024 \text{ мың теңге}$$

$$Q_{\text{жалпы}} = 75025 + 7550 \times 0,5 + 4900 = 83700 \text{ мың теңге}$$

$$Q_{\text{өктіз}} = 75025 + (9300 - 3920) = 80405 \text{ мың теңге}$$

$$Q_{\text{таза}} = 0,43 \times 75025 = 32260,75 \text{ мың теңге}$$

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1) Өндірістік бағдарламаның құндық көрсеткіштері:
А) өткізілген өнім көлемі;

- B) тауарлы өнім көлемі;
C) жалпы өнім көлемі;
D) аяқталмаған өнім көлемі;
E) өндірілген және өткізілген тауарлы және жалпы өнім көлемі.
- 2 Бизнес-жоспардың қай бөлімінде өндірілетін өнімнің сипаттамасы толықтай көрсетіледі?
A) өнім немесе қызмет түрі;
B) қаржылық жоспар;
C) маркетинг жоспары;
D) ұйымдастырушылық жоспар;
E) резюме.
- 3 Фирмамен ұйымдастырылған өндіріс (қызмет) мақсаттары мен оларға жету жолдарының қысқаша мазмұны, инвесторларды тарту және инвестицияға түсініктеме беру үшін қолданылады, бұл –
A) қаржылық жоспар;
B) бухгалтерлік есеп;
C) бизнес-жоспар;
D) салық декларациясы;
E) қаржылық есеп.
- 4 Кәсіпорынның даму жоспарының түсініктемесі неге негізделі жүргізіледі?
A) прогрессивті техника-экономикалық нормалар мен нормативтер жүйесіне және төменде көрсетілген факторларды ескеруге;
B) фирманың ішкі ортасын зерттеу;
C) фирманың сыртқы ортасын зерттеу;
D) бәсекелестердің к%ошті жақтарын зерттеу;
E) бәсекелестердің әлсіз жақтарын зерттеу.
- 5 Норма түсінігі:
A) кәсіпорынның өндірістік бағдарламасындағы ресурс шығындары;
B) өнім бірлігін жасаудағы ресурстардың абсолютті шығындарының ең көп барынша мүмкін мөлшері;
C) негізгі өндірістегі ресурс шығындары;
D) қосалқы өндірістегі ресурс шығындары;
E) қызмет көрсету шаруашылығындағы ресурс шығындары.
- 6 Норматив - салыстырмалы мөлшер, оның сипаттамасы:
A) ресурстарды пайдалану дәрежесі;
B) өндірістік цикл ұзақтығы;
C) аяқталмаған өндіріс көлемі;
D) өндіріс жағдайы;

Е) тауарлы-материалды құндылықтар қоры.

7 Нақты өндірістік қондырғылар мен аудандар жиынтығын тиімді пайдалану арқылы нақты кезең ішінде нақты сандық қатынастар мен номенклатурасы бойынша ең жоғары мүмкін болатын өнім өндірісі:

А) өндірістік қуат;

В) тауарлы өнім көлемі;

С) өндірістік жоспар;

Д) аяқталмаған өнім көлемі;

Е) өндірілген және өткізілген тауарлы және жалпы өнім көлемі.

8 Өндірілуі керек бұйымдардың (жұмыстар мен қызмет түрлерінің) аталуы:

А) өткізілген өнім аталуы;

В) өнім номенклатурасы;

С) өнім ассортименті;

Д) натуралды өлшемдегі аяқталмаған өнім аталуы;

Е) тауарлар тізімі.

9 Өнім өндірудің нақты көлемінің орташа жылдық өндірістік қуатына қатынасын сипаттайтын көрсеткіш:

А) өндірістік қуатты пайдалану дәрежесі;

В) алдыңғы қатардағы цехтың өндірістік қуаты;

С) жалпы өнім көлемі;

Д) шығу қуаты;

Е) ену қуаты.

10 Тауарлы өнім мен жоспарлы кезең басындағы және соңындағы аяқталмаған өндіріс қалдықтарының айырмасының қосындысы:

А) өткізілген өнім көлемі;

В) тауарлы өнім көлемі;

С) жалпы өнім көлемі;

Д) аяқталмаған өнім көлемі;

Е) өндірілген және өткізілген тауарлы өнім көлемі.

11 _____ – нақты кезеңде нарыққа енген және тұтынушылармен сатып алынатын өнім көлемінің құны

А) жалпы өнім;

В) жанама өнім;

С) өткізілген өнім;

Д) тауарлы өнім;

Е) тауарсыз өнім.

12 Өндіріс көлемінің еңбек өлшемдері (бірнеше жауаптар белгілеңіздер):

А) норма-сағат;

B) метр;

C) станок-сағатпен;

D) адам-күн;

E) дана.

13 Жалпы өнімнің тауарлы өнімнен ерекшелігі:

A) ерекшелік жоқ;

B) аяқталмаған өндіріс қалдықтарының болуы;

C) өткізілген өнім көлемінің ескерілуі;

D) сатылған өнімді ескеруі;

E) дұрыс жауап жоқ.

14 Тұжырым дұрыс па: Кәсіпорын (цех, учаске) бойынша әрекетке енгізілген, бірақ игерілмеген қуаттарды өндірістік қуат деп әрекетке енгізілген *жобалық қуатты* айтады.

A) дұрыс;

B) қате.

15 “Өндірістік қуат” түсінігімен бірге қолданылатын түсінік:

A) бәсеке қабілеттілігі;

B) сату қабілеттілігі;

C) жеткізу;

D) өткізу қабілеттілігі;

E) сату.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Кәсіпорынның өндірістік қуатына анықтама беріңіздер.
- 2) Кәсіпорынның өндірістік қуатын есептеу үшін қандай көрсеткіштер мен мәліметтер керек, оларға анықтама беріңіздер.
- 3) Кәсіпорында өндірістік қуаттың қандай түрлері есептелінеді?
- 4) Кәсіпорынның өндірістік қуатын пайдалануын сипаттайтын көрсеткіштерге сипаттама беріңіздер.
- 5) Кәсіпорынның өндірістік қуатын пайдалану коэффициенті мен орташа жылдық қуат көрсеткіштері қалай есептелінеді?
- 6) Өндірістік бағдарлама дегеніміз не? Құрамы қандай?
- 7) Кәсіпорын өнімінің қандай түрлері бар? Әрқайсына анықтама беріңіздер.
- 8) Өндірістік бағдарлама номенклатурасы және өнім ассортименті деген түсініктерге сипаттама беріңіздер.
- 9) Өндірістік бағдарламаны сипаттайтын көрсеткіштер жүйесінің мәні мен сипатын анықтаңыздар.
- 10) Өндірістік бағдарлама қандай бөлімдерден тұрады?
- 11) Тауарлы өнім дегеніміз не? Қалай анықталады?

- 12) Жалпы өнім қалай есептелінеді?
- 13) Өндірістік бағдарламаның натуралды көрсеткіштеріне жататындар?
- 14) Өндірістік бағдарламаның ақшалай көрсеткіштерінің сипаты қандай?
- 15) Өткізілген өнімді анықтаңыздар.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

Есеп 8.3

Төменде берілген кесте мәліметтерінің негізінде өндірістік бағдарламаны есептеудегі тауарлы өнім мен өткізілген өнімді анықтау керек.

Көрсеткіштер	Өндіріс көлемі, дана	Өнім бірлігінің көтерме бағасы, теңге	Өндіріс көлемінің құны, мың теңге
А бұйымы	1200	120	
В бұйымы	500	81	
С бұйымы	980	98	
Дайын өнім қалдықтары			5,8
- жыл басындағы			3,0
- жыл соңындағы			

Есеп 8.4

Төмендегі шарттар бойынша цехтың өндірістік қуатын және қуатты пайдалану коэффициенттерін анықтаңыздар. Цехтың бір типті станоктар саны 100 бірлік, 1-ші қарашадан бастап 30 бірлік енгізілген, 1-ші мамырдан бастап 6 бірлік шығарылған, жыл ішіндегі жұмыс күндер саны – 258, жұмыс режимі – екі сменалық, смена ұзақтығы 8 сағат, қондырғы жөндеуге бөлінген тоқтаулардың тәртіптік пайызы 6%, бір станоктың өнімділігі – сағатына 5 деталь, жыл ішіндегі өндіріс жоспары 1700000 деталь.

Есеп 8.5

Машина жасау зауотының цехында үш топ станоктары бар: 1 топта – 5 бірлік, 2 топта – 11 бірлік, 3 топта – 12 бірлік. Әр топтағы станоктарда бұйым бірлігін өңдеу уақытының нормасы сәйкесінше 0,5 сағат, 1,1 сағат, 1,5 сағат.

Цехтың өндірістік қуатын анықтаңыздар. Жұмыс режимі – екі сменалық, смена ұзақтығы – 8 сағат, қондырғының тәртіпті тоқтаулары режимдік уақыт қорының 7% құрайды. Жылдағы жұмыс күндер саны – 255.

9 КӘСПОРЫННЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

9.1 Өндірістік үрдіс түсінігі мен түрлері, ұйымдастыру талаптары

9.2 Өндірісті ұйымдастыру үлгілері

9.3 Өндірістік цикл: түсінігі, түрлері мен ұзақтығы

9.1 Өндірістік үрдіс түсінігі мен түрлері, ұйымдастыру талаптары

Әрбір кәсіпорын қызметі өндіріс процесіне негізделеді, ол белгілі бір өнім түрін өндірумен, қызмет түрін көрсетумен немесе белгілі бір жұмыстарды жүзеге асырумен сипатталады. Өндірістік үрдіс деп еңбек құралын еңбек өніміне өзгертуге бағытталған табиғи үрдістер мен еңбек үрдістерінің байланысқан жиынтығын атайды. Белгілі бір өнім түрін өндірумен қатар, үрдіс белгілі бір жұмыс түрін жасауға да бағытталуы мүмкін.

Өндірістік үрдіс сәйкес біліктілігі бар жұмыс күшін, арнайы еңбек құралдары мен еңбек бұйымдарын пайдалануға, сонымен қатар өндірістің ерекше технологиясын қолдануға жұмыстанады. Кез-келген өндірістік үрдістің негізі – адамның саналы іс-әрекеті – еңбегі болып табылады. Өндірістік үрдістер бір-бірінен қызметтері, автоматтандырылған деңгейлері мен ұйымдастыру тәсілдері арқылы ерекшеленеді. Өндірістік процес өз алдына бағыттары әртүрлі технологиялық процестер жиынтығынан құралады.

Технологиялық үрдіс – еңбек затының мөлшерін, геометриялық пішінін немесе физика-химиялық қасиеттерін өзгертуге тікелей байланысты болатын өндірістік үрдістің негізгі және басты бөлігі.


Технологиялық операциялар – бір немесе бірнеше бұйым түрін бір немесе бірнеше жұмысшымен (бригадамен) қондырғылардың қайта жөндеусіз бір жұмыс орнында орындалатын өндірістік үрдістің элементар бөлігі. Операциялар қолдық, машина-қолдық, машиналық, автоматтандырылған және аппаратуралық болып бөлінеді.

Өндірістік үрдістің экономикалық мәні қосылған құнның қалыптасуымен сипатталады. Өндірістік үрдіс мазмұнына әсер ететін факторлар: бұйым конструкциясы; бұйымдардың шығарылған көлемі мен еңбек сыйымдылығы; техника мен технология деңгейі; өндірістің мамандану және бірлестіру деңгейі. Өндірістік үрдіс түрлері 1 суретте көрсетілген.

Қарапайым үрдіс – нақты объектіні дайындауда тізбектей орындалатын операциялар қатары (мысалы, дайын бөлшектерден қосалқы бөлшектер дайындау). Мұнда еңбек затына тізбектей жүзеге асатын еңбек қызметтері қатары әсер етеді, нәтижесінде дайын немесе жеке өнім шығарылады. *Күрделі үрдіс* – уақыт бойынша реттелген қарапайым үрдістердің жиынтығы. Мұнда дайын өнім жеке өнімдерді біріктіру тәсілі арқылы алынады.

Үздіксіз үрдіс – мысалы, мұнайды өңдеу. Сипаттамасы: өнімнің үйлестіру деңгейінің жоғары болуы, өндірістің тұрақты циклы, үздіксіз қызмет көрсету, үзілістердің болмауы, алдын ала белгіленген ырғақтылық, қайталану

ырғақтылығы. *Дискреттік үрдіс* – мысалы, жеңіл көліктер өндірісі. Сипаттамасы: өнімдік дифференциация, топтық технологияға арналған қондырғылар, сериялық және жеке дара өндіріс.



Сурет 1 – Өндірістік үрдіс түрлері

Еңбек үрдісі – адамның қатысуымен жүзеге асырылады. *Табиғи үрдіс* – адамның қатысуын қажет етпейді, мысалы, бұйымды бояғаннан кейінгі оның кебуі, еңбек затын термиялық өңдеуден өткізгеннен кейінгі суу үрдісі және т.б.


Негізгі үрдіс – ұйым жоспары мен оның мамандануына сәйкес өнім түрін дайындау үрдісі. *Қосымша үрдіс* – негізгі үрдістің дұрыс, уақытында жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін үрдіс және оның нәтижелері негізгі үрдісте қолданылады. *Қызмет көрсету үрдісі* – негізгі және қосымша үрдістердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді. Мысалы, өнім сапасын бақылау, зауот ішіндегі тасымалдау, қоймалық операциялар және т.б.

Дайындау кезеңі – темір соғу, кесу, құю арқылы дайындау (кұюларды, есілген) бөлшектерін алу үрдісі. *Өңдеу кезеңі* – дайындау бөлшектерінен механикалық, термиялық, электр, физика-химиялық өңдеулер және басқа да тәсілдер арқылы дайын бөлшектер алу үрдісі. *Жинақтау үрдісі* – жинақтау бірліктерін, дайын бұйымдарды алу үрдісі, сонымен қатар оларды тексеру, сыртқы орауы және т.б.

Өндірістік үрдістер жиынтығы ұйымның өндірістік құрылымын, өндірістік қондырғылардың құрамы мен санын, өндірістік жұмысшылар құрылымын анықтайды.

Өндірісті ұйымдастыру – өндіріс үрдісіндегі адамдар мен заттық элементтердің кеңістікте және уақытта үйлестіруді ұтымды етуге бағытталған шаралар жүйесі. Өндірістік үрдісті ұйымдастыру – соңғы тиімді нәтиже алу мақсатында өндірістік үрдістер элементтерін кеңістікте және уақыт бойынша

таңдау, үйлестіру тәсілдері деп түсіндіріледі. Өндірістік үрдісті ұйымдастыру негізін қалыптастыратын бірнеше қағидалар бар (сурет 2).



Сурет 2 – Өндірістік үрдісті ұйымдастыру қағидалары

Үздіксіздік қағидасы еңбек өнімін өндеудегі уақыттың артуын, дайындық үрдісінде қозғалыссыз күту уақытын азайту, еңбек құралы мен тіріжан еңбегін пайдаланудағы үзілістердің қысқаруы. Өндірістік үрдістің үздіксіздігін сипаттайтын көрсеткіш – өндірістік циклдың тығыздық коэффициенті ($K_{\text{тығ}}$)

$$K_{\text{тығ}} = T_{\text{техн.ц}} / T_{\text{өнд.ц}}, \quad (9.1)$$

мұндағы $T_{\text{техн.ц}}$ – технологиялық цикл ұзақтығы;
 $T_{\text{өнд.ц}}$ – өндірістік цикл ұзақтығы.

$K_{\text{тығ}}=1$ немесе $K_{\text{тығ}} \approx 1$, болған жағдайда өндірістік үрдістің рационалдылығын (қолайлығын) куәлендіреді.

Пропорционалдылық қағидасы барлық өзара байланыстағы кәсіпорын бөлімшелері, қондырғылар тобы, жұмыс орындары үшін нақты уақыт ішінде орындалатын жұмыс көлемі немесе өнім өндірісінің салыстырмалы теңдігін талап етеді және үйлесімділік коэффициентімен ($K_{\text{үйл}}$) сипатталады

$$K_{\text{үйл}} = K_1 / (K_2 \times Ш_{\gamma}), \quad (9.2)$$

мұндағы K_1 және K_2 – үйлесімділік коэффициент анықталатын агрегат, учаске, цех қуаты;
 $Ш_{\gamma}$ – екінші цех өнім өндірісі үшін бірінші цех өнімінің үлестік шығыны.

Қатарластық қағида мәні – қатарлас өндірістік үрдістің жеке бөліктерінің орындалуын, жұмыс орнындағы технологиялық операцияның шоғырлануы мен негізгі және қосалқы операциялардың орындалуын уақыт бойынша үйлестіруді, бір уақытта орындауды қамтиды. Операцияларды үйлестіру түрлері: тізбектей, қатарлас, тізбектей-қатарлас болып бөлінеді. Қатарластық коэффициенті келесі формула арқылы анықталады

$$K_{\text{кат}} = T_{\text{ц.кат}} / T_{\text{ц.тізб}}, \quad (9.3)$$

мұндағы $T_{\text{ц.кат}}$ – қатарлас қосылған өндірістік цикл ұзақтығы;
 $T_{\text{ц.тізб}}$ – тізбектей қосылған өндірістік цикл ұзақтығы.

Тікелей ағымдық қағидасының мәні – тікелей ағымдық өндіріс үрдісіндегі еңбек құралдары қозғалысының ең аз қашықтығын қамтамасыз етеді. Тікелей ағымдық коэффициенті ($K_{\text{т.а.}}$) төмендегідей анықталады

$$K_{\text{т.а.}} = T_{\text{тр}} / T_{\text{өнд. ц}}, \quad (9.4)$$

мұндағы $T_{\text{тр}}$ – транспорттық операциялар ұзақтығы;
 $T_{\text{өнд. ц}}$ – өндірістік цикл ұзақтығы.

Коэффициент мәні 0-ге ұмтылуы керек ($K_{\text{т.а.}} \rightarrow 0$).

Икемділік қағидасының мәні – өндірістік үрдістің жаңа өнім өндірісіне тез қайта құрылуына деген мүмкіндігімен сипатталады.

Мамандану номенклатураны шектеумен және аталуы бірдей өнімді жаппай дайындаудың өсуімен сипатталады. Мамандану қағидасын сипаттайтын көрсеткіштер:

- сериялық коэффициент – бір жұмыс орнында жасалатын түрлі операциялардың санымен сипатталады;

- жұмыс орны мамандануының орта деңгейі немесе сериялықтың орта коэффициенті төмендегідей анықталады

$$M_{\text{д}} = n / m, \quad (9.5)$$

мұндағы n – учаскеде (цехта) ай (тәулік) ішінде орындаған бөлшек–операциялардың жалпы саны;

m – келтірілген бір смена жұмыс тәртібінде ай (тәулік) ішіндегі өндірістік бағдарламаның орындалуы үшін қажетті жұмыс орындарының саны.

Ырғақтылық қағидасының мәні – ырғақтылық өндіріс үрдісінің әр уақыт аралығында үнемі қайталануын қамтиды. Ырғақтылық коэффициенті ($K_{\text{ырғ}}$) кез-келген уақыт аралығында (смена, күн, ай) анықталуы мүмкін

$$K_{\text{ырг}} = 1 - \sum_1^T \Delta V / V_{\text{жс}}, \quad (9.6)$$

- мұндағы ΔV – күнтізбелік уақыт аралығындағы өнім өндірісінің белгіленген жоспарынан ауытқу жиынтығы;
 $V_{\text{жс}}$ – күнтізбелік уақыт аралығындағы (смена, күн, ай) өнім өндірісінің белгіленген жоспары;
 T – күнтізбелік уақыт аралығы (смена, күн, ай).

9.2 Өндірісті ұйымдастыру үлгілері

Өндірісті ұйымдастырудың отандық теориясы мен тәжірибесінде нақты белгілерге сәйкес өндірістің 3 үлгісін бөліп көрсетеді: жаппай, сериялы, жеке дара. Өндірістік менеджменттің шетелдік теориясы мен тәжірибесінде процестерді басқару стратегиясының үш үлгісі бар: өнімге бағытталған стратегия, процеске бағытталған стратегия және қайталанатын процестерді басқару стратегиясы (кесте 1).

Кесте 1 – Процеске және өнімге бағытталған стратегияларды салыстыру

Процеске бағытталған стратегия	Өнімге бағытталған стратегия
1 Тауарлар көлемі аз, түрлері көп	Тауарлар көлемі көп, олардың түрлері көп емес
2 Өндірісте арнайы мамандандырылған емес, универсалды құрал-жабдықтар пайдаланылады	Керісінше, арнайы мамандандырылған құрал-жабдықтар пайдаланылады
3 Қызметкерлердің біліктілігіне жоғары талаптар қояды	Қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптар ондай қатаң емес
4 Жұмыс ережелері (нұсқаулары) көп, өйткені жұмыс өз түрін өзгертіп отырады	Заказдар мен жұмыс нұсқаулары аз, өйткені олар стандарттар болып табылады
5 Өндіріс көлеміне қатысты материалдар запасы жоғары болады	Өндіріс көлеміне қатысты материалдар запасы төмен болады
6 Шығу компоненттеріне қатысты аяқталмаған өндіріс жоғары	Керісінше, шығу компоненттеріне қатысты аяқталмаған өндіріс төмен болады
7 Өндірістік цикл ұзақтығы ұзақ болады	Өндеу құралдарының қозғалысы тез, цикл ұзақтығы қысқа болады
8 Қойма орындарының көлемі көп	Материалдар мен бөлшектер негізі жұмыс орындарында сақталады, қойма орындарының көлемі шектеулі
9 Соңғы өнім көбіне белгіленген тізбек бойынша өндіріледі және сақталмайды (тапсырыс бойынша жоспарлау)	Соңғы өнім көбіне болжамдар негізінде өндіріледі және дайын өнім қоймаларында сақталады
10 Тапсырыстарды жіберу тәртібіне бағытталған кесте сату, запастар, қуат пен тапсырыс берушілерге қызмет көрсету ара қатынастарымен байланысты	Өндірістің ырғақтылығына бағытталған кесте, болжам сату көлемін қамтамасыз ететін өндіріс көлеміне бағытталады
11 Алдын-ала белгіленген баға төмендеуі мүмкін және өзгерістер болған жағдайда баға да жоғарлайды	Керісінше, алдын-ала белгіленген баға жоғарлауы немесе төмендеуі мүмкін
12 Баға тағайындау – күнделікті тұрақты түрде жасалынатын процедура, негізінен жұмысты бағалайды, бірақ баға жұмыс аяқталғаннан кейін ғана белгілі болады	Алдын-ала белгіленген баға көп дәрежеде өнімге кеткен шығындармен емес, оған деген сұраныспен реттеледі

Өндіріс үлгілері – ұйымның өндірістік қызметі көлемі мен өнімдер номенклатурасының кеңдігімен, оны өндірудің тұрақтылығымен сипатталатын өндіріс категориясы.

Өндіріс үлгілерін сипаттайтын факторлар:

- өнім көлемі (V);
- өндірістік жұмыс бірлігін орындаудағы уақыт шығындары (t);
- жоспарлы кезеңдегі жұмыс орнының әрекеттегі қоры (N_о)

Өндірісті ұйымдастыру үлгілері – жоспарлы кезеңде (айда) бір өндірістік жұмыспен жұмыс орнының толықтай тұрақты түрде қамтылу дәрежесі. Өндірісті ұйымдастырудың негізгі үлгілері жеке дара, сериялық және жаппай өндіріс болып бөлінеді.

Өндірісті ұйымдастыру үлгілерін сипаттайтын көрсеткіштер мәні 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2 - Өндіріс үлгілерін сипаттайтын көрсеткіштер

Көрсеткіштер	Есептелуі	Үлгілері				
		жаппай	сериялы			жеке дара
			ірі сериялы	орта сериялы	шағын сериялы	
операцияның бекітілуі	$K_{o.б.} = k_0 / S$	≤ 1	2 – 10	11 – 22	23 – 44	> 45
жаппайылық	$\gamma_m = t / r$	≥ 1	0,5 – 0,1	0,1 – 0,04	< 0,04	-

- мұндағы t – өндірістік жұмыс бірлігін орындаудағы уақыт шығындары (еңбек сыйымдылығы);
- r – бұйымды өндіру тактісі $r = N_o / V$;
- k₀ – цехтағы (учаскелердегі) жұмыс орындарында өңделетін детал операциялар саны;
- S – цехтағы (учаскелердегі) жұмыс орындарының саны, келесі формуламен анықталуы мүмкін: $S = V_t / N_o$.

Өндірісті ұйымдастырудың негізгі үлгілері: жеке дара, сериялық және жаппай өндіріс болып бөлінеді.

Жаппай өндіріс – ұзақ уақыт ішінде үздіксіз шығарылатын шектеулі номенклатуралық бұйымдар мен материалдардың әрбір жұмыс орнында елеулі мөлшері қатаң қайталанатын үрдістерді сипаттайды.

Ұйымдастыру шарты: $V_t \geq N_o$

Көрсеткіштері: $\gamma_m \geq 1$; $K_{o.б.} = 1$

Сипаттамасы: Жоспарланған кезеңде жұмыс орында бір жұмыстың тұрақты түрде қайталануы. Өндірістік процестегі еңбек құралдары үздіксіз қозғалыста болады.

Құрал-жабдықтар: технологиялық операциялардың орындалу тәртібіне сәйкес орналастырылған арнайы, мамандандырылған.

Технология: операциялық, нақты нормативтер, ағымдық желілердегі механикалық өңдеу мен бұйымдарды жинау, арнайы жабдықтау.

Персонал: операторлар, біліктілік төмен.

Тиімділік факторлары: өндірістік цикл ұзақтығын қысқарту, өнімділікті жоғарлату, өнімнің өзіндік құнын төмендету, бақылау мен есептеулерді ықшамдау.

Түрлері: -жаппай ағымдық автоматтық $\gamma_m = 1$; $K_{o.б.} = 1$

-жаппай ағымдық автоматтандырылмаған $K_{o.б.} = 1$; $\gamma_m = a$ -бүтін сан

-жаппай үзілісті-ағымдық өндіріс $K_{o.б.} = 1$; $\gamma_m = \text{бөлшек}$

Сериялы өндіріс – жеткілікті көп мөлшерде шығарылатын өнімдердің түпкілікті және көп емес бұйымдардың номенклатурасын көрсетеді. Өнімді шығарған көлеміне және номенклатуралық айырымына байланысты ірі сериялы, орта сериялы және шағын сериялы өндіріс болып бөлінеді.

Ұйымдастыру шарты: $\sum V_t \geq N_o$

Көрсеткіштері: $\gamma_m < 1$; $K_{o.б.} > 1$

Сипаттамасы: Жоспарланған кезеңде жұмыс орында бір жұмыстың үнемі қайталануы. Әр жұмыс орында біреуден көп өндірістік жұмыстар орындалады. Өндірістік процесте еңбек құралдарының қозғалысы үзіліспен болады. Жұмыстар партиялармен жүзеге асады.

Құрал-жабдықтар: технологиялық біртектілік белгілері мен топтары бойынша орналастырылған, мамандандырылған, универсалды.

Технология: маршрутты-операциялық; нормативтер нақты емес; көп заттық ағымдық желілерде бұйымдарды жинау мен механикалық өңдеу; жабдықтау арнайы, маманданған, универсалды.

Персонал: біліктілік жоғары.

Тиімділік факторлары: қозғалыстың әр түрлерін пайдалану есебінен өндірістік цикл ұзақтығын өзгерту; өндірісті ұйымдастырудың топтық тәсілдерін пайдалану арқылы өнімділікті арттыру; есептесу мен қызмет көрсетудің күрделі жүйесі.

Түрлері: -ірі сериялы $\gamma_m = 0,5 - 0,1$; $K_{o.б.} = 2 - 10$;

-сериялы $\gamma_m = 0,1 - 0,04$; $K_{o.б.} = 11 - 22$;

-шағын сериялы $\gamma_m < 0,04$; $K_{o.б.} = 2 - 44$.

Жеке дара өндіріс – шығарылатын өнімнің аз номенклатурасын, сол сияқты көмекші операцияларға уақыт шығындарының көп жұмсалуы, еңбек өнімділігінің төмен және өнімнің өзіндік құнының жоғары болуымен сипатталады.

Ұйымдастыру шарты: $V_t < N_o$

Көрсеткіштері: $K_{o.б.} > 45$

Сипаттамасы: Жоспарлы кезеңде жұмыс орындарда жұмыстардың тұрақсыз түрде қайталануы немесе тіптен қайталанбауы. Өндірістік процесте еңбек құралдарының үзілісті қозғалысы.

Құрал-жабдықтар: универсалды.

Технология: маршруттық; нормативтер ықшамдатылған, тәжірибелі-статистикалық; бұйымдарды жинау жеке жүргізіледі, технологиялық учаскелерде өңдеу механикалы түрде болады.

Персонал: біліктілік өте жоғары.

Тиімділік факторлары: цикл ұзақтығы ұзақ; басқару жүйесі күрделі; нарық қажеттіліктеріне деген икемділік реакциясы.

Түрлері: -тәжірибелік өндіріс (өндірістің жеке дара үлгісінің түрі).

Сипаттамасы: өнімдерді дайындау тәжірибеде жүргізілмеген конструкторлық-технологиялық құжаттар бойынша жүзеге асады. Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті бұйымдар үлгісі мен партиясының өндірісі.

Құрал-жабдықтар: универсалды.

Персонал: біліктілік өте жоғары.

Тиімділік факторлары: өндірістік цикл ұзақтығы ұзақ; өндірістің топтық тәсілдерін пайдалану мүмкіндігі.

Өндірісті ұйымдастыру үлгілерінің сипаттамалары 3 кестеде көрсетілген.

Кесте 3 - Өндірісті ұйымдастыру үлгілерінің сипаттамалары

Фактор	Жеке дара	Сериялы	Жаппай
Номенклатура	шектеусіз	сериямен шектеледі	бір немесе бірнеше өнім
Шығарылымның қайталануы	қайталанбайды	кезең бойынша қайталанады	үнемі қайталанады
Қолданылатын жабдықтар	әмбебап	ішінара арнайы, әмбебап	негізінде арнайы
Жабдықтың орналасқан жері	топтық	Топтық және тізбектей	тізбектей
Технологиялық процесті дайындау	топтастырылған (өнім бойынша, түйін бойынша)	бөлшекті	бөлшекті-операциялық
Қолданылатын құрал-жабдықтар	әмбебап, аз дәрежеде арнайы	әмбебап және арнайы	көп жағдайда арнайы
Жұмысшылардың біліктілігі	жоғары	орта	көбіне жоғары емес, бірақ біліктілігі жоғары жұмысшылар да болады
Өнім бірлігінің өзіндік құны	жоғары	орташа	төмен

Өндірісті ұйымдастыру тәсілдері - өндірістік процестер элементтері байланыстылығының негізінде орындалатын қызмет түрлері мен өнім өндірісіндегі операциялар мен әдістердің жиынтығы.

Өндірісті ұйымдастыру тәсілдерінің түрлері: ағымдық, партиялық, жеке дара.

Өндірісті ұйымдастырудың ағымдық тәсілі – технологиялық процестердің жүру тәртібі бойынша орналастырылған, мамандандырылған жұмыс орындарында орындалатын негізгі және қосымша операциялардың уақыт бойынша келісілген, қайталану ырғақтылығына негізделетін тәсіл.

Өндірісті ұйымдастырудың партиялық тәсілі – саны өндіріс партияларымен анықталынатын бұйымдардың шектеулі номенклатурасымен периодты түрде өндірілетін тәсіл.

Өндірісті ұйымдастырудың жеке дара тәсілі – нақты уақыт интервалында қайталанатын немесе қайталанбайтын бұйымдар номенклатурасы жеке дара дана бойынша өндірілетін тәсіл.

Өндірісті ұйымдастырудағы тәсілдерді таңдауға әсер ететін факторлар:

- өндірілетін өнім номенклатурасы;
- өндірілетін өнім масштабы;
- өнім өндірісінің кезеңділігі (периодтылығы);
- өнімнің еңбек сыйымдылығы;
- өнімді технологиялық жағынан өңдеу сипаты.

9.3 Өндірістік цикл: түсінігі, түрлері мен ұзақтығы

Өндірістік цикл – жеке еңбек затын (бұйымдар, жинақтау бірліктері, жартылай фабрикаттар) дайындауға байланысты болатын ұйымның өндірістік үрдісінің бір бөлігі. Өндірістік циклдың ұзақтығы - өңделетін зат (материал, дайындау бөлшектері) өндірісінің нақты кезеңіндегі дайын өнімге ауысатын уақыттың күнтізбелік кезеңі.

Өндірістік цикл екі кезеңді қамтиды: өндірістік процесс уақыты мен өндірістік процестегі үзілістер уақыты (операция аралық, смена арасындағы үзілістер).

Өндірістік циклдың ұзақтығын қысқартудың бір әдісі ретінде өнім өндірудің технологиялық процестеріндегі операциялардың бәрін немесе бірнеше түрін бір уақытта орындау болып табылады.

Өндіріс процесіндегі еңбек заттарының қозғалысының түрлері деп технологиялық жүйелілікте операциялар бойынша жұмыс орындарына шикізат пен жартылай фабрикаттардың жылжуы және өңделу тәртібін айтады.

Операциялардың ұзақтықтары мен тактылары бірдей емес. Біртұтас өндірістік жүйе жасау үшін тактылары әртүрлі операцияларды өзара ұтымды үйлестіру қажет. Екі операцияны үйлестіру түрі еңбек заттарын өңдеу тәртібін және оларды бір операциядан басқасына беру тәртібін көрсетеді. Өндіріс процесіндегі тактылары әртүрлі операцияларды үйлестіру түріне байланысты еңбек заттарының қозғалыс түрлерін тізбектей, параллель және аралас деп бөледі.

Операциялардың жүргізілуіне байланысты үш түрі бар: тізбектей (кесте 4), параллель (кесте 5), аралас (кесте 6).

Кесте 4 – Операциялардың жүргізілуінің тізбектей түрі

Операция құрамы (деталдар нөмері көрсетілген)	Операция №	Операция ұзақтығы, мин
	1	$t_{дет}^1 = 7$
	2	$t_{дет}^2 = 3$
	3	$t_{дет}^3 = 9$
	4	$t_{дет}^4 = 5$
	5	$t_{дет}^5 = 6$
		$\sum_1^m t_{дет} = 30$

$$T_{цикл}^{тізб} = \sum_1^m t_{дет} \times n$$

$$T_{цикл}^{тізб} = 30 \times 3 = 90 \text{ мин}$$

- мұндағы $T_{цикл}^{тізб}$ – операциялардың тізбектей түріндегі өндірістік цикл ұзақтығы;
 m – операция саны;
 n – партиядағы деталдар саны;
 $\sum_1^m t_{дет}$ – барлық операциялардың ұзақтығының қосындысы.

Кесте 5 – Операциялардың жүргізілуінің параллель түрі

Операция құрамы (деталдар нөмері көрсетілген)	Операция №	Операция ұзақтығы, мин
	1	$t_{дет}^1 = 7$
	2	$t_{дет}^2 = 3$
	3	$t_{дет}^3 = 9$
	4	$t_{дет}^4 = 5$
	5	$t_{дет}^5 = 6$
		$\sum_1^m t_{дет} = 30$

$$T_{цикл}^{пар} = \sum_1^m t_{дет} + (n - 1) \times t_{ұз}$$

$$T_{цикл}^{пар} = 30 + (3 - 1) \times 9 = 48 \text{ мин}$$

- мұндағы $T_{цикл}^{пар}$ – операциялардың параллель түріндегі өндірістік цикл ұзақтығы;
 m – операция саны;
 n – партиядағы деталдар саны;
 $t_{ұз}$ – операциялардың ұзақтығы бойынша ең жоғары уақыты.

Өндіріс процесіндегі еңбек заттарының тізбектей қозғалыс түрі

операциялардың технологиялық жүйелілігімен бірдей заттардың партиясын, ұсақ беріліс партияларына немесе данаға бөлшектемей өңдеуді, жылжытуды көрсетеді. Шикізаттың және жартылай фабрикаттың барлық партиясы бір операциядан екіншісіне беріледі. Мұнда шектес операциялардың параллельді орындалуы мүмкін емес. Параллельділік мұнда бірдей операциялар бірнеше жұмыс орындарында орындалу кезінде ғана мүмкін.

Еңбек заттарының параллель қозғалыс түрі операциялардың технологиялық жүйелілігімен шикізаттың немесе жартылай фабрикаттың партиясын, данамен немесе ұсақ беріліс партиялармен өңдеу және жылжытуды қамтиды. Әрбір дананы немесе ұсақ партиясын барлық партияның өңделуін күтпестен, келесі операцияға алдыңғы операция бітісімен жібереді. Процестің барлық операциялары басты тактымен орындалады (үлкен тактымен). Басты операцияға қарағанда кіші тактылары бар операциялар үзіліспен орындалады. Үзілістер басты тактымен осы операциялар тактыларының арасындағы айырмаға тең.

Еңбек заттарының параллель қозғалыс түрі жүйелі қозғалыс түріне қарағанда әртүрлі операцияларды уақыт бойынша біріктіру нәтижесінде өндіріс циклының біршама қысқаруымен ерекшеленеді. Еңбек заттарының параллель қозғалыс түрі жаппай өндірісті ұйымдастыру талаптарына толық келеді.

Кесте 6 – Операциялардың жүргізілуінің аралас түрі

Операция құрамы (деталдар нөмері көрсетілген)	Операция №	Операция ұзақтығы, мин
	1	$t_{дет}^1 = 7$
	2	$t_{дет}^2 = 3$
	3	$t_{дет}^3 = 9$
	4	$t_{дет}^4 = 5$
	5	$t_{дет}^5 = 6$
		$\sum_1^m t_{дет} = 30$
$T_{цикл}^{ар} = \sum_1^m t_{дет} + (n - 1) \times (\sum t_{ұзақ} - \sum t_{қысқа})$		$T_{цикл}^{ар} = 30 + (3 - 1) \times (22 - 8) = 58 \text{ мин}$

мұндағы $T_{цикл}^{ар}$ – операциялардың аралас түріндегі өндірістік цикл ұзақтығы;
 m – операция саны;
 n – партиядағы деталдар саны;
 $\sum t_{ұзақ}$ – ұзақ операциялардың орындалу уақытының қосындысы;
 $\sum t_{қысқа}$ – қысқа операциялардың орындалу уақытының қосындысы.

Еңбек заттарының аралас қозғалыс түрі операциялардың технологиялық жүйелілігімен шикізаттың немесе жартылай фабрикаттың партиясын, данамен немесе ұсақ беріліс партиялармен өңдеу және жылжыту.

Осы кестелерден байқағандай, операцияларды жүргізудің параллель түріндегі цикл ұзақтығы басқа түрлеріне қарағанда аз, сәйкесінше өндіріс түріне, өндіріс үлгісіне қатысты операцияларды жүргізудің түрін дұрыс таңдаған жоғары тиімділікке жеткізеді.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Өндірістік үрдісті ұйымдастырудағы икемділік қағидасы:
 - A) белгілі бір уақыт ішінде немесе бір қалыпты өсу көлемінде өнімнің шығарылуы;
 - B) үрдістерді орынды түрде ұйымдастыратын қағида;
 - C) операцияларды бір уақытқа бірлестіру деңгейін сипаттайтын қағида;
 - D) 10 операцияны қатар орындау;
 - E) өндірістік үрдістің жаңа өндіріске тез қайта құрылуы.

- 2 Дайын өнімді толық дайындауға қажетті күнтізбелік уақыт
 - A) ұдайы өндіріс;
 - B) қатарластық коэффициенті;
 - C) өндірістік цикл;
 - D) үздіксіздік қағидасы;
 - E) ырғақтылық коэффициенті.

- 3 Қондырғылар шаруашылығының ұйымдастырылуына әсер ететін факторлар:
 - A) бас механик, бухгалтер;
 - B) жоспарлы-өндірістік бюро;
 - C) кәсіпорынның сәттілігі, өнім сапасы, жұмыстың ырғақтылығы, рентабелділігі;
 - D) қойма шаруашылығы;
 - E) экспедициялық операциялар.

- 4 Жөндеу шаруашылығының қызметі:
 - A) тозуды есепке алу;
 - B) қондырғыларды қызмет түрін көрсетуде қолдану;
 - C) тоқтауларды болдырмас үшін техникалық қызмет көрсету;
 - D) өнім номенклатурасы мен ассортиментін анықтау;
 - E) еңбек құралдарының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету.

- 5 Көлік шаруашылығының негізгі қызметтеріне жатпайтыны:
 - A) жүктерді жеткізу;

- B) жүктерді тиеу және түсіру;
- C) экспедициялық операциялар;
- D) автокөліктерді жөндеу;
- E) сапа жүйесін басқару.

6 Соңғы нәтиже алу мақсатында өндірістік үрдістер элементтерін кеңістікте және уақыт бойынша үйлестіру:

- A) өндірісті ұйымдастыру;
- B) өндірістік үрдістерді ұйымдастыру;
- C) еңбек үрдістерін ұйымдастыру;
- D) өндірістік үрдістерді реттеу;
- E) өндірістік цикл қызметі.

7 Дискретті өнім түрлеріне жататындар:

- A) акция мен облигациялар;
- B) банк өнімдері;
- C) әр түрлі бөлшектерден тұратын өнімдер;
- D) бірдей бөлшектер;
- E) конвейерлер.

8 Цехтың немесе зауоттың жүк айналымына жатпайтыны:

- A) уақыттың белгілі мерзіміне бекітілген жүк санын айтамыз;
- B) тасу және жеткізу пункттерінің арасындағы белгілі бағытта орналасқан жүк саны;
- C) көлік құралдарының бір жаққа жүкпен, ал келесі бағытта жүксіз жүруі;
- D) қажет көлік құралдарының санын есептеу;
- E) көліктендірілген бұйым салмағы.

9 Адамның қатысуын қажет етпейтін өндірістік үрдіс түрі:

- A) еңбек;
- B) қосымша;
- C) дискретті;
- D) табиғи;
- E) қарапайым.

10 Аз номенклатурамен шығарылатын, еңбек өнімділігі төмен, өнімнің өзіндік құнының жоғары болуымен сипатталатын өндіріс түрі:

- A) жаппай;
- B) ірі сериялы;
- C) орта сериялы;
- D) шағын сериялы;
- E) жеке дара.

11 Өндірісті ұйымдастыру процесі нені таңдаудан басталады?

- A) жұмыс орнын;

- B) тактиканы;
- C) оперативті процестерді;
- D) индикативтерді анықтау;
- E) стратегияны.

12 Қызмет түрлерінің қайсысы өндірістік сипаттағы қызмет болып табылады?

- A) автокөліктерді жөндеу;
- B) бизнес-жоспар дайындау бойынша кеңес беру;
- C) заңгер кеңесі;
- D) банк қызметкерлерінің кеңесі;
- E) тапсырыс берушіге қондырғыларды қондырып беру.

13 Өндірістік қызметтің негізгі элементтері:

- A) бөлімдер;
- B) жұмыс орындары;
- C) учаскелер;
- D) цехтар;
- E) аудандар.

14 Өндірістік үрдіс деп еңбек құралын еңбек өніміне _____ бағытталған үрдістерінің байланысқан жиынтығын атайды.

- A) бөлуге;
- B) сипаттауға;
- C) өзгертуге;
- D) қосуға;
- E) жинақтауға.

15 _____ өндіріс үрдісінің әр уақыт аралығында үнемі қайталануын қамтиды.

- A) мамандану;
- B) үздіксіздік;
- C) пропорционалдылық;
- D) ырғақтылық;
- E) қатарластық.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Өндірістік процесс түсінігіне анықтама беріңіздер және оның құрылымын сипаттаңыздар.
- 2) Өндірісті ұйымдастырудың негізгі қағидаларын атап, олардың мәні мен мазмұнын анықтаңыздар.
- 3) Өндірісті мамандандыру маңыздылығы қандай және қандай белгілермен сипатталады?

- 4) Өндірістік процестерді ұйымдастыру қағидаларын атаңыздар, сипаттама беріңіздер.
- 5) Өндірістік процесс түрлерін атаңыздар және оларға сипаттама беріңіздер.
- 6) Өндірістік цикл дегеніміз не? Түсініктеме беріңіздер.
- 7) Негізгі өндіріске анықтама беріп, құрылымдық бөлімдерін атаңыздар.
- 8) Қосымша өндіріс бөлімдері мен бөлімшелерінің негізгі маңыздылығын атаңыздар.
- 9) Операциялардың жүргізілуіне байланысты қандай түрлері бар?
- 10) Өндірісті ұйымдастырудың жеке дара үлгісіне сипаттама жасап, мысал келтіріңіздер.
- 11) Өндірісті ұйымдастырудың жаппай үлгісіне сипаттама жасап, мысал келтіріңіздер.
- 12) Өндірісті ұйымдастырудың сериялы үлгісіне сипаттама жасап, мысал келтіріңіздер.
- 13) Өндірістік цикл дегеніміз не? Сипаттамасын келтіріңіздер.
- 14) Өндірістік операцияларды жүргізудің тізбектей түрінің сипаттамасы қандай?
- 15) Операциялардың жүргізілуінің тізбектей, параллель және тізбектей-параллель түрлерін анықтаңыздар.
- 16) Өндірістік операциялардың жүргізілуінің параллель түрінің сипаттамасын келтіріңіздер.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

Есеп 9.1

Кәсіпорында есепті жылы А мың теңге дайын өнім өндірілді. Арнайы тапсырыс бойынша Б мың теңге жартылай фабрикаттар өткізілді. Кәсіпорынмен өндірілген, бірақ басқа жаққа өткізілген электроэнергия В мың теңге құрайды. Тауарлы және жалпы өнім көлемін анықтаңыздар.

вариант	А	Б	В
1	2580	300	120
2	3050	350	250
3	3202	410	300
4	7005	650	560
5	7350	800	800

10 КӘСІПОРЫННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

10.1 Кәсіпорынның инновациялық қызметін сипаттайтын негізгі түсініктер

10.2 Инновациялық кәсіпкерліктегі инновациялық үрдістер

10.3 Инновациялық құрылым: түсінігі, құрамы мен субъектілердің атқаратын қызметтері

10.1 Кәсіпорынның инновациялық қызметін сипаттайтын негізгі түсініктер

Экономикалық талдау және зерттеу тәжірибелерінде инновациялық бағыттағы көптеген түсініктер қолданылады: инноватика, инновация және инновациялық үрдіс.

Инноватика – жаңалықтар енгізудің түрлі теориясын зерттейтін ғылым саласы. Осында зерттелінетін теориялар – жаңалықтарды жасау, оларды тарату, жаңалықтар енгізуге кедергі болатын факторлар, кері әрекеттерге адамның және инновациялық ұйымдардың әсерлері, инновациялық шешімдерді жасау болып табылады.

Инновациялық қызмет – аяқталған ғылыми зерттеулер мен өңдеулер немесе нарықта өткізілетін жаңа немесе қасиеттері өзгертілген, яғни жаңартылған өнімнің, қызметте пайдаланылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдістің ғылыми-техникалық жетістіктерін, және осылармен байланысты болатын қосымша ғылыми зерттеу мен өңдеу нәтижелерін таратуға бағытталған үрдіс [6].

Инновация (жаңалықтар енгізу) – нарықта өткізілетін жаңа немесе жаңартылған өнім, қызметте пайдаланылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдісі түрінде нарықта өткізуге болатын инновациялық қызметтің соңғы нәтижесі.

Инновация бұл тек өндіріске енгізілген ғана емес, сонымен бірге тиімді және жоғары пайда әкелетін объект. Инновацияны жүзеге асыру үрдісінде жүргізілетін ғылыми-техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық өзгерістердің жиындығын инновациялық үрдіс деп атауға болады, ал жаңа енгізулерді жасауға, таратуға және оны пайдалануға кеткен уақытты инновациялық кезең деп атайды.

Зерттеу объектісіне байланысты инновацияны келесідей қарастыруға болады:

а) инновация – үрдіс ретінде (Б. Твисс, А. Койре, И.П. Пинингс, В. Раппопорт, Б.Санта, В.С. Кабаков, Г.М. Гвишиани, В.Л. Макаров);

б) инновация – жүйе ретінде (Н.И. Лапин, Й. Шумпетер);

в) инновация – өзгерістер ретінде (Ф. Валента, Ю.В. Яковец, Л. Водачек);

г) инновация – нәтиже ретінде (А. Левинсон, С.Д. Бешелев, Ф.Г. Гурвич).

Инновация және оның экономика дамуындағы ролі туралы зерттеулердің негізін қалаған Н.Кондратьев. Ол конъюнктураның ірі циклдарын (ұзын толқындарды) қарастырып, циклдардың себептерін және олардың ұзақтығын

зерттеген. Осы себептердің ішінен ең бастысы инновация болып табылатындығын атап көрсеткен.

Бұл идеялар австриялық экономист Й. Шумпетерге көп әсерін тигізген, ол өзінің “Экономикалық циклдар” атты жұмысында инновациялық үрдістер теориясының негізгі түсініктерін зерттеген. Ол жаңалықтарды технология мен басқару тәсілдерінің өзгерісі ретінде және ресурстарды пайдалану комбинациялары ретінде қарастырған. Сонымен бірге Й. Шумпетер инновациялық үрдістердегі кәсіпкердің ролін бөлек атап көрсеткен, оның ойынша кәсіпкер - жаңалық пен жаңалықты енгізу арасындағы байланыстырушы.

Инновациялық үрдістерді ұйымдастырудың түрлі нысандарын кәсіпкерлік тәжірибеде пайдалану үш фактормен сипатталады:

- сыртқы орта жағдайы (саяси және экономикалық жағдай, нарық түрі, бәсекелестік күрес сипаттамасы, мемлекеттік-монополиялық реттеу тәжірибиесі және т.б.);

- шаруашылық жүйенің ішкі орта жағдайы (лидер-кәсіпкердің және қолдау тобының болуы, қаражаттық және материалды-техникалық ресурстар, пайдаланылатын технологиялар, қалыптасқан ұйымдық құрылым, ұйымның ішкі мәдениеті, сыртқы ортамен байланысы және т.б.);

- басқару объектісі ретіндегі инновациялық үрдістердің ерекшеліктері.

Инновациялық үрдістер өндірушілердің барлық ғылыми-техникалық, өндірістік, маркетингтік қызметін ескеретін және нәтижесінде нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған үрдістер ретінде қарастырылады. Инновациялық процестің негізгі кезеңдері 1 суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Инновациялық процестің негізгі кезеңдері

Инновациялық менеджмент – фирманың нарық жағдайында әрекет ететін нақты инновациялық мақсаттарға жету үшін бағытталған кәсіби қызметтің ерекше түрі.

Кәсіпорынның (саланың, аймақтың, мемлекеттің) инновациялық әлеуеті – инновациялық қызметті жүзеге асыруға қажетті түрлі ресурстардың, соның ішінде материалдық, қаржы, интеллектуалды, ғылыми-техникалық және басқа да ресурстардың жиынтығы.

Инновациялық орта – инновациялық өнімді (жұмысты, қызмет түрін) өндірушілер мен тұтынушылардың қызмет ету саласы, соның ішінде инновацияларды жасау және оны таратуда қарастырылады.

Инновациялық бағдарлама – өнім мен технологияның жаңа түрлерін игеруге және оны таратуға байланысты тиімді шешімдерді қамтамасыз ететін және олардың орындалуын ресурстармен, орындаушылармен қамсыздандыру, тапсырылатын мерзімі келісілген инновациялық жобалар мен шаралар кешені.

Инновациялық инфрақұрылым – инновациялық қызметтің жүзеге асырылуына жағдай туғызатын ұйымдар (инновациялық-технологиялық орталықтар, технопарктер, оқу-кәсіби орталықтар мен басқа да мамандандырылған ұйымдар). Инновациялық қызметтің дамуына әрекет ететін құрылымдарды тізбектей келесідей қарастыруға болады: инкубаторлар, технологиялық парктер, технополистер.

Инкубатор фирма дегеніміз жаңа компания ұйымдастырылып шығару мақсатында басқарудың жергілікті органдарымен немесе ірі компаниялармен құрылатын ұйымдар.

Жаңадан құрылатын компанияларға төлем ақысы төмен қызмет орындарын жалға беру үшін және оларға басқару, экономикалық, техникалық мәселелер бойынша эксперттен кеңес алу мүмкіндіктерін жеңілдіктер негізінде жүзеге асыру үшін инкубатор-фирмалар құрылады. Олардың үш түрі бар:

- бірінші түрі – пайдасыз бизнес-инкубаторлар. Бұл көп таралған түрі. Жалгер фирмалардың жалға төленетін төлемі орта деңгейден 15-50%-дан төмен болады. Пайдасыз бизнес-инкубаторларды жергілікті ұйымдар қаржыландырады, өйткені олар аймақтың экономикалық дамуына, жұмыс орындарының пайда болуына мүдделі. Жалгерлер – бұл өнеркәсіптік фирма, зерттеу, конструкторлық және сервистік ұйымдар;

- екінші түрі – пайдасы бар бизнес-инкубаторлар. Бұл жеке ұйымдар, олардың қызметкерлерінің саны тұрақты түрде өсіп тұрады. Біріншіден ерекшелігі қызмет түріне төмендетілген тариф қолданбайды, бірақ жалгерлерге қызмет түрінің кеңейтілген спекторын көрсетеді және тек қолданған қызмет түріне қатысты ақысын алады;

- үшінші түрі – жоғары оқу орындарының филиалдары ретінде қалыптасады. Олар технологиялық жағынан күрделі бұйымды өңдеп шығаруды жүзеге асыратын компанияларға тиімді көмек көрсетеді. Жалға төленетін төлем ақысы жоғары болуы мүмкін, бірақ ол институт лабораторияларын, техникалық қамсыздандыру, есептегіш техниканы, кітапхананы пайдалана алады.

Технологиялық парктер – аймақтық өнеркәсіптік-ғылыми кешендері, олардың негізгі мақсаты шағын және орта ғылыми сыйымдылықты инновациялық фирмалардың дамуына қажетті орта қалыптастыру. Технопарктер құрылымына: ақпараттық-технологиялық, оқу, ақпараттық, маркетингтік, кеңес беру орталықтары жатады. Орталықтардың әрқайсы мамандандырылған қызмет түрін көрсетеді, мысалы, нақты технология түрі бойынша ақпараттарды іздестіру және оларды тарату, мамандарды қайта дайындықтан өткізу және түрлі кеңес беру қызметтерін көрсетеді.

Технополистер – жеке қала негізінде құрылған ғылыми-өндірістік құрылымды құрайды. Ғылыми орталықтарда жасалынған жаңа өнім және технология түрлері қаланың кешенді әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу үшін пайдаланылады.

Инновациялық қызметтің нәтижесі интеллектуалды өнім болып табылады. Интеллектуалды өнімге жататындар: ғылыми-техникалық өнім, информатика өнімі мен мәдени өнімдер.

10.2 Инновациялық кәсіпкерліктегі инновациялық үрдістер

Инновацияға қатысты кәсіпкерліктің екі үлгісін атап көрсетуге болады: классикалық және инновациялық.

Классикалық үлгі – бұл дәстүрлі, репродуктивті кәсіпкерлік. Бұл үлгі негізінде әрекет ететін кәсіпорынның пайдасын, рентабелділігін арттыру үшін оның ішкі резервтерін пайдаланады. Бұл үлгідегі кәсіпкерліктің табыстылығы мемлекет және аймақтық басқару органдары тарапынан субсидия берумен, протекционизммен байланыстырылады.

Екінші үлгі инновациялық (өнімділік) кәсіпкерлікті сипаттайды. Мұнда кәсіпорын дамуының жаңа жолдары, соның ішінде соңғы пайдалану кезеңіне дейін жеткізілген инновация немесе жаңалықтарды қарастырады.

Жаңалық деңгейіне байланысты инновация түрлері базисті, жақсарту және жалған инновациялар болып бөлінеді (сурет 2).

Базисті инновациялар ірі жаңалықтарды жүзеге асырады және техника дамуының жаңа бағыттары мен түрлерін қалыптастыру негізін қалайды. Жақсарту инновациялары шағын және орташа жаңалықтарды енгізумен байланысты және ғылыми-техникалық цикл дамуы тұрақты түрде жүргізіледі. Жалған инновациялар техника мен технологияның ескірген түрлерін жақсартуға бағытталады.

Ұдайы өндіріс үрдісіндегі роліне байланысты инновациялар тұтынушылық және инвестициялық болып, ал күрделілік дәрежесіне байланысты – күрделі (синтетикалық) және қарапайым инновациялар болып бөлінеді.

Инновациялардың пайда болуына байланысты екі түрі бар: реактивті және стратегиялық. Реактивті инновациялар фирманың қызмет етуіне бағытталады, бәсекелестермен жүзеге асырылатын инновациялық жаңалықтарға әсерлері ретінде қарастырылады. Стратегиялық инновациялар болашақта бәсекелестік артықшылықтарға ие болу үшін бағытталады.



Сурет 2 – Иновациялардың жіктелуі

Пайдалану сипатына байланысты иновация түрлері:

- өнімді иновация - өнім мен қызметтің жаңа түрлерін өндіруге және оны пайдалануға бағытталады;
- нарықтық иновациялар - өнімді пайдаланудың жаңа аясын ашуды және жаңа нарықтағы өнімдер мен қызмет түрлеріне деген қажеттілікті қанағаттандырады;
- иновация-үрдістер – жаңа технологияға, үрдісті ұйымдастыруға және басқаруға бағытталады;
- әлеуметтік иновациялар – жаңа әлеуметтік құрылымдарды құруға және әрекет етуге бағытталған;
- кешендік иновациялар – бірнеше өзгерістер түрлерінің бірлігімен сипатталады.

Инновациялық үрдісті ойдың тауарға тізбектей айналу үрдісі ретінде, яғни негізгі, қолданбалы зерттеулерден, конструкторлық өңдеулерден, маркетинг, өндіріс, өтім кезеңдерінен өтетін үрдіс деп атауға болады.

Инновациялық үрдіс топтастырудың түрлі деңгейіне байланысты қарастырылуы мүмкін.

1-ден, ғылыми-зерттеулердің, ғылыми-техникалық, инновациялық, өндірістік қызметтер мен маркетингтің параллел және тізбектей жүргізілуі ретінде қарастырылады;

2-ден, ойдың пайда болуын оның өңделіп, таратылуындағы жаңалықтардың өмірлік циклы кезеңдері ретінде қарастырылуы мүмкін;

3-ден, өнімнің немесе қызмет түрінің жаңа түрлерін өңдеп, оны таратуды қаржыландыру және инвестициялау үрдісі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Жалпылама алғанда инновациялық үрдіс жаңалықты, технологияның, тауардың, қызметтің жаңа түрлерін, өндірістік, қаржылық, әкімшілік немесе басқа да сипаттағы интеллектуалды қызмет нәтижелерін өңдеп, оларды өткізу.

Иновациялық идеяның пайда болуы және жаңа ғылыми нәтижелерді пайдалану мүмкіншілігі негізгі және іздену зерттеулерінде және қолданбалы зерттеу мен өңдеулер кезеңдерінде жүзеге асады.

Жаңа техниканы жасап шығарып, оны игеру үрдісі негізгі зерттеулерден басталады, олар жаңа ғылыми жетістіктерге қол жеткізуге және пайдалы заңдылықтарды анықтауға бағытталған. Негізгі зерттеулердің мақсаты – құбылыстар арасындағы жаңа байланыстарды көрсету, табиғат пен қоғам дамуын және олардың нақты пайдаланылуына қатысты заңдылықтарын көрсету. Негізгі зерттеулер теориялық және ізденістік болып бөлінеді.

Теориялық зерттеулердің нәтижелері ғылыми жаңалықтарды ашу, жаңа түсініктердің түсініктемесін беру, жаңа теорияларды көрсету болып табылады. Ізденістік зерттеулердің міндеттері – ой мен технологияның жаңа қағидаларын іздестіру болып табылады.

Ізденістік негізгі зерттеулер қоғам қажеттіліктерін қанағаттандырудағы жаңа тәсілдерге түсініктеме беру мен оны бақылаудан өткізу арқылы аяқталады. Барлық ізденістік негізгі зерттеулер академиялық мекемелер мен жоғарғы оқу орындарында, өнеркәсіптің ірі ғылыми-техникалық ұйымдарында жүргізіледі. Инновациялық үрдістердің дамуындағы негізгі зерттеулердің басты мәнділігі – идеяның негізі ретінде қарастырылып, білімдердің жаңа салаларының дамуына мүмкіншілік береді.

Инновациялық үрдістің келесі кезеңі – қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары. Оны жүзеге асыруда нәтижелердің теріс болу ықтималдылығы жоғары болады. Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қаржыландыруда шығындар тәуекелі пайда болады. Инновациядағы инвестицияның тәуекел сипаты болса, онда оны тәуекел инвестиция деп атайды.

Тәжірбиелі-конструкторлық және жобалық-конструкторлық жұмыстар кезеңі жаңа өнім түрін өңдеумен байланысты, ол эскизді-техникалық жобалаудан, жұмыс конструкторлық құжаттардың шығарылуынан, тәжірибелік үлгілерді дайындау және оларды тексеруден тұрады.

Тәжірбиелі-конструкторлық жұмыстар деп қолданбалы зерттеулер нәтижелерін пайдалану арқылы техниканың, технологияның, материалдардың жаңа үлгілерін жасауды қарастырады. Бұл ғылыми зерттеулердің соңғы кезеңі, яғни лабораториялық жағдайлар мен эксперименталды өндірістен өнеркәсіптік өндіріске ауысуы. Оларға жататындар: инженерлік объектінің немесе техникалық жүйенің (конструкторлық жұмыстардың) нақты конструкцияларын өңдеу, яғни физикалық, химиялық, технологиялық және басқа да үрдістерді еңбек ресурстарымен бір жүйеге біріктіру тәсілдері жатады.

Дайындық кезеңіндегі жұмыстарды жүзеге асырушылар: ғалымдардың шығармашылық ұжымдары мен жоғары оқу орындарының, университеттердің, ғылым академияларының институттары, мемлекеттік және ғылыми-техникалық орталықтардың инженерлі-техникалық қызметкерлері.

Инновациялық қызмет нәтижелерін тарату нарық кезеңінде жүзеге асады. Бұл кезеңнің құраушылары: нарыққа енуі, нарықтың кеңейтілуі, өнімнің ұзақ пайдаланылуы және төмендеуі.

Өнеркәсіптік өндіріс қадамы екі кезеңнен тұрады: жаңа өнім өндірісі және оны тұтынушыларға тарату.

Инновациялық үрдістің ғылыми техникалық прогрестен өзгешелігі өндіріске енгізілуінде, яғни жаңа өнім, қызмет түрінің нарықта бірінші рет пайда болуымен немесе жаңа технологияны жобалық қуатына дейін жеткізумен аяқталмайды. Бұл үрдіс енгізуден кейін де тоқтап қалмайды, жаңалықты тарату (диффузия) шараларына сәйкес, олар жаңартылады, жетілдіріледі, бұрын болмаған тұтынушылық қабілетке ие болады. Ал бұл болса оны пайдаланудың жаңа салаларын, жаңа нарықты, сәйкесінше жаңа тұтынушыларға танымал етеді. Сонымен, бұл үрдіс нарыққа қажетті өнімдерді, технологиялар мен қызмет түрлерін жасауға бағытталған. Олардың бағыттылығы, даму қарқындары, мақсаттары олардың әрекет ететін әлеуметтік-экономикалық ортасына байланысты болады.

Инновация диффузиясы дегеніміз инновацияның жаңа аймақтарға, жаңа нарықтарға таратылуы. Ал қозғалыс деп өндірісте қолдануды, жарнамалық шараларды, сауда нүктелерінің ұйымдастырылуын қамтиды. Инновацияны өткізудің тікелей, қосымша, аралас үш тәсілі бар.

10.3 Инновациялық құрылым: түсінігі, құрамы мен субъектілердің атқаратын қызметтері

Инновациялық инфрақұрылым инновациялық экономиканың негізгі элементі және тетігі болып табылады, ол экономикалық дамудың жоғары деңгейін қамтамасыз ете алады және сонымен қатар экономикалық өсу қарқынында айтарлықтай артта қалушылықты да тудыра алады.

Инновациялық экономиканың қалыптасуы үшін экономикалық жүйеде инновациялық қызметті қолдайтын және ынталандыратын мамандандырылған ұйымдар мен институттар болуы керек.

Инновациялық инфрақұрылымның міндеттеріне жататындар:


- инновациялардың сұранысы мен ұсынысын және олардың санын көбейту мақсатында бәсекелестікті дамыту;
- ғылыми зерттеу және конструкторлық жұмыстарды коммерцияландыру;
- тиімді жоғары технологиялық өндірістерді, салалар мен секторларды құру;
- технологиялардың диффузиялық процестерін олардың тұтынушыларына қатысты қалыптастыру;
- экономика мен инфрақұрылымды модернизациялау;
- креативтілік пен инновацияны арттыру бағытында адами капиталдың тиімділігін арттыру;
- зерттеу жобаларына, ғылыми бағыттарға, сондай-ақ ғылыми және инженерлік топтарға тәуелсіз сараптама жасау;
- инновациялық экономика саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамалар жасау;
- инновациялық кәсіпкерліктің дамуының алғышарттарын жасау.

Әдетте, инновациялық инфрақұрылымның келесі түрлері (ішкі жүйелері) бөліп көрсетіледі:

- 1) қаржылық: қорлардың әр түрлері (бюджеттік, венчурлық, сақтандыру, инвестициялық), сондай-ақ басқа да қаржы институттары, мысалы, қор нарығы, әсіресе жоғары технологиялық компанияларға қатысты;
- 2) өндірістік-технологиялық (немесе материалдық): технопарктер, инновациялық және технологиялық орталықтар, бизнес-инкубаторлар және т.б. ;
- 3) ақпараттық: білімдер мен мәліметтер базасы және аналитикалық, статистикалық, ақпараттық және басқа орталықтар (яғни, қызмет көрсететін ұйымдар);
- 4) кадрлық: ғылыми және инновациялық менеджмент, технологиялық аудит, маркетинг және т.б. саладағы кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі білім беру ұйымдары;
- 5) сараптамалық-консалтингтік: зияткерлік меншік, стандарттау, сертификаттау бойынша қызметтер көрсететін ұйымдар, сондай-ақ жалпы және белгілі бағыттар бойынша мамандандырылған кеңес беру орталықтары (қаржы, инвестициялық, маркетинг, менеджмент және т.б.);
- 6) өткізу құраушысы: сыртқы сауда қауымдастықтары, арнайы делдалдық фирмалар, көрмелерді ұйымдастырушы фирмалар.

Инновациялық инфрақұрылымның қаржы институттарымен инновациялық жобалар қаржыландырылады. Кәсіпорын жүзеге асыратын инновациялық жобалардың инновациялық қызметін қаржыландыру көздері де кәсіпкерлікті қаржыландыру көздері секілді бірнешеге бөлінеді: меншікті, қарызға алынған және қарыз қаражаттары.

Қазіргі заманғы ғылымда инновациялық инфрақұрылымды жіктеудің едәуір белгілері бар. 3 суретте инфрақұрылымды құраушы элементтерінің сипаттамасын көрсетуге болады.



Сурет 3 – Инновациялық инфрақұрылымның құраушы элементтері

Меншікті қаражаттарға кәсіпорынның кірісі, амортизация, сақтандыру өтемі, материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдер кіреді.

Сондай-ақ, акциялар шығару, өтеусіз негізде қаражат жинайтын ұйымдар қосымша қаражат тартуы мүмкін.

Қарыз қаражаты - бұл бюджет, коммерциялық ұйымдар мен банктер беретін несиелер болуы мүмкін. Инновациялық инфрақұрылымның қаржы институттары инновациялық кәсіпорындардың қарыз қаражаттарына қол жетімді болуына қызмет етеді. Инновациялық қызметті сыртқы қаржыландыру түрлері 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Инновациялық қызметті сыртқы қаржыландыру көздері

№	Инновациялық қызметті қаржыландыру көздері	Сипаттамасы
1	Бюджет қаражатынан мемлекеттік қаржыландыру	<ul style="list-style-type: none"> - ұлттық экономика үшін басымдығы бар инновациялық әзірлемелер үшін тиімді - ірі жүйелік маңызы бар кәсіпорындардың ауқымды инновацияларын қаржыландырудың негізгі көзі - инновациялық индустриялық жобаларға жақсы сәйкес келеді
2	Банктер мен инвестициялық компаниялар	<ul style="list-style-type: none"> - кез-келген кәсіпорынның жаңалықтарын қаржыландыруға банктер мен инвестициялық қорлар тартылады. Бір басты шектеу болады: қаржыландыру мерзімі жобаны жүзеге асыру мерзімінен аз болуы керек - несиелеу жалпы шарттар бойынша жүзеге асырылады - қаржылық лизинг, яғни инновациялық жоба үшін қажетті қымбат жабдықты сатып алу үшін қолданылады
3	Венчурлық қорлар	венчурлік қаржыландыруды инвестициялық компаниялар инвестициялардың қайтару кепілдігінің жоқ екенін біле тұра жүзеге асырады, ол жоғары тәуекелмен және инновация сәтті болса, жоғары пайдамен сипатталады.
4	Жеке инвесторлар	Бизнес-ангелдер – жеке венчурлық инвестор, дамудың бастапқы кезеңдерінде, тез даму потенциалы бар компанияларға қаржылық және сарапшы ретінде қолдауын қамтамасыз етеді

Іс жүзінде инновациялық қызмет субъектілері қаржы ресурстарын өздеріне қол жетімді әр түрлі көздерден тартады. Бұл аралас қаржыландыру, бұл

инновациялық жобаның барлық қатысушылары үшін, оның ішінде инвесторлар үшін ең қолайлы, өйткені бұл олардың тәуекелдерін азайтады.

Инновациялық тәсіл негізінде әлемдік өндіруші компаниялармен біздің елдік компаниялар тиімді бәсекеге түсе алуы үшін біздің елімізде инновациялық қызмет инфрақұрылымын одан әрі дамыту қажет. Бұл көп жағдайда мемлекеттік инновациялық саясатқа, инновациялық ұйымдардың дамуын ынталандыру үшін жағдай жасауға және отандық ғалымдардың ғылыми әзірлемелерінің нәтижелерін коммерциализациялауға байланысты.

Қазақстан Республикасының инновациялық инфрақұрылымының құраушыларына кіретіндер:

1) Даму институттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы №1201 «Инновациялық даму институттарының тізбесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес 5 инновациялық даму институттары анықталған болатын: «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, «Ғылым қоры» АҚ, «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ, «ҚазАгроИнновация» АҚ, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ.

2) Конструкторлық бюро Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыз №958 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша кәсіпорындардың қажеттіліктеріне қызмет көрсету үшін ауыл шаруашылығы, электротехникалық, тау-кен, көлік және мұнай-газ машиналарын жасау сегменттері бойынша 4 конструкторлық бюро құру қарастырылған: «Көліктік машина жасау КБ», «Тау-кен металлургиялық жабдықтар КБ», «Мұнай-газ жабдықтары КБ», «Ауыл шаруашылық машиналарын жасау КБ».

3) Технологиялық парктер – заманауи инновациялық экономиканың маңызды элементі болып табылады.

– «Ақпараттар технологиясы паркі» немесе «Силиконды Алатау» паркі спутниктік желілер байланысын жасап, жеке компьютерлер шығарумен айналысып, плазмалық және нано технологиялар, жоғары технологиялық биометрлік өнім өндірісі, аэрофототүсіру, серверлер, телекоммуникациялар қызметін көрсетеді.

– Мұнай-химия өндірісін дамытып және оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылы 19.12 № 498 Жарлығына сәйкес «Ұлттық индустриалды мұнай-химия технопаркі» (Атырау қаласы) құрылды.

– «Ғарыштық мониторинг технопаркі» құрамына «Ұлттық байланыс және радиоэлектроникалық орталық» (Приозерск), «Ғарыштық ақпарат алу орталығы» (Алматы), «Ұлттық ғарыштық мониторинг орталығы» (Нур-Сұлтан) кіреді. Негізгі қызметтерінің басты бағыттарының бірі антенналық-фидерлік кешеннің негізіндегі ғарыштық мониторинг жасау, Жердің дистанциялық зерттеу деректерін қабылдауды тұрақты жүргізіп отырады.

– «Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ технопаркі», Алматы қаласы.

– «Алгоритм технопаркі» ЖШС, Орал қаласы

- Astana Business Campus Назарбаев Университеті Ғылыми паркі
- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Ғылыми-технологиялық парк (Алматы)

4) Қазақстанда қазіргі таңда 40-тан астам бизнес-инкубаторлар жұмыс жасайды. 2000 жылы Қазақстанда бизнес-инкубаторлар және инновациялық орталықтар ассоциациясы құрылған болатын: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Ғылыми-технологиялық парктің Бизнес-инкубаторы (Алматы), «Бизнес-инкубатор СодБи» Корпоративтік Қоры (Шымкент), Назарбаев Университетінің инновациялық кластер жанындағы «Astana Business Campus» бизнес-инкубаторы (Нур-Сұлтан), Бизнес-инкубатор nFactorial (Нур-Сұлтан), Бизнес-инкубатор MOST (Алматы) және т.б.

5) Арнайы экономикалық аймақтардың негізгі мақсаты экономикалық салалар мен аймақтардың дамуын жеделдету, инвестицияларды тарту және жоғары өнімді, бәсекеге қабілетті өндірістерді, сондай-ақ заманауи технологияларды құру болып табылады.

«Астана - жаңа қала» АЭА – жалпы ауданы - 7 018,72 га (Әкімшілік іскерлік орталығы. No1 Индустриалды парк) Қолданылу мерзімі - 2027 жылға дейін

«Астана - Технополис» АЭА – жалпы ауданы - 631,92 га (Назарбаев Университеті, No2 Индустриалды парк) Іске асыру мерзімі - 2042 жылға дейін.

Төмендегі 2 кестеде әлемдегі белгілі және тиімді қызмет етіп келе жатқан инновациялық құрылымдар

Кесте 2 – Әлемдегі инновациялық құрылымдар

Ұйымның атауы	Сипаттамасы	сілтемесі
Силиконовая долина, Калифорния, АҚШ	Силиконовая долина (Кремнийлі алқап, ағыл. Silicon Valley) – компьютерлер, жабдықтар мен олардың құрамдас бөліктері, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету, ұялы байланыс құрылғылары, биотехнология және т. б. өндіріспен байланысты жоғары технологиялы компаниялардың шоғырлануымен ерекшеленетін аймақ	www.siliconvalley.com
Сингапур ғылыми паркі	Сингапур Ғылыми Паркі – Сингапур, Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея және Филиппин нарығында басым өңірлік қатысуымен Азиядағы жетекші болып табылатын парк. Құрамында IT-парктер, өнеркәсіптік парктер (өндіру, логистика және тарату орталықтары), бизнес-парктер, технопарктер, жоғары технологиялық объектілер, кеңсе және сауда алаңдарын әзірлейді, басқарады және дамытады.	www.sciencepark.com.sg
Цюрихтегі Швейцария технопаркі	Цюрихтегі Технопарк 1993 жылы 44300 мың шаршы метр алаңда құрылған. Орталықта 230 компания жұмыс істейді. 1750 мың маман жұмыс істейді. Технопарктің негізгі бағыты - ақпараттық және коммуникациялық технологиялар мен электроника.	http://www.technopark.ch

Европа және Солтүстік Американың технопарктері	Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Голландия, Дания, Италия, Латвия, Литва, Финляндия, Франция, Чехия, Швеция, Эстония және АҚШ елдерінің жетекші Технопарктері.	www.metolit.by/ru/dir.index.php/1865
OTANIEMI технопаркі	Otaniemi – Солтүстік Европадағы жетекші технопарк. Европалық бағдарлама шеңберіндегі қаржыландыруға жәрдем көрсетеді.	www.otaniemi.fi
София Антиполис француз технологиялық паркі	София Антиполис (ағыл. Sophia Antipolis) — Францияның оңтүстігіндегі технологиялық парк. Ол 1970-1984 жылдары негізінен есептеуіш техника, электроника, фармакология және биотехнология саласындағы компаниялар үшін құрылған үй болып табылады. Сондай-ақ, мұнда бірнеше жоғары оқу орындары мен еуропалық консорциумдардың штаб-пәтерлері орналасқан.	www.sophia-antipolis.org
Дубайдағы технопарк, Біріккен Араб Әмірлігі	Dubai Techno Park - еркін экономикалық аймағы. БАӘ-де ерекше мәртебесі бар парктердің бірі болып табылады. 2007 жылы құрылған технопарк өңірдің көптеген талантты мамандарын тартуға және БАӘ келесі экономикалық бағыттар бойынша дамуын қамтамасыз етуге бағытталған: мұнай, газ, суды тұщыландыру, денсаулық, инжиниринг және логистика. Алаңы 21 млн. шаршы метрге тең Дубай Технопаркінде 60 000 тұрақты тұрғын тұрады және 133 000 адам жұмыс істейді.	www.technopark.ae

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Негізгі, қолданбалы, конструкторлық шаралар кезеңдерінен өтетін ойдың тауарға айналу үрдісі:
 - A) ғылыми-техникалық прогресс;
 - B) ғылыми-зерттеу жұмыстары;
 - C) инновациялық үрдіс;
 - D) өнімнің өмірлік циклі;
 - E) бизнес-жоспар.

- 2 Алдыңғы аналогынан ерекшеленетін және табыс әкелетін ғылыми зерттеулер нәтижесінде өндіріске енгізілген объект, бұл:
 - A) жөнделген құрал-жабдықтар кешені;
 - B) инвестициялар;
 - C) капитал;
 - D) бизнес-жоба;
 - E) инновация.

- 3 Жаңа ғылыми білімдерді алуға және заңдылықтарды табуға бағытталған зерттеулер:
- A) маркетингтік зерттеулер;
 - B) сұраныс пен ұсынысты зерттеу;
 - C) ішкі және сыртқы ортаны меңгеру;
 - D) негізгі зерттеулер;
 - E) экономикалық болжам.
- 4 Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарына мыналар жатады:
- A) ізденістік және эксперименттік зерттеулер;
 - B) сұраным мен ұсынысты зерттеу;
 - C) маркетингтік зерттеулер;
 - D) жалпы теориялық жұмыстар;
 - E) ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстары;
- 5 Жарнама, меңгеру және сатып алушылардың құрылуы, сатыдан кейінгі сервис, қосымша ұсыныс, персоналды оқыту, бұл:
- A) экономикалық есептеулерді орындау негіздері;
 - B) өндіріс тиімділігін анықтайтын шектеулер;
 - C) ғылыми зерттеулерді өткізетін құралдар;
 - D) нарық кеңейтілуінің құралдары;
 - E) өнімнің өмірлік циклінің аяқталуы.
- 6 Инновациялық орта:
- A) инновациялық жобалар;
 - B) маркетингтік зерттеулер;
 - C) ғылыми жобалар кешені;
 - D) сыртқы орта мен ішкі орта;
 - E) инновацияны қаржыландыратын көздер.
- 7 Қаржы, материалдық және техникалық құралдар резервінің болуы, прогрессивті технологияның және ғылыми-техникалық инфрақұрылымның болуы, бұл:
- A) инновациялық қызметке жағдай жасайтын факторлар;
 - B) бәсеке қабілеттілігін жоғарлататын құрал;
 - C) инновацияны қолдану факторлары;
 - D) кәсіпкерлікті ынталандыру факторлары;
 - E) инновациялық қызметке кедергі болатын факторлар.
- 8 Құрамында ірі кәсіпорындар мен олардың зерттеу лабораториялары, университеттері мен зерттеу институттары бар қалалық инфрақұрылым:
- A) технополис;
 - B) ғылыми парк;

- C) технопарк;
 - D) инновациялық орта;
 - E) бизнес-инкубатор.
- 9 Ғылыми жұмыспен кәсіпқой түрде айналысатын және қажетті біліктілігі бар маман:
- A) ғылыми жұмыскер;
 - B) брокер;
 - C) маклер;
 - D) менеджер;
 - E) экономист.
- 10 Инновациялық қызмет нәтижесі:
- A) зерттеу нәтижелері;
 - B) өнімді қайта қолдану;
 - C) интеллектуалды өнім;
 - D) қызмет түрі;
 - E) ғылыми жобалар.
- 11 Инновация диффузиясы дегеніміз _____ жаңа аймақтарға, жаңа нарықтарға таратылуы.
- A) инновацияның;
 - B) инвестицияның;
 - C) жоспардың;
 - D) ғылымның;
 - E) экономиканың.
- 12 Технополистер – жеке _____ негізінде құрылған ғылыми-өндірістік құрылымды құрайды.
- A) ауыл;
 - B) аудан;
 - C) қала;
 - D) республика;
 - E) ел.
- 13 Инноватика – жаңалықтар енгізудің түрлі теориясын зерттейтін ғылым саласы.
- A) зерттейтін;
 - B) сипаттайтын;
 - C) бөлетін;
 - D) кері байланыстыратын;
 - E) тігінен көрсететін.

14 Өнімді инновация - өнім мен қызметтің жаңа түрлерін өндіруге және оны пайдалануға бағытталады.

- A) дұрыс;
- B) дұрыс емес.

15 Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қаржыландыруда шығындар тәуекелі болмайды.

- A) дұрыс емес;
- B) дұрыс.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) «Жаңашылдық» және «инновация» түсініктерінің сипаттамасы мен ерекшеліктері.
- 2) Инновациялық цикл дегеніміз не және толық инновациялық циклдың құраушылары қандай?
- 3) Инновациялық процеске анықтама беріңіздер және негізгі кезеңдерін анықтаңыздар.
- 4) Инновациялық кәсіпкерлік түсінігінің мәні мен сипаттамасын көрсетіңіздер.
- 5) Инновациялық қызметтегі шағын кәсіпорындардың алатын орны қандай? Ірі кәсіпорындарға қарағандағы артықшылықтары бар ма, қандай?
- 6) Диверсификация дегеніміз не, мәні мен сипаттамасына тоқталыңыздар.
- 7) Инновациялық коммуникациялардың мәні неде?
- 8) Инновациялық инфрақұрылым түсінігі мен оның құраушылары.
- 9) Қазақстан Республикасындағы инновациялық инфрақұрылымды құраушы субъектілер.
- 10) Қазақстан Республикасындағы Индустриалды-инновациялық даму саясатының негізін анықтаңыздар.
- 11) Инновациялық инфрақұрылым мақсаты мен міндеттерін атаңыздар.
- 12) Инновациялық инфрақұрылымның құраушы элементтерін келтіріп, әрқайсына сипаттама беріңіздер.
- 13) Инновациялық қызметті қаржыландырудың қандай көздері бар?
- 14) Қазақстан Республикасы бойынша әрекет ететін технопарктер мен бизнес инкубаторларды атаңыздар.
- 15) Инновациялық инфрақұрылымның кадрлық құраушысына толықтай тоқталып, жауабыңызды тәжірибе түрінде келтіріңіздер.

11 КӘСІПОРЫННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

11.1 Инвестиция: түсінігі мен түрлері

11.2 Инвестициялық жоба тиімділігін анықтау және бағалау

11.3 Кәсіпорынның инвестициялық қызметі

11.1 Инвестиция және инвестициялық қызмет

Ұлттық экономиканың дамуы сол мемлекет экономикасының негізін қалайтын, кәсіпорындар мен ұйымдардың инвестициялық қызметінің белсенділігімен тікелей байланыстыруға болады. Инвестициялау нәтижесінде өндіріс көлемі арытады, кірістер өседі және тауарлар мен қызметке деген сұраныстарды жоғары дәрежеде қанағаттандыратын және бәсекелестік күресте алға шыққан, өнеркәсіп салалары мен кәсіпорындар экономикалық жарыста алға ұмтылып, дамиды. Алынған кіріс ішінара қайта жинақталады және өндірісті одан әрі кеңейтуге жұмсалады, ол болса кәсіпорындардың өркендеуіне әкеледі. Бұл процесс үздіксіз қайталанады.

Сонымен, инвестиция – табыс алу мақсатында инвесторлармен кәсіпкерлік объектілеріне және басқа да қызмет түрлеріне салынатын қаржылық, материалдық және басқа да құндылықтардың барлық түрлері. Инвестициялық көрсеткіштер динамикасы ел дамуының әлеуеті мен жақсы жағдайын сипаттайтын басты макроэкономикалық индикатор болып табылады.

Инвестиция – пайда алу немесе басқа да пайдалы эффект алу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектісіне салынатын ақша қаржылары, құнды қағаздар, басқа да мүліктер, соның ішінде мүліктік құқықтар, ақшалай бағаланатын құқықтармен сипатталады. Сонымен, инвестициялар *ақшалай түрде* (ақша қаржылары, құнды қағаздар), *материалдық түрде* (жылжымайтын мүлік, машиналар, қондырғылар мен басқа да мүліктер), *материалдық емес нысанда* (мүліктік және басқа да құқықтар) да болады [6].

Инвестициялық қызмет пайда алу немесе басқа да пайдалы эффект алу мақсатында, яғни кәсіпорынның экономикалық потенциалын кеңейтуге бағытталған капитал салымдарының тиімді нысандарын іске асыру процесімен сипатталады. Елде әрекет ететін кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі инвестициялық ахуалмен анықталады. Инвестициялық ахуал – ел экономикасына салынған ішкі және сыртқы инвестициялар ағымына әсер ететін экономикалық, саяси, қаржылық жағдайлардың жиынтығы.

Инвестициялық климат – инвестициялау үшін негіз болып табылады және бірнеше факторлардың жиынтығымен сипатталады. Ондай факторларға макроэкономикалық жағдай (теңдестірілген бюджет, инфляция деңгейі, оң сальдосы бар төлем балансы, мемлекеттік қарыздың ақылға қонымды деңгейі, алтын-валюта резервтерінің едәуір мөлшері) және саяси тұрақтылық пен болжамдылық жатады. Сонымен қатар, инвесторлар үшін маңызды болатын факторлар: меншік құқығын қорғау, корпоративтік басқару деңгейі, қылмыс пен сыбайлас жемқорлық масштабы сияқты факторларды да жатқызуға болады.

Кәсіпорынның инвестициялық қызметі инвестицияның бірнеше түрлерімен анықталатын түрлі нысандар бойынша жүзеге асырылады. Инвестицияларды әртүрлі сипаттамаларға байланысты жіктеуге болады (сурет 1). Инвестициялау объектісіне байланысты инвестиция түрлері:

- *айқын инвестиция* (кәсіпорын капиталына салынған қаржылар, мысалы, жаңа негізгі қорларды құру, ескі қорларды жаңартуға немесе оларды қайтадан техникалық жағынан жарақтау);

- *қаржылық инвестиция* (инвестордың қаржылық капиталын арттыру мақсатында акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға, басқа да қаржылық құралдарды пайдаланудағы салымдар);

- *ғылыми-техникалық өнім инвестициялары* – ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске енгізуде қолданылатын салымдар;

- *материалдық емес инвестиция* (мүліктік құқықтарға, интеллектуалды жеке меншік құқығына салынатын салымдар).

Инвестициялау үрдісіне қатысу сипатына байланысты бөлінуі:

- *тікелей инвестиция* кәсіпорынның инвестициялау объектісін таңдауға тікелей қатысуымен, капиталды өзі тікелей салуымен және инвестициялық процестің жүргізілуін тұрақты түрде бақылап отыруымен сипатталады. Қазіргі кезде көп кәсіпорындар негізінен тікелей инвестицияларды жүзеге асырады;

- *тікелей емес инвестиция* (үрдісті инвестициялық компания, басқа да қаржылық делдалдар жүргізеді).

Инвестициялау кезеңіне байланысты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді инвестициялар деп бөледі. *Қысқа мерзімді инвестицияларда* капитал салымдары бір жылға дейінгі кезеңге салынады, содан соң басқа объектілерге реинвестицияланады немесе өндірістік қызметте қолданылуы мүмкін. Ал *ұзақ мерзімді инвестицияларының* капитал салымдары бір жылдан жоғары кезеңді қамтиды.

Меншік нысанына байланысты инвестицияның бөлінуі:

- *жеке инвестициялар* – жеке немесе заңды тұлғалармен салынатын салымдар;


- *мемлекеттік инвестиция* – белгілі бір ел бюджетінен алынған немесе басқару органдары қарызға берген қаражаттарды инвестициялау болып табылады;

- *шетелдік инвестиция* – бұл шетелдік жеке және заңды тұлғалармен, сондай-ақ шетел мемлекеттерімен қаржыландырылатын инвестициялар;

- *аралас инвестиция* – жоғарыда сипатталған әртүрлі инвестиция түрлері бір уақытта қолданылған жағдайды атайды (мысалы, нақты инвестициялық жобаға жеке және мемлекеттік қорлар бірлесіп салынуы мүмкін).

Инвестициялау кезеңіне байланысты *нетто-инвестициялар* (немесе бастапқы инвестициялар) – бұл жаңа кәсіпорын құру немесе оны сатып алу кезінде жасалынатын инвестициялар деп атайды.

Реинвестициялар – бұл нетто-инвестициялардан пайда алу арқылы қалыптасқан капиталды инвестициялық мақсаттарға қайта бөлу. *Брутто-инвестициялар* – бұл нетто-инвестициялар мен реинвестициялар қосындысымен



Сурет 1 – Инвестициялардың жіктелуі

сипатталады, яғни жаңадан босаған инвестициялық ресурстарды кәсіпорынның негізгі қорларының құрамын сақтау мақсатында жаңа өндіріс құралдарын сатып алуға немесе өндіруге бағыттау арқылы байланыстыру болып табылады.

Кәсіпорынның бәсекелестік позициясына әсері бойынша екіге бөлінеді. *Активті инвестициялар* – капиталды инвестордың өзінің басқаруы, инвестициялаудағы объекті мен құралдарды да өзінің таңдауы, инвестициялау процесіндегі барлық операцияларды да өзінің іске асыруы (активтерді сату-сатып алу, капиталды бір активтен екіншісіне ауыстыруы, реинновациялау, инвестициялық портфельді балансқа келтіру және т.б.). Сонымен, мұнда инвестор белсенді роль атқаратын тәсіл, яғни инвестор толықтай өз қауіпі мен тәуекеліне қатысты әрекет етеді, өзі инвестициялық шешімдерді қабылдайды және оларға толықтай жауапты болады. Активті инвестициялар мысалына алтынға салынатын инвестициялар, жылжымайтын мүлікке салынатын инвестициялар, бизнеске салынатын инвестициялар және т.б. жеке инвестормен жасалған инвестициялар жатады. *Пассивті инвестициялар* – өз капиталын басқаруды компанияға немесе үшінші бір тұлғаға беру (активтерді басқаратын компанияға, инвестициялық қорға немесе жеке басқарушыға). Яғни, бұл жағдайда инвестор пассивті роль атқара отыра, өз капиталын басқа тұлғаға басқаруға береді. Инвестор мен басқарушы арасындағы қатынас келісім-шарт негізінде құрылады, онда екі жақтың жауапкершілік деңгейі, басқа да қаржылық жағдайлар ескеріледі. Инвестор табысын басқарушы қамтамасыз етеді, ол үшін басқарушы келісілген сыйақы алады.

Аймақтық белгісіне байланысты: *ішкі инвестициялар* – бұл шаруашылық жүргізуші субъектілердің жеке немесе басқа да отандық жобаларға салуы, *шетелдік инвестициялар* – бұл сол елдің экономикасына салынған шетелдік инвестицияларды сипаттайды

Тәуекел деңгейіне байланысты бірнешеге бөлінеді: *тәуекел деңгейі төмен инвестициялар* (сенімді техникаға салу), *тәуекел деңгейі орташа инвестициялар* (нарықта бар өнім түрінің сату көлемін арттыру), *тәуекел деңгейі жоғары инвестициялар* (жаңа өнім түрін өндіру және оны өткізу), *тәуекел деңгейі өте жоғары инвестициялар* (зерттеулер мен инновацияларға салынатын қаржылар).

Инвестицияға арналған ресурстар шартты түрде төмендегі бағыттарға бөлінеді:

- жаңа өнімді игеру және шығару;
- техникалық жағынан қайта жарақтау;
- өндірісті кеңейту;
- қайта құру;
- жаңа құрылыс.

Кәсіпорында *техникалық жағынан қайта жарақтау* – ескі өндірістік техника мен технологияны жаңаға ауыстыру. *Өндірісті кеңейту* – жаңа қосымша цехтардың құрылысы мен басқа да бөлімшелерді құру арқылы өндіріс көлемін арттыру мақсатындағы инвестициялау. Жаңартуға моралды жағынан ескірген және физикалық жағынан тозған машиналар мен қондырғыларды ауыстыру және құрылыс пен ғимараттарды жетілдіру, *қайта құру* шаралары жатады. *Жаңа*

құрылыс – жаңа өнеркәсіпті кәсіпорындардың құрылысы, толықтай жобалық қуатына енгізілгеннен кейін аяқталған деп есептелінеді.

Кәсіпорынның техникалық жағынан қайта жарақтануы мен қайта жаңартылуында басты негізгі қорлардың белсенді бөлігі ғана жаңартылады.

11.2 Инвестициялық жоба тиімділігін анықтау және бағалау

Инвестициялық жоба тиімділігін анықтау және бағалауды инвесторлар немесе олардың тапсырмалары бойынша – арнайы консалтингтік фирмалар, орталықтар жүргізеді, олар инвестициялау нәтижелері бойынша (қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаға әсері үшін) материалдық және заң жағынан тікелей жауапты болады.

Инвестициялық жобалар бірнеше белгілері бойынша, соның ішінде масштабына байланысты шағын жобалар, моножобалар, мультижобалар, мегажобалар және халықаралық жобалар деп бөлінеді. *Шағын инвестициялық жобалар* масштабы бойынша үлкен емес, инвестиция көлемі шектеулі, жобалау және іске асыру процедуралары жеңілдетілген болып келеді. *Моножобалар* нақты белгіленген ресурстық, уақыттық және т.б. шеңбері болады. *Мультижобалар* идеялары бірдей бір-бірімен байланысты бірнеше инвестициялық жобалардың жеке түрі ретінде бөліп көрсетуге болады. *Мегажобалар* жалпы мақсатпен, бөлінген ресурстармен және орындалу уақытымен біріктірілген, бірнеше бір-бірімен байланысқан көп жобалардан құрылатын мақсатты бағдарламалар. *Халықаралық жобалар* күрделілігімен және құнымен ерекшеленеді, серіктестердің мүмкіншіліктеріне және бірін-бірі өзара толықтыратын қатынастарға негізделеді.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау үшін бірнеше бағыттар бойынша бірнеше тәсілдер қолданылады. *Салыстыру тәсілі бойынша қарапайым немесе статикалық тәсілдер*, яғни пайда нормасын және қайтарым кезеңін есептеу және *динамикалық немесе дисконттау тәсілі* қолданылады. *Нәтижелер мен шығындарды есепке алу бойынша* жалпы тиімділік (инвестициялық жобаны іске асырумен байланысты барлық шығындар ескеріледі) және салыстырмалы тиімділік (инвестициялық жобалардың салыстырылатын варианттары бойынша өзгеретін нәтижелер ескеріледі) көрсеткіштерімен сипатталады. Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауда қолданылатын түсініктер:


- коммерциялық (қаржылық) тиімділік жобаға тікелей қатысушылар үшін жобаны жүзеге асырудың қаржылық салдарын анықтайды;

- бюджетті тиімділік жобаның аймақтық және жергілікті бюджетіне қосатын үлесінің қаржылық салдарын көрсетеді;

- экономикалық тиімділік жобаны жүзеге асыруға байланысты шығындар мен нәтижелерді есепке алады, олар инвестициялық жоба қатысушыларының тікелей қаржылық мүдделері шегінен шығып кетуі мүмкін және құндық өлшемді қажет етеді.

Түрлі инвестициялық жобаларды (немесе жоба варианттарын) салыстыру және олардың ішінен ең тиімдісін таңдау бірнеше көрсеткіштерді қолдану арқылы бағаланады (сурет 3):

- таза дисконтталған табыс (ТДТ, NPV);
- инвестиция рентабелділігі, табыстылық индексі (ТИ, PI);
- табыстылықтың ішкі нормасы (ТИН, IRR);
- инвестицияның өзін-өзі ақтау кезеңі ($T_{\text{акт}}$).



Сурет 3 – Инвестицияны бағалау әдістері

Инвестициялық жоба тиімділігін бағалауда қарастырылған көрсеткіштерді салыстыру кезіндегі құнға келтіру (дисконттау) керек, өйткені түрлі уақыт кезеңдеріндегі шығындар мен қаржы түсімдері бір мәнді болмайды (бұл салыстыруды жүргізгенде қиынға соқтырады), яғни алдыңғы кезеңде алынған табыс құны соңғы кезде алынған табыс мөлшерінен жоғары болады [8].

Шығындар мен нәтижелер мөлшерлерін келтіру оларды дисконттау коэффициентіне (k) көбейту арқылы жүргізіледі. Ол r дисконтының тұрақты нормасы үшін төмендегі формула арқылы анықталады

$$k = \frac{1}{(1+r)^t}, \quad (11.1)$$

- мұндағы t – нәтиже алынған (шығын шығындалған) кезеңмен салыстыру кезеңіне дейінгі уақыт, жылмен есептелінеді;
- r – дисконт нормасы – капитал табыстылығының коэффициенті (табыс мөлшерінің күрделі қаржыларға қатынасы).

Инвестициялық жобаның экономикалық тиімділік көрсеткіштерін анықтауда өнім мен қолданылатын ресурстардың базисті, әлемдік, болжамдық және есепті бағалары қолданылуы мүмкін.

Базисті бағалар – уақыттың нақты кезеңінде қалыптасқан баға. Олар инвестициялық мүмкіншіліктерді техника-экономикалық зерттеу кезеңінде қолданады.

Болжамдық баға – өнімнің, ресурстардың, қызмет түрлерінің баға өзгерісінің болжамдық индексіне сәйкес инвестициялық жобаны жүзеге асырғандағы t жылының соңындағы баға. Оларды келесі формула арқылы анықтауға болады

$$B_t = B_0 \times I_t, \quad (11.2)$$

мұндағы B_t – инвестициялық жобаны жүзеге асырғандағы t жылының соңындағы болжамды баға;

B_0 – өнімнің немесе ресурстың базисті бағасы;

I_t – базисті бағаны қабылдау кезеңіне қатысты инвестициялық жобаны жүзеге асырғандағы t жылы соңындағы сәйкес өнім немесе ресурстар бағасы өзгерісінің болжамдық коэффициенті (индексі).

Есепті баға – базистік бағаны жалпы инфляция индексіне сәйкес келетін дефляторға, яғни экономикадағы немесе нақты ресурс, өнім, қызмет түрі бағасының орташа деңгейін жоғарлату индексіне көбейту арқылы анықталады.

Жобалық және есепті баға инвестициялық жобаның техника-экономикалық түсініктемесін беру кезеңінде қолданылады. Техника-экономикалық түсініктемеде есептеулер отандық базисті, керек жағдайда - әлемдік баға бойынша жүргізіледі.

Егер шығындар мен нәтижелердің ағымдағы мәні болжамдық бағамен есептелген жағдайда тиімділіктің интегралды көрсеткіштерін анықтауда есепті баға пайдаланылады. Бұл инфляцияның түрлі деңгейінде алынатын нәтижелерді салыстыру үшін қажет.

Базисті, болжамдық және есепті баға теңгемен есептелуі немесе тұрақты шетел валютасымен есептелуі мүмкін (АҚШ доллары, герман маркасы және т.б.)


Инвестициялық жобалар тиімділігін бағалаудағы есептеулерде сату көлемінің өзгерісі әсерінен болатын өнім және тұтынылатын ресурстар бағасы өзгерісі әсерін міндетті түрде ескеру керек (тауарлар мен қызмет түрлері нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың қанағаттандырылуына әсері).

Инвестициялық жоба тиімділігі инвестициялық үрдіске қатысушылардың мүдделерін ескере отырып шығындар мен нәтижелердің арақатынасын көрсететін көрсеткіштер жүйесімен сипатталады.

Инновациялық жобалардың тиімділігін бағалау көрсеткіштерін екі әдіске топтастыруға болады (сурет 4).

Инвестициялық жоба тиімділігін бағалаудың динамикалық (экономикалық) әдісі инвесторға дәлірек мәліметтер алуға мүмкіндік береді. Бұл әдістегі басты мәселе қаржының дисконтталған құнын анықтау, қателіктерді болдырмау үшін дисконттау ставкасын дәл есептеу керек.

Инвестициялық жоба тиімділігін бағалаудың статикалық (бухгалтерлік) әдісі өте қарапайым және еңбек сыйымдылығы да өте төмен болып келеді. Олардың басты ерекшелігі – инвестициялық жобаның жүзеге асыру кезеңіндегі шығындар мен пайданы есептеу кезінде болжам жасау мүмкіндігі және бұл әдіс ақша құнының болашақтағы құнын ескермейді. Қателіктер ықтималдылығын азайту және инвестициялар тиімділігін тиянақты бағалау үшін көп жағдайда осы әдістердің екеуін де қолданған дұрыс.



Сурет 4 – Иновациялық жобалардың тиімділігін бағалау көрсеткіштері

Жобаның қайтарым кезеңі (PP) идеяның іске асуынан бастап қайтарылғанға дейінгі уақытты білдіреді. Есептеудің негізі ақшалай түсімдердің мөлшері бастапқы инвестициялардың көлеміне тең болатын уақыт кезеңін анықтау болып табылады.

$$PP = \frac{I_0}{T_{орт}} \quad (11.3)$$

мұндағы $T_{орт}$ – негізгі қызметтен түскен орташа жылдық түсімдер;
 I_0 – бастапқы салымдар.

Мысалы, жалпы ұзақтығы 10 жыл болатын инвестициялық жобаға 1 млн.теңге салынды. Жыл сайын жоба бойынша 160 мың теңге қайтарылады. Формуланы қолдана, жобаның қайтарым кезеңін анықтаймыз: $PP = 1\ 000\ 000 / 160\ 000 = 6,25$ жыл. Сәйкесінше, қайтарым кезеңі 6 жыл және 3 айдан кейін болады, содан кейін пайда күтіледі.

Табыстың есепті нормасы (ARR) инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалаудың бұл әдістемесі инвестициялардың қайтарымдылығын сипаттайды және ақша түсімдерінің бастапқы жарнаға қатынасы түрінде болады.

$$ARR = \frac{T_{орт}}{I_0} \quad (11.4)$$

Біздің мысалымызға сәйкес: $ARR = 160\ 000 / 1\ 000\ 000 \times 100\% = 0,16 \times 100\% = 16\%$. Бұл көрсеткіш 1млн.теңге бастапқы инвестиция көлемін пайдалана отыра күтілетін жылдық түсімдерді алу үшін табыстылық нормасы 16% тең болуы керек.

Таза дисконтталған табыс (NPV, ТДТ) бастапқы кадамға келтірілген, барлық есепті кезеңдегі ағымдық эффектілердің қосындысы немесе интегралдық нәтижелердің интегралдық шығыннан артық болуы ретінде анықталады

$$NPV = -I_0 + \sum_{t=1}^T \frac{CF_t}{(1+r)^t}, \quad (11.5)$$

- мұндағы I_0 – бастапқы инвестициялар;
 CF_t – сол уақыт кезеңіндегі күтілетін ақша ағымдары;
 r – дисконттау ставкасы;
 t – есептеу қадамы;
 T – есептеудің уақыттық кезеңі (жобаның өмірлік циклының саны).

Есептеудің уақыттық кезеңі жобаны жүзеге асыру кезеңінің негізінде анықталады, оның құрамына кәсіпорынды (өндірісті) құру, оны қолдану және ликвидациялау уақыты да кіреді.

Егер инвестициялық жобаның ТДТ мөлшері оң болса, онда ол тиімді, яғни қабылданған дисконт нормасынан төмен емес инвестициялық қаржылындыру деңгейін қамтамасыз етеді деп қорытынды жасауға болады.

Біздің мысалымызға тоқталайық, егер дисконт коэффициентін 10% тең деп алатын болсақ, формулаға сәйкес келесідей нәтиже аламыз:

$$NPV = -1\ 000\ 000 + 160\ 000 / (1+0,1)^1 + 160\ 000 / (1+0,1)^2 + 160\ 000 / (1+0,1)^3 + 160\ 000 / (1+0,1)^4 + 160\ 000 / (1+0,1)^5 + 160\ 000 / (1+0,1)^6 + 160\ 000 / (1+0,1)^7 + 160\ 000 / (1+0,1)^8 + 160\ 000 / (1+0,1)^9 + 160\ 000 / (1+0,1)^{10} = -1000 + 145,5 + 133,3 + 123,1 + 106,7 + 100,0 + 88,9 + 84,2 + 76,2 + 66,7 + 61,5 = -1000 + 986,1 = -13,9 \text{ мың тг.}$$

Сонымен, дисконттық ставка 10%-ға тең болғанда біздің бастамамыз бастапқы шығындарды жаппайтынын көреміз, яғни шығынды екенін байқауға болады. Сәйкесінше, бұл жобадан бас тарту керек немесе басқа вариант дисконт

ставкасын азайтқан жағдайда жобаның тиімділігін қайта есептеу және сонымен қатар инвестициялық жобаның тәуекелдерін (менеджменттің тиімді болмауы, сыртқы орта факторларының әсері) де ескеру керек.

Инвестиция рентабелділігі немесе инвестиция табыстылығының индексі (IP, PI) келтірілген эффектінің инвестиция мөлшеріне қатынасы арқылы анықталады

$$PI = \frac{1}{I_0} \times \sum_{t=1}^T \frac{CF_t}{(1+r)^t}, \quad (11.6)$$

$$PI = \frac{NPV+I_0}{I_0} \text{ немесе } PI = \frac{NPV}{I_0} + 1 \quad (11.7)$$

Егер табыстылық индексі (инвестиция рентабелділігі) бірден артық болса, инвестициялық жоба ($PI > 1$) – пайдалы, ал бірден кем болса ($PI < 1$) – пайдалы емес деп анықталады, ал бірге тең болса ($PI = 1$), жоба пайдалы да емес, шығынды да емес, яғни осы жобаға сәйкес шешім қабылдау үшін қосымша есептеулерді қажет етеді.

Біздің мысалымызға тоқталайық, егер дисконт коэффициентін 10% тең деп алатын болсақ, формулаға сәйкес келесідей нәтиже аламыз:

$$PI = \frac{1}{1000000} \times (160000 / (1+0,1)^1 + 160000 / (1+0,1)^2 + 160000 / (1+0,1)^3 + 160000 / (1+0,1)^4 + 160000 / (1+0,1)^5 + 160000 / (1+0,1)^6 + 160000 / (1+0,1)^7 + 160000 / (1+0,1)^8 + 160000 / (1+0,1)^9 + 160000 / (1+0,1)^{10}) = \frac{1}{1000000} \times 986100 = 0,99$$

$$PI = \frac{-13900}{1000000} + 1 = 0,99$$

Қорытынды, алдыңғы көрсеткіш дәлелдегендей, жоба пайдалы емес, өйткені инвестиция рентабелділігі бірден кем екен, яғни инвестициялық жобаны іске асырған тиімді емес.

Инвестицияны ақтау кезеңі (DPP) – инвестициялық жобаны іске асыру басынан бастағандағы ең аз (минималды) уақыттық кезең, осы кезең шегінен кейінгі таза дисконтталған табыс (ТДТ) теріс болмайды, яғни ақтау кезеңі – бұл инвестициялық жобаны іске асыру басынан бастап бастапқы инвестициялық қаржыландыру мен инвестициялық жобаны жүзеге асыруға қажетті басқа да шығындарды іске асырғандағы жиындық шығындар орнын толықтыратындай кезеңге дейінгі уақыт. Инвестицияның қайтарылуының қарапайым кезеңінен ерекшелігі ақша құнының белгілі бір уақыттағы динамикасын ескереді.

$$DPP = \min t \quad \text{мұнда} \quad \sum_{t=1}^T \frac{CF_t}{(1+r)^t} > I_0, \quad (11.8)$$

Біздің мысалымызға келетін болсақ PP есептеудің қарапайым әдісіне қарағанда барлық жылдарда түскен түсімдерді ескеру керек: $145,5+133,3+123,1+106,7+100,0+88,9+84,2+76,2+66,7+61,5=986,1$ мың теңге. Қорытынды, алынған нәтиже бойынша бастаманың өмірлік циклының ішінде (10жыл) бұл инвестиция ақталмайды.

Инвестицияның өзін ақтау кезеңін есептеудің қарапайым әдісі мен келтірілген ақша ағындарын пайдалану ерекшеліктерін мысал арқылы нақты көруге болады. Егер инвестор қарапайым әдісті пайдалана отыра шешім қабылдаса, ол шығынға ұшырайды, өйткені $PP = 6,3$ жылға тең болды. Бұл әдіс ұзақ мерзімді жобаларға қатысты дұрыс нәтиже бермейді. Егер кәсіпкер DPV көрсеткішін ескерген жағдайда, ол осы жобадан бас тартып, тіптен басқа жобаны қабылдауы мүмкін.

Инвестиция табыстылығының ішкі нормасы (ТИН, IRR) келтірілген эффект мөлшері келтірілген инвестициялық қаржыландыруға тең болатын $E_{ішкі}$ дисконт нормасымен сипатталады, яғни $E_{ішкі}$ төмендегі теңдіктен анықталады


$$NPV = -I_0 + \sum_{t=1}^T \frac{CF_t}{(1+IRR)^t} = 0, \quad (11.9)$$

Жоба табыстылығының ішкі нормасын (ТИН, IRR) есептеу үшін жобаның NPV көрсеткішін 0-ге теңестіру керек.

Осы формуламен есептелген табыстылық норма мөлшері инвестормен талап етілетін капитал табысының мөлшерімен салыстырылады. Егер ТИН талап етілетін табыстылық нормасына тең немесе одан артық болса, онда жоба тиімді деп есептеледі. Инвестициялық бастамаларға қаржы салу тек пайда табу ғана емес, сонымен қатар кәсіпкердің (немесе бірнеше серіктестердің) өздерінің мүдделері үшін алға қойған мақсаттарына жетуді де қамтиды. Инвестициялық жобаның тиімділігін бағалау арқылы кәсіпкерлер немесе қаржыгерлер бірнеше маңызды мәселелерді шешуде қолданылады, соның ішінде инвестициялардың нәтижесінде қаржысын қайтара алады ма, күтілетін пайда қандай, басқа жобалармен салыстыру және тиімдісін таңдау.

11.3 Кәсіпорынның инвестициялық қызметі

Инвестициялық қызмет субъектілері инвестициялық ортада әрекет етеді (сурет 2), онда қаржы және материалдық салымдар жүзеге асырылады.



Сурет 2 – Инвестициялық ортасының құрылымы

Инвестициялық қызмет субъектілеріне инвесторлар, тапсырыс берушілер, жұмысты орындаушылар, инвестициялық қызмет объектілерін пайдаланушылар, жеке және заңды тұлғалар жатады.

Инвестициялық қызметтің тиімді жүргізілуін қамтамасыз ететін қаржылар түрлі көздерден қаржыландырылуы мүмкін (кесте 1).

Кесте 1 – Кәсіпорынның инвестициялық көздерінің құрылымы

Капитал түрлері	Инвестиция көздері	
Кәсіпорынның жеке капиталдары	Ішкі көздері	Жарғылық қор Пайда Бөлінбеген пайда Резервтік капитал Түрлі қорлар Амортизациялық аударымдар
	Сыртқы көздері	Қарапайым акциялар Артықшылықтары бар акциялар Қайтарылмайтын негізіндегі қаржылық көмек Мақсатты қаржыландырулар Республикалық, жергілікті бюджет, түрлі кәсіпкерлікті қолдау қорларының ассигнациялары Мейірімділік және басқа да жарналар (қайтарылмайтын негізде) Сақтандыру жарналары
Қарызға алынған капитал	Ішкі көздері	Ішкі кредиторлық қарыздар Қарыз қаржыларының түрлі нысандары: - мемлекет немесе қорлар несиесі; - банктер мен институционалды инвесторлар несиесі; - басқа кәсіпорындар несиесі; - облигациялық қарыздар, векселдер
	Сыртқы көздері	Ұзақ мерзімді міндеттемелер Қысқа мерзімді міндеттемелер Шетелдік инвестициялар: - қаржылық ресурстар; - материалдық ресурстар; - материалдық емес активтер

Кәсіпорынның тиімді қызмет етуі үшін қолданылатын жеке және тартылған қаржыларды оңтайлы пайдалануда кәсіпорынның инвестициялық саясаты жасалады. Оның негізгі бағыттары:

1) кәсіпорын қызметінің тиімділігін жоғарлатуға бағытталған инвестициялар. Бұл инвестиция мақсаты – ескірген қондырғыларды ауыстыру, персоналды қайта оқыту немесе өндірістік қуатты өндіріс және өткізу шарттары

өте тиімді аймақтарға ауыстыру арқылы кәсіпорын шығындарын төмендету үшін жағдайлар туғызу;

2) өндірісті кеңейтудегі инвестиция. Бұл инвестициялар мақсаты - әрекеттегі өндіріс негізінде қалыптасқан нарыққа арналған тауарлар мен қызмет түрлерінің өндіріс көлемін кеңейту;

3) жаңа өндірісті құрудағы инвестиция. Бұл инвестициялар кәсіпорынмен бұрын өндірілмеген тауарлар мен қызмет түрлерін шығару үшін жаңа технологияларды игеру және тіптен жаңа қуаттарды құруға арналған;

4) мемлекеттік басқару органдарының талаптарын қанағаттандырудағы инвестициялар (жаңа экологиялық нормалар немесе қауіпсіздік стандарттары).

Инвестициялардың жеке көздері инвестициялық қажеттіліктерге арналған амортизациялық аударымдардан, таза пайдадан және т.б. құрылады. Инвестициялаудың сыртқы көздері кәсіпорынның тартылған инвестициялық ресурстары, бұған мемлекеттік қаржыландыру, венчурлық капитал кіруі мүмкін, инвестициялық банк несиелері, лизинг, өздерінің бағалы қағаздарын сату және тағы басқаларын орналастыру арқылы жүргізіледі.

Кәсіпорынның инвестициялық қызметі сол кәсіпорынның стратегиялық даму мақсатына сәйкес жасалынған нақты инвестициялық саясатқа негізделеді. Кәсіпорынның инвестициялық саясаттың негізгі мақсаты инвестициялық қызметтен пайда табу мақсатымен ұзақ мерзімді болашақта өндірістік қызметті кеңейтудегі тиімді жобаларды таңдау және оларды іске асыру болып табылады.

Сонымен, кәсіпорынның инвестициялық саясаты инвестициялық салымдардың тек болашақтағы және ағымдағы бағыттарын ғана емес, сонымен бірге олардың тиімді пайдалануын қамтамасыз етуімен сипатталады.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Негізгі қорларды құруға және оның ұдайы өндірісіне салынатын инвестициялар:
 - A) күрделі қаржыландыру;
 - B) дотациялар;
 - C) субсидиялар;
 - D) траст операциялары;
 - E) амортизация.

- 2 Инвестициялық тауарларды сатып алуға ақша қаржыларын салатын субъектілер:
 - A) брокерлер;
 - B) маркетологтар;
 - C) инвесторлар;
 - D) маклерлер;
 - E) қаржыгерлер.

- 3 Инвестицияның ішкі көздері:
- A) кәсіпорын қызметкерлеріне сыйақы беру;
 - B) ішкі меншіктік қаржыландыру және ішкі қарызға алынған қаржылар;
 - C) тек ішкі меншіктік қаржыландыру;
 - D) ұлттық банкпен шығарылатын ақша қаржыларының эмиссиясы;
 - E) акция эмиссиясы.
- 4 Ғылыми зерттеу жұмыстарына кеткен инвестициялар 100 мың теңгені, ал тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарға кеткен инвестициялар 200 мың теңгені құрайды. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды игеру қарқыны сәйкесінше 20% және 25% құрайды. ҒЗТКЖ-ды игерудің жалпы кезеңі қандай:
- A) 8 жыл;
 - B) 7 жыл;
 - C) 6,5 жыл;
 - D) 9 жыл;
 - E) 10 жыл.
- 5 Инвестицияның жалпы экономикалық тиімділігі қалай анықталады:
- A) кәсіпорында алынған пайда мөлшері;
 - B) нәтижелер мен шығындар арасындағы айырма;
 - C) эффектiнiң осы эффектiнi туғызған күрделi қаржыландыруға қанынасы;
 - D) түрлі варианттар бойынша шығындардың айырмасы;
 - E) варианттар бойынша күрделі қаржыландырудың айырмасы.
- 6 Өнімді өндіруге қажетті несиенің жалпы көлемі жылдық 12% мөлшерінде 500 мың теңгені құрайды. Бірінші жылы негізгі қарыздың 10% төленді. Пайыз бойынша төлем көлемі екінші жылы қаншаны құрады:
- A) 60 мың теңге;
 - B) 65 мың теңге;
 - C) 70 мың теңге;
 - D) 54 мың теңге;
 - E) 64 мың теңге.
- 7 Фирманың жыл ішіндегі табысы 500000 теңгені құрайды. Қайта қаржыландыру ставкасы 12% жағдайындағы келтірілген ақша ағымдарын ескеру арқылы 2 жыл ішіндегі фирманың жалпы табысы қаншаға тең:
- A) 1,06 млн. теңге;
 - B) 1,5 млн. теңге
 - C) 2 млн. теңге;
 - D) 0,95 млн. теңге;

Е) 0,5 млн. теңге.

8 Инвестицияның коммерциялық тиімділігі қалай анықталады:

- А) ұлттық табыстың күрделі салымдарға қатынасы;
- В) жалпы ішкі өнімнің күрделі салымдарға қатынасы;
- С) жалпы ұлттық табыстың күрделі салымдарға қатынасы;
- Д) шаруашылық субъектінің таза табысының күрделі салымдарға қатынасы;
- Е) салалық таза табыстың күрделі салымдарға қатынасы.

9 Қандай-да бір шаруашылық субъектіні қамту эффектісін көрсететін инвестициялық жобалардың тиімділігі, бұл:

- А) халық шаруашылығының экономикалық тиімділігі;
- В) бюджеттік тиімділік;
- С) коммерциялық тиімділік;
- Д) салалық тиімділік;
- Е) білім берудегі эффект.

10 Болашақтық ақша ағымдарын қазіргі уақытқа келтіру, бұл:

- А) интеграциялау;
- В) дисконттау;
- С) статистикалық талдау;
- Д) табыстылық нормасын есептеу;
- Е) экономикалық талдау.

11 Есепті баға – базистік бағаны жалпы _____ индексіне сәйкес келетін дефляторға көбейту арқылы анықталады.

- А) дефляция;
- В) корреляция;
- С) инфляция;
- Д) өсу;
- Е) құрылым.

12 Тікелей инвестиция – бұл инвестициялау объектісін таңдауға инвестордың тікелей қатысуы.

- А) дұрыс;
- В) дұрыс емес.

13 Өндірісті _____ – жаңа қосымша цехтардың құрылысы мен басқа да бөлімшелерді құру арқылы өндіріс көлемін арттыру мақсатындағы инвестициялау.

- А) инновациялау;
- В) диверсификациялау;
- С) азайту;

- D) кеңейту;
E) жою.
- 14 Инвестициялық жоба тиімділігін бағалауда қарастырылған көрсеткіштерді салыстыру кезіндегі құнға келтіру, яғни _____ керек
- A) дисконттау;
B) арттыру;
C) азайту;
D) жою;
E) инвестициялау.
- 15 Өндірісті кеңейтудегі инвестициялардың мақсаты - әрекеттегі өндіріс негізінде қалыптасқан нарыққа арналған тауарлар мен қызмет түрлерінің өндіріс көлемін кеңейту болып табылады.
- A) дұрыс;
B) дұрыс емес.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) «Инвестиция» түсінігі мен олардың негізгі белгілері бойынша жіктелуін атаңыздар, оларға сипаттама беріңіздер.
- 2) Инвестициялық қызмет мазмұнын сипаттаңыздар.
- 3) Айқын және қаржылық инвестицияны салыстыра отыра, тәжірибеден мысалдар келтіріңіздер.
- 4) Инвестициялық ахуал түсінігін келтіріп, қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының инвестициялық климатына талдау жасаңыздар, қандай факторлар әсер ететінін көрсетіңіздер.
- 5) Пассивті және активті инвестицияларды атап, Қазақстан Республикасы бойынша және әлем бойынша тәжірибеден мысалдар келтіріңіздер.
- 6) Инвестициялық жоба және оларды талдаудың негізгі мақсаты қандай?
- 7) Инвестициялық жобалардың қандай түрлері бар?
- 8) Инвестиция тиімділігін бағалаудың қандай тәсілдері бар, сипаттама беріңіздер.
- 9) Экономикалық тиімділік дегеніміз не? Қандай көрсеткіштерді есепке алады?
- 10) Коммерциялық тиімділік және оны сипаттайтын қандай көрсеткіштер бар? Есептеулерін көрсетіңіздер.
- 11) Бюджеттік тиімділік дегеніміз не?
- 12) Таза дисконтталған табыс (ТДТ) қалай анықталады, нені сипаттайды?
- 13) Инвестиция рентабелділігі немесе табыстылық индексі нені сипаттайды және қалай есептелінеді?
- 14) Табыстылықтың ішкі нормасы дегеніміз не?
- 15) Инвестициялық жобаның өзін-өзі ақтау кезеңін анықтап, қалай есептелінетінін көрсетіңіздер.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

Есеп 11.1

Инвестициялық жобаға қаржыларды салудың тиімділігін анықтау керек. Ол үшін төмендегі мәліметтерді қолдана отырып дисконттауды есепке алу және оны есепке алмай инвестиция табыстылығын анықтау керек. Дисконттау коэффициенті 0,15 ке тең, жобаны жүргізу алдындағы кезеңдегі инвестиция көлемі 600 мың теңге, жобаны жүзеге асырудағы үш жыл бойы алынатын нәтижелер: 1 жыл – 210 мың тг, 2 жыл - 220 мың теңге, 3 жыл – 400 мың теңге.

Есеп 11.2

Инвестициялық жоба 17 жылға есептелген және 250 млрд. теңге көлемінде күрделі салымдарды қажет етеді. Алғашқы алты жылда ешқандай кіріс күтілмейді, бірақ келесі 12 жылда жылдық кіріс 50 млрд. теңгені құрайды. Егер дисконттау мөлшерлемесі 18% болса, бұл жобаны қабылдаған тиімді ме, әлде жоқ па?

Есеп 11.3

Берілгені: Искерлік инвестициялар 500 мың теңгені құрады. 5 жылда күтілетін табыс (CF_t): 2014 жыл - 100 мың теңге. 2015 - 150 мың теңге. 2016 жыл - 200 мың теңге. 2017 - 250 мың теңге. 2018 жыл - 300 мың теңге. Дисконттау мөлшерлемесі 20%. **Есептеу қажет:** 1) 5 жыл ішіндегі таза дисконтталған табыс (NPV); 2) табыстылық индексі (PI); 3) қарапайым және дисконтталған өтеу мерзімі; 4) табыстылықтың ішкі нормасы (IRR).

Есеп 11.4

Күрделі циклды газтурбиналық қондырғы салуға арналған инвестициялық жобаға инвестицияларды салу тиімділігін бағалаңыздар. Газтурбиналық қондырғыны 10 жыл бойы пайдаланудағы есептеулер жүргізіңіздер. Жылдар бойынша жоспарланған ақша ағындары кестеде берілген. Газтурбиналық қондырғысының құрылысына қажетті инвестиция көлемі 5056 млн. теңге құрайды.

Жылдар	Ақша ағындары, млн.тг (CF _t)	Анықтау керек:
2016	1251	1) дисконттау ставкасы (r);
2017	1320	2) жылдар бойынша таза ақша ағындары;
2018	1392	3) таза дисконттық (ағымдағы) табыс (NPV);
2019	1462	4) өзін-өзі өтеу мерзімі қарапайым;
2020	1535	5) дисконтталған өтеу мерзімі;
2021	1612	6) табыстылықтың ішкі нормасы (IRR);
2022	1692	7) рентабельділік индексі
2023	1777	(табыстылық индексі PI).
2024	1866	
2025	1959	
Барлығы	15870	

12 ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНІМ САПАСЫ ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

12.1 Өнеркәсіптік өнім сапасы мен оның көрсеткіштері

12.2 Өнім сапасын басқару жүйесі

12.3 Өнімді стандарттау және өнім сертификаты

12.1 Өнеркәсіптік өнім сапасы мен оның көрсеткіштері

Қазіргі нарықтық экономика шығарылған өнімнің сапасына басқалай талап қояды. Бұл қазіргі кездегі кез келген кәсіпорынның тиімді қызмет етуіне, оның тауарлар нарығындағы және қызмет көрсетудегі орнықты жағдайы бәсекеге қабілеттілік (бәсекеге жарамдылық) деңгейін көрсетеді.

Сапа – объектінің ішкі анықтылығын сипаттайтын санат. Сапаның экономикалық анықтамасы – объект біздің қажеттіліктерімізді қандай деңгейде қанағаттандыратындығын көрсететін қасиеттер жиынтығы.

Өз кезегінде бәсекеге жарамдылық екі көрсеткішке байланысты – баға деңгейіне және өнім сапасы деңгейіне. Ал екінші фактор бірте-бірте бірінші орынға шығады. Еңбек өнімділігі, ресурстардың барлық түрлерін үнемдеу өнімнің сапасына тікелей орын береді.

Өнімнің сапасы – бұл белгілі мұқтаждылықты қанағаттандыруға үлкен себепші болатын өнімнің пайдалылығының жиынтық ерекшелігі. Өнімнің сапалылығы тек техникалық, тауар тану ғана емес, сонымен қатар ең маңызды экономикалық санаты болып табылады. Экономикалық санаты ретінде ол тұтыну құнына тығыз байланысты. Егер де тұтыну құны – бұл жалпы алғанда тауардың пайдалылығы болса, ал өнімнің сапалылығы – бұл оны пайдаланудағы нақтылы жағдайда тұтыну құнының деңгейіндегі көрінісі [7].

Халықаралық стандарттарға сәйкес өнім сапасы – объектінің (қызметтің немесе үрдістің, өнімнің, қызмет түрінің және т.б.) белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыратын қабілеттері бар қасиеттер мен сипаттамалар жиынтығы.

Өнімнің сапа деңгейі оның салалық көрсеткіштері жүйесі негізінде анықталады. Бұл деңгейді анықтау үшін мұның әрбір көрсеткіштерін сандық және сапалық маңызын білу және ұқсас өнім көрсеткіштерімен салыстыру қажет.

Өнім қасиеттері өнімді жасау, пайдалану немесе өндірісте пайдалану кезінде пайда болатын өнімнің объективті ерекшеліктері. Өнім қасиеттері сапа көрсеткіштерімен сипатталады, яғни сапаның құраушысы болып табылатын, өнімнің бір немесе бірнеше қасиеттерінің сандық сипаттамасы.

Сапа көрсеткіштерін бағалауда атқаратын рөлдеріне байланысты екі топқа топтастырылады:

- жіктеу көрсеткіштері;
- бағалау көрсеткіштері.

Жіктеу көрсеткіштері өнімнің топтастыру жүйесіндегі бір топқа жататындығын сипаттайды және өнімнің пайдалануын, сол түрінің өлшемін, пайдалану саласын және пайдалану жағдайларын анықтайды. Бүкіл өнеркәсіптік

және ауыл шаруашылық өнімдер бір жүйеге келтірілген, кодтық белгілеулері бар. Өнімнің сапасын бағалауда бұл көрсеткіштер ескерілмейді.

Бағалау көрсеткіштері өндіру және пайдалану объектісі ретіндегі өнім сапасын құрайтын қасиеттердің сандық сипаттамасы. Өз алдына бірнеше түрі бар (сурет 1):

- функционалды;
- ресурс жинақтаушы;
- табиғатты қорғау.



Сурет 1 – Өнім сапасының бағалық көрсеткіштері

Функционалды көрсеткіштер белгіленген қажеттіліктерді қанағаттандырудағы өнімнің функционалды жарамдылығын анықтайтын қасиеттерді сипаттайды. Олар функционалды жарамдылық, беріктілік, эргономикалық, эстетикалық көрсеткіштерді біріктіреді.

Функционалды жарамдылық көрсеткіштері өнімнің техникалық мәнін, өнімнің атқаратын қызметтерін нақты белгіленген жағдайларда (өнімді өз пайдалылығы бойынша пайдалану) орындаудағы қабілеттер қасиеттерін сипаттайды. Мысалы, оған жататын жеке дара көрсеткіштер – жүк көтергіштік, су өткізбеу қабілеті және кешендік – калориялық, өнімділік және т.б.

Беріктілік көрсеткіші – бастапқы тәртіптер мен пайдалану шарттары, техникалық қызмет көрсету, жөндеу, сақтау мен тасымалдау нәтижесінде

сапаның уақыт бойынша сақталуындағы өнімнің қабілетін сипаттайды. Беріктіліктің жеке дара көрсеткіштеріне жататындар: жөндеуге жарамдылығы, ұзақ уақыт бойы пайдаланатындығы, сақталатын, қайта жасалынатын көрсеткіштер.

Өнімнің эргономикалық көрсеткіштері – «адам-өнім-орта» жүйесіндегі өндірістік және тұрмыстық үрдістерде өнімді пайдалану ыңғайлылығы мен толықтай жабдықталғандығын сипаттайды. Бұл топ көрсеткіштеріне: гигиеналық, антропометрлік, психологиялық және психофизикалық.

Өнімнің эстетикалық көрсеткіштері – өнімнің адамға деген эстетикалық әсерін сипаттайды және тұтынуудың нақты жағдайларындағы тұтынушылар тобының эстетикалық сұраныстарына өнімнің сәйкестік дәрежесін, эстетикалық құндылығын бағалау үшін қолданылады. Оған келесі көрсеткіштер жатады: көркемді айқындылық көрсеткіші, орынды нысан, композиция бүтіндігі, тауар түрінің тұрақтылығын және өндірістік пайдалылықты жетілдіру көрсеткіші.

Ресуржинақтаушы көрсеткіштер өнімді өндіру мен оны пайдалануға шығындалатын ресурстар деңгейін анықтайтын қасиеттермен сипатталады. Бұл топқа технологиялық және ресурспайдалану көрсеткіштері жатады.

Технологиялық көрсеткіштер – өнім өндірісі, өндіру мен оны пайдалануға қажетті уақыт пен шикізат, материалдар, жанармай, энергия, еңбек шығындарының деңгейін анықтайтын қасиетті сипаттайды.

Ресурспайдалану көрсеткіші – өнімнің тікелей пайдалануындағы материалдар, жанармай, энергия, еңбек пен уақыт шығындарымен сипатталады.

Табиғатты сақтау көрсеткіштері – қоршаған орта мен адамға әсерімен байланысты өнім қасиетін сипаттайды. Ол екі топ көрсеткіштерін біріктіреді.

Қауіпсіздік көрсеткіштері – өнімді пайдалануда, тасымалдауда, сақтау мен қайта өндіруде адам қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өнім ерекшелігімен сипатталады.

Экологиялық көрсеткіштер – өнімді өндіруде, өндеуде, пайдалануда, сақтауда және қайта өндеуде қоршаған ортаға деген зиянды әсерін анықтайтын өнім қасиетін сипаттайды.

Сонымен бірге бәсекелестік қабілеттілік көрсеткіші қолданылады. Ол өнім сапасының тұтыну бағасына деген қатынасын сипаттайды. Бұл көрсеткішті бағалау басқа фирманың сәйкес өнім түрін салыстыру арқылы жүргізіледі.

Сапасың көрсеткішін анықтау оның сандық маңыздылығын анықтау болып табылады. Ол үшін тәжірибеде өнімнің өзіндік ерекшелігіне байланысты бірнеше әдістерді өолдануға болады:

- *өлшеуіш әдістер* (аспаптар, приборлардың көмегімен);
- *тіркеу әдісі* – бұл тіркеуге және есептеуге негізделген. Тіркеу әдістерінің көрсеткіштері: қауіпсіздік, патенттік-құқықтық стандарттау, сәйкестендіру және т.б.;
- *есептеу әдісі* – өнімнің сапасы жөніндегі көрсеткіштерді анықтау үшін арнайы математикалық үлгілерді қолдануға негізделеді;

- *эрганомикалық әдіс* – адам мүшесін сезу-көру, есту, дәм, түйсінуді талдауды қамтиды. Әдіс маңыздылығы дәлдігінде және растылығында, адамдардың біліктілігі, дағдылығына және қабілеттілігіне байланысты;
- *социологиялық әдіс* – өнім, оны нақты немесе тұтынушылардың мүмкіншілігі туралы пікірлерді талдау және жинау негізінде жүзеге асырылады;
- *сарапшылық әдіс* – мамандар тобы арқылы іске асырылады. Мысалы, дизайнерлер, дәм айырушылар.

Сапаны жинақтап қорыту көрсеткіштері жалпы салада немесе кәсіпорындарда өнім сапасының деңгейін сипаттайды. Аталған көрсеткіштерден басқа тағы көңіл бөліп қарау керек көрсеткіштерге жататындар:

- сұрыптылығы;
- маркасы;
- жүктелімі;
- пайдалы заттың мазмұны;
- өнімнің дүниежүзілік стандартына сай үлесі, т.б.

Сонымен сапа көрсеткіштері әр түрлі болады, ол өз алдына өнімнің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болады.

12.2 Өнім сапасын басқару жүйесі

Өнім сапасын басқару - өнімді жасауда, өндіруде және пайдалануда қажетті сапа деңгейін белгілейтін, қамтамасыз ететін және сақтайтын бір-бірімен байланысқан шаралар кешені.

Сапаны басқарудың нысанасына өнімнің сапасына әсер ететін процестер жатады. Олар өнімнің өмір сүру циклының өндіріске дейінгі, өндіріс сатысында және өндірістен кейінгі сатыларында кездеседі.

Кәсіпорындардың негізгі мақсаты - өндірілген өнім мен атқарылған қызметтердің сапасының сапа талаптарына сай болуы. Әрбір мекемеде сапаны басқару жүйесі құрылу керек. *Сапаны басқару жүйесі* дегеніміз сапаны басқаруға қажетті процестер мен өнімдер, әрбір жұмыскердің жауапкершілігін өз жұмысына қарауын қамтамасыз ететін ұйымдық құрылым.

Кәсіпорындағы *сапа саласындағы саясатты* жасап, жүргізудегі қарастырылатын мәселелер:

- кәсіпорынның экономикалық-әлеуметтік жағдайын жақсарту;
- өнім сатудың нарығын нығайту және жаңа нарықтарға шығу;
- басты кәсіпорындар мен фирмалардың деңгейінен асып түсетін өнімнің технологиялық деңгейіне жету;
- белгілі бір аймақтар мен өндіріс салаларының сұраныстарына сай қызмет ету;
- сапаның басты көрсеткіштерін нығайту;
- шығарылған өнімнің кемшіліктерін азайту;
- өнімге берілетін кепілдік мерзімін ұзарту;
- әр түрлі сервисті дамыту және т.б. жатады.

Мемлекеттік стандарттарға сай товардың өмірлік циклы анықталады. Ол келесі кезеңдерді қамтиды (сурет 2):

- маркетинг;
- жобалау және өнімді шығару;
- материалдық-техникалық жабдықтау;
- жоба бойынша өнімді дайындап, жасап шығару;
- дайындау;
- бақылау;
- безендіру және сақтау;
- сату;
- монтаждау және іске қосу;
- техникалық қызмет көрсету;
- кәдеге жарату.



Сурет 2 – Өнім сапасын басқару

Сапаны басқару бойынша іс-әрекет өнімді өндіргеннен кейін тиімді болмайды, оны өнім өндірісі процесімен бір мезгілде жүзеге асыру қажет. Сапаны басқаруда қолданылатын қағидалар:

- мақсатты бағытталуы – сапаға қатысты нақты мақсат болуы керек;
- жоспарлылық – жүзеге асырылуы қажет сапа саласындағы шаралар жиынтығы жоспарланады;
- үздіксіздік – сапаға қатысты шаралар үздіксіз жүргізілуі керек, өйткені өндірістік үрдіс те үздіксіз;
- кешенділік – сапа мәселесін оған әсер ететін барлық аспектілерді есепке ала отырып шешу;
- тиімділік – тұтынушылардың тапсырысына сапаны дәлме-дәл сәйкес келтіруге тырысу;
- үнемі жетілдіру – кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігіне мүмкіндік береді.

Өнім сапасын басқару – жалпы кәсіпорынды басқарудың құрамдас бөлігі, оның бір бұтағы, функциясы болып табылады. Өнім сапасын басқару жүйесі келесі өзара байланысты категорияларға сүйенеді; объект, субъект, мақсат, әдістер, құралдар, функциялар, басқару қатынастарының сипаты.

Басқару объектісі – өнім сапасы, оның қасиеттерінің жиынтығы немесе оның қандай да бір бөлігі.

Басқару субъектісі – өнім сапасының жоспарланған деңгейіне жетуді қамтамасыз етуші тұлғалар және барлық деңгейдегі басқарушы органдар.

Басқару мақсаты – өнім сапасының нақты деңгейін, оның қасиеттерінің жиынтығын олардың қажеттіліктерге сәйкес келуін қамтамасыз ету, тұтынушы үшін қол жетерлік баға, қалыпты өзіндік құнын және жеткілікті деңгейде пайдалылыққа жету.

Сапаны басқару әдістері – өнім жоспарланған сапасын қамтамасыз ете отырып басқару органдарының өндірістік процестерге ықпал ету жолдары. Сапаны басқару әдістерін 4 топқа бөлуге болады: ұйымдастырушылық, әлеуметтік – психологиялық, экономикалық, ұйымдық – технологиялық.

Ұйымдастырушылық әдістер – қажетті сапаны қамтамасыз ететін әдістер жиынтығы. Бұл әдістерге әкімшілік (бұйрық, қаулы, өкім, т.б.), тәртіптік, мотивацияны қамтамасыз етуші әдістер жасалады.

Әлеуметтік – психологиялық әдістер – қызметкерлердің рухани қызығушылықтарына ықпал ету әдістерінің жиынтығы. Мұндай әдістерге келесілер жатады: кәсіпорынға берілгендікке тәрбиелеу, осы кәсіпорынның қызметшісі ретінде өзіне қызмет ету, моральды ынталандыру нысандары.

Сапаны басқарудың экономикалық әдістері – экономикалық ынталандыруды пайдалануға негізделген ықпал ету әдістері. Экономикалық әдістерге келесілер жатады: сапаны басқару саласындағы іс-әрекетті қаржыландыру, өнімге немесе қызметке оның сапа деңгейін есепке ала отырып баға белгілеу, т.б.

Ұйымдық – технологиялық әдістер өнім мен процесс сапасын бақылау әдістеріне және өнім мен процес сапасын реттеу әдістеріне бөлінеді.

Сапаны басқару құралдары:

- ұйымдық техника, байланыс құралдары;
- нормативті құжаттар жиынтығы;
- метрологиялық құралдар, өлшеу құралдары;

- реттеуіш құжаттар т.б.

Басқару объектісі ретінде сапаға қатысты кәсіпорын орындайтын функциялар:

- нормалау (стандарттау, сертификаттау, аттестациялау);
- өндірісті технологиялық даярлау (материалдық-техникалық қамтамасыз ету);
- кадрлардың біліктілігін жоғарылату, сапа үшін жауапкершілікті күшейту, ынталандыру;
- өндірістік процестердің барысын бақылау.

Өнім сапасын басқару жүйелі түрде жүзеге асырылуы керек, яғни кәсіпорында өнім сапасын басқару жүйесі әрекет етуі керек. Ол сапаны басқаруға қажетті жауапкершіліктерді, процедураларды, үрдістер мен ресурстарды нақты бөлетін ұйымдық құрылыммен сипатталады.

Соңғы жылдары 9000 сериялы ИСО стандарты кеңінен қолданылады, онда кәсіпорындағы өнім сапасын басқарудың халықаралық тәжірибесі көрсетілген. Осы құжаттарға сәйкес сапа саласындағы саясат жасалынады, онда өнім сапасын басқару, сапаны қамсыздандыру мен жақсартуды қамтиды.

Сапа жүйесінің басты элементі өнімнің өмірлік циклы немесе «сапа тармағы» болып табылады. «Сапа тармағы» («сапа спиралы») – қажеттеіліктерді анықтаудан бастап оларды қанағаттандыруды бағалауға дейінгі түрлі кезеңдердегі сапаға әсер ететін бір-бірімен байланысты барлық қызмет түрлерінің концептуалды үлгісі.

Мысалы, «Рахат» АҚ-да ИСО 9000 сериялы стандарттар негізіндегі сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) дайындалып, енгізілген және сертификатталған. Сапа менеджменті жүйесі – бұл кәсіпорынның процестерін басқару жүйесі болып табылғандықтан бүгінгі таңдағы сатып алушы тауарға ғана емес, оны өндіруші компанияға да көп көңіл аударады. Тауарды таңдау кезінде ол көп жағдайда «Жақсы ұйымдастырылып, басқарылатын компания жақсы өнім өндіреді» деген қағиданы ұстанангып, тек өнім түріне ғана емес, компанияның беделіне де қарайды.

Тиімді қызмет ететін сапа менеджменті жүйесі келесі жағдайларға кепілдік береді:

- өнім сапасының тұрақтылығы;
- компаниядағы процестердің басқарылуы;
- компания қызметінің сапаны қамтамасыз етуге бағытталуы.

Сапа менеджменті жүйесі өнім сапасына ғана қатысты болып қоймай, кәсіпорын қызметінің барлық салаларын қамтиды. Бұған жабдық пен техниканы дұрыс қолдану да, өндіріс мәдениеті, кәсіпорынның әр жұмыскерінің өз міндеттерін сапалы орындауға жауаптылығы да, тұтынушылардың ұсыныстары мен сын-пікірлерін ескеру де, сондай-ақ шикізаттың әкелінуі мен дайын өнімнің шығуын тұрақты әрі үздіксіз бақылау да кіреді.

Осындай негізде қызмет ететін «Рахат» АҚ-да жыл сайын инспекциялық аудиттер, ал әр 3 жыл сайын сапа менеджменті жүйесінің талаптарға сәйкестігін растауға бағытталған қайта сертификаттау аудиттері жүргізіледі. 2019 жылдың

маусымында «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ МЖ СРО-ның Алматы филиалы сапа менеджменті жүйесінің талаптарға сәйкестігін кезекті мәрте растады. ҚР СТ ISO 9001 – 2016 талаптарына сәйкестікті растайтын және 17.06. 2022 жылға дейін әрекет ететін № KZ.7500318.07.03.00457 сәйкестік сертификаты берілді.

2013 жылы HACCP (Hazard analysis and critical control points – тәуекелдерді талдау және шектік бақылау нүктелері) қағидалары негізінде тағам өнімдерінің сапасын басқару жүйесі енгізіліп, оның ҚР СТ 1179-2003 талаптарына сәйкестігі сертификатталды. 2019 жылдың маусымында «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ МЖ СРО-ның Алматы филиалы HACCP қағидалары негізінде тағам өнімдерінің сапасын басқару жүйесінің талаптарға сәйкестігін және № KZ.7500318.07.03.00458 сәйкестік сертификатының 17.06.2022 жылға дейінгі әрекет ету мерзімін растады. «Рахат» АҚ-да HACCP жүйесінің енгізілуі кәсіпорынның тағам өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы белгіленген заңнамалық талаптарға сәйкестігін растап, көрнекі түрде көрсетті.

Осындай жүйе өндірістік үрдістер жүргізілетін барлық кәсіпорындарда қарастырылған, қабылданып, іске асырылуда. Бұл кәсіпорында өнім сапасына қатысты мәселелер қарастырылып, оның тұрақты түрде шешілетіндігін, компаниядағы өндірістік үрдістер басқарылатындығын және компания өнімінің, қызметінің сапасын қамтамасыз етуге бағытталғандығын куәлендіреді.

12.3 Өнімді стандарттау және өнім сертификаты

Стандарттау - өнімнің төмендегі жағдайларын қамсыздандыру мақсатында ережелер мен нормаларды, сипаттамаларды (талаптарды) белгілеу бойынша қызмет:


- қоршаған орта, адам өмірі, денсаулығы мен мүліктер үшін өнім, жұмыстар мен қызмет түрлері (стандарттау объектілері) қауіпсіз болуы;
- техникалық және ақпараттық үйлесімділігі, сонымен бірге өнімдердің бір-бірінің орнын ауыстырулары;
- ғылым, техника мен технологияның даму деңгейіне сәйкес өнім мен қызмет түрінің сапасы;
- өлшемдер бірлігі;
- барлық ресурстарды үнемдеу;
- табиғи және техногендік катастрофалар мен басқа да төтенше жағдайлардың пайда болу тәуекелін ескерудегі шаруашылық субъектісінің қауіпсіздігі;
- елдің қорғау қабілетіне дайындығы.

Сертификаттау – өнімнің, процестің, жұмыстың, қызмет көрсетудің нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін өндіруші (сатушы, орындаушы) мен тұтынушыға (сатып алушыға) тәуелсіз органның жазбаша түрде растауы. Оған *сәйкестік сертификаты* беріледі – өнімнің, процестің, жұмыстың, қызмет көрсетулердің техникалық регламенттерге, стандарттар

немесе өзге де нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін құжат, яғни нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес беріледі.

Өнім сертификациясы - өнімнің белгіленген талаптарына сәйкестігін дәлелдейтін тәсілдердің бірі.

Сәйкестікті дәлелдеуде орындалатын операциялардың түрлері (сурет 3):



Сурет 3 – Сертификаттау

Егер өнім Кеден одағының, Еуразиялық экономикалық одақтың немесе Қазақстан Республикасының техникалық регламенттеріне сәйкес келсе, сонымен қатар міндетті сәйкестікті растауға (сертификаттауға) жататын Қазақстан Республикасы және Кедендік одақ өнімдерінің тізіміне енсе, онда өнім міндетті сәйкестікті растауға (сертификаттауға) жататын өнім болып табылады. Сіздің өніміңіздің техникалық регламентке жататындығын анықтау үшін белгілі бір өнім түріне (тамақ өнімдері, жеңіл өнеркәсіп өнімдері және т.б.) арналған техникалық регламентпен, сонымен қатар тізімі көрсетілген қосымшасымен танысу керек.

Кеден одағы мен Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерімен Еуразиялық экономикалық комиссияның сайтында «Техникалық реттеу» → «Техникалық реттеу және аккредиттеу департаменті» → «Техникалық реттеу және стандарттау» → «Күшіне енген техникалық регламенттер» тарауында танысуға болады.

Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері ҚР ТЖМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің сайтында «Техникалық реттеу» бөлімінде көрсетілген.

Сертификаттау түрлері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті және ерікті сертификаттау қарастырылған. Қазақстан Республикасының заңнамасы міндетті сертификаттауға жататын жабдықтарды жарнамалауға және Қазақстан Республикасында сертификаттаудан өтпеген

құралдарды пайдалануға тыйым салады. *Міндетті сертификаттауға* жататын өнімдерді тұтынушыға сертификат ұсынбай-ақ сатуға да тыйым салынады.

Міндетті сертификаттауға келесі жабдықтар жатады:

- 1) ауылшаруашылық машиналары мен жабдықтары;
- 2) электротехникалық, радиотехникалық электрондық жабдық;
- 3) қатты, сұйық және газ тәріздес отынмен жұмыс істейтін жылу құрылғылары мен жабдықтар;
- 4) ағаш өңдеу жабдықтары;
- 5) құрылыс материалдары мен конструкциялары;
- 6) жеңіл өнеркәсіпке арналған жабдықтар;
- 7) медициналық және ветеринарлық жабдықтар, медициналық және ветеринариялық өнімдер және санитарлық-гигиеналық құралдар;
- 8) жанармай шикізаты;
- 9) қауіптілік ықтималдылығы бар өндіріс арналған жабдықтар.

Сонымен қатар, өнімнің міндетті түрде сәйкестікті анықтауға (сертификаттауға) жататындығы туралы ақпаратты сәйкестікті растайтын аккредиттелген органдардан алуға болады, олар туралы ақпарат «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ЖШС сайтында «Аккредиттеу субъектілерінің тізілімі» бөлімінде көрсетілген.

Қазақстан Республикасында сертификаттауды жүзеге асыратын уәкілетті органдар:

1. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган (Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті (Мемстандарт));
2. Өнімдерді, процестерді, жұмыстарды, қызметтерді сертификаттау жөніндегі аккредиттелген органдар;
3. Аккредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары);
4. Аккредиттеу саласында консультациялық қызметтер көрсету үшін аккредиттелген ұйымдар;
5. Сертификаттау бойынша аудиторлар - сарапшылар.

Сертификаттау рәсімі уәкілетті органның жабдықтың нормативтік құжаттарда (Мемстандарт) белгіленген талаптарға сәйкестігін жазбаша растауы болып табылады және келесі әрекеттерден тұрады:

1. Өтініш берушінің өтінімді сертификаттау органына тапсыруы.
2. Өтініш берушіге өтінішті қарау нәтижелері туралы шешімді жіберу. Бұл шешім өтініш берушіге 2 апта ішінде жіберіледі.
3. Өтініш беруші мен жабдықты сертификаттау жөніндегі сертификаттау органы арасындағы келісімді тіркеу. Шарт өтініш берушіге 2 апта ішінде 2 данада жіберіледі.
4. Жабдықтың үлгілерін іріктеуді, сәйкестендіруді және оларды сынақ зертханасына (орталығына) ұсыну жұмыстарын жүргізу. Іріктеуді келісім-шарт негізінде сертификаттау органы жүзеге асырады.

5. Қажет болған жағдайда сертификаттау жөніндегі орган үлгілерді іріктеуді аккредиттелген сынақ комиссиясына тапсыра алады.

6. Сертификаттауға берілген жабдық үлгілеріне және іске асырылатын сертификаттау схемасында қарастырылған басқа жұмыстарға сертификаттық сынақтар жүргізу;

7. Сынақ зертханасы (орталығы) мәлімделген жабдықтың үлгілерін сынақтан өткізеді және сертификаттау жөніндегі органмен келісілген мерзімде оның нәтижелерін хаттама түрінде ресімдейді, сертификаттау жөніндегі органға жібереді.

8. Алынған нәтижелерді талдау және сәйкестік сертификатын беру мүмкіндігі туралы шешім қабылдау.

9. Тест нәтижелері теріс болған жағдайда, немесе бір көрсеткіш бойынша да теріс болса сертификаттауға арналған сынақтар тоқтатылады.

10. Сәйкестік сертификатын беру және оны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тізілімінде тіркеу. Орындалған жұмыстың оң нәтижелері негізінде сертификаттау органы сәйкестік сертификатын береді.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Көрсетілгендердің ішінен бизнес-жоспардың ең мәнді бөлімі:
 - A) өнім немесе қызмет түрі;
 - B) бәсекелестерді бағалау;
 - C) резюме;
 - D) заң жоспары;
 - E) қаржыландыру стратегиясы.

- 2 Бұйымның жөндеуге жарамдылығын, ұзақ пайдалануға болатынын, сақталуын сипаттайтын көрсеткіш қалай аталады:
 - A) сенімділік көрсеткіштері;
 - B) тағайындау көрсеткіштері;
 - C) технологиялық көрсеткіштер;
 - D) эстетикалық көрсеткіштер;
 - E) экологиялық көрсеткіштер.

- 3 Өнім бірлігін жасаудағы шикізат, жанармай, материалдар, энергияның абсолютті шығындарының ең жоғары жіберілетін мөлшерін қалай атайды:
 - A) норма;
 - B) норматив;
 - C) стандарт;
 - D) көлем;
 - E) салмақ.

- 4 Кәсіпорынның баға саясатын жүзеге асыру ненің көмегімен жүргізіледі:

- A) бағаны талдау;
- B) өндірістік қуат;
- C) сұранысты анықтау және шығындарды бағалау;
- D) дебиторлық борыш;
- E) кредиторлық борыш.

5 «Қаймақтарды алып тастау» баға стратегиясының сипаты:

- A) жаңа тауарға ең жоғары баға белгіленеді;
- B) жаңа тауарға ең төмен баға белгіленеді;
- C) жаңа тауарға орташа баға белгіленеді;
- D) тауар жарнама ретінде таратылады;
- E) жаңа тауарға баға сұранысқа байланысты белгіленеді.

6 Бәсеке қабілеттіліктің негізгі көрсеткіштері:

- A) баға мен шығындар;
- B) пайда мен рентабелділік;
- C) пайда мен шығындар;
- D) өнімнің бағасы мен сапасы;
- E) тауар жарнамасы.

7 Төмендегілердің қайсысы тек монополиялық нарықтың нышаны болып табылады?

- A) баға мен шығындар өзара тең;
- B) тұрақты шығындардың өте көп болуы;
- C) бір сатушының болуы;
- D) өнімді дифференциялау;
- E) тауар жарнамасын жасау.

8 Өнімнің белгіленген талаптарына сәйкестігін дәлелдейтін тәсіл:

- A) өнімді стандарттау;
- B) өнім рентабелділігі;
- C) сынақтар жүргізу;
- D) өнім сертификациясы;
- E) нормативтермен салыстыру.

9 Өнімді өндіруде, өңдеуде, пайдалануда, сақтауда және қайта өңдеуде қоршаған ортаға деген зиянды әсерін анықтау арқылы өнім қасиетін сипаттайтын көрсеткіш:

- A) жарамдылық көрсеткіші;
- B) беріктілік көрсеткіші;
- C) экологиялық көрсеткіштер;
- D) рурсуржинақтау көрсеткіші;
- E) ресурспайдалану көрсеткіші.

- 10 «Адам-өнім-орта» жүйесіндегі өндірістік және тұрмыстық үрдістерде өнімді пайдалану ыңғайлылығы мен толықтай жабдықталғандығын сипаттайтын көрсеткіштерге жатпайтыны:
- A) гигиеналық көрсеткіштер;
 - B) антропометрлік көрсеткіштер;
 - C) психологиялық көрсеткіштер;
 - D) психофизикалық көрсеткіштер;
 - E) эстетикалық көрсеткіштер.
- 11 Тұжырым дұрыс па: Стандарттау – өнімнің барлық ресурстарын үнемді пайдалану мақсатында ережелер мен нормаларды, сипаттамаларды (талаптарды) белгілеу бойынша қызмет
- A) дұрыс;
 - B) қате.
- 12 Сапа жүйесінің басты элементі өнімнің өмірлік циклы басқаша қалай аталады?
- A) сапа тармағы;
 - B) экономика тармағы;
 - C) ашық жүйе;
 - D) жабық жүйе;
 - E) сертификаттау.
- 13 _____ сертификаты – өнімнің техникалық регламенттерге, стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ететін құжат
- A) экономика;
 - B) ақпарат;
 - C) сәйкестік;
 - D) сапа;
 - E) жанама.
- 14 Экологиялық көрсеткіштер сипаттамасы (бірнеше жауапты белгілеңіздер)
- A) өнімді өндіруде қоршаған ортаға тигізген зиянды анықтайтын өнім қасиеті
 - B) сақтауда экологияға тигізген зиянды анықтайтын өнім қасиеті
 - C) пайдалануда қоршаған ортаға тигізген зиянды анықтайтын өнім қасиеті
 - D) өндеуде қоршаған ортаға тигізген зиянды анықтайтын өнім қасиеті
 - E) қайта өндеуде экологияға тигізген зиянды анықтайтын өнім қасиеті
- 15 Сертификаттау түрлері (бірнеше жауап белгілеңіздер)
- A) міндетті сертификаттау;
 - B) бағалық сертификаттау;

- C) ерікті сертификаттау;
- D) жанама сертификаттау;
- E) тікелей сертификаттау.

16 Сапа мәселелерінің басты факторлары:

- A) өмір деңгейін жоғарлату;
- B) еңбекақыны арттыру;
- C) халықаралық сапаны жақсарту;
- D) Әлеуметтік ерекшеліктерді болдырмау;
- E) Басқару құрылымы.

17 Кәсіпорын қызметіндегі сапаның қамтитын бағыттар:

- A) менеджмент;
- B) персонал жинау;
- C) стратегияны дайындау;
- D) кәсіпорынның басқарушылық құрылымы;
- E) Әлеуметтілік белсенділік.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Өнім сапасы түсінігіне сипаттама беріңіздер.
- 2) Өнім сапсының көрсеткіштер жүйесінің құрылымын анықтап көрсетіңіздер.
- 3) Кәсіпорынның өнім сапасы бағытындағы саясаттың мәні мен маңыздылығы?
- 4) Стандарт, стандарттау түсініктерінің мәнін ашып көрсетіңіздер.
- 5) ҚР «Стандарттау туралы» заңының мазмұнын анықтаңыздар.
- 6) Сапаны басқару жүйесінің сипаттамасы қандай?
- 7) Өнімді сертификаттау түсінігіне анықтама беріңіздер. Сертификаттау мақсаты неде?
- 8) Сәйкестік сертификаты дегеніміз не? Оны қандай органдар береді?
- 9) ҚР «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңының мазмұнын ашып көрсетіңіздер.
- 10) Өнімді сертификаттау процедурасы қалай жүргізіледі?
- 11) Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің сипаттамасын беріңіздер.
- 12) Сапаны бақылау және сапаны қамту әдістерін анықтаңыздар.
- 13) Сапаны басқарудың американдық тәжірибесі.
- 14) Сапаны басқарудың еуропалық тәжірибесі.
- 15) Сапаны басқарудың жапон тәжірибесі.

13 КӘСІПОРЫН ШЫҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ


13.1 Кәсіпорын шығындары, өнімнің өзіндік құны

13.2 Өнімнің өзіндік құны калькуляциясы мен шығындар сметасы

13.3 Өнімнің өзіндік құнын жоспарлау және төмендету жолдары

13.1 Кәсіпорын шығындары, өнімнің өзіндік құны

Шығындар - нақты уақыт ішінде өнім өндірісі мен өткізудің материалдық, еңбек, қаржы, табиғи, ақпараттық және басқа да ресурстар құнының ақшалай бағасы (сурет 1).



Сурет 1 – Шығындар сипаттамасы

Анықтамаға сәйкес шығындардың төрт сипатын атап көрсетуге болады:


- ресурстардың ақшалай бағасы – ресурс түрлерін бір өлшемге келтіру;
- мақсатқа бағыттылығы - өнім өндіруге немесе өнімді өткізуге толықтай кәсіпорын немесе құрылымдық бөлімшелері бойынша, толықтай үрдіс немесе оның белгілі бір кезеңдеріндегі мақсаттарға бағыттылығы;
- нақты уақыт кезеңінде болуы керек;
- қор сіңіргіштік қасиеті – егер шығындар өндіріске жұмылдырылмаса, немесе тізімнен шығарылып тасталмаса, шығындар қорларға айналады, шикізат қорына, материалдар қорына, аяқталмаған өндіріс қорына, дайын өнім қорына айналады. Бұл жағдайда шығындар кәсіпорын активтеріне жатқызылады.

Шығын түрлерін бірнеше белгілері бойынша бөлуге болады (кесте 1).

Өндіріс факторларын пайдалану негізінде өндіріс көлемінің өзгерісіне байланысты өзгертін шығындарды айнымалы шығындар (VC) деп, ал өзгермейтін шығындарды тұрақты шығындар (FC) деп атаймыз. Фирманың өнімді өндіруге және оны сатуға жұмсайтын барлық шығындарының жиынтығын жалпы шығындар деп атаймыз, да тұрақты шығындар мен айнымалы шығындардың қосындысы арқылы анықталады (сурет 2).

Кесте 1 - Шығын түрлері

Топтастыру белгілері	Белгілерге сәйкес түрлері	Сипаттамасы
Шығындардың рационалдылығы бойынша	өнімді	рационалды технология мен өндірісті ұйымдастыруда белгіленген сапасы бар өнім өндірісіндегі еңбек шығындары (жоспарланған шығындар)
	өнімсіз	технология және өндірісті ұйымдастырудағы кемшіліктер салдары (өнімнің жарамсыз болуы, тоқтап қалудан болатын шығындар) (жоспарланбаған шығындар)
Шығындардың пайда болу уақытына байланысты	ағымды	сол кезеңге қатысты пайда болады және сол кезеңдегі өнімнің өзіндік құнына жатады
	болашақ кезеңдегі	нақты кезең ішінде шығындалады да, бірақ өнімнің өзіндік құнына енетін біраз үлесі келесі кезеңдерге жатады
	алдағы	смета тәртібі бойынша резервке алынатын, бірақ әлі пайда болмаған шығындар (демалыс уақытын төлеу)
Шығындардың біртектілік дәрежесіне байланысты	элементарлы	элементарлы шығындарды құраушы бөліктерге бөлуге болмайды
	кешенді	бірнеше біртекті шығындардан тұратын шығын баптары
Шығындардың өнімнің өзіндік құнына енгізу тәсілі бойынша	тікелей	нақты өнім түрін өндіруге тікелей қатысатын және өзіндік құнға бекітілген норма бойынша енгізілетін (шикізат, материалдар, жанармай, энергия) шығындар
	жанама	өнімнің әр түрлерін дайындауда қамтылады және өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнына қандай-да бір белгісіне пропорционалды жанама (шартты) түрде енгізіледі.
Шығындардың өндіріс үрдісіндегі қызмет ету роліне байланысты	негізгі	өнім өндірудің технологиялық үрдістерімен тікелей байланысты. Оған жататын шығындар: шикізат, негізгі материалдар, технологиялық жанармай, энергия, жұмысшылардың негізгі жалақысы
	үстеме	өндірістің әрекет етуі үшін қажетті жағдайлар туғызумен, оны ұйымдастыру, басқару, қызмет көрсету шығындары. Үстеме шығындар – бұл жалпы өндірістік, жалпы шаруашылық шығындар
Шығындардың өндіріс көлемінің өзгерісіне байланысты	айнымалы (пропорционалды)	өндіріс көлемінің өзгерісіне тікелей байланысты шығындар (өндірістік жұмысшылардың жалақысы, шикізат)
	тұрақты (пропорционалды емес)	өндіріс көлемінің өзгерісі жағдайында өзгермейтін немесе шамалы ғана өзгертін шығындар (құрылыс амортизациясы, жанармай, энергия, басқарушылық персонал жалақысы). Айнымалы және тұрақты шығындар қосындысы кәсіпорынның жалпы шығындары болып табылады



Сурет 2 – Айнымалы (VC), тұрақты (FC) және жалпы (TC) шығындар

Соның ішінде шығындарды есепке алу тәсілдері бойынша айқын (бухгалтерлік) шығындар және айқын емес (экономикалық) шығындар деп бөлуге болады. Айқын (бухгалтерлік) шығындар шикізат, материалдарға, жалдамалы қызметкерлердің жалағысына және т.б. кеткен ақшалай шығындар, ал айқын емес (экономикалық) шығындар кәсіпорын иесінің өз меншігіндегі сатып алынбайтын өндіріс факторларын пайдаланғандағы шығындар (өзінің жабық орны, жеке еңбегі), олар бухгалтерлік құжаттарда есепке алынбайды және өнімнің өзіндік құнына енбейді.

Айнымалы шығындар үстеме және жанама шығындар болуы мүмкін, түрлі шығындарды төмендегідей топтастыруға болады (кесте 2).

Кесте 2 - Шығын түрлері

	Тұрақты шығындар	Үстеме шығындар	Жанама шығындар
Айнымалы шығындар	×	Сату бөлімінің сыйақысы	Бірнеше өнім түрі өндірісіндегі электроэнергия құны
Негізгі шығындар	Өндірістік қондырғы амортизациясы (өнім түрінің санына байланысты емес)	×	Бірнеше өнім түрі өндірісіндегі ғимараттар амортизациясы
Тікелей шығындар	Бір ғана өнім түрін өндіретін кәсіпорын директорының еңбекақысы	Бірнеше өнім түрі өндірісіндегі шикізат, жанармай құны	×

Шығындар түсінігімен бірдей өнімнің өзіндік құны көрсеткіші қолданылады. Өнімнің өзіндік құны – ақшалай түрдегі кәсіпорынның өнім өндірісі мен өткізудегі ағымдық шығындары.

Нарықтық экономика жағдайында өнімнің өзіндік құны кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметінің басты көрсеткіші болып табылады. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде өндіріс шығындарын есепке алу және өнімнің өзіндік құнын калкуляциялау басқарушылық есепте көрсетіледі. Оның негізгі мақсаты – мамандарға, басқарушылық персонал мен кәсіпорын бөлімшелеріне өнімнің өзіндік құнын басқару үшін ақпараттармен қамтамасыз ету.

Есеп 13.1

Мысалы, кестеде кәсіпорында бизнес жүргізудің бірнеше варианты бойынша мәліметтер көрсетілген. Тұрақты шығындар барлық варианттар үшін өзгеріссіз қалады; өткізу көлемі өндіріс көлеміне тең. 3 кестені толтырып, қандай вариант ең жоғары пайда беретінін анықтаңыздар.

Кесте 3 - Түрлі өнім шығару көлеміндегі мүмкін болатын пайда (шығындар) есебі

Вариант нөмері	Бағасы, теңге/дана	Шығару және өткізу, дана	Түсім, мың теңге	Салыстырмалы айнымалы шығындар, теңге/дана	Жалпы айнымалы шығындар, мың теңге/дана	Салыстырмалы тұрақты шығындар,	Жалпы тұрақты шығындар, теңге/дана	Салыстырмалы жиындық шығындар, теңге/дана	Жиындық шығындар, теңге/дана	Бірлікке шаққандағы пайда (шығын), теңге/дана	Пайда (шығын), теңге/дана
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	62	2200						95			
2	83					28		63			
3	70			35				60			
4					180			80			75000
5		2800		40		50				12	
6	98				180					18	

Вариант 1

- 1) Түсім (4) = баға×өндіріс көлемі = 92×2000 = 184 000тг.
- 2) Жиындық шығындар (10) = 98×2000 = 196 000тг.
- 3) Пайда (12) = 184000-196000=-12000 тг.
- 4) Өнім бірлігіне шаққандағы пайда (11) = -12000/2000= -6тг.

Вариант 2

- 1) Өнім бірлігіне шаққандағы айнымалы шығындар (5) =75-25=50тг.
- 2) Өнім бірлігіне шаққандағы пайда (11) = 90-75=15тг.

Вариант 3

- 1) Өнім бірлігіне шаққандағы тұрақты шығындар (7) =62-42=20тг.

2) Өнім бірлігіне шаққандағы пайда (11) = 72-62=10тг.

Вариант нөмері	Бағасы, теңге/дана	Шығару және өткізу, дана	Түсім, мың теңге	Салыстырмалы айнымалы шығындар, теңге/дана	Жалпы айнымалы шығындар, мың теңге/дана	Салыстырмалы тұрақты шығындар, теңге/дана	Жалпы тұрақты шығындар, мың теңге/дана	Салыстырмалы жыйындық шығындар, теңге/дана	Жыйындық шығындар, мың теңге/дана	Бірлікке шаққандағы пайда (шығын), теңге/дана	Пайда (шығын), теңге/дана
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	62	2200	136,4	31,4	69,08	63,6	140	95	209	-33	-72600
2	83	5000	415	35	175	28	140	63	315	20	100000
3	70	5600	392	35	196	25	140	60	336	10	56000
4	98,75	4000	395	45	180	35	140	80	320	18,75	75000
5	102	2800	285,6	40	112	50	140	90	252	12	33600
6	98	4000	392	45	180	35	140	80	320	18	72000

2 Өнімнің өзіндік құны калкуляциясы мен шығындар сметасы

Калкуляция – барлық тауарлы өнім мен оның бөліктерінің өзіндік құнын, нақты бұйым түрінің өзіндік құнын, өнім өндірісі мен өткізудегі кәсіпорын бөлімдерінің шығындарын есептеудегі жүйе.

Өнімнің өзіндік құны калкуляциясы өнім білігінің бағасын анықтау үшін қажет. Калкуляциялаудың басты объектісі - өткізуге арналған дайын бұйым (өнім).

Калкуляция баптарының тізімі, оның құрамы мен өнім (жұмыс, қызмет) түрлері бойынша шығындарды бөлу тәсілі өндіріс сипаты мен құрылымын ескеру арқылы өнімнің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құнын жоспарлау, есепке алу және калкуляциялау мәселелері бойынша салалық әдістемелік нұсқаулармен анықталады.

Калкуляцияның жеке баптары бойынша шығындарды анықтау тәртібі:

- 1) бұйымды дайындаудағы тікелей шығындардың нормативін есептеу;
- 2) жанама шығындарды жеке бұйымдардың өзіндік құнына бөлу.

Калкуляциялық баптар бойынша өзіндік құн құрылымы өнімнің толық өзіндік құнындағы шығындар арақатынасын, не шығындалғандығын, қайда шығындалғандығын, қаржылар қандай мақсаттарға бағытталғандығын көрсетеді. Ол кәсіпорынның әр цехының немесе бөлімшесінің шығындарын бөліп көрсетеді.

Өндіріс шығындарының сметасы тек шығындардың экономикалық біртекті элементтерін бірлестірсе, калкуляция баптарында кейбіреулері ғана біртекті, ал қалғандары шығындардың әр түрлерін қамтиды, яғни кешенді құрайды. Қолдануға байланысты калкуляция түрлері бірнешеге бөлінеді.

Жоспарлы калкуляция – жоспарлы кезеңде өнімді дайындауға қажетті шығындардың ең жоғары мүмкін болатын мөлшерін қамтиды және жоспарға енгізілген өнімнің барлық түріне жасалады.

Сметалық калкуляция – жоспарлыға ұқсас, жұмыстың бір түріне және сырттан берілген тапсырыс бойынша өнім өндірісіне жасалады. Тапсырыс берушілермен есептесу кезіндегі бағаның негізі болып табылады.

Нормативті калкуляция – шикізат, материалдар, энергия шығындарының нормасы бойынша бұйымның өзіндік құнын есептеу.

Жобалық калкуляция – өнім өндірісіне дайындық кезінде анықталады және жобаланған жаңа өндіріс пен технологиялық үрдістердің тиімділігіне түсініктеме беру үшін қажет.

Есепті калкуляция – өнім бірлігінің нақты өзіндік құнын көрсетеді, онда бұйымға кепілдік жөндеу және кепілдік қызмет көрсету шығындары, жарамсыз бұйымдар шығыны ескеріледі.

Шаруашылық есепті калкуляция – кәсіпорын бөлімшесінің өніміне жасалынады.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар шығындарының калкуляциялық баптары номенклатурасы төмендегідей болады (кесте 3).

Кесте 3 – Калкуляциялық баптар бойынша шығындардың топтастырылуы

Шығындар баптары	Өзіндік құн түрлері		
1 Шикізат пен материалдар	Цехтық өзіндік құн	Өндірістік өзіндік құн	Толық өзіндік құны
2 Қайтарылатын қалдықтар			
3 Сатып алынатын бөлшек бұйымдар, жартылай фабрикаттар мен өндірістік сипаттағы қызметтер			
4 Технологиялық мақсаттағы жанармай және энергия			
5 Өнім өндірісі үрдісіне тікелей қатысатын қызметкерлер жалақысының шығындары			
6 Әлеуметтік салықтар			
7 Өндірісті дайындау және игеру шығындары			
8 Жалпы өндірістік шығындар			
9 Жалпы шаруашылық шығындар			
10 Басқа да өндірістік шығындар			
11 Жарамсыздықтардан болатын шығындар			
12 Коммерциялық шығындар			

Өнімнің нақты өзіндік құнын есепке алу мен оны калкуляциялаудың негізгі тәсілдеріне жататындар:

- нормативті;
- тапсырыстық;

- өндіріс кезеңдері.

Өнім өндірісі мен оны өткізудегі шығындар сметасы кәсіпорынның жалпы шығындарын анықтау мақсатында есептелінеді. Шығындар сметасын құрудағы әрекеттер:

1) қосымша цехтар шығыны сметасын анықтаумен басталады, өйткені олардың өнімдері кәсіпорынның негізгі цехтарымен пайдаланылады және бұл цех шығындары негізгі өндірістік цехтар өнімінің өзіндік құнына енеді;

2) содан соң кәсіпорынның негізгі цехтары бойынша шығындар сметасы есептелінеді, оның негізінде шығындардың өндірістік (зауоттық) сметасы қалыптасады және тауарлы, өткізілген өнімнің өзіндік құн көрсеткіштері анықталады.

Шығындар сметасын жасаудың негізі – шығындарды экономикалық элементтер бойынша топтастыру болып табылады.

Шығындар элементі – бұл экономикалық жағынан біртекті шығындар (материалды шығындар, амортизация және т.б.), кәсіпорында шығындар элементі бойынша өндірістің шығындар сметасы жасалады. Экономикалық элементтері бойынша шығындарды топтастыру толықтай кәсіпорын және оның бөлімшелері бойынша өнім өндірісіне және қандай көлемде шығындалғанын және жеке элементтерінің шығындардың жалпы көлеміндегі арақатынасын көрсетеді.

Шығындар элементі:

1) материалдық шығындар;

- шикізат және негізгі материалдар;
- сатып алынатын бұйымдар;
- қосымша материалдар;
- сырттан сатып алынған жанармай және энергия;

2) өнеркәсіптік-өндірістік персонал еңбегін төлеу шығындары;

- жұмысшылардың еңбекақысы;
- инженерлі-техникалық қызметкер еңбекақысы;
- қызметкерлер еңбекақысы;

3) әлеуметтік мұқтаждық аударымдары;

- әлеуметтік сақтандыру;
- зейнетақы қоры;
- медициналық сақтандыру;
- салалық сақтандыру тарифі;

4) негізгі қорлар амортизациясы;

- негізгі өндірістік қорларды толықтай қалпына келтіру аударымдары (үдемелі амортизацияны ескереді);

5) басқа да шығындар;

- салықтар, жарналар, бюджеттен тыс арнайы қорларға аударымдар;
- мүлікті міндетті сақтандыру бойынша төлемдер;
- байланыс, есептеу орталықтарының, банктердің қызметін төлеу;
- кадрларды дайындау, іс-сапар шығындары;
- негізгі қорларды жалға алу төлемдері;

- басқа да төлемдер.

Мысал ретінде «Баян Сұлу» АҚ-ның 2018 жылғы мәліметтерінің негізінде шығындар сметасын құрылымын көрсетуге болады [23].

Кесте 4 – «Баян Сұлу» АҚ-ның 2017-2018 жылдардағы ақпараттары

	2018ж	2017ж
Дайын өнімді сату	25600360	31203193
Сатып алынған тауарларды сату	7465674	6015770
Басқа да өткізу	144754	59530
Түсім барлығы	33210788	37278493
Дайын өнімді сату шығындары	20029154	24515431
Сатып алынған тауарларды сату шығындары	7118561	5754329
Басқа да өткізулер шығындары	21372	20572
Сатудың өзіндік құны	27169087	30290332
<i>Дайын өнімді сату шығындарын элементтері бойынша талдау көрсетілген</i>		
Шикізат пен материалдар	16468686	20171585
Еңбекақы және онымен байланысты шығындар	1947358	1781243
Тозу және амортизация	932354	824919
Коммуналдық және эксплуатациялық шығындар	567538	533298
Негізгі қорларды жөндеу шығындар	484290	356544
Басқа да шығындар	12190	9541
Дайын өнім және аяқталмаған өндіріс жыл басындағы	808029	1646330
Дайын өнім және аяқталмаған өндіріс жыл соңындағы	(1191291)	(808029)
Дайын өнімді сату шығындарының барлығы	20029154	24515431

«Баян Сұлу» АҚ-ның 2018 жылғы барлық түсімі сол кезеңдегі дайын өнімді сатудан, сатып алынған тауарларды сатудан және басқа да өткізулерден түскен түсімдердің қосындысы ретінде анықталады. Ал сатудың өзіндік құны дайын өнімді сату шығындарынан, сатып алынған тауарларды сату шығындарынан және басқа да өткізулер шығындарынан қалыптасады.

13.3 Өнімнің өзіндік құнын жоспарлау және төмендету жолдары

Шығындарды басқаруда өнімнің өзіндік құнын жоспарлау маңызды элемент, ал өзіндік құн жоспары бизнес-жоспардың басты бөлімдерінің бірі.

Өнімнің өзіндік құнын жоспарлау процесінде өнім өндіру және оны өткізу үшін қажетті материалдық, еңбек және қаржы шығындары ескеріледі және өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құндары анықталынады. Өнімнің өзіндік құны деңгейіне пайда көрсеткіші де байланысты болады, сондықтан, компания басшылығына өндіріс шығындарының динамикасы және олардың төмендету жолдары туралы ақпараттар өте қажет. Қазіргі уақытта өнімнің өзіндік құнын

(шығындарын) жоспарлау үшін бірнеше әдістер қолданылады:

- ауыспалы;
- тапсырыстық;
- процестік (қарапайым);
- нормативті.

Шығындарды есепке алудың ауыспалы әдісі жаппай өндірісте, яғни бірнеше саты арқылы жүзеге асырылатын, шикізат пен материалдарды тізбектей қайта өндіруде (мұнай өңдеу, металлургия, химия, тоқыма өнеркәсібі және т.б.) қолданылады. *Қайта бөлу* – технологиялық операциялар жиынтығы, олардың нәтижесінде шикізаттар мен материалдар жартылай фабрикаттарға немесе дайын өнімдерге айналады. Жартылай фабрикаттар – материалдардан дайын өнімге дейінгі тізбектегі аралық буын.

Бұл әдістің мәні – өндірістің тікелей шығындарын есепке алғанда өнімнің түрі бойынша емес, қайта бөлу жолымен қалыптасады. Әрбір қайта бөлудің өзіндік құны бөлек есептеледі (өнімнің бірнеше түрін шығарған кезде де). Жанама шығындар белгіленген негізде пропорционалды түрде бөлінеді. Қайта бөлу түрлері технологиялық процестің ерекшеліктеріне байланысты болады.

Қайта бөлу кезінде алынған өнімдер (соңғыдан басқасы) өз өндірісінің жартылай фабрикатты болып табылады, сондықтан өзіндік құнды есептеудің жартылай фабрикатты және жартылай фабрикатсыз варианттары болады. *Шығындарды есептеудің жартылай фабрикатты әдісі* жартылай фабрикаттарды бір цехтан екінші цехқа ауыстырылғанда және әр қайта өңдеу бойынша шығындарды есепке алуға мүмкіндік береді. Жартылай фабрикаттар өнімнің өзіндік құнында жеке бап ретінде енеді, яғни әр қайта бөлу өндірісінің өзіндік құны қайта бөлуге кететін шығындар мен алынған жартылай фабрикаттардың өзіндік құнынан тұрады. *Жартылай фабрикатсыз әдіс* қайта бөлудің әрқайсысының шығындарын ескереді. Кезең аяғындағы аяқталмаған өндіріс қалдықтары инвентаризация арқылы анықталады.

Шығындарды есепке алудың тапсырыстық әдісі күрделі бұйымдардың жеке және шағын сериялы өндірісінде қолданылады (кеме жасау, машина жасау). Тапсырыс – өндірістік тапсырысты орындауға құжат түрінде (тапсырыс бланкі) жасалған өкім. Бұл әдістің мәні: арнайы бланктерді толтыру арқылы кәсіпорында тапсырыс ашылады. Орындауға қабылданған тапсырыстар тіркеледі және оларға орындалу номері беріледі. Тапсырыс ашылғаннан кейін ол бойынша барлық құжаттар тапсырыс кодын көрсету арқылы іске асырылады. Тапсырыс ашылғандығы жөніндегі құжаттың көшірмесі бухгалтерияға жіберіледі, онда тапсырыс бойынша өндіріс шығындарының аналитикалық есеп картасы жасалады. Өндірістің тікелей шығындары өндірістік тапсырыстар бойынша калькуляциялық баптар негізінде есепке алынады. Басқа қалған шығындар пайда болған жеріне сәйкес ескеріледі және кейіннен өзіндік құнға қосылады. Тапсырыс орындалғанға дейін, сол тапсырысқа қатысты барлық өндірістік шығындар аяқталмаған өндіріс болып саналады. Жұмыс аяқталғаннан кейін тапсырыс жабылады. Соңынан тапсырыстың жеке өзіндік құны анықталады.

Шығындарды есепке алудың процестік (қарапайым) әдісі өнім номенклатурасы шектеулі және аяқталмаған өндірісі жоқ немесе аз ғана мөлшерде болатын өнеркәсіптерде (тау-кен өнеркәсібінде, электр желілерінде және т.б.) қолданылады.

Процестік әдісінде тікелей және жанама шығындар барлық дайын өнімді өндіруде шығындардың калькуляциялық баптары бойынша есепке алынады. Өнім бірлігінің орташа өзіндік құны есепті кезең ішіндегі барлық шығындар қосындысын сол кезеңдегі өндірілген дайын өнім көлеміне бөлу арқылы анықталады. Егер кезең соңында аяқталмаған өндіріс жоқ болса, онда жалпы өндірістік шығындар өзіндік құн болып табылады, ал болған жағдайда, дайын өнімге және аяқталмаған өндіріс шығындары деп бөлінеді.

Шығындарды есепке алудың нормативтік әдісі өңдеу өнеркәсібінде әр түрлі және күрделі өнім шығаратын жаппай және сериялы өндірісте (машина жасау, металл өңдеу, тігін, аяқ киім, жиһаз өндірісінде және басқалары) қолданылады. *Норма* – бұл қандай-да бір өнім түрін өндіру үшін қажетті еңбек, уақыт, материалдық және қаржылық ресурстар шығындарының өлшемін көрсететін ғылыми негізделген көрсеткіш. *Норматив* – бұл абсолютті немесе салыстырмалы көрсеткіштермен есептелетін натуралды немесе құндық түрдегі есепті қажеттілікті сипаттайтын норма.

Шетелдік тәжірибеде шығындарды есепке алудың бірнеше әдістері қолданылады:

- стандарт-костинг;
- директ-костинг;
- Just in time жүйесі;
- ABC-костинг.

Шығындарды есепке алу «Стандарт-костинг» жүйесінің негізі белгіленген нормалар мен нормативтер және олардан ауытқулары шегінде шығындарды есепке алу және бақылау принциптеріне негізделеді. Бұл жүйе бойынша анықталатын ауытқулар туралы ақпараттарды басшылықтар оперативті басқарушылық шешімдер қабылдау үшін пайдаланылады.

Есепке алудың «Стандарт-костинг» жүйесі келесідей болады:

- 1) Өнімді сатудан түскен түсім →
- 2) Өнімнің стандартты өзіндік құны →
- 3) Жалпы пайда (1т. – 2т.) →
- 4) Стандарттардан ауытқу →
- 5) Нақты пайда (3т. – 4т.).

Әлемдік тәжірибеде тиімді қолданылатын тәсілдердің бірі *шығындарды есептеудің маржиналдық әдісі* немесе «Директ-костинг» жүйесі, оның негізі өнімнің қысқартылған өзіндік құны мен маржиналдық табысты анықтаумен сипатталады. Қазіргі заманғы «Директ-костинг» жүйесі шығындарды есепке алудың екі нұсқасын ұсынады:

- 1) қарапайым «Директ-костинг», мұнда өзіндік құн құрамында тек тікелей айнымалы шығындар ескеріледі;
- 2) дамыған «Директ-костинг», жүйесінде өзіндік құн құрамына тікелей

айнымалы және жанама айнымалы шығындар есепке алынады.

«Директ-костинг» жүйесі бойынша қаржылық нәтижелерді келесідей анықтауға болады:

- 1) Өнімді сатудан түскен түсім →
- 2) Айнымалы шығындар →
- 3) Маржиналды пайда (1т. – 2т.) →
- 4) Тұрақты шығындар →
- 5) Пайда (3т. – 4т.).

Activity Based Costing (ABC-костинг) немесе өзіндік құнды есепке алудың дифференциацияланған әдісі жұмыстар (атқаратын қызметтер) бойынша шығындарды есепке алумен сипатталады. Кәсіпорын жұмыс операцияларының жиынтығы ретінде қарастырылады, оларды жүзеге асыру кезінде түрлі ресурстар шығындалады. Өнім өндіруде төрт түрлі операцияны бөліп көрсетуге болады:

- даналық жұмыс (өнім бірлігінің шығарылуы);
- тапсырыстық жұмыс (тапсырыстың, жинақтың шығарылуы);
- өнімдік жұмыс (өнімнің өзі);
- жалпы шаруашылық жұмыс.

1-3 операциялар белгілі бір нақты өнімге тікелей қатысты шығындармен байланысты болады.

«*Just in time*» жүйесі келесі принципке негізделеді: қажет болған ғана жағдайда өнім өндіріледі. «*Just in time*» әдісі логистикалық тұжырымдамаға негізделеді, яғни қажеттілік туындамайынша ештеңе өндірілмейді. Өнімді ірі партиялармен өндіруден бас тартылады, өндіріс қажеттілікке сәйкес шағын партиялармен қамтамасыз етіледі, нәтижесінде тауарлық материалдық құндылықтар жиынтығы деңгейінің төмендеуіне әкеледі.

Өзіндік құнды төмендету көздері мен факторларын бөліп көрсетуге болады. Өзіндік құнды төмендету *көздері* деп өзіндік құнды төмендету үшін азайтылуы керек шығындар элементтері немесе баптарын көрсетеді, ал *факторлары* – бұл шығындардың өзгеруіне әсер ететін техника-экономикалық жағдайлар.

Өнімнің өзіндік құнын төмендетудің негізгі басты көзі – еңбек өнімділігін арттыру болып табылады. Еңбек өнімділігінің өсуінің әсерінен қызмет етушілер саны мен еңбекақы төлеу қоры азаяды. Өнім бірлігінің өзіндік құнының төмендеуіне еңбек өнімділігінің өсуінің әсерін анықтайтын формула:

$$\Delta C_{\text{өнімд}} = \left(1 - \frac{I_{\text{еңб}}}{I_{\text{өнімд}}}\right) \times \alpha_{\text{өнімд}} \quad (13.1)$$

мұндағы $I_{\text{еңб}}$, $I_{\text{өнімд}}$ – орташа еңбекақы және еңбек өнімділігінің индекстері;

$\alpha_{\text{өнімд}}$ – базалық кезеңдегі өнімнің өзіндік құнындағы еңбекақының үлестік салмағы, %.

Өнім бірлігіне шаққандағы шикізат, материалдар, жанармай мен энергия, амортизация шығындарының төмендеуі келесі формула бойынша анықталады:

$$\Delta C_M = (1 - I_6 \times I_H) \times \alpha_M \quad (13.2)$$

мұндағы I_H – материалдар шығыны нормасының өзгеру индексі;
 I_6 – материалдар мен шикізат бағасының өзгеру индексі;
 α_M – базалық кезеңдегі өнімнің өзіндік құнындағы материалдық шығындардың үлестік салмағы, %.

Өнімнің өзіндік құнын төмендетудің тағы бір көзі – өнім бірлігіне шаққандағы тұрақты шығындарды немесе жалпы тұрақты шығындарды үнемдеу

$$\Delta C_{\text{тұр}} = \left(1 - \frac{I_{\text{тұр}}}{I_Q}\right) \times \alpha_{\text{тұр}} \quad (13.3)$$

мұндағы $I_{\text{тұр}}$ – тұрақты шығындар өзгерісінің индексі;
 I_Q – өндіріс көлемінің өсу индексі;
 $\alpha_{\text{тұр}}$ – базалық кезеңдегі кәсіпорын шығындарындағы тұрақты шығындардың үлестік салмағы, %.

Өнімнің өзіндік құнын төмендету факторларын келесідей бөлуге болады:

- өндіріс ішіндегі (ішкі) факторлар, яғни кәсіпорын қызметіне тікелей байланысты. Оларға жататындар: техникалық факторлар (өндірісті автоматтандыру, құрал-жабдықтарды жаңарту, жаңа технологияларды қолдану және т.б.), ұйымдастырушылық (өндірісті ұйымдастыруды, басқару мен қызмет көрсетуді жетілдіру), құрылымдық (құрылымы мен өндіріс көлемінің өзгеруі);

- өндіріске тәуелді емес (сыртқы) факторлар, яғни кәсіпорынның қызметіне байланысты болмайтын факторлар. Олардың ішінде: амортизациялық аударымдардың белгіленген нормалары, жабдықтаушылардан алынған материалдар бағасының өзгеруі, тарифтік жүйе мен ең аз еңбекақы мөлшерінің өзгеруі, бюджет және бюджеттік емес қорларға төленетін салық ставкалары мен аударымдар нормативтерінің өзгеруі.

Өнімнің өзіндік құнын төмендетудің маңызы мен рөлі өте маңызды, себебі:

- айналым капиталын босатады және айналымды тездетеді;
- өнім пайдасы мен рентабелділігін арттырады, сәйкесінше кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз етеді;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартады;
- бағаны төмендету және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Өндіріс шығындарын экономикалық элементтері бойынша топтастырудың мақсаты:
- А) нақты өнім түрі бірлігінің өзіндік құнын есептеу;

- В) өндіріс шығындарының сметасын құру үшін негіз болу;
- С) материалдар шығындарын есептеу;
- Д) еңбекақы шығындарын есептеу;
- Е) бұйым бағасын белгілеу.

2 Шығындардың калкуляциялық баптары бойынша топтастырудың мақсаты:

- А) бөлшектерді дайындаудың бағасын анықтау;
- В) тікелей және жанама шығындарды есептеу;
- С) нақты өнім түрі бірлігінің өзіндік құнын есептеу;
- Д) өндіріс шығындарының сметасын құру үшін негіз болу;
- Е) жалпы шаруашылық шығындар сметасын құру үшін негіз болады.

3 Шығындардың экономикалық элементтері бойынша бөлудегі топтарға жататын шығындар:

- А) технологиялық мақсаттағы жанармай мен энергия;
- В) өндірісті дайындау және игеру шығындары;
- С) өндірістік жұмысшылардың негізгі еңбекақысы;
- Д) негізгі қорлар амортизациясы;
- Е) өндірістік жұмысшылардың қосымша еңбекақысы.

4 Калкуляция баптары бойынша шығындар топтарына қандай баптар жатады:

- А) шикізат пен негізгі материалдар; еңбекақы; қайтарылатын қалдықтар;
- В) пайыз бойынша шығындар;
- С) дебиторлық борыш;
- Д) кредиторлық борыш;
- Е) қосалқы материалдар.

5 Кәсіпорын шығындарының тікелей және жанама болып бөлінуі қандай белгісіне байланысты:

- А) өнім өндірісі көлеміне байланысты;
- В) өзіндік құнға жатқызу сипаты бойынша;
- С) өндіріс объектісі бойынша;
- Д) өндіріс үрдісіне қатысу сипаты бойынша;
- Е) тағайындалған сипат бойынша.

6 Өнімнің цехтық өзіндік құны құрамына енетін шығындар:

- А) технологиялық операцияларды орындауға арналған цехтар;
- В) нақты өнім түрін өндіретін кәсіпорын;
- С) өндірісті басқаруға арналған цехтар;
- Д) технологиялық операцияларды орындауға арналған цехтар мен цехтарды басқару;
- Е) кәсіпорынның барлық шығындары.

- 7 Кәсіпорынның өндірістік өзіндік құнына енетін шығындар:
- A) нақты өнім түрін өндіруге арналған цехтар;
 - B) кәсіпорынның өнім өндірісі шығындары;
 - C) өнім өндірісі мен өткізу шығындары;
 - D) технологиялық үрдіс пен жалпы және әкімшілік шығындар;
 - E) өнім өндірісі мен өткізілуі, пайыздарды төлеу шығындары.
- 8 Кезең шығындарына жататын шығындар:
- A) өнімді өткізу, пайыздарды төлеу, жалпы және әкімшілік шығындар;
 - B) өнім өндірісі мен өткізу шығындары;
 - C) өнімді өткізу шығындары;
 - D) негізгі және қосалқы материалдар шығындары;
 - E) өндірісті басқару шығындары.
- 9 Өнімнің өзіндік құнын төмендетудің негізгі факторлары:
- A) табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту;
 - B) кәсіпорынның баға ауыспалылығының және кәсіпорынның бәсеке қабілетінің өсуі;
 - C) өндірістің техникалық деңгейінің жоғарлауы;
 - D) өндірілетін өнім құрылымының жақсаруы;
 - E) табиғи шикізат құрамы мен сапасының өзгеруі.
- 10 Шығындарды тұрақты және айнымалы деп бөлудің мақсаты:
- A) өндіріс көлемін болжау;
 - B) шығынсыз қызметті қамтамасыз ететін әрбір нақты жағдай үшін өткізу көлемін анықтау;
 - C) цехтық, өндірістік және коммерциялық өзіндік құнды бөліп көрсету;
 - D) өндірістік өзіндік құнды бөліп көрсету;
 - E) өнім сапасын зерттеу.
- 11 Нормативті калькуляция – шикізат, материалдар, энергия шығындарының _____ бойынша бұйымның өзіндік құнын есептеу.
- A) сапасы;
 - B) нормасы;
 - C) сомасы;
 - D) көлемі;
 - E) қосындысы.
- 12 Негізгі өндірістік қорлардың амортизациясы:
- A) тұрақты шығындар;
 - B) айнымалы шығындар.
- 13 _____ - нақты уақыт ішінде өнім өндірісі мен өткізудің материалдық, еңбек, қаржы, табиғи, ақпараттық және басқа да ресурстар

құнының ақшалай бағасы

A) пайда;

B) рентабелділік;

C) калькуляция;

D) шығындар;

E) смета.

14 Шығындар сметасын жасаудың негізі – шығындарды экономикалық элементтер бойынша топтастыру болып табылады

A) дұрыс;

B) дұрыс емес.

15 Айқын емес (экономикалық) шығындар шикізат, материалдарға, жалдамалы қызметкерлердің жалағысына және т.б. кеткен ақшалай шығындар болып табылады

A) дұрыс;

B) дұрыс емес.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Шығындар түсінігі мен олардың негізгі белгілері бойынша жіктелуін атаңыздар, оларға сипаттама беріңіздер.
- 2) Берілген шығындар анықтамасынан туындайтын шығын сипаттамаларын атаңыздар.
- 3) Бухгалтерлік және экономикалық шығындардың негізгі сипаттамаларын келтіріп, бөліп келтіріңіздер.
- 4) Шығындарды экономикалық элементтер бойынша топтастырудың мәні неде?
- 5) Шығындарды калькуляциялық баптары бойынша топтастыру немен сипатталады? Мәні қандай, қай жағдайларда есепке алынады?
- 6) Өнімнің өзіндік құны дегеніміз не?
- 7) Өнімнің өзіндік құнының калькуляциясының қандай түрлері бар, сипаттамаларын беріңіздер.
- 8) Толық өндірістік (фабрика, зауоттық) өзіндік құн құрайтын шығындар құрамы қандай?
- 9) Өзіндік құнды калькуляциялаудың негізгі тәсілдерін көрсетіңіздер.
- 10) Шығындарды есепке алу және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау арасында қандай байланыс пен өзара байланыстылық бар?
- 11) Өнімнің өзіндік құнын төмендету факторлары мен резервтерін атаңыздар.
- 12) Өнімнің өзіндік құнын жоспарлауда қолданылатын әдістерге сипаттама беріңіздер.
- 13) Шығындарды есепке алудың тапсырыстық әдісінің мәні неде?

- 14) Шығындарды есептеудің маржиналдық әдісі немесе «директ-костинг» жүйесі қалай іске асады?
- 15) Шығындарды азайту көздерінің сипаты мен маңыздылығы және мақсаты қандай?

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

Есеп 13.2

Есепті жылда тауарлы өнімнің өзіндік құны 450,2 мың теңгені құрады, яғни тауарлы өнімнің 1 теңгесіне - 0,89 теңге шығын жұмсалғаны белгілі болды. Жоспарлы жылы 1 теңге тауарлы өнімге 0,85 теңге жұмсау белгіленген. Өнімді өндіру көлемін 8%-ға өсіру көзделген. Жоспарлы жылдағы тауарлы өнімнің өзіндік құнын анықтау керек.

Есеп 13.3

Кәсіпорын бойынша есепті жылы келесі шығындар болды (мың теңге):

- цех жұмысшыларының еңбекақысы – 9650
- цехтың басшысы иен лабораториясы асшысы мен қызметкерлер – 690
- шикізат құны – 2690
- цехты қалыпты жағдайда ұстау шығындар – 540
- басқа да шығындар – 200

Негізгі қорлар құнын, өндірістік және цехтық шығындар, цехтық және өндірістік өзіндік құнын анықтау керек.

Есеп 13.4

Кәсіпорын 10000 бірлік өнім өндірді, 8000 бірлікті сол айда сатып жіберді. Аяқталмаған өндіріс жоқ. Бір өнім бірлігін өндіруде кәсіпорынның шығындары келесідей болды (теңге):

- тура айнымалы шығындар – 4500 000;
- негізгі өндірістік жұмысшылардың еңбекақысын төлеуге кеткен шығындар – 2540 000;
- қондырғыларды жөндеу шығындары – 505 000;
- жарнамаға кеткен шығындар – 150 000;
- негізгі қорлар амортизациясы – 553 000;
- басқару аппаратының еңбекақысы – 409 000;
- арендалық төлемдер – 255 000;
- сатуға кеткен тұрақты шығындар – 607 000.

Толық шығындыр тәсілін қолдана отырып өндіріліп, бірақ сатылмай қалған өнімнің өзіндік құнын анықтаңыздар.

14 КӘСІПОРЫННЫҢ БАҒА САЯСАТЫ

14.1 Өнім бағасы: түсінігі, атқаратын қызметтері, түрлері

14.2 Баға белгілеу әдістері

14.3 Кәсіпорынның баға саясаты: мақсаты, мазмұны мен сипаты

14.1 Өнім бағасы: түсінігі, атқаратын қызметтері, түрлері

Кәсіпорын қызметіндегі негізгі мәселелердің бірі өз тауарлары мен қызмет түрлеріне баға белгілеу болып табылады. Баға кәсіпорын қызметінің барлық жақтарымен тығыз байланыста болады. Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорын немесе кәсіпкер табыстылығы олардың өз тауарларына, қызмет түрлеріне бағаны дұрыс тағайындаумен байланысты. Оны тағайындау ондай оңай емес, өйткені бағаға саяси, экономикалық, психологиялық, әлеуметтік факторлардың кешені әсерін тигізеді. Бір жағдайда баға тауар өндірісінің шығынымен анықталуы мүмкін, екінші жағдайда оның деңгейі сатып алушы қылығының психологиясына байланыста болуы мүмкін. Сондықтан, кәсіпкер тауарға баға тағайындағанда оның деңгейіне әсер ететін барлық факторларды ескеру керек және бағаны пайда алатындай етіп белгілеу керек.

Бағаның екі негізгі теориясы бар:

1) *өндіруші жағынан сипатталатын теория* – тауар бағасы оның құнын сипаттайды, яғни баға шығындар мен пайданың қосындысы арқылы анықталады;

2) *тұтынушы теориясы* – тауар бағасы тұтынушының тауарды сатып алуда төлей алатын ақшасын сипаттайды.

Экономикалық тәжірибе көрсеткендей, баға белгілеу міндеттерінің негізгі тізімі қазіргі замандағы кез-келген мемлекеттер мен кәсіпорындар үшін жалпы болып табылады, тек экономика дамуының кезеңдері мен түрлеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

Баға белгілеудің негізгі міндеттері:

1) өнім өндірісі немесе оны өткізу делдалдарының шығындарын өтеу және өнім өндірушінің дұрыс әрекетіне қажетті пайданы қамтамасыз ету;


2) баға белгілеуде өнімнің өзара орнын толтыруды есепке алу;

3) әлеуметтік баға саясаты

4) экологиялық саясатты іске асыру;

5) сыртқы экономикалық мәселерді шешу.

Бастапқы екі міндет тек қазіргі заманғы қоғам алдында ғана емес, өндіруші, делдал мен тұтынушылар арасындағы көлденең байланыспен сипатталатын нарық дамуының бастапқы кезеңдерінде шешілген (сурет 1). Бұл жағдайда баға тек нарық қызметін атқарады.



Сурет 1 – Нарық дамуының бастапқы кезеңіндегі байланыс

Бірінші міндет – өндіруші-сатушының және делдалдың талабы. Өндіруші үшін нарық конъюктурасы қаншалықты жағымды болса, яғни өз өнімін жоғары бағамен өткізген жағдайда, ол соншалықты жоғары пайда алады [17].

Екінші міндет – бұл тұтынушы талабы, тұтынушы сол өнімді өндіруге қанша шығындалғаны туралы ойланбайды, ол оған қызық емес. Егер нарықта бір өнім түрлі бағамен ұсынылса, тұтынушы бағасы төмен тауарды таңдайды. Егер бірдей бағамен сапалы және сапасы төмендеу өнім ұсынылатын болса, тұтынушы сапасы жоғары өнімді таңдайды.

Үшіншіден бастап бесінші міндеттердің барлығы баға белгілеудің қазіргі заманға сәйкес тәсілдер мен әдістерге негізделеді, яғни дамыған нарық жағдайында экономиканың тепе-теңдігі төтенше реттеуіштер көмегімен ғана емес, жалпы ұлттық мүдделерді қорғайтын мемлекеттік саясат көмегімен реттеледі (сурет 2).



Сурет 2 – Дамыған нарықтағы байланыс

Бұл жағдайда баға нарық және мемлекет қызметі болып табылады. Экологиялық, саяси, әлеуметтік мәселелер, ғылыми-техникалық прогресті ынталандыру мәселелерді – мәні бойынша жалпы ұлттық мәселелер деп қарастырып, осы көрсетілген жалпы ұлттық мүдделерді, мәселелерді шешетін орган болады деп көрсетеді.


Сыртқы экономикалық мәселерді шешетін негізгі баға тетігіне жататындар: жағдай туғызу саясаты жүгізіліп отырылған ел үшін өнімдерді жеңілдікпен жеткізу немесе жоғарлатылған бағамен сатып алу.

Барлық елдерде әлеуметтік баға саясаты (үшінші міндет) жоғарғы дәрежедегі әлеуметтік мәні бар тауарлар (бала тауарлары ассортименті, дәрі – дәрмек, бірінші қажеттіктегі тамақ өнімдері және т.б.) бағасының тұрақты болуымен немесе салыстырмалы түрде төмендеуімен сипатталады.

Өндірістің прогрессивті құралдарын өндіруді ынталандыру үшін мемлекет ынталандыру баға жүйесін қарастырады, яғни бағаның жоғары шектеулерін алу, өндірушілердің бәсекелестігін бекіту үшін бағаның төменгі шектеулерін жасау және т.б. Мемлекет өндірістің прогрессивті құралдарын енгізу мақсатында тұтынушылар үшін бағаның жеңілдік жүйесін жасайды. Өндірушілердің жоғарғы бағалары мен төмендетілген тұтынушының бағалардың арасындағы айырма мемлекетпен дотацияланады.

Баға тетіктерін экологиялық саясат негізінде (төртінші міндет) пайдалану мысалына қалдықтарды өңдеу және оны пайдалану, шикізатты өңдеуді жақсарту мәселелерін баға көмегімен шешу болып табылады.

Баға белгілеу міндеттерімен баға қызметі тығыз байланысты. Баға қызметі – «баға» категориясына объективті түрдегі жалпы қасиеттері және бағаның кез-келген түріне тән болады. Экономикалық әдебиеттерде кеңінен қолданылатын қызметтері: өлшеуіш, есепті, қайта бөлу, ынталандырушы, сұраныс пен ұсынысты теңестіру, әлеуметтік қызметі (сурет 3).



Сурет 3 – Баға қызметтері

Бағаның өлшеуіш қызметінің мәні баға көмегімен тауар құнын анықтауға болады, мысалы, жұмыс күшінің бағасын жалақымен өлшеуге болады.

Есепті қызметті атқара отырып, баға тұтынушылық сипаттамасы бойынша салыстыруға келмейтін түрлі құндылықтарды салыстыруға мүмкіндік береді. Тек құндық түрде макроэкономикалық, салалық көрсеткіштерді және нақты кәсіпорын көрсеткіштерін анықтауға болады.

Бағаның қайта бөлу қызметі жасалған қоғамдық өнімді экономикалық шаруашылық буындар, аймақтар мен тұрғындардың түрлі топтарының арасында қайта бөлуді қарастырады. Мемлекет, мысалы, жеңіл көлік, алкоголь және темекі өнімдері бағасының деңгейін шығын деңгейінен сәл ғана артықтау деңгейде сақтайды. Бұл өзгерістен алынған табыстар бірінші қажеттіктегі тауарлардың төменгі бағасын қолдау үшін пайдаланылады.


Ынталандырушы қызмет мәні – бағаның түрлі ұдайы өндіріс аясында бәсеңдету және ынталандыру әсерімен сипатталады. Мысалы, прогрессивті өнім өндірісін ынталандыру үшін мемлекет өндіруші пайдасының өсуін бәсеңдететін баға шектеулерін алып тастайды. Сонымен қатар, прогрессивті өндірісте шығынды құраушылары болып табылатын тауарларға қатаң баға шектеулері қойылады.

Сұраныс пен ұсыныс теңдігі (реттеуші) қызметінің мәні мынада: теңдік нақты баға деңгейінде болуы мүмкін, баға арқылы өндіріс пен тұтынушы, сұраныс пен ұсыныс арасындағы байланыс іске асады. Соның нәтижесінде баға өнім өндіру және өткізу сфераларындағы теңсіздік туралы ақпараттар береді және олардың алдын алу, жою туралы шаралардың қабылданып, орындалуын қажет етеді.

Баға әлеуметтік қызмет атқарады, яғни бағаның өзгеруі тұтыну құрылымы мен көлеміне, өмір сүру деңгейіне, жанұяның тұтынушылық бюджетіне, шығындарға әсер етеді.

Экономикада әрекет ететін барлық бағалар өзара байланыста болады және түрлі факторлардың әсерінен қозғалыста болатын бір жүйені құрайды. Бағаның бір түрінің деңгейі, құрылымының өзгерісі басқа түрінің өзгерісіне әкеледі. Бұл нарық субъектілері мен нарық механизмі элементтерінің өзара байланысымен сипатталады.

Баға жүйесі – нарық қатысушыларының экономикалық өзара қатынастарын қамтамасыз ететін, реттейтін бағаның әр түрлерінің реттелген, біріктірілген жиынтығы. Баға және бағаның әрбір тобы бағаның жалпы жүйесінің бір бөлігі бола отыра қатаң нақты экономикалық жүктемеге ие болады. Қазіргі заман кезеңіндегі баға ортасында бағаның түрлі жүйесі әрекет етеді, олар нарықты қамту көлеміне және ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Бағаның жалпы жүйесі төмендегі 4 суретте көрсетілген.



Сурет 4 – Қазіргі заман нарығын қамту ерекшеліктері мен масштабына байланысты бағаның жалпы жүйесі

Ұлттық (ішкі) бағалар – елдің ішкі нарығындағы тауарлар мен қызмет түрлерінің конъюктурасын толықтай сипаттайтын және ұлттық шаруашылық салаларының ерекшеліктерін ескере отырып қалыптасатын, ұлттық экономиканы қамтамасыз ететін бағалар.

Сыртқы сауда бағалары – импортталатын және экспортталатын өнім айналымын қамтамасыз ететін бағалар.


Әлемдік бағалар – жалпы әлемдік нарық көлеміндегі тауарлар мен қызмет түрлері конъюктурасын толықтай сипаттайтын және халықаралық нарықты толық қамтамасыз ететін бағалар.

Халықаралық аймақтық нарық бағалары – тауарларды сату – сатып алудың халықаралық орталықтары кеңінен орналасқан халықаралық аймақтық (негізгі)

нарықтарды қамтамасыз ететін және әлемдік бағаны іске асырудың нақты нысаны болып табылатын бағалар.

Халықаралық біріккен бизнестегі бағалар – кәсіпорынның шетел инвестицияларымен, басқа да халықаралық біріккен бизнес нысандарымен байланысты қызмет көлеміндегі тауар айналымды қамтамасыз ететін бағалар.

Түрлі белгілері бойынша баға бірнеше топқа топтастырылады (сурет 5).



Сурет 5 – Баға түрлері

Ұлттық экономиканы қамтамасыз ету сферасына байланысты баға түрлері экономиканың түрлі сфераларының ерекшеліктерін ескеру негізінде құрылады.

Көтерме бағалар – бөлшек сауда ұйымдарының қызметін қолданбай, өз өнімдерін көп көлемде (көтеріп) сататын бағасы. Көтерме баға бойынша өнім кәсіпорындар, салалар арасында өткізіледі, сауда ұйымдарына сату арқылы көтермеден бөлшек саудаға өткізіледі, ал салыстырмалы түрде аз партиялармен сатып алатын тұрғындарға өткізілмейді. Көтерме бағамен өткізілетін тауарлар қолма-қол емес есептеулермен жүргізіледі.

Бөлшек сауда бағалары – соңғы тұтынушыға-тұрғындарға өткізілетін тауарлар бағасы, өйткені бұл тауарлар негізінен тұтынушылық сипаттағы өнімдер болып табылады. Бөлшек сауда бағаларын қолдануда қолма-қол есептер жүргізіледі.

Сатып алу бағалары – ауыл шаруашылық өндірушілерінің ауыл шаруашылық өнімдерін ірі көлемде мемлекетке және кәсіпорындарға сататын бағалары. Егер мұндай өндірушілер ауыл шаруашылық емес сипаттағы өнімдерді өткізген жағдайда, мысалы, артық техниканы, онда бағалар көтерме болып табылады. Ауыл шаруашылық өнімдері көп көлемде негізінен мемлекеттік органдармен мемлекеттік саясаттың материалдық базасы ретінде қорларды құру үшін сатып алынады. Егер ауыл шаруашылығының өнімдері тұрғындарға өткізілсе «бөлшек сауда бағалары» түсінігі қолданылады.

Құрылыс өнімдерінің бағасы – құрылыс өнімдеріне қатысты сметалық баға түсінігі қолданылады. Толықтай құрылыс объектісінің сметалық құны, типтік құрылыс объектісінің соңғы өнім бірлігінің орта сметалық құны, мысалы, тұрғын ауданның 1 шаршы метрі, 1 шаршы метр бояу жұмыстары және т.б. түрлері бар.

Тарифтер – тауардың жеке түрі – қызметтер бағасы. Қызметтің ерекшелігі, оның нақты материалдық-заттық нысаны жоқ. Осыған байланысты тұтынушы қызметті сатып алғанда оның сапасы туралы толық мәлімет алу мүмкіндігі болмайды. Тұтынушы сатып алған қызметіне оның сатушысы берген ақпараттар негізінде баға береді. Мұнда делдалға деген қажеттілік жоқ, қызмет көрсету кезінде өндіріс кезеңімен сатып алу кезеңі бір-біріне сай келеді.

Қызмет көрсету аясына байланысты *көтерме тарифтер* (заңды тұлғалар үшін жүк транспорты, байланыс және т.б. қызмет тарифтері), *бөлшек сауда тарифтері*, яғни тұрғындар үшін қызмет көрсету тарифтері деп бөлінеді.

Сыртқы сауда бағалары – отандық тауарлар мен қызмет түрлерінің экспорты және шетел тауарлары мен қызмет түрлерінің импорты жүргізілетін бағалар. Бұл топ бағаларының қалыптасуы ұлттық бағалар қалыптасуынан тіптен өзгеше. Сыртқы сауда бағаларын есептеуде бәсекелестер мәліметтерін қолдану тәсілі өте тиімді, яғни техника-экономикалық параметрлері бойынша жақын немесе бірдей өнімді әлемдік нарықта өндіретін және өткізетін фирмалар бағасы туралы ақпараттарға негізделеді.

Экспорттық бағалар – өндірушілер немесе сыртқы сауда ұйымдары отандық тауарларды (қызмет түрлерін) әлемдік нарықта сату бағасы.

Импорттық бағалар – фирмалардың шетелден сатып алатын тауарлары (қызмет түрлері) бағасы. Импортталатын өнім бағасы кедендік баж салығын, валюта бағамын, сол тауарды ел ішінде өткізу шығындарын ескеру арқылы импортталған тауардың кедендік құны негізінде белгіленеді.

Баға белгілеу кезеңдері бойынша баға түрлері өндірушіден соңғы тұтынушыға дейін тауар қозғалысының процесінде қалыптасатын бағалар арасындағы сандық өзара байланысты көрсетеді. Кез-келген бағаның құрамында нақты элементтер болады. Баға түріне байланысты оның құраушы элементтері де өзгеруі мүмкін. Пайыз немесе бірлік үлеспен өлшенетін, бағаның жеке элементтерінің ара-қатынасын баға құрылымы деп атайды. Тауарлар қозғалысы процесіндегі бағаның қалыптасуы төмендегі 6 суретте көрсетілген.

Өндірістің өзіндік құны	Өндіруші пайдасы	Жанама салықтар	Делдалдық үстемақы			Сауда үстемақы		
			Делдал шығындары	Делдал пайдасы	Жанама салықтар	Сауда шығындары	Сауда пайдасы	Жанама салықтар
Өндірушінің көтерме бағасы								
Өндірушінің өткізу көтерме бағасы								
Сатып алудың көтерме бағасы								
Бөлшек сауда бағасы								

Сурет 6 – Баға белгілеу кезеңдері бойынша баға құрамы мен құрылымы

Өндірушінің көтерме бағасы тауар өндірісі кезеңінде қалыптасады, аралық сипатқа ие және өнім өндірісі мен оны өткізудегі өндіруші шығындарын өтеуге және кәсіпорынмен жоспарланған пайданы қамтамасыз етуге бағытталған.

Есеп 14.1

Мысалы, тауар бірлігі өндірісінің өзіндік құны 4000 теңге құрайды. Өндірушімен жоспарланған рентабелділік – өзіндік құнның 20% құрайды.

Өндірушінің еркін көтерме бағасы: $4000 + (4000 \cdot 20 : 100) = 4800$ (теңге).

Өндірушінің өткізу көтерме бағасы өндірушінің көтерме бағасы мен жанама салықтарды (акциздер мен қосылған құнға салынатын салықтары) ескереді. Мысалы, өнім бірлігіне шаққандағы өндірушінің көтерме бағасы – 10500 теңге, акциз ставкасы – 20%, қосылған құнға салынатын салық – 20%. Өндірушінің өткізу көтерме бағасын анықтаңыздар.

Акцизді есепке алып, ҚҚС ескермегендегі өндірушінің өткізу көтерме бағасы: $10500 : (100\% - 20\%) \times 100\% = 13125$ (теңге).

ҚҚС есептегендегі өндірушінің өткізу көтерме бағасы: $13125 + (13125 \times 12\%) = 14700$ (теңге).

Сатып алудың көтерме бағасы өндірушінің өткізу көтерме бағасына делдалдар үстемақысын қосу арқылы анықталады.

Бөлшек сауда бағасы бөлшек сауда сферасында, сатып алудың көтерме бағасына сауда үстемақысын қосу арқылы анықталады.

Транспорттық шығындарды төлеу тәртібіне байланысты жүзеге асырылады. «Франко» түсінігінің мәні: өндірушіден тұтынушыға дейін өнімді жеткізу жолында қандай пунктке дейін транспорттық шығындар баға құрамына енетіндігін білдіреді (сурет 7).

Жабдықтаушы қоймасындағы өнім бағасы	Өнімді жөнелту станциясына жеткізу шығындары	Өнімдерді жөнелту станциясында вагондарға тиеу шығындары	Жеткізу станциясына дейін тасымалдау шығындары	Жеткізу станциясында өнімді вагондардан түсіру шығындары	Жеткізу станциясынан өнімді тұтынушы қоймасына дейін жеткізу шығындары
Жабдықтаушының франко-қоймасы					
Жөнелтудің франко-станциясы					
Жөнелтудің франко-вагон станциясы					
Жеткізудің франко-вагон станциясы					
Жеткізудің франко-станциясы					
Тұтынушының франко-қоймасы					

Сурет 7 – Өнім бағасына енетін транспорттық шығын түрлері

Мемлекетпен қатаң реттеу дәрежесіне байланысты бағалар нарықтық (еркін) және реттелген болып табылады. *Нарықтық (еркін) бағалар* – мемлекеттің бағаға тікелей араласуынан еркін бағалар. Бірақ баға деңгейі мен құрылымына тікелей әсер етпейтін тетіктерден еркін болмайды. *Реттелетін бағалар* – мемлекетпен белгіленетін нақты әдіс бойынша өзгерістері нақты шектеулерге дейін жіберілетін бағалар. Нарықтық экономика жағдайында бұл баға түрі дәстүрлі түрде мемлекеттік бақылау объектісі болып табылатын тауарлар мен қызмет түрлеріне (шикізат, жанармайдың алдыңғы қатардағы түрлері, магистралды транспорт, байланыс, әлеуметтік сипаттағы өнімдер және т.б.) белгіленеді.

Тікелей баға реттеудің негізгі тетіктері:

1) бағаның жоғары абсолютті шегін анықтау (нарық жағдайындағы ең қатаң тетік) немесе бастапқы негізгі баға мен оның өсуіндегі баға коэффициенттерін анықтау;

2) пайыз есебінде өзіндік құнға деген рентабелділік нормативінің реттелуі арқылы бағаның өсуін шектеу;


3) делдалдық сыйақыларға шектеулер жасау;

4) бағаның төменгі шегін анықтау.

Бастапқы үш тетік арқылы инфляцияның өсуін болдырмас үшін баға өсуін бәсеңдетеді, ал төртінші тетік негізінен фискалды мақсатта қолданылады. Бұл тетік бюджеттің табысының басты бабы болып табылатын жанама салықтардың (акциздер) үлесі бар тауарларға қатысты қолданылады.

Баға белгілеудің негізгі факторларының бірі бағаны мемлекеттік реттеу болып табылады. Мемлекет тарапынан бағаға тікелей және жанама әдістер арқылы әсер етеді. *Тікелей (әкімшілік) әдістер* – баға белгілеуде нақты тәртіпті бекіту, *ал жанама (экономикалық) әдістер* – нарық конъюнктурасын өзгертуге, қаржы, валюта және салық операцияларын, еңбекақыны төлеу салаларында нақты нұсқауларды жасауға бағытталған.

Бағаның ақпараттық сипатына байланысты баға түрлерін бес топқа топтастыруға болады (сурет 8).



Сурет 8 – Бағаның ақпараттық сипатына байланысты баға түрлері

Нақты келісім-шарт бағасы өнім немесе қызмет түрінің нарықтағы нақты сату-сатып алу бағалары туралы ақпараттарды қамтиды. *Нақты келісім-шарттың тұрақты бағалары* келісім-шарт жасалған кезеңде қабылданады және сол келісім-шарттың әрекет ету кезеңі ішінде өзгертілмейді. *Бекітілген бағалар* келісім-шарттың орындалу процесінде қолданылады. Онда жағдайлар мен қағидалар бекітіледі. *Өзгермелі бағалар* келісім-шарт келісілген, кол қойылған кезеңде анықталады, бірақ нарық конъюнктурасының өзгеруіне байланысты баға да өзгертіндігі көрсетіледі.

Анықтамалық бағалар өндірушілердің (сатушылардың) тауарларды сату шарттары туралы тұтынушыларды ақпаратпен қамтиды. *Ұсыныс бағаларын* өндірушілер тұтынушылардың келісімін ескермей қабылдайды, ал *прейскурант*

бағалары өнімнің қысқаша сипаттамасымен өндіруші-фирмалармен жарияланады.

Баға индекстері уақыттың белгілі-бір кезең ішіндегі баға динамикасын сипаттайтын ақпараттық көрсеткіштер. *Бағаның жеке индекстері* жеке тауарлар немесе қызметтердің жеке түрлерінің бағасы және оның өзгерісі туралы ақпараттар береді. *Бағаның жалпы индекстері* тауарлар (қызмет түрлері) топтарының баға динамикасы туралы ақпараттарды қамтиды.

Аукциондық бағалар аукционда тауарларды сату немесе сатып алу мүмкіншіліктері туралы нарық қатысушыларын ақпаратпен қамтиды.

Биржалық бағалар биржалық сауда нәтижелері туралы ақпараттарды қамтиды.

Кәсіпорын өндіретін өнімдері бағасының құрылымын біле отыра, бағадағы шығындардың, пайданың және жанама салықтардың үлесін анықтауға болады. Осының негізінде өзіндік құнды төмендету резервтері анықталады, баға стратегиясы жасалады, кәсіпорын мақсаты мен нақты жағдайға сәйкес, баға белгілеудің тәсілдері таңдалады.

Нарықтық экономикада баға өнімінің бәсекелестік қабілеттілігінің негізгі көрсеткішінің бірі болып табылады. Бірақ өнімнің бәсекелестік қабілеттілігі туралы қорытындыларды тек баға деңгейі бойынша бәсеке кәсіпорын бағасымен арақатынасы бойынша жасауға болмайды. Мұнда бағаның әр элементінің түсінікті болуы және оның дұрыс құрылымына жету өте маңызды. Егер кәсіпорын шығынды немесе аз пайда әкелетін өнім түрін өндіріп, сату көлемін артыра алмаған жағдайда, яғни оның нәтижесінде шығындар азаюы және пайда көлемі өсуі мүмкін, мұндай өнім түрі нарықтағы өз үлесін бәсекелестерге беріп, өндірістен шығарылуы керек.

Егер баға құрамында пайда мен салықтардың үлестік салмағы жоғары болса, онда кәсіпорында сатуды арттырып және бәсекелестерге қарамай, тауар бағасын тізбектей түрде азайту мүмкіндігі туындайды.

Өндіруші - кәсіпорындар нарық субъектілері бола отыра маркетингтік зерттеулер жүргізгенде ең алдымен өз тауарын өткізе алатын баға деңгейін анықтауы керек, содан соң өнім өндірісі мен өткізу шығындарымен салыстыру керек.

14.2 Баға белгілеу әдістері

Кәсіпорынның баға саясаты жоғарыда айтылғандай, сұранысты, шығындарды және бәсекені міндетті түрде ескеруі керек.

Әр тауарда өз бағасы болады, бірақ кәсіпорынның бәрі бірдей өз тауарын сатқысы келетіндей етіп жеке баға белгілей алмайды. Егер тауар дифференциацияланбаған болса, бәсекелестер көп болса, кәсіпорынға ісер ететін нарықтық күштер болмайды да, олар нарықпен белгіленген бағаны қабылдау керек болады.


Баға бойынша шешімдер шығындар мен рентабелділік негізінде анықталады. Экономикалық өзгерістер, яғни жоғары инфляция, шикізат

бағасының өсуі, пайыз ставкаларының өсуі, бәсекелестіктің артуы, тұтыну қабілеттерінің төмендеуі – бұл факторлардың бәрі баға белгілеу ролін арттырады.

Тауар ерекшеліктеріне, мөлшері мен сатушы-фирманың қаржылық жағдайы, мақсатына байланысты баға есептеуде түрлі тәсілдерді қолдануы мүмкін. Бағаны есептеу тәсілін таңдауға тауардың жаңашылдық дәрежесі, тауардың сапа бойынша бөлінуі, тауардың өмірлік циклының кезеңдері көп әсер етеді. Ең аз деген мүмкін болатын баға өнімнің өзіндік құнымен анықталады, ал ең жоғары мүмкін болатын баға – бұйымда ерекше қасиеттердің болуымен анықталады, ал бәсекелес-тауарлар мен орынбасушы-тауарларының бағасы орта деңгеймен сипатталды.

Сонымен, баға белгілеу тәсілдерін таңдауда ішкі (шығындар мен пайданы), және сыртқы шектеулерді (сатып алу қабілетін, бәсекелес-тауарлар бағасын және т. б.) ескерту керек.

Экономикалық әдебиеттерде баға белгілеудің көптеген әдістері сипатталған. Барлық тәсілдерді үш үлкен топқа бөлуге болады: шығындар тәсілі (өндіріс шығындарына негізделген), нарықтық тәсілдер (нарық конъюктурасына негізделген), параметрлік тәсілдер (өнімнің техникалық-экономикалық параметрлеріне, шығын нормативтеріне негізделген) (сурет 9).



Сурет 9 – Баға белгілеу әдістері

Баға белгілеудің шығындар және параметрлік әдістерінің мәні – фирманың ішкі өндірістік жағдайларын есепке алуға негізделген. Осы топтағы әдістерді пайдалану нәтижесінде фирма нақты нарықтық конъюнтура талаптарын

толықтай ескеру арқылы түзетілмеген бағаның күтілетін, қажетті деңгейін анықтайды.

Шығындар әдісіне толық шығындар әдісі, шығынсыздықты талдау әдісі, тікелей шығындар әдісі мен стандарт шығындар әдісі жатады. Баға белгілеудің толық шығындар әдісі – қандай-да бір өнім бірлігіне енгізілетін барлық шығындардың негізінде баға белгілеу әдісі. Бұл әдістің жалпы түрдегі шартты мысалы төмендегі 1 кестеде көрсетілген.

Бұл әдісті жағдайы монополиялық жағдайға жақын және өнімді өткізуі туралы кепілдемесі бар фирмаларда қолданылады.

Толық шығындар әдісінің басты артықшылығы оның қарапайымдылығы. Бағаны анықтау негізі өнім бірлігіне шаққандағы өндірушінің нақты шығындарына фирмаға қажетті пайда қосылуымен анықталады. Сонымен қатар, бұл тәсіл баға шегін анықтауға мүмкіндік береді, одан төмен болуы тек ерекше жағдайларда ғана болады. Артықшылығымен бірге бұл әдістің кемшілігі де бар. Біріншіден, басты дәстүрлі бағыт өндіріске және аз дәрежеде – нарықтық сұранысқа бағытталғандығын көрсетеді. Екіншіден, бұл тәсілді пайдалануда шығындарды төмендету резервтерін нақты көруге мүмкіндік береді.

Кесте 1 – Толық шығындар әдісі бойынша баға белгілеу, мың теңге

Бағаның негізгі элементтері	Бұйым		
	А	В	С
Тікелей шығындар – барлығы, мың теңге	480	345	460
соның ішінде			
- шикізат пен материалдар	240	165	205
- негізгі жұмысшылардың еңбекақысы	195	145	140
- басқа да тікелей шығындар	45	35	115
Жанама шығындар, мың теңге	190	310	350
Барлық шығындар, мың теңге	670	655	810
Пайда, мың теңге	100	60	70
Рентабелділік, %	15	9	8,5
Өткізуден түскен түсім, мың теңге	770	715	880


Баға белгілеудің шығындар әдісінің бірі шығынсыздықты талдау әдісі болып табылады. Бұл жағдайда кәсіпорынмен ескерілетін факторлар: ұқсас тауарлардың бағасы, бағаның түрлі көлеміндегі мүмкін болатын өндіріс көлемі мен сату көлемі және т.б. Кәсіпорын мақсатты (қажетті) пайда мөлшерін алу үшін қандай баға белгілеу керек екендігін және оны қамтамасыз ететін тиісті өнім көлемін анықтау керек. Шығынсыздық қағидасына негізделген әдісті пайдалануда қолданылатын формула:

$$P \times Q = FC + AVC \times Q, \quad (14.1)$$

мұндағы P – тауарды өткізу бағасы;
 Q – өндіріс көлемі;

- $P \times Q$ – жалпы табыс (TR);
- FC – тұрақты шығындар;
- AVC – өнім бірлігінің айнымалы шығындары;
- $FC + AVC \times Q$ – жалпы шығындар (TC).

Өткізуден түскен табыс кәсіпорынның жалпы шығындарына тең болғандағы Q мәні шығынсыздық нүктесі деп аталады. Шығынсыздық нүктесі пайдалылық шегін көрсетеді, коммерциялық кәсіпорынның шығындылығы мен пайдалылығының арасындағы шекараны сипаттайды, яғни оған тез арада жетуге тырысу керек, ол үшін баға белгілеу мен өнім өндірісінің тиімді стратегиясын анықтау керек. Мысалы, жаңа өнім түрін шығаруға байланысты кәсіпорынның тұрақты шығындары (TFC) – 700 мың теңге. Өнім бірлігін өндіруге кеткен айнымалы шығындар (AVC) – 2,1 мың теңге (сурет 10). Өнімнің нарықтық бағасы (P) – 3,5 мың теңге.



Сурет 10 – Шығынсыздық нүктесін анықтау

Шығынсыздық нүктесін натуралды түрде (пайда нөлге тең болу үшін қанша өнім бірлігін өндіру керек) және ақшалай (түсімнің қандай көлемі шығындарды жабатынын көруге болады) түрде есептеуге болады.

$$BER_{\text{нат}} = \frac{TFC}{P - AVC} \quad (14.1)$$

- мұндағы $BER_{\text{нат}}$ – break-even point, шығынсыздық нүктесі;
- TFC – total fixed costs, тұрақты шығындар;
- P – price, өткізу бағасы;
- AVC – average variable costs, өнім бірлігіне шаққандағы айнымалы шығындар.

Яғни біздің жағдайымызда:

$$BER_{\text{нат}} = \frac{700}{3,5 - 2,1} = 500 \text{ дана}$$
$$BER_{\text{акш}} = 500 \times 3,5 = 1750 \text{ мың теңге}$$

Айталық, сату көлемі 1 мың дана болғанда, түсім $(1000 \times 3,5 \text{ мың теңге}) = 3500$ мың теңге болады, осы өлшемдерге сәйкес келетін А нүктесін координат басымен қосамыз да, өткізуден түскен түсім графигін саламыз. Тұрақты шығындар 700 мың теңгеге тең, В нүктесінен Q осіне параллель етіп саламыз.

Енді осы өндіріс көлеміне сәйкес айнымалы шығындарды анықтаймыз: $(2,1 \text{ мың теңге} \times 1 \text{ мың дана}) = 2100 \text{ мың теңге}$. Жалпы шығындар: $2100 + 700 = 2800 \text{ мың теңге}$. 1000 данаға сәйкес келетін жалпы шығындар графигін көрсетеміз, С нүктесін В нүктесімен қосамыз. Түсім графигі мен жалпы шығындар графигінің қиылысы ($Q = 500$ дана, 1750 мың теңге) шығынсыздық нүктесін көрсетеді, есептің басында формула бойынша шығарған нәтижеге тең. Графиктегі штрихталған төменгі үшбұрыш – шығынды зона деп, жоғары үшбұрышты – пайдалы зона деп атайды, яғни 500 бірлік өндірген кезде пайдамыз 0-ге тең, одан кейінгі өндірілетін әрбір бірлік пайда әкеледі. Осы шығынсыздық нүктесін ескере отырып басшылық дұрыс баға белгілеу мәселесін де назардан тыс қалдырмауы керек.

Тікелей шығындар әдісінің мәні бағаны анықтауда айнымалы шығындарға белгілі-бір үстемені – пайданы қосу арқылы есептелінеді. Бұл жағдайда тұрақты шығындар, тұтастай кәсіпорын шығындары сияқты өнім бірлігіне бөлінбейді, олар өткізу бағасы мен өнім өндірісінің айнымалы шығындары арасындағы айырма арқылы өтеледі. Бұл айырма «қосылған» немесе «маржа» деп аталады. Өндіруші баға белгілеуде айнымалы (тікелей) шығындардан төмен бағаланбауы керек. Қалай болғанда да, шығындардың нақты функциясы алғашқы бағаның төменгі шегін белгілеу болып табылады.

Стандарт шығындар әдісі нақты шығындардың нормативтен ауытқуын ескеру арқылы норма бойынша шығындарды есептеу негізінде бағаны анықтауға мүмкіндік береді. Оның артықшылығы шығындарды, оның толық мөлшері бойынша емес, нормадан ауытқуы бойынша анықтай отырып, тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Шығынның әр түрі бойынша ауытқуды қаржы нәтижелерімен бірге ескереді, бұл арқылы тек шығындарды ғана емес, пайданы да бақылауға болады. Бұл әдіс бойынша шығындар үздіксіз түрде салыстырылады. Бұл әдістің кемшілігі: шығындар стандартын анықтау болып табылады. Экономикалық негізделген стандарттарды анықтау үшін бәсекелестердің аналог өнімдерінің өндіріс әдістерін, сипаттамаларын, бағасын, әлемдік нарықтағы осы тауарға қойылатын талаптарды және т.б. толықтай зерттеу керек. Басқа әдістерге қарағанда шығындарды жеке элементтері бойынша талдайды.

Баға белгілеудегі нарықтық әдістер нарық жағдайларын ескеру арқылы анықталатын әдістер сұранысқа негізделу және бәсекеге қатысты қарастырылады.

Бәсекеге бағытталған баға белгілеу әдісі бойынша компанияның баға белгілеуде бәсекелес-тауарлардың баға деңгейіне аса назар аударады, ал өз өндірісінің шығындарына, сұранысқа аз көңіл бөледі. Бұл жағдайда үш баға стратегияларының біреуін таңдай алады:

- бәсекелес фирмаларға қарағанда біршама жоғары баға белгілеу;
- бағаларды шамамен бәсекелес фирмалар деңгейінде белгілеу;
- бағаларды бәсекелес фирмалар бағасынан сәл төменірек белгілеу.

Сұранысқа негізделген баға белгілеу әдісі теориялық тұрғыдан бұл тәсілдің негізі бағаға тек шығындар ғана емес, сонымен қатар сұраныстың да әсер ететіндігін көрсетеді. Бірақ шығындарға қарағанда сұранысты сандық тұрғыдан есепке алу қиынырақ болып табылады. Фирма басшылығы сұраныс қисығының өзгерісін дұрыс анықтау керек, қандай сыртқы факторлардың, соның ішінде бісекелестердің, жарнаманың қаншалықты әсер еткендігін дұрыс көрсете білуі керек. Бұл әдісті қолданған кезде сұраныс динамикасы мен оларға сәйкес бағалар анықталады, олардың өзгеру себептері мен факторлары талданады:

- инфляция;
- шикізат пен материалдар, жұмыс күші бағасының өсуі/төмендеуі;
- жаңа өндіріс технологияларының пайда болуы және еңбек өнімділігінің өсуі;
- тауарларды тұтыну жағдайларының өзгеруі және т.б.

Мысалы, белгілі-бір өнім түрінің сұраныс бағасы берілген деп алайық. Сонымен қатар, тұрақты шығындар: FC-2 000 мың теңге, орташа айнымалы шығындар AVC-5 мың теңгеге тең. Тауар бірлігіне шаққандағы оңтайлы бағаны төмендегі есептеулер арқылы көруге болады (кесте 2).

Кесте 2 – Сұранысқа негізделген баға белгілеу әдісі арқылы бағаны есептеу

Сұраныс		Түсім (P×Q), мың теңге	FC, мың теңге	VC (AVC×Q), мың теңге	TC, мың теңге	Пайда (шығын), мың теңге
P, мың теңге	Q, дана					
0	1200	0	2500	6000	8500	-8500
6	1000	6000	2500	5000	7500	-1500
12	800	9600	2500	4000	6500	3100
18	500	9000	2500	2500	5000	4000
24	150	3600	2500	750	3250	350
30	0	0	2500	0	2500	-2500

Кестенің нәтижесіне талдау жасайтын болсақ, тауар бірлігінің оңтайлы бағасын 18 мың теңге деңгейінде белгіленуі керек, өйткені сол бағаның негізінде ең жоғары пайда алуға болады.

Қарастырылған әдіс қазіргі уақытта нақты жағдай туралы түсінік береді, яғни сұраныс, шығындар мен түсім және пайда көрсеткіштері арасындағы қатынасты жақсы көрсетуге мүмкіндік береді, бірақ бұл оның нақты моделі емес, өйткені бағаға әсер ететін бағалық емес параметрлердің, соның ішінде, мысалы бәсекелестер, жарнама әсері ескерілмеген.

Баға белгілеу әдістерінің үшінші тобы *параметрлік әдістер* болып табылады. Ұйымдар жаңа өнімді жобалағанда және оны игеру кезіндегі басты мәселе бұрынғы өнім түрінің орнын ауыстыру емес, оның параметрлік қатарын толықтыру немесе кеңейту болып табылады. Параметрлік қатар деп бірдей қызметтер атқаратын және бір-бірінен техника-экономикалық параметрлері арқылы ерекшеленетін біртекті өнімдер жиынтығы. Баға белгілеудің параметрлік әдістері тауардың техника-экономикалық параметрлерін есепке алуға негізделеді. Оған өнім бірлігінің көрсеткіштер әдісі, балл әдістері мен регрессия әдісі жатады.

Өнім бірлігінің көрсеткіштер әдісі күрделі қателіктердің алдын алу үшін бағытталған. Бағаны тауар сапасының басты параметрлерінің біреуі арқылы қалыптастыруға негізделген. Жеке өнім бағасы бағаның тауар сапасының негізгі параметріне бөлу арқылы есептелінеді.

Мысалы, өндірістік кәсіпорында қуаты 30 кВт болатын электр қондырғының бағасын анықтау керек. Нарықтағы бәсекелес-тауар ретінде қабылданған электр қондырғының барлық техника-экономикалық көрсеткіштері бірдей, қуаты 20 кВт, бағасы 240 000 теңге. Сонда өнім бірлігінің көрсеткіштер әдісі бойынша қуаты 30 кВт болатын электр қондырғының бағасы келесідей анықталады: $(240000 / 20) \times 30 = 360000$ теңге.

Бұл әдісті бір параметрмен сипатталатын және қарапайым құрылымы бар өнімдерге қатысты анықтауға болады, сондықтан да оның жетіспейтін жақтары да көп, мысалы, өнімнің басқа тұтынушылық қасиеттерін ескермейді, өнімді пайдаланудың баламаларын да ескермейді, сонымен қатар сұраныс пен ұсынысты да толығымен ескермейді.

Балл әдістерін тауар параметрлері әртүрлі және сандық өлшемге келтірілмейтін (дизайн, қуаттылығы, түсі, иісі, дәмі және т.б.) болған жағдайда баға белгілеуде қолданылатын әдіс. Тауар параметрлерінің маңыздылығын эксперттік бағалауға негізделеді және келесі алгоритм бойынша жүргізіледі: негізгі параметрлерді таңдау → әр параметр бойынша балл жинақтау → негізгі және таңдаулы тауарлар бойынша балл жиынтығын анықтау → жиындық баллға сәйкес тауарға баға тағайындау. Жаңа тауар бағасы келесі формула бойынша анықталады:

$$P_{\text{жаңа}} = P_{\text{н}} (\sum_{i=1}^n B_{\text{жи}i} / \sum_{i=1}^n B_{\text{ни}i}), \quad (14.3)$$

мұндағы $P_{\text{н}}$ – негізгі тауар бағасы;

$B_{\text{жи}i}$ – жаңа тауардың i параметрінің баллдық бағасы;

$B_{\text{ни}i}$ – негізгі (эталон) тауардың i параметрінің баллдық бағасы.

Регрессия әдісі параметрлер жиынтығына байланысты баға өзгерісін моделдеуге болады, байланыстылықтың аналитикалық нысанын анықтауға болады, осы параметрлер қатарына енетін тауарлар бағасын анықтау үшін регрессия теңдігін пайдалануға мүмкіндік береді. Нәтижесінде тауарлардың өзара байланысқан бағалар жүйесі қалыптасады. Сонымен, бұл әдістің мәні: бағаны тауар сапасының бірнеше негізгі параметрлері арқылы регрессиялық

теңдеу ретінде сипаттау, яғни баға параметрлердің функциясы ретінде қарастырылады:

$$P = f(x_1, x_2, x_3, \dots x_n) \quad (14.4)$$

мұндағы $x_1, x_2, x_3, \dots x_n$ – тауар сапасының негізгі параметрлері.

Сонымен, баға белгілеуде баға белгілеу саясатына негізделі отыра, баға белгілеу әдістерінің кәсіпорынға тиімдісін қолдана отыра тиімді баға анықталады. Белгіленген баға тиімді болуы үшін ол дұрыс тағайындалған болуы керек, ал оны шешетін осы салада қызмет жасайтын мамандар мен басшылық. Олардың істері жауапкершілігі мол іс болып табылады.

14.3 Кәсіпорынның баға саясаты: мақсаты, мазмұны мен сипаты

Кәсіпорынның баға саясаты – нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның қызмет етуін қамтамасыз ететін баға тағайындаумен сипатталады. Ол баға белгілеу тәсілдерін таңдауды, кәсіпорынның баға жүйесін жасауды, баға стратегияларын таңдауды және т.б. қамтиды.

Баға саясатының үш негізгі мақсаты бар: кәсіпорынның қызмет етуін қамтамасыз ету, пайданы арттыру және нарықты сақтап қалу. *Кәсіпорынның қызмет етуін қамтамасыз ету* – аналог тауарларды өндіретін көп өндірушілер бар нарықта қатаң бәсекелестік жағдайында өз қызметін іске асыратын кәсіпорынның басты мақсаты болып табылады. Бұл саясаттың негізін қамтитын өткізу (сату) көлемін арттыру және нарықтағы көп үлесті қамту үшін төмендетілген баға қолданылады.

Пайданы арттыру кез-келген кәсіпорынның мақсаты болып табылады, нарықта тұрақты жағдайға ие компания да болуы мүмкін және әрекетін жаңа бастаған фирма да болуы мүмкін, олар нарықтың тиімді конъюнктураларын толықтай пайдалануға талпынады. Бұл жағдайларда фирма бағаның түрлі деңгейлеріне қатысты сұраныс пен шығындарды бағалауы керек, соның негізінде жоғары пайданы қамтамасыз ететін бағаларды қабылдайды.

Нарықты сақтап қалу мақсаты – фирманың нарықтағы қазіргі жағдайын сақтап қалу немесе қызметі үшін жағымды жағдайларды туғызумен сипатталады.

Кәсіпорынның баға белгілеу жүйесіне, сәйкесінше кәсіпорынның баға саясатына қаржы сферасындағы өзгерістер үлкен әсер етеді, соның ішінде теңгенің сатып алу қабілетінің өзгеруі, валюта бағамының өзгеруі және т.б. Тауардың бағасын есептеуде бірнеше кезеңдер тізбектей жүргізіледі (сурет 11).

1 кезең – баға белгілеу мақсаттары мен міндеттерін қою. Тауар бағасы кәсіпорын үшін өте маңызды қызмет атқарады, ол тауарды сатудан түсім алуды қамтиды. Фирма басшылығы бағаны сатудан түсетін түсімге, өндіріс құрылымына, фирма жұмысының тәсілдеріне тікелей әсер ететін айнымалы фактор ретінде қарастырады. Сондықтан да баға белгілеу тәжірибесіне өте мұқият қарайды.

I	Баға белгілеу мақсаттары мен міндеттерін қою
II	Сұранысты анықтау
III	Өндіріс шығындарын бағалау
IV	Бәсекелестер тауарының бағасы мен сапасын талдау
V	Баға белгілеу тәсілін таңдау
VI	Бастапқы бағаны есептеу
VII	Қосымша факторларды есепке алу
VIII	Соңғы бағаны белгілеу

Сурет 11 – Бағаның ақпараттық сипатына байланысты баға түрлері

Фирма бағаны есептей отыра, тауарға бекітілген баға көмегімен қандай мақсаттарға жетуді керектігін өзі үшін анықтау керек. Мақсат нақты болған сайын, баға да дұрыс белгіленеді.

2 кезең – сұранысты анықтау. Сұраныс пен баға бір байланыстылықта болады. Сұраныс жоғары болған жағдайда баға өсуі мүмкін, және сұраныс бәсеңдегенде баға төмендеуі мүмкін, екі жағдайда да өндеушінің шығындары өзгеріссіз қалады. Сондықтан да фирма баға бойынша сұраныс икемділігін бағалау керек, түрлі деңгейдегі баға бойынша нақты уақыт ішінде нарықта сата алатын тауарлар көлемін анықтау керек.

3 кезең – өндіріс шығындарын бағалау. Өндіріс шығындары тауардың ең төмен бағасын анықтайды. Сондықтанда бұл кезеңде фирма түрлі өндіріс көлемінде өндірістің айнымалы, тұрақты, шығындарын анықтайды. Барлық фирмалар баға белгілеуде өндіріс шығындарын жабдықтайтындай және әділетті пайда әкелетіндей қарастырады.

4 кезең – бәсекелестер тауарының бағасы мен сапасын талдау. Бәсекелестер бұйымдарының бағасы мен сапасын зерттей отыра, фирма өз тауарының жағдайын бәсекелес фирма тауарларына қатысты салыстыра алады. Осы аналитикалық салыстырулардың негізінде тауарларына бәсекелестерге қарағанда жоғары немесе төмен баға тағайындауы мүмкін.

5 кезең – баға белгілеу тәсілін таңдау. Бағаны түрлі әдістер арқылы анықтауға болады, олардың әрқайсысы баға деңгейіне әртүрлі әсер етеді. Сондықтан фирма нақты тауарға дұрыс баға белгілеуге мүмкіндік беретін тәсілді таңдауға ұмтылады.

6 кезең – бастапқы бағаны есептеу. Таңдалған тәсіл негізінде бағаның мүмкін болатын деңгейі анықталады.

7 кезең – қосымша факторларды есепке алу. Соңғы баға деңгейін анықтамас бұрын фирма баға деңгейіне әсер ететін бірнеше қосымша факторларды ескеруі керек, баға саясатының мақсаттарының орындалуын тексеру керек, тұтынушылардың, делдалдардың, бәсекелестердің, мемлекеттің баға деңгейіне әсерін ескеру керек.

8 кезең – соңғы бағаны белгілеу. Бұл кезеңде бағаның соңғы деңгейі белгіленеді, оған сәйкес құжаттар рәсімделеді.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Басты экономикалық категория, тауардың немесе қызметтің құндылығын ақшалай көрсетеді:
 - A) баға;
 - B) өзіндік құн;
 - C) пайдасы;
 - D) құны;
 - E) тұтыну құны.

- 2 Сатып алушыларға нақты сатушылармен ұсынылатын тауарлар мен тауарлар бірлігінің барлық ассортиментінің жиынтығы қалай аталады?
 - A) тауар ассортименті;
 - B) тауар маркасы;
 - C) тауар номенклатурасы;
 - D) таңбалануы;
 - E) тауарды өндеу, нарыққа шығу, даму, жетілу, құлдырау.

- 3 Көтерме делдалдың сату бағасы дегеніміз бұл:
 - A) кәсіпорынның өндіру шығындары;
 - B) жабдықтап-өткізу ұйымдардың шығындары;
 - C) жабдықтап-өткізу ұйымдардың кірісі;
 - D) жабдықтап-өткізу ұйымдардың шығындары және пайдасы;
 - E) кәсіпорынның өткізу бағасы, жабдықтап-өткізу ұйымдардың шығындары мен пайдасы және ҚҚС.

- 4 Өндіруші шығындарын өтеуге және кәсіпорынмен жоспарланған пайданы қамтамасыз ететін баға түрі:
 - A) өндірушінің көтерме бағасы;
 - B) аукциондық баға;
 - C) жөнелтушінің франко-станция бағасы;
 - D) әлемдік баға;
 - E) ақпараттық баға.

- 5 Тауар құнын анықтайтын баға қызметі

- A) өлшем қызметі;
- B) есептік қызметі;
- C) бөлу қызметі;
- D) әлеуметтік қызметі;
- E) экономикалық.

6 Негізінен тұтынушылық сипаттағы өнімдерді соңғы тұтынушыға-тұрғындарға өткізілу бағасы:

- A) бөлшек сауда бағалары;
- B) сатып алу бағалары;
- C) құрылыс өнімдерінің бағасы;
- D) көтерме бағалар;
- E) сыртқы сауда бағалары.

7 Нарық конъюнктурасы мен күтілетін сату бағасын есепке ала отырып, тура шығындардың негізінде баға белгілеу тәсілі:

- A) толық шығындар тәсілі;
- B) стандартты (нормативті) шығындар тәсілі;
- C) тура шығындар тәсілі;
- D) стандартты (нормативті) тура шығындар тәсілі;
- E) тұрақты шығындар тәсілі.

8 «Фирма мақсаттары мен тұтынушылар-сатып алушылар сипаттамасы» деген екі деңгейден тұратын баға белгілеу жүйесі:

- A) баға саясаты;
- B) баға жүйесі;
- C) баға стратегиясы;
- D) баға функциясы;
- E) баға факторлары.

9 Тауардың өзіндік құны 500 теңге, орташа сала рентабелділігі 20% құрайды. Тауардың бағасы анықтаңыздар:

- A) 560 теңге;
- B) 700 теңге;
- C) 520 теңге;
- D) 600 бірлік;
- E) 600 теңге.

10 Бағаның абсолютті, сандық, ақшалай көрінісі – бұл...

- A) баға жүйесі;
- B) баға динамикасы;
- C) баға стратегиясы;
- D) баға деңгейі;
- E) баға мөлшері.

- 11 Тауардың бағасы $P=500$ теңге, орташа айнымалы шығындар $AVC=300$ теңге, өндіріс көлемі $=1200$ бірлік. Маржиналдық пайда нешеге тең:
- A) 240000 теңге;
 - B) 200000 теңге;
 - C) 350000 теңге;
 - D) 4000 теңге;
 - E) 2400000 теңге.
- 12 Баға қандай қызметті атқармайды:
- A) жасалған және сатылған өнімнің өлшемін береді;
 - B) сатушы мен сатып алушыға ақпарат береді;
 - C) өндірісті ынталандырмайды;
 - D) өндірісті ынталандырады;
 - E) реттейді.
- 13 Тауардың өмірлік циклы дегеніміз не?
- A) тауар өндірісінен бастап оның моралдық тозуы және нарықтан шығуына дейінгі кезеңі;
 - B) баға түрлерінің арасындағы өзара қатынас;
 - C) қызмет түрлері мен тауарға бағаның қалаптасуы;
 - D) тауар айырбасының және кез-келген қоғамның қызмет етуінің объективті шарты;
 - E) тауардың нарыққа ену кезеңі.
- 14 Қондырғының толық өзіндік құны 12000 мың теңге, өндіріс рентабелділігі – 25%, акциз ставкасы – 5%, қосымша құн салығының ставкасы – 20% құрайды. Осы мәліметтердің негізінде қондырғы бірлігінің көтерме бағасын анықтаңыздар:
- A) 3157,9 мың теңге;
 - B) 15000 мың теңге;
 - C) 18947,4 мың теңге;
 - D) 19200 мың теңге;
 - E) 789,5 мың теңге.
- 15 Баға белгілеудің қандай тәсілдері бар?
- A) шығындар, нарықтық, параметрлік, эконометрикалық;
 - B) шығындар, параметрлік, тұтынушылық эффектін ескеру, өнім өткізуді ынталандыру;
 - C) экономикалық, әлеуметтік, тұтынушылық эффектін ескеру;
 - D) нарықтық, базистік, тұтынушылық эффектін ескеру, өнім өткізуді ынталандыру;
 - E) эконометриялық, нарықтық.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Баға дегеніміз не? Бағаның қандай теориялары бар?
- 2) Баға қандай белгілері бойынша топтастырылады?
- 3) Баға қандай қызметтерді атқарады?
- 4) Бағаның өлшеуіш қызметінің сипаты қандай және басқа қызметтермен қандай байланыстылықта болады?
- 5) Көтерме және бөлшек сауда баға құрылымдарының ерекшеліктері неде?
- 6) Нарықтық экономика жағдайында баға белгілеудің қолданылатын тәсілдеріне сипаттама беріңіздер.
- 7) Баға белгілеудің параметрлік әдістерінің мәні неде, қандай әдістер арқылы сипатталады?
- 8) Баға белгілеудің шығындар әдісінің өзі қандай бірнеше әдісті қамтиды? Өрқайсына сипаттама беріңіздер.
- 9) Баға белгілеудің тікелей шығындар әдісінің негізін сипаттаңыздар.
- 10) Кәсіпорынның баға саясаты және оның негізгі мақсатын анықтаңыздар.
- 11) Кәсіпорынның баға стратегияларын атаңыздар, оларға сипаттама беріңіздер.
- 12) Кәсіпорынның баға стратегияларының түрлерін атап, тәжірибеде оларды пайдалану сфераларын атаңыздар.
- 13) Шығынсыздық қағидасына негізделген әдістің мәні неде? Шығынсыздық нүктесі қалай анықталады?
- 14) Нарықтық баға мен реттелген баға түсініктерінің мәнін атаңыздар.
- 15) Өнім бірлігінің көрсеткіштер әдісін тәжірибеде қалай қолданылады? Артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыздар.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

Есеп 14.2

Кестедегі мәліметтерді пайдалана отырып, жоғарғы сапалы шикізатты (қант қызылшасын) сатып алу бағасының есебін анықтау керек.

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Сандық маңызы
1.	Тауардың (қант) бөлшек бағасы	теңге/тонна	8316
2.	Саудаға қосылған қосымша	%	12
3.	Қосымша құнға салық	%	10
4.	Өнім рентабельдігі	%	25
5.	Шикізат құнын есептемегендегі өнімді өндіру және өткізу шығындары	теңге/тонна	1080
6.	Дайын өнім бірлігіндегі шикізат шығынының үлесі	мың тонна	15

15 КӘСПОРЫН ПАЙДАСЫ, РЕНТАБЕЛДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

15.1 Кәсіпорын пайдасы мен табысы

15.2 Өндірістің рентабелділік көрсеткіштері

15.1 Кәсіпорын пайдасы мен табысы

Пайда – кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметінің соңғы қаржылық нәтижесі, жалпы түрде өнім бағасы мен өзіндік құнының арасындағы айырма арқылы, ал толықтай кәсіпорын бойынша - өнімді өткізуден түскен түсім мен өткізілген өнімнің өзіндік құны арасындағы айырма ретінде анықталады. Пайда экономикалық категория ретінде кәсіпкерлік қызмет үрдісінде материалдық өндіріс саласында пайда болған таза табысты көрсетеді. Кәсіпорын деңгейінде таза табыс пайда нысанын қамтиды.

Нарықтық қатынастардың басты категориясы ретінде пайда бірнеше қызмет атқарады:

1) пайда – кәсіпорын қызметінің тиімділік көрсеткіші, яғни пайдасы бар кәсіпорын, оның қызметінің тиімді екендігін куәлендіреді;

2) пайда – түрлі деңгейдегі бюджет табысын қалыптастыру көзі. Ол бюджетке салық түрлері, экономикалық санкциялар арқылы жинақталады және бюджеттің шығыс бөлігінде көрсетілген түрлі мақсаттарға пайдаланылады;

3) пайда – қызметкерлер үшін еңбек жағдайын жақсарту көзі. Кәсіпорынның өз иелігінде қалған, яғни салықтар мен бірінші реттегі төлемдерді және дивидендтарды төлегеннен кейін қалған пайда есебінен қызметкерлерге материалдық сыйақы, әлеуметтік жеңілдіктер төленеді;

4) пайда – өндірілген өнім мен негізгі қорларды жанарту көздері. Кәсіпорынның иелігінде қалған пайда мөлшерінің негізінде капитал иесі мен менеджерлер кәсіпорынның даму болашағын ескере отыра, кәсіпорын қызметіне қажетті инвестициялық саясат жүргізу туралы шешімдер қабылдайды.

Кәсіпорын пайдасы – оның экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі факторы, сондықтан оның кәсіпорында қалыптасу механизмін анықтау өте маңызды болып табылады. Оның бірнеше түрлері бар:

- жалпы пайда;
- баланстық;
- салық салынатын (есепті);
- таза пайда.

Жалпы пайда тауарларды (жұмыс, қызмет түрлерін) сатудан түскен түсім мен өткізілген өнімнің толық өндірістік өзіндік құны арасындағы айырма арқылы анықталады.

Баланстық пайда әр қызмет түрлері бойынша жеке-жеке жоспарланады:

- тауарлы өнімді өткізуден түскен пайда;

- басқа өнімдерді және товарлы емес сипаттағы қызмет түрлерін өткізуден түскен пайда;

- негізгі қорларды және басқа да мүліктерді өткізуден түскен пайда;
- өткізулерден тыс табыстар мен шығындардан түскен пайда.

Тауарлы өнімді өткізуден түскен пайда – әрекеттегі бағамен есептелінген өнімді өткізуден түскен түсім мен өнімнің өзіндік құнына енетін тауарлы өнімді өндіру және оны өткізуге кеткен шығындар арасындағы айырма арқылы анықталады.

Басқа өнімдерді және тауарлы емес сипаттағы қызмет түрлерін өткізуден түскен пайда (немесе шығын) – әр қызмет түрі, яғни кәсіпорынның балансындағы ауыл шаруашылықтары, көлік шаруашылығы және басқа да шаруашылықтар бойынша жеке-жеке жоғарыдай анықталады.

Негізгі қорларды және басқа да мүліктерді өткізуден түскен пайда (немесе шығын) – сол мүлікті өткізуден түскен түсім және инфляция индексіне сәйкес есептелінген қалдық құн арасындағы айырма арқылы анықталады.

Өткізулерден тыс табыстар мен шығындардан түсетін пайда (немесе шығын) түрлі тәсілдермен анықталынады, соның ішінде өткен жылдар тәжірибесінің негізінде есептелінеді.

Осы өткізулерден түскен пайда (немесе шығындардың) қосындысын баланстық пайда құрайды. Осы пайданың есебінен бірінші реттегі төлемдер, яғни салықтардың түрлері, несие пайыздары, ренталық төлемдер, басқа да төлемдер төленеді. Қалған пайда *салық салынатын пайда* деп аталады. Оның есебінен пайдаға салынатын салық төленеді, қалған пайда мөлшері *таза пайданы* құрайды. Ол кәсіпорынның өз меншігінде қалады, өздігімен жеке дербес пайдаланылады және кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін бағытталады.

Таза пайданы қолдану бағыттары:

- кәсіпорынның өндірістік дамуын қаржыландыру;
- тұтынушылық және әлеуметтік мұқтаждықтарды қанағаттандыру;
- әлеуметтік-мәдени салаларды қаржыландыру;
- еңбекақыға қосымша еңбекақы төлеу қорына бөлінетін аударымдар;
- қайырымдылық мұқтаждықтар, театр ұжымдарына көмек көрсету, көркем өнер көрмелерін ұйымдастыру және т.б. мақсаттар.

Кейбір кәсіпорындарда, соның ішінде акционерлік қоғамдарда таза пайда келесі бағыттарда бөлінеді: жинақтау қоры, пайдалану қоры, резервті қор, әлеуметтік сфера қоры, валюталық аударымдар қоры, құрылтайшылар (акционерлер) арасында пайданы бөлу. Бөлінбеген пайда кәсіпорынның жарғылық капиталына қосылады. Сонымен пайданы бөлу деп кәсіпорындағы пайда бюджеті мен оны пайдалану баптары бойынша бағыттауды айтады. Пайданы жоспарлаудың негізгі тәсілдері келесідей: тікелей есептеу тәсілі; аналитикалық тәсіл; жиынтық есептеу тәсілі.

Тікелей есептеу тәсілі – өндірілетін өнімнің көп емес ассортиментінде қолданылады, бұл жағдайда пайда тауарлы өнімді өткізуден түскен түсім мен оның толық өзіндік құнының арасындағы айырма арқылы есептелінеді

$$\Pi = (Q \times P) - (Q \times S), \quad (15.1)$$

мұндағы Π – жоспарлы пайда;

- Q – жоспарланған кезең ішінде натуралды өлшем бірлігінде өндірілген тауарлы өнім көлемі;
- P – өнім бірлігінің бағасы;
- S – өнім бірлігінің толық өзіндік құны.

Пайданы жоспарлаудың аналитикалық тәсілі өндірілетін өнімнің көп ассортименті болған жағдайда қолданылады және жоспарлы пайдаға әсер ететін жеке факторларды анықтаумен сипатталады. Аналитикалық тәсілде пайда жоспарлы жылдағы өндірілетін өнімнің әр түрі бойынша анықталмайды, толықтай салыстырылатын өнім бойынша есептелінеді.

Жиынтық есептеу тәсілі бірінші және екінші тәсілдер элементтерін қамтиды. Сонымен, жоспарлы жылдағы бағамен және есепті жылдағы өзіндік құн бойынша тауарлы өнім құны тікелей есептеу тәсілі арқылы анықталады, ал жоспарлы пайдаға өзіндік құн өзгерісі, сапаның арытуы, ассортименттің, бағаның өзгеруі сияқты факторлардың әсері аналитикалық тәсіл көмегімен анықталады.

Есеп 15.1

Мысалы, төмендегі мәліметтер негізінде кварталдағы өнім рентабелділігін салыстыру керек

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Квартал			
		1	2	3	4
Шығарылған өнім көлемі	дана	1380	1420	1500	1820
Бір бұйым бағасы	мың теңге	60	60	71	72
Бір бұйымның өзіндік құны	мың теңге	48	47	43	41

Шешімі:

1 кварталдағы пайда мен рентабелділік мөлшерін есептейміз:

Пайда = $(60 - 48) \times 1380 = 16560$ мың теңге

$$R = \frac{60 - 48}{48} \times 100 = 25\%$$

2 кварталдағы пайда мен рентабелділік мөлшерін есептейміз:

Пайда = $(60 - 47) \times 1420 = 18460$ мың теңге

$$R = \frac{60 - 47}{47} \times 100 = 28\%$$

3 кварталдағы пайда мен рентабелділік мөлшерін есептейміз:

Пайда = $(71 - 43) \times 1500 = 42000$ мың теңге

$$R = \frac{71 - 43}{43} \times 100 = 65\%$$

4 кварталдағы пайда мен рентабелділік мөлшерін есептейміз:

Пайда = (72 – 41) × 1820 = 56420 мың теңге

$$R = \frac{72 - 41}{41} \times 100 = 75\%$$

Қорытынды: өнім рентабелділігі квартал сайын өсуде, өйткені шығарылған өнім көлемі, де бағасы да артып келеді.

Тағы бір мысал ретінде 75 жылдық тарихы бар, Қазақстандағы кондитерлік өнім өндіретін ең ірі өндіріс орындарының бірі «Рахат» акционерлік қоғамын алуға болады. «Рахат» АҚ-ында 4500-ге жуық адам еңбек етеді. Өндірістік қуат Алматы және Шымкент қалаларындағы екі өндіріс орнында шоғырланған. Жыл сайын кәсіпорында жаңа жұмыс орындарын ашу, өндіріс тұрақтылығын сақтау, жалақыны өсіру көзделген. Қызметкерлермен жасалатын өндірістік қарым-қатынас Жұмыс беруші мен Қызметкерлер арасындағы Ұжымдық шартқа негізделген. Төмендегі кестеде осы акционерлік қоғамның 2019 жылғы және 2018 жылғы мәліметтері келтірілген [22].

«Рахат» АҚ жиынтық табыс туралы есебі

мың теңге

Көрсеткіштер	2019 жыл	2018 жыл
Түсім	63 385 532	59 164 232
Өткізілген тауарлардың өзіндік құны	47 843 915	43 666 669
Жалпы пайда	15 541 617	15 497 563
Жалпы және әкімшілік шығындар	3 190 537	3 385 998
Өткізуге кеткен шығындар	3 797 329	3 460 793
Басқа да операциялық табыстар, нетто	387 237	98 313
Операциялық пайда	8 940 988	8 749 085
Қаржыландыруға кеткен шығындар	180 713	105 627
Қаржылық табыстар	1 060 799	577 917
Оң (теріс) бағамдық өзгеріс, нетто	3 669	149 795
Салық салғанға дейінгі пайда	9 824 743	9 071 580
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	1 932 181	1 798 092
Пайда	7 892 562	7 273 488

Бұл мәліметтердің негізінде пайдасы тұрақты түрде жылдан жылға өсіп келе жатқандығын көруге болады, 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 8,5%-ға артқандығын көруге болады.

Пайданы үлестіру объектісі кәсіпорынның баланстық пайдасы болып табылады. Оны үлестіруді пайданың бір бөлігін бюджетке жолдау деп түсінуге болады. Пайданы үлестіру заңдылығы – салық және басқа да бірінші реттегі төлем шарттары түрінде түрлі деңгейдегі бюджетке және т.б. ұйымдарға түсетін бөлігі. Пайданы үлестірудің бағытын анықтау, кәсіпорынның иелігінде қалатын және қалған бөлігін түрлі құрылым баптары бойынша пайдалану кәсіпорынның құзіретіне жатады.

Пайданы үлестірудің принциптері:

- кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық және қаржы қызметі нәтижесінен алынған пайданы шаруашылық субъектісі ретінде мемлекет пен кәсіпорынның арасында бөлу;
- мемлекет алған пайданың бөлігі салық және алым ретінде бюджетке түседі, мөлшерлеменің өзгеруі мүмкін емес. Салықтың құрамы және алымы оларды есептеудің және бюджет жарна тәртібі заңды түрде белгіленеді;
- салық кейінгі кәсіпорынның қарауында қалатын пайда мөлшері өнім көлемінің артуы және өндірістік-шаруашылық және қаржы қызметінің жақсаруына оның мүдделігі кемімеуі керек;
- кәсіпорынның қарамағында қалатын пайда әуелі кәсіпорынның одан әрі дамуын қамтамасыз ететін қорларға бағытталады, ал қалған бөлігі тұтынуға кетеді.

Бөлінбеген пайда кең мағынада пайда ретінде тұтынуға пайдаланған және өткен жылдардағы пайдаланбаған пайда кәсіпорынның қаржы орнықтылығын, кейінгі дамуы үшін қаржы көздерінің бар болуын дәлелдейді.

Кәсіпорындарда пайданы үлестіру және пайдалану тәртібі оның жарғысында тіркеліп қойылады және оны кәсіпорын басшысы бекітеді.

15.2 Өндірістің рентабелділік көрсеткіштері

Пайда кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділік көрсеткіші болғанымен, оның тиімділігін толық көрсете алмайды. Кәсіпорын қызметінің тиімділігін анықтау үшін нәтижені (пайданы) осы нәтижені қамтамасыз ететін ресурстармен немесе шығындармен салыстыру керек.

Рентабелділік – ресурстарды пайдалану дәрежесін және шығындарды қайтару деңгейін сипаттайтын өндіріс тиімділігінің салыстырмалы көрсеткіші.

Рентабелділік көрсеткіштерін есептеу негізінде пайданың (көп жағдайда таза пайданың) шығындалған қаржыларға немесе өткізуден түскен түсімге немесе кәсіпорын активтеріне қатынасымен анықталады, яғни кәсіпорын қызметінің тиімділік дәрежесін сипаттайды және оның бірнеше түрлері бар (кесте 1).

Егер кәсіпорын ішкі шаруашылық резервтерін тауып, пайдаланудың негізгі бағыттарын қорытындылауға талпыныс жасаса, онда олардың өндіріс тиімділігін арттырудағы әрекеттерін үш топқа бөлуге болады, біріншіден, негізгі өндірістік қорлардың пайдаланылуын жақсарту, екіншіден айнымалы өндірістік қорларды неғұрлым тиімді пайдалану және үшіншіден, кәзіргі еңбек шығындарының нәтижелілігін жақсартудың есебінен болады.

Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігін молайтудың басты шарты – еңбек өнімділігін барынша арттыру және өзіндік құнды төмендету. Басқаша айтқанда, біркелкі жағдайларда өнімнің өзіндік құны неғұрлым арзан болған сайын тиімділік соғұрлым жоғары болатыны белгілі. Кәсіпорынның тиімділігіне сонымен қатар, өнімнің немесе шығарылатын тауарлардың сапасы да едеуір

ықпал етеді, өйткені жоғарғы сапалы өндірілетін тауарларды көтеріңкі бағамен сата алады.

Кесте 1 - Рентабелділік көрсеткіштері

Рентабелділік көрсеткіштері	Есептеу формуласы	Сипаттамасы
жеке өнім түрлерінің рентабелділігі	$\frac{\text{өнім бірлігіне шаққандағы пайда}}{\text{өнім бірлігінің өзіндік құны}}$	түрлі өнімнің, барлық тауарлы өнімнің пайдалығын және
тауарлы өнім рентабелділігі	$\frac{\text{тауарлы өнімге шаққандағы пайда}}{\text{тауарлы өнімнің өзіндік құны}}$	кәсіпорынның рентабелділігін
өндіріс рентабелділігі	$\frac{\text{баланстық (таза) пайда}}{\text{негізгі өндірістік қорлар құны} + \text{материалдық айналым қорлар құны}}$	сипаттайды. Баға белгілеуде негізге алынады.
Өткізу рентабелділігі	$\frac{\text{өнімді сатудан түскен пайда}}{\text{өткізуден түскен түсім}}$ $\frac{\text{баланстық пайда}}{\text{өнімді өткізуден түскен таза түсім} + \text{басқа да өткізулерден және өткізулерден тыс операциялардан түскен табыс}}$	өткізудің әр 1 теңгесі кәсіпорын пайдасының қандай пайызын алатындығын көрсетеді. Өндірілетін өнім номенклатурасын таңдауда негіз болады.
Активтер рентабелділігі	$\frac{\text{пайда}}{\text{жиынтық активтер}}$	сәйкес активтердің 1 теңгесіне келетін
Ағымдағы активтер рентабелділігі	$\frac{\text{пайда}}{\text{ағымдағы активтер}}$	қайтарымдылықты сипаттайды. Кәсіпорынға салынған ақша
Таза активтер рентабелділігі	$\frac{\text{пайда}}{\text{таза активтер}}$	қаржыларының тиімділігін көрсетеді.
Жеке меншік капитал рентабелділігі	$\frac{\text{таза пайда}}{\text{жеке меншік капитал}}$	салықтар мен несие пайыздарын төлегеннен кейінгі 1 теңге жеке меншік капиталға келетін пайданы сипаттайды.

Пайдалылық көрсеткіштер жүйесі ең алдымен қаржылық нәтижелердің абсолютті көрсеткіштерін есептеуден тұрады, оларға: өнімді (жұмыс, қызметті) өткізуден алынатын табыс; жалпы табыс; негізгі қызметтен алынатын табыс; салық салынғанға дейінгі операциялық қызметтен алынатын табыс; салық салынғаннан кейінгі операциялық қызметтен алынатын табыс; төтенше жағдайлардан алынған табыс; кәсіпорын қызметінің соңғы қаржылық нәтижесі болып табылатын таза пайда.

Есеп 15.2

Мысалы, өнімді өткізуден түскен түсім – 2800 мың теңге, өткізілген өнімнің өзіндік құны – 1350 мың теңге, өткізуден тыс операциялардан түскен табыс – 89 мың теңге, өткізуден тыс операциялар шығыны – 125 мың теңге құрады. Материалдық құндылықтарды өткізуден түскен пайда – 25 мың теңге болды.

Кәсіпорынның осы кезеңдегі баланстық пайдасын және өткізілген өнім рентабелділігінің деңгейін анықтаңыздар.

Шешімі:

$$\begin{aligned} \text{Баланстық пайда} = & \text{— өнімді өткізуден түскен түсім} \\ & \text{өткізілген өнімнің өзіндік құны} \\ & + \text{материалдық құндылықтарды өткізуден түскен} \\ & \text{түсім} \\ & \pm \text{өткізуден тыс операциялардан түскен табыс} \\ & \text{өткізуден тыс операциялар шығындары} \end{aligned}$$

$$\text{Баланстық пайда} = (2800 - 1350) + 25 + (89 - 125) = 1439$$

$$\text{Өткізілген өнім рентабелділігі} = \frac{\text{Түсім}-S}{S} = \frac{2800-1350}{1350} = 1,07 (107,4\%)$$

Төмендегі кестеде мысалға алып, қарастырылып отырған «Рахат» акционерлік қоғамының қаржылық есебі көрсетілген. Оның негізінде алынған мәліметтер арқылы активтер рентабелділігін, жеке меншік рентабелділігін және сату рентабелділігін анықтауға болады [22].

«Рахат» АҚ қаржылық есебі

№	Көрсеткіштер	01.10.2020	01.07.2020
1	Жарғылық капитал, мың теңге	900 000	900 000
2	Жеке меншік капитал, мың теңге	48 719 706	48 818 457
3	Жиынтық активтер, мың теңге	56 531 547	54 453 164
4	Жиынтық міндеттемелер, мың теңге	7 811 841	7 634 707
5	Сату көлемі, мың теңге	42 860 234	27 598 832
6	Жалпы пайда, мың теңге	11 488 967	7 296 229
7	Таза пайда, мың теңге	5 349 268	3 456 636
8	Қарапайым акцияның баланстық құны, теңге	13 456	12 931
9	ROA (активтер рентабелділігі), %	9,46	6,35
10	ROE (меншікті капитал рентабелділігі), %	10,98	7,08
11	ROS (сату рентабелділігі), %	12,48	12,52

Меншікті капитал коэффициенті - Return on shareholders' Equity (ROE). Меншікті капиталдың рентабельділігі - бұл компанияның таза пайдасының орташа меншікті капиталға қатынасы арқылы анықталады. Бұл коэффициентті есептеу үшін кәсіпорынның балансы қолданылады. Меншікті капитал рентабельділігі кәсіпорынның меншікті капитал құны бірлігіне шаққандағы

пайда мөлшерін көрсетеді. Бұл көрсеткіш бір жылдан көп ұзақ мерзімге инвестицияларын салатын стратегиялық инвесторлар үшін шешуші көрсеткіш болып табылады. Меншікті капиталдың кірістілігінің коэффициенті кәсіпорын басшылары мен меншік иелері кәсіпорын капиталын қалай басқаратынын және олардың қолда бар капиталына қандай пайда мөлшерін әкелетіндігін көрсетеді. ROE көрсеткіші компанияларды салыстыру және ең тартымды инвестициялық объектілерді таңдау үшін пайдаланылуы мүмкін. Стратегиялық инвесторлар кәсіпорын пайдасының бір бөлігін иелену үшін орнына тікелей кәсіпорынның жарғылық капиталына ақша салады. Сондықтан ROE көрсеткіші кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығы мен басқару тиімділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Инвестициялау стратегиялардың бірі - ұқсас компанияларды іздеу және меншікті капиталдың коэффициентін есептеу, егер бұл коэффициент саладағы ұқсас кәсіпорындармен салыстырғанда төмен болса, бұл кәсіпорынның нарықтық құнының өсуіне (акциялар құнының өсуі) перспективалар бар екенін көрсетеді. Саладағы басқа кәсіпорындармен салыстырудан басқа меншікті капиталдың кірістілігі акцияларға, облигацияларға, депозиттерге салынатын балама инвестициялармен салыстырылады. ROE тәуекелсіз банк ставкасынан немесе мемлекеттік қысқа мерзімді облигациялар мен мемлекеттік тәуекелсіз облигацияларының мөлшерлемесінен артық болған жағдайда кәсіпорын инвестиция жағынан тартымды деп аталады.

Меншікті капиталдың кірістілігін есептеу – ROE үшін қаржылық есептіліктің қосымшасы - пайда мен шығындар туралы есеп бойынша анықталады. Меншікті капиталдың кірісі (ROE) = Таза табыс / меншікті капитал

$$ROE (01.10.2020) = 5\,349\,268 / 48\,719\,706 = 0,1098 (10,98\%)$$

$$ROE (01.07.2020) = 3\,456\,636 / 48\,818\,457 = 0,0708 (7,08\%)$$

Меншікті капиталдың кірістілігін активтердің кірістілігі арқылы сипаттауға болады:

Меншікті капиталдың кірісі (ROE) = ROA / ((1 – Қарызға алынған қаржылар) / активтер немесе пассивтердің орташа жылдық көлемі)

ROA көрсеткіші компанияға өз меншігі қанша пайда әкелетінін көрсетеді және ол сатылған өнім көлеміне шаққандағы таза пайда нормасын сипаттайтын сату рентабельділігі көрсеткішіне (ROS) байланысты болады.

ROA = Таза пайда / активтің орташа құны

$$ROA (01.10.2020) = 5\,349\,268 / 56\,531\,547 = 0,0946 (9,46\%)$$

$$ROA (01.07.2020) = 3\,456\,636 / 54\,453\,164 = 0,0635 (6,35\%)$$

ROS = Өнімді сатудан түскен пайда / өнімнің сатылған көлемі

$$ROS (01.10.2020) = 5\,349\,268 / 42\,860\,234 = 0,1248 (12,48\%)$$

$$ROS (01.07.2020) = 3\,456\,636 / 27\,598\,832 = 0,1252 (12,52\%)$$

Демек, өнімді өткізу көлемінің артуы және сатылым рентабельділігінің артуы, активтер кірістілігі мен кәсіпорынның меншікті капиталының кірістілігін арттырады және ол өз алдына ұйымның инвестициялық тартымдылығын да

арттырады деп қорытынды жасауға болады. Сонымен, кәсіпорынды дамытудың негізгі көрсеткіштерінің бірі оның негізгі қызметінен түсетін таза пайданы арттыру мүмкіндігі болып табылады.

Кәсіпорынның пайдалылық көрсеткіштерінің өсуіне шаруашылықты жүргізуші субъектінің өзі мүдделі. Сондықтан әр кәсіпорында табыстылықтың абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштеріне жүйелі түрде талдау жасау қажет. Пайдалылық көрсеткіштерін талдау міндеттеріне мыналар жатады:

- пайдалылықтың абсолютті көрсеткіштерінің жоспарының орындалуын бағалау;
- пайданың қалыптасуының құрамдас элементтерін зерттеу;
- пайдаға әсер ететін факторлардың әсерін анықтау және сандық өлшеу;
- пайданы бөлу бағыттарын, пропорцияларын және тенденцияларын зерттеу;
- пайданың өсу резервтерін анықтау;
- кәсіпорынның даму перспективасын ескере отырып, пайданы тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар жасау;
- пайдалылық (рентабельділіктің) әр түрлі коэффициенттерін және олардың деңгейлеріне әсер етуші факторларды зерттеу.

Тақырып бойынша білімдеріңізді тексеруге арналған тест тапсырмалары

- 1 Капитал рентабельділігі қалай есептеледі:
 - A) пайданың өндірілген өнімнің өзіндік құнына қатынасы;
 - B) пайданың кезең шығындарына қатынасы;
 - C) пайданың материалдық шығындарға қатынасы;
 - D) пайданың айналым қорлары мөлшеріне қатынасы;
 - E) пайданың негізгі қорлар құнына қатынасы.

- 2 Өндіріс рентабельділігі қалай анықталады:
 - A) пайданың салық салынатын табысына қатынасы;
 - B) пайданың кезең шығындарына қатынасы;
 - C) пайданың айналым құралдарының орташа жылдық нормативіне немесе өндірілген өнімнің өзіндік құнына қатынасы;
 - D) пайданың айналым қорлары мөлшеріне қатынасы;
 - E) пайданың негізгі қорлар құнына қатынасы.

- 3 Түсім мен шығындар арасындағы айырма арқылы анықталатын кәсіпорын қызметінің соңғы қаржылық нәтижесі, бұл:
 - A) жалпы табыс;
 - B) пайда;
 - C) өзіндік құн;
 - D) шығындар;
 - E) кезең шығындары.

- 4 Салықты төлегеннен кейінгі жалпы пайда қалдығы, бұл:
- A) пайыз бойынша төленетін шығындар;
 - B) кезең шығындары;
 - C) таза пайда;
 - D) айналыс қорлары;
 - E) пайдалану қоры.
- 5 Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің теріс нәтижесі, бұл:
- A) шығын;
 - B) табыс;
 - C) өтімділік;
 - D) банкрот болу;
 - E) несие қабілетті.
- 6 Жаңа өнімді сатудан түскен инвестициялық табыс 850 мың теңгені құрайды, өндірістік өзіндік құн 500 мың теңге, кезең шығындары 50 мың теңге. Салық салынатын табыс қаншаға тең:
- A) 350 мың теңге;
 - B) 800 мың теңге;
 - C) 300 мың теңге;
 - D) 850 мың теңге;
 - E) 250 мың теңге.
- 7 Инвестициялық жобаны жүзеге асыру бойынша шығындар 12 млн. теңгені құрайды. Шығындардың жалпы рентабелділігі 30%. Инновациялық жобаны жүзеге асырғанда күтілетін табыс нешеге тең:
- A) 2,5 млн. теңге;
 - B) 1,5 млн. теңге;
 - C) 2,6 млн. теңге;
 - D) 3,6 млн. теңге;
 - E) 1,6 млн. теңге.
- 8 Пайданың қандай түрінің есебінен бірінші реттегі төлемдер, яғни салықтар, несие пайыздары, ренталық төлемдер төленеді?
- A) таза пайда;
 - B) салық салынатын пайда;
 - C) баланстық пайда;
 - D) жалпы пайда;
 - E) тауарлы өнімді өткізуден түскен пайда.
- 9 Өндірілетін өнімнің көп ассортименті болған жағдайда және жоспарлы пайдаға әсер ететін жеке факторларды анықтаудағы – пайданы жоспарлау тәсілі:

- A) аналитикалық;
- B) тікелей есептеу;
- C) жиынтық есептеу;
- D) экономикалық;
- E) моделдеу.

10 Пайданың таза активтерге қатынасы:

- A) активтер рентабелділігі;
- B) ағымдағы активтер рентабелділігі;
- C) таза активтер рентабелділігі;
- D) қор қайтарымдылығы;
- E) өткізу рентабелділігі.

11 Тұжырым дұрыс па: Рентабелділік – ресурстарды пайдалану дәрежесін және шығындарды қайтару деңгейін сипаттайтын өндіріс тиімділігінің абсолютті көрсеткіші.

- A) қате;
- B) дұрыс.

12 Пайданы жоспарлаудың негізгі тәсілдері (бірнеше жауапты белгілеңіздер):

- A) тікелей есептеу тәсілі;
- B) аналитикалық тәсіл;
- C) математикалық тәсіл;
- D) статистикалық тәсіл;
- E) жиынтық есептеу тәсілі.

13 Жалпы пайда туралы дұрыс түсінікті анықтаңыздар ...

- A) әрқашан сатудан түскен пайдадан аз болады;
- B) әрдайым сатудан түскен пайдадан жоғары болады;
- C) пайданың басқа түрлерімен салыстыруға болмайды;
- D) әрқашан таза пайдадан аз болады;
- E) дұрыс жауап жоқ.

14 Өнімді өткізуден түскен түсім кәсіпорынның таза табысына жатады ма?

- A) жоқ;
- B) иә;

15 Кәсіпорынның таза пайдасы төмендегі қордың қай түріне бөлінбейді?

- A) пайдалану қоры;
- B) әлеуметтік сала қоры;
- C) жинақтау қоры;
- D) еңбекақы төлеу қоры;
- E) дұрыс жауап жоқ.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Кәсіпкерлік қызметтегі пайданың рөлі қандай?
- 2) Кәсіпорын пайдасы түсінігіне анықтама беріңіздер.
- 3) Пайданың негізгі түрлерін анықтап, қалай есептелетінін көрсетіңіздер.
- 4) Жалпы пайда көрсеткіштері қалай анықталады? Онда қолданылатын көрсеткіштерге сипаттама да беріңіздер.
- 5) Операциялық пайда құрамына сипаттама беріңіздер.
- 6) Өткізуден тыс пайданың құрамы?
- 7) Бухгалтерлік есеп пен салық салу есебіндегі пайда түсініктерінің мәні қандай?
- 8) Салық салуға дейінгі пайда қалай анықталады?
- 9) Кәсіпорынның пайдасын жоспарлаудың қандай әдістері бар?
- 10) Пайданы жоспарлаудың аналитикалық әдісінің мәні неде?
- 11) Пайда өсуінің негізгі факторларын анықтаңыздар.
- 12) Таза пайданы пайдалану механизмі қандай?
- 13) Өндіріс, өнім, капитал және сату рентабелділігі көрсеткіштері қалай анықталады?
- 14) Рентабелділік көрсеткіштерінің мәні мен мақсаты қандай?
- 15) Жеке капитал рентабелділігі қалай анықталады және оның сипаты қандай?

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

Есеп 15.3

Мәліметтер бойынша 3 тоқсандағы өнім рентабелділігін салыстыру керек.

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жылдық тоқсаны		
		I	II	III
Шығарылған бұйым саны	дана	1500	2000	1800
Бір бұйымның бағасы	теңге	60	60	60
Бір бұйымның өзіндік құны	теңге	50	52	48

Есеп 15.4

Өнімді өткізуден түскен түсім – 500 мың теңге, өнім өндіруге кеткен шығындар – 390 мың теңге, материалдық құндылықтарды өткізуден түскен пайда – 14 мың теңге, өткізуден тыс операциялардан түскен пайда – 12 мың теңге. Баланстық пайданы және өткізілген өнімнің рентабелділік деңгейін анықтаңыздар.

Есеп 15.5

Өнімді өткізуден түскен түсім – 1500 мың теңге, өткізілген өнімнің өзіндік құны – 993 мың теңге, өткізуден тыс операциялардан түскен пайда – 50 мың теңге, өткізуден тыс операцияларды жүргізуге кеткен шығындар – 74 мың теңге, материалдық құндылықтарды өткізуден түскен пайда – 10 мың теңге. Баланстық пайда мен өткізілген өнім рентабельділігінің деңгейін анықтаңыздар.

Қолданылған әдебиеттер

1. Аяпова М.М., Арынов Е.М. Іскер адамның орысша-қазақша экономикалық түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1993. – 350 б.
2. Андабаева Г.К. Кәсіпорын экономика: оқу құралы. – Атырау, 2008. – 96 б.
3. Әліпбеков Н. Бизнесіті ұйымдастыру: Оқулық / Н. Әліпбеков, Ж. Ералы, Р. Давлетова, Г. Молдабекова / 3-басылым, толықт., өнд. – Астана: Фолиант, 2016. – 200 б.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>
5. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
6. Жданов В.П. Организация и финансирование инвестиций. – Калининград : «Янтарный сказ», 2000. – 160 с.
7. Жиделева В.В., Каптейн Ю.Н. Экономика предприятия: Учебное пособие. – 2-изд. – перераб. и дополн. – М: ИНФРА-М, 2000. – 113 с.
8. Зайцев Н.Л. Экономика промышленного предприятия: учебник. – 4-е изд., перераб. и доп. – М. : ИНФРА-М, 2002. – 384 с. – (Серия «Высшее образование»).
9. Магомедов А.М. Экономика предприятия: учебник для вуза. – М. : Издательство «Экзамен», 2004. – 352 с.
10. Оразалин К.Ж. Кәсіпорын экономикасы (теория, тест сұрақтары, есептер). Оқу құралы. – Алматы: ЛЕМ, 2015. – 296 б.
11. Романенко И.В. Экономика предприятия. – М. : Финансы и статистика, 2002. – 208 с.
12. Сабирова Р.Қ. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2009. – 290 б.
13. Склярченко В.К., Прудников В.М. Экономика предприятия: конспект лекций. – М. : ИНФРА-М, 2004. – 208 с. – (Высшее образование).
14. Склярченко В.К., Прудников В.М. Экономика предприятия: учебник. – М. : ИНФРА-М, 2005. – 528 с.
15. Сухова Л. Ф., Чернова Н. А. Практикум по разработке бизнес-плана и финансовому анализу предприятия: Учебное пособие. – М.: Финансы и статистика, 2005. – 160 с.: ил.
16. Тайкулакова Г.С. Экономика предприятия: Современный практикум. – Алматы: УО Алматы Менеджмент Университет, 2016. – 424 с.
17. Түсіпбеков Т. Кәсіпорын экономикасы (дидактикалық материалдар және көрнекі құралдар): Оқу құралы: / Т.Түсіпбеков, Г.Теңізбаева, А.Ибраева. – 3-басылым толықт., өнд. – Астана: Фолиант, 2017. – 192 с.
18. Үмбетәлиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік: оқу құралы. – Астана : «Фолиант» баспасы, 2005. – 176 б.
19. Экономика предприятия: учебник для вузов/под ред. проф. В.Я. Горфинкеля, проф. В.А. Швандара. – 4-е изд., перераб. и доп. – М. : ЮНИТИ-

ДАНА, 2004. – 670 с.

20. Экономика предприятия. Серия «Учебники и учебные пособия» /под ред. проф. А.С. Пелиха. – Ростов н/Д : «Феникс», 2002. – 416 с.

21. <http://kz.btrr.kz/sections/org>

22. https://kase.kz/files/emitters/РАНТ/rahtf6_2019_cons_rus.pdf

23. https://kase.kz/files/emitters/BSUL/bsulp_2018_rus.pdf

24. https://kase.kz/files/emitters/AGGZ/aggzf6_2018_rus.pdf

25. <https://stat.gov.kz/>

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1 КӘСПОРЫН – ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ БУЫНЫ	
1.1 Кәсіпорын сипаттамасы мен түрлері	6
1.2 Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандары	10
1.3 Кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасы	14
2 КӘСПОРЫННЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ	
2.1 Кәсіпорынды басқарудың ұйымдық құрылымы	24
2.2 Кәсіпорынның өндірістік құрылымын анықтайтын факторлар	30
3 КӘСПОРЫННЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЛАРЫ	
3.1 Негізгі қорлар түсінігі, құрылымы және оны бағалау	40
3.2 Негізгі қорлардың тозуы мен амортизациясы	48
3.3 Негізгі қорларды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері	58
4 КӘСПОРЫННЫҢ АЙНАЛЫМ ҚОРЛАРЫ	
4.1 Айналым қорлар түсінігі мен олардың құрамы	72
4.2 Айналым қорларын пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері	76
5 КӘСПОРЫННЫҢ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ	
5.1 Кәсіпорынның еңбек ресурстары: түсінігі, құрамы мен сипаттамасы	84
5.2 Кәсіпорынның еңбек ресурстарының санын жоспарлау.....	88
5.3 Еңбек өнімділігі және оны есептеу әдістері.....	92
6 КӘСПОРЫНДАҒЫ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖҮЙЕСІ	
6.1 Еңбекті төлеуді ұйымдастыру қағидалары.....	103
6.2 Еңбекақы төлеудің тарифтік және тарифтік емес жүйесі	106
6.3 Өнеркәсіпте қолданылатын еңбекақы төлеу жүйелері мен нысандары	111
7 КӘСПОРЫНДАҒЫ ЖОСПАРЛАУ	
7.1 Жоспарлау және оның даму кезеңдері	121
7.2 Жоспарлау әдістері.....	125
7.3 Кәсіпорындағы бизнес-жоспар.....	130
8 КӘСПОРЫННЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚУАТЫ МЕН ӨНДІРІСТІК БАҒДАРЛАМАСЫ	
8.1 Кәсіпорынның өндірістік қуаты. Өндірістік қуатты есептеу әдістемесі.....	138
8.2 Кәсіпорынның өндірістік бағдарламасы: мазмұны, өлшеу тәсілдері мен көрсеткіштері.....	144
9 КӘСПОРЫННЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	
9.1 Өндірістік үрдіс түсінігі мен түрлері, ұйымдастыру талаптары.....	151

9.2 Өндірісті ұйымдастыру үлгілері.....	155
9.3 Өндірістік цикл: түсінігі, түрлері мен ұзақтығы.....	159
10 КӘСІПОРЫННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ	
10.1 Кәсіпорынның инновациялық қызметін сипаттайтын негізгі түсініктер...	166
10.2 Инновациялық кәсіпкерліктегі инновациялық үрдістер.....	169
10.3 Инновациялық құрылым: түсінігі, құрамы мен субъектілердің атқаратын қызметтері.....	172
11 КӘСІПОРЫННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ	
11.1 Инвестиция және инвестициялық қызмет.....	182
11.2 Инвестициялық жоба тиімділігін анықтау және бағалау.....	186
11.3 Кәсіпорынның инвестициялық қызметі.....	192
12 ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНІМ САПАСЫ ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ	
12.1 Өнеркәсіптік өнім сапасы мен оның көрсеткіштері.....	199
12.2 Өнім сапасын басқару жүйесі.....	202
12.3 Өнімді стандарттау және өнім сертификаты.....	206
13 КӘСІПОРЫН ШЫҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ	
13.1 Кәсіпорын шығындары, өнімнің өзіндік құны.....	213
13.2 Өнімнің өзіндік құны калкуляциясы мен шығындар сметасы.....	217
13.3 Өнімнің өзіндік құнын жоспарлау және төмендету жолдары.....	220
14 КӘСІПОРЫННЫҢ БАҒА САЯСАТЫ	
14.1 Өнім бағасы: түсінігі, атқаратын қызметтері, түрлері.....	229
14.2 Баға белгілеу әдістері.....	238
14.3 Кәсіпорынның баға саясаты: мақсаты, мазмұны мен сипаты.....	245
15 КӘСІПОРЫН ПАЙДАСЫ, РЕНТАБЕЛДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ	
15.1 Кәсіпорын пайдасы мен табысы.....	251
15.2 Өндірістің рентабелділік көрсеткіштері.....	255
Қолданылған әдебиеттер.....	263